

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 81-112.2(574.1)

Қолжазба құқығында

**УТЕГЕНОВА АСЕЛЬ**

**Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі  
тілдік және этнотілдік жағдаят**

8D02304–Филология

Философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының кандидаты,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
доцент Курманова Б. Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
доктор, профессор  
Бирай Н.  
(Памуккале, Түркия:  
Памуккале университеті)

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе, 2024

## МАЗМҰНЫ

|   |     |
|---|-----|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР, АНЫҚТАМАЛАР</b> .....  | 3   |
| <b>КІРІСПЕ</b> .....  | 7   |
| <b>1 ТІЛДІК ЖӘНЕ ЭТНОТІЛДІК ЖАҒДАЯТТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....  | 14  |
| 1.1 Тілдік жағдаяттың және оның типологиясының әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретіндегі көпқырлылығы.....  | 14  |
| 1.2 Қазіргі әлеуметтік лингвистикадағы этнотілдік жағдаяттың жіктеуі.....   | 30  |
| 1.3 Тілдердің әлеуметтік салаларда қолданысының теориялық қыры.....   | 38  |
| <b>2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ЭТНОТІЛДІК ЖАҒДАЯТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ СИПАТЫ</b> .....  | 51  |
| 2.1 Қазақстанның батыс өңірінің тілдік және этнотілдік ерекшеліктері.....   | 51  |
| 2.2 Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік салалардағы қолданысы.....   | 81  |
| 2.3 Батыс өңірі қалаларының эпиграфикасының әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы.....  | 97  |
| <b>3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНДЕГІ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ</b> .....   | 116 |
| 3.1 Қазақстанның батыс өңірінің жоғары оқу орындарындағы көптілді оқытуды әлеуметтік лингвистикалық талдау.....   | 116 |
| 3.2 Студент жастардың тұрмыстық қарым-қатынасындағы көптілділік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық талдауы.....                                       | 139 |
| 3.3 Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар.....                                  | 148 |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....  | 156 |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....  | 159 |
| <b>ҚОСЫМША А - Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама</b> .....  | 173 |
| <b>ҚОСЫМША Б - Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі коммерциялық нысан иелерімен жүргізілген сұхбат сұрақтары</b> .....                           | 178 |
| <b>ҚОСЫМША В - Әлеуметтік лингвистикалық сауалнама</b> .....  | 179 |
| <b>ҚОСЫМША Г - Қазақстан Республикасы батыс өңіріндегі студент жастардың спонтанды ауызекі сөйлеу үзінділерінің транскрипциялары (125 минуттық)</b> ... | 190 |
| <b>ҚОСЫМША Д - Студенттердің спонтанды сөйлеу тәжірибесінде бір тілден екінші тілге ауысуын анықтауға арналған сұхбат сұрақтары</b> .....               | 199 |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтеме жасалды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды: (19.09.2022. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының Заңы: 11.07.1997. № 151 (20.12.2004 №13; 01.21.2013 №72-V; 30.04.2021 №34 VII; 24.11.2021 №75-VII; 29.12.2021 №94-VII; 19.04.2023 №223-VII берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 27.07.2007 № 319-III (24.10.2011 №487-IV; 03.07.2013 № 121-V; 04.07.2018 № 171-VI; 27.12.2019 № 294-VI; 27.06.2022 № 129-VII; 23.02.24 №64-VIII берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан;

- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір;

- «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек;

- «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек;

- «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010 Алматы, 2010.

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

**Гибридтену** – жекелеген тілдік кодтардың қарым-қатынас кезінде араласа қолданылуы. Туыс емес екі немесе одан да көп тілдердің өзара белсенді будандасу, үйлесу әрекеті, бір тілдің грамматикалық бірлігін екінші тілде қолданып, гибрид сөздер жасау.

**Гибридті сөзойнатым** – әзіл немесе өткір сөз жасау үшін әртүрлі тілдерден, диалектілерден немесе лингвистикалық құрылымдардан алынған элементтер біріктіріліп жасалатын сөз ойыны немесе ауызша әзіл түрі. Лингвистика саласында сөзойнатымдар немесе өткір тілдік ойындар жасау үшін тілдік элементтер араластырылатын лингвистикалық сөз ойнатудың белгілі бір типін сипаттауда қолданылатын термин.

**Доминантты тіл** – аумақтық немесе мемлекеттік құрылымдағы әлеуметтік-қатысымдық жүйеге кіретін тілдермен салыстырғанда қоғамдық өмір салаларындағы қызметтік жүктелімі жоғары және басым деңгейдегі тіл.

**Кодтардың алмасуы** – бір қатысымдық акті көлемінде коммуникацияға қатысушылардың бір тілді/тіл-жарыспаларын екінші тілмен/тіл-жарыспаларымен ауыстыруы.

**Кодтардың араласуы** – белгілі бір тілдегі қатысымдық акті кезінде адресат пен адресанттың сөз арасында басқа тілдің элементтерін пайдалануы.

**Коммуникативтік жағдаят** – коммуникацияны жүзеге асыру жағдаяты мен ол жағдаяттың өзгермелі сипаттары.

**Қала эпиграфикасы** – қалалық инфрақұрылымдардағы: ғимараттардағы, ескерткіштердегі, көшелердегі, жергілікті құрылымдардағы, қоғамдық орындардағы түрлі жазбалар. Жазбалардағы мәліметтер қаланың тарихи, мәдени және әлеуметтік жағдайлары туралы ақпарат береді.

**Қосалқы тіл** – адам қызметінің әр алуан кәсіби салаларында, әлеуметтік топтарда қызмет ететін ұлттық тілдің функционалды түрі.

**Макродәнекер тіл** – қоғамдық құрылымдардың немесе әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндердің макродеңгейінде әртүрлі тілдік немесе этникалық топтар арасында байланыс құралы ретінде қызмет ететін тіл.

**Спонтанды сөйлеу** – алдын ала дайындалмаған, жоспарға немесе сценарийге сәйкес емес вербалды қарым-қатынас, сөйлеу түрі. Яғни сөйлеушінің мәтінді алдын ала дайындамастан немесе түсінбестен өз ойын, идеясын, сезімін бірден білдіруі. Спонтанды сөйлеу күнделікті әңгіме, пікірталас, сұраққа жауап, көпшілік алдында сөйлеу сияқты мәнмәтінде іске асырылады.

**Транслингвизм** – сөйлеушінің санасында тілдік жүйелер арасындағы шекаралардың болмауы негізінде әртүрлі тілдердің тілдік бірліктерін еркін қолдануы мен ол тілдік бірліктерді біртұтас қатысымдық мәнмәтінде икемді байланыстыра білу қабілеті.

**Транслингвалды тәжірибелер** – әртүрлі қызмет саласында немесе күнделікті қарым-қатынаста бірнеше тілді қолдану тәсілі. Мұндай тәжірибелер

эртүрлі мәнмәтінде тіларалық ауысуларды, сөйлеуде эртүрлі тілдердің элементтерін араластыруды, бірнеше тілдік фон негізінде сәйкестендірілу мен мәдениеттің гибридік формасын жасауды да біріктіреді. Сонымен қатар транслингвалды тәжірибе көптілді сөйлеушілердің семиотикалық ресурстарды, соның ішінде, қосарлану, кодты алмастыру, кірме сөздерді, интерференция тәжірибелерін қолдану да болып табылады.

**Транскрипталды тәжірибелер** – тілдік қатынастағы эртүрлі тілдердің тілдік ресурстарының (символдар мен сөз компоненттері) жазбаша сөйлеудегі кіріктірілуі. Бұл жағдайда тілдік қатынастағы тілдердің сөздегі компоненттерін ажырату күрделі болып келеді.

**Тіл саясаты** – тіл тағдырын белгілейтін мемлекеттік шаралар жүйесі. Тілдік дамуға қоғамның саналы ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі, яғни, қолданыстағы тілдерді белгілі бір мақсатта және ғылыми негізде басқару мен тілдік жаңа қарым-қатынас құралдарын жасау саясаты.

**Тілдегі интеграция** – типтік жағынан эртүрлі тілдер (туыс және туыс емес) арасында пайда болған жақындасу.

**Тілдік жағдаят** – белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі шынайы қолданыстағы тілдер және тілдердің өмір сүру формаларының жиынтығы мен олардың әлеуметтік өмірдегі рангтік қолданысы.

**Тілдік ландшафт** – қала кеңістігіндегі бір немесе бірнеше тілде жазылған мекеме, коммерциялық нысандар атаулары, белгі, көрсеткіш, сыртқы жарнама, жеке хабарландыру, граффити және басқа да жазба мәтіндер жиынтығы.

**Тілдік ығысу** – этнос, этникалық топ тілінің өзгеруі, басқа тілдік ортаға ығысуы.

**Урбоним** – қалаға немесе қалалық ортаға қатысы бар: қала, көше, алаң, аудан, жер, коммерциялық нысандар, өндіріс орны, мекеме және басқа да қала нысандары атауларына қатысты қолданылатын ұғым. Урбонимдер қалалық инфрақұрылымның нақты бір географиялық, сәулеттік элементтерін сәйкестендіру және белгілеу үшін қолданылып, адамдардың қалада дұрыс бағдар ала білуіне және оның ерекшеліктерін суреттеуіне көмектеседі.

**Экzogлосты тілдік жағдаят** – белгілі бір тілдік жағдаяттағы эртүрлі тілдердің жиынтығы.

**Эндоглосты тілдік жағдаят** – белгілі бір тілдік жағдаяттағы бір тілдің ішкі жүйелерінің жиынтығы.

**Эргоним** – қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларындағы кәсіпорындардың немесе ұйымдардың атауы. Мұндай ұйымдарға шығармашылық одақтар, халықаралық ұйымдар, оқу орындары, спорттық қоғамдар, фирмалар, корпорациялар атауы жатады.

**Эргоурбоним** – түрлі халықтардың құндылықтары, өмір сүру салты, сондай-ақ белгілі бір мәдениетіне байланысты тамақтану орындарының, дүкен атауларының, дәріхана т.б. мекемелер туралы толық түсінік беретін атаулар.

**Этнос** – нақты бір өңірде тұратын адамдардың тұрақты қауымдастығы, оған тарихи мәдениеттің, тілдің, сана-сезімнің ортақ, жалпы белгілері, тұрақты ерекшеліктері тән.

**Этнотілдік жағдаят** – белгілі бір әкімшілік-аумақтық қауымдастықта немесе өңірде орналасқан этностардың саны, кеңістіктік орналасу ерекшеліктері мен олардың ана тілінің сол аймақтағы әлеуметтік қолданысы.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Әлемдік деңгейдегі кеңістіктік қарым-қатынастардың өзгеруі мен шекаралардың ашылуы әлеуметтік-экономикалық байланыстардың мазмұнын, құрылымын өзгертумен қатар, тілдердің де қолданыс аясына өз әсерін тигізді. Халықаралық тілдер жаһандану кезінде виртуалды қарым-қатынас арқылы кеңінен етек жайып, белсенді қолданысқа ие болып жатса, бұрынғы кеңес өкіметі құрамындағы елдер тәуелсіздік алған соң, мемлекеттік тілдері жұтылып кетпес үшін алдыңғы қатарлы тілдердің шабуылына тойтарыс беруге күштерін жұмсауда. Яғни жаһандануда әр мемлекет экономикалық жағдайын дамытумен қатар мемлекет құраушы этностың өзіндік ұлттық болмысын сақтай отырып, ұлттық тілін, дәстүрін қуатты етуге ұмтылуда. Осындай елеулі өзгерістердің толқынында Қазақстан Республикасының да тілдік өмірінде серпінді қадамдар жасалып, мемлекет құраушы қазақ ұлтының тілі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтуға, сонымен қатар елдегі этностардың ана тілін сақтап, оларды дамытуға арналған тілдік саясат жүргізіліп келеді. Бүгінгі күні еліміздің жаңашыл тілдік саясатының жарқын көрінісі ретінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік тілдің маңызы «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік мәртебе берілген тіл және титулды ұлттың тілі ретінде айрықша құндылық болып саналады. Ол – Қазақстанда тұратын барлық этностарды тұтастырушы фактор және елдің барлық рухани қазынасының қайнар көзі. Сондықтан қазақ тілін меңгеру, осы тілде сөйлеу және қызмет ету барлық азаматтардың бірін-бірі еркін түсінуіне, отаншылдық сезімнің қалыптасуына, Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауына алғышарттар қалыптастырады», - деп көрсетілсе, бағдарламаның ұлтаралық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған мақсаты «Мемлекеттік бағдарлама этникалық топтардың да тілі мен мәдениетін дамытуға, оның ішінде ел азаматтарының лингвистикалық капиталын арттыруға қолайлы жағдай жасауға негіз болып табылады», - деп белгіленген [1].

Еліміздің тілдік өміріндегі өзгерістердің бірі ретінде 2007 жылы алғаш сөз етілген, ал 2009 жылы іске асырылған «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын айтуға болады. Оның мақсаты елдің тілдік жағдаятына үштілділікті енгізіп, оны дамыту болатын. Осыған байланысты 2010 жылы Қазақстан Республикасының тілдік білім беру тұжырымдамасы мен 2010 жылы «Үштұғырлы тіл (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жоғары білім» білім стандарты жасақталып, іске қосылды [2]. Аталмыш тұжырымдама мен стандарттың мақсаты үштұғырлы тіл (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) компонентінің негізінде құрылған тілдік білім берудің әмбебап жүйесін бірдей ғылыми-теориялық платформа және отандық, халықаралық білім беру модельдері арқылы үйлестіру болып табылады. Бүгінде осы тұжырымдама мен стандарттың негізінде жоғары оқу орындарында үш тілді меңгеретін мамандар дайындауды мақсат еткен көптілді білім беру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Қазақстан Республикасының тілдік саясатының мақсаты мемлекеттік тілдің өз

орнында толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ете отырып, елдегі ұлттардың тілдерін қолдау болып табылады.

Бүгінде мемлекетіміздегі барлық этностардың ана тілінің дамуына жағдай жасалған. Тілдік саясаттың өзегі – тілдік және этнотілдік жағдаяттың даму өрісін айқындап отыру. Тілдік және этнотілдік жағдаятқа жүйелі түрде зерттеу жүргізіп отыру қажетті тілдік шараларды жасауға ғылыми-әдістемелік тұрғыдан арқау бола алады. Қазақстандағы тілдік және этнотілдік жағдаят бір қарағанда бірдей сипатта болып көрінуі мүмкін, алайда ел өңірлерінде әртүрлі орналасқан этностардың саны, кеңістікте орналасуы мен тілдердің қолданыс аясы, сапасы ерекшеленіп келеді. Өйткені елдегі бес өңірдің (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс, орталық) тілдік және этнотілдік жағдаяттың өзіндік ерекшеленетін тұстары баршылық. Осы орайда бүгінгі күні көрсетіліп отырған өңірлердің ерекшеліктерін ескерген әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер аз екенін атап өтуге болады. Соның ішінде елдің мұнайлы өлкесі, дүние жүзінде хром шығарудан 2-орынға ие кен байыту комбинаты орналасқан, әлеуметтік-экономикалық, географиялық сипаты да ерекшеленетін, еліміздегі халықаралық шекаралары бар Каспий теңізі және теңіз айлағымен елдің теңіз жолын қамтамасыз етіп отырған, экономикалық тұрғыдан әлді өңір, тарихи-мәдени сипатымен де ерекшеленетін, этностарының орналасуы мен тілдердің қолданысында өзгешеліктері бар батыс өңірдің (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау) қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаяты арнайы әлеуметтік лингвистикалық зерттеу нысанына алынбаған.

**Зерттеудің өзектілігі.** Тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеу көпқырлы болады. Сонымен қатар бұл мәселе белгілі бір өңірдің барлық әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, этнодемографиялық құрылымдарымен тікелей байланыста сол өңірдегі этностардың тілдік өмірін, тілдердің әлеуметтік қолданыс рангтерін, өңірдегі қостілділік пен көптілділік түрлерін, тұрғындардың тілдік құзыреттіліктерін анықтауды көздейді. Елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайының маңызды мәселесінің бірі болып табылатын тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеу тілдердің қоғамдық қызметін айқындап, этносаралық қарым-қатынастардың өрбу сипатын танып, нәзік келетін тілдік саясатты әрбір этностың тілдік қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, конструктивті, сауатты, әрбір ұлттың тілдік құқығын қорғай отырып, ешқандай дауға апармай, бейбіт жүзеге асыруға негіз болады. Ал Қазақстанның ірі және маңызды бөлігі болып табылатын батыс өңірдің тілдік және этнотілдік жағдаятының әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерделенуі өңірдегі этносаралық қарым-қатынастың шынайы көрінісін танытып, тілдердің өзара қарым-қатынасына ғылыми тұрғыдан баға беруге, мемлекеттік тілдің қызметтік беделін тек қана статистикалық тұрғыдан емес, сондай-ақ тұрғындардың шынайы қолданысына сүйене отырып, жалпы әлеуметтік-саяси ахуалды тануға мүмкіндік береді.

**Зерттеу нысаны:** Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік үдерістер.

**Зерттеу пәні:** Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік



үдерістердің қазіргі жай-күйі мен өңірдегі көптілділік жағдайындағы тілдердің өзара әрекеттесуі, бір-біріне әсерлері.

**Зерттеудің мақсаты** – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаятты сипаттау, ерекшеліктерін айқындап, тілдік және этнотілдік үдерістердің тепе-тең жүргізілуіне бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

Мақсатқа сәйкес төмендегі **міндеттер** қойылды:

- тілдік және этнотілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретіндегі типологиясы мен жіктелуінің көпқырлылығын қазіргі кездегі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып айқындау және тілдердің әлеуметтік салаларда қолданылуы ғана оның өміршеңдігін және әлеуметтік беделін, коммуникативтік қуатын бекітетінін дәлелдеу;

- Қазақстан Республикасының батыс өңірінің қазіргі кездегі тілдік және этнотілдік жағдаятын сипаттай отырып, оның ерекшеліктерін көрсету, өңірдегі қос және үштілділіктің, көптілділіктің түрлерін айқындау, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік салалардағы қолданыс аяларын анықтау және тұрғындар арасындағы үштілділіктің даму үрдісіне сипаттама беру, батыс өңірі қалаларының эпиграфикасының құрылымдық-мазмұндық талдауын жасау, эпиграфикадағы тілдердің басымдық қырын айқындау;

- Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық көрінісіне тұрғындар арасындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдері қолданыстарының динамикасын анықтау арқылы өңір тұрғындарының ауызекі сөйлеуіндегі кодтардың араласуы мен алмасу үдерісінің ерекшеліктеріне әлеуметтік лингвистикалық талдау жасау арқылы баға беру;

- бүгінгі күнгі қазақстандық тілдік саясаттың негізгі және жаңашыл мәселесі ретінде қарастырылған «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасы аясында жүзеге асырылған көптілді білім беруге (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) әлеуметтік лингвистикалық талдау жасап, оның қазіргі жай-күйінің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін айқындай отырып, болашағы туралы тұжырымдар жасау және Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың ерекшеліктерін ескере отырып, оларды реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі** әлеуметтік лингвистика мен тілдік қатынастар саласындағы, тілдік және этнотілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық мәнін ашуға арналған (Ч. Фергюсон, В.А. Аврорин, В.А. Виноградов, Н.Б. Мечковская, Л.Б. Никольский, А. Павленко, Г.В. Степанов, А.Д. Швейцер, Э.Г. Туманян, Ю.Д. Дешериев, А.Н. Биткеева т.б.); жаһандық билингвизм мен транслингвизм саласының теориясы мен практикасының мазмұндық-құрылымдық қырлары ашылған (Я. Андроутсопуолос, Я. Бломмаэрт, О. Гарсия, С. Канагараджах, В. Ли, А. Пенникук, А.А. Ривлина, Э. Шнайдер т.б.); тілдік ландшафтты зерттеуге бағытталған (П. Бакхаус, Э. Бен Рафаэль, Р. Боурхис, Р. Ландри т.б.) шетелдік ғалымдардың еңбектері; қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділігі саласындағы, қазақстандық тілдік және этнотілдік жағдаяттың теориялық, тәжірибелік

қырлары мен ерекшеліктері анықталған отандық ғалымдардың еңбектері (Б. Хасанұлы, А.Е. Карлинский, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Ш. Құрманбайұлы, Б.Ж. Курманова, Қ. Текжанов, А. Құмарова, А. Абасилов, Э.Д. Сүлейменова, Д.Х. Ақанова, О.Б. Алтынбекова, Ж.С. Смагулова, М.Т. Тезекбаев, С.А. Шункеева, А.Р. Жикеева, Д.Б. Ақынова, Н.Ж. Шәймерденова, А.Ж. Суюнбаева, А.Ш. Акжигитова т.б.) мен тілдік және этнотілдік жағдаят бағытында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері негізінде қалыптастырылды.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде:**

- Қазақстан Республикасында 1999, 2009 және 2021 жылдарда жүргізілген Ұлттық халық санағының деректері;

- 2021-2024 жылдары батыс өңір тұрғындары арасында жүргізілген сауалнамаға қатысқан 1456 респондент жауабы мен батыс өңірдің төрт облысындағы іргелі ЖОО көптілді білім беру топтары студенттері арасында арнайы жүргізілген 400 респондентті қамтыған әлеуметтік лингвистикалық сауалнама деректері;

- Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдануына байланысты 496 фрагментті қамтитын, ұзақтығы 125 минутқа созылатын ауызекі сөйлеу тілінің аудиожазбалары;

- Студенттердің спонтанды сөйлеу тәжірибесінде бір тілден екінші тілге ауысуын анықтауға арналған 30 қысқаша сұхбат деректері;

- Қазақстанның батыс өңіріндегі коммерциялық нысан иелерімен жүргізілген сұхбат деректері;

- 2ГИС (<https://2gis.kz/>) онлайн базасынан алынған Қазақстанның батыс өңірінің төрт қаласының эргоурбонимдері туралы ресми ақпарат қолданылды.

**Зерттеу жұмысының әдістері:** теориялық әдістер: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жіктеу; арнайы әлеуметтік лингвистикалық әдістер: сауалнама, сұхбат, бақылау, тілдік ландшафт әдісі; лингвистикалық сипаттау әдісі; деректерді математикалық және статистикалық өңдеу әдісі.

Диссертациялық жұмыстың **ғылыми жаңалығы.** Қазақстанның батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаят теориялық тұрғыдан сарапталып, оларға талдау жасалды, даму үрдісі мен ерекшеліктері анықталды. Қазақстанның батыс өңіріндегі этнотілдік жағдаяттың жіктеуі жасалды. Отандық лингвистикада алғаш рет тілдік және этнотілдік жағдаяттың жаңа құбылыстары ретінде транслингвалды және транскрипталды тәжірибелерге талдау жүргізіліп, батыс өңірдегі транслингвизм құбылысының пайда болу үдерістері анықталды. Батыс өңірдегі қалалық кеңістіктегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қолданылу ерекшеліктері айқындалып, әрбір тілдің нысан атауларында өзіндік символдық-мағыналық рөл атқаратындығы анықталды.

Зерттеу жұмысының **теориялық маңызы.** Диссертациялық зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар өңірдегі тілдік жағдаятты, көптілділікті және тілдердің өзара әрекеттесуі мәселелерін қарастыруда маңызды болып табылады, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың одан әрі дамуына үлес қосады.

Жүргізілген зерттеудің **практикалық құндылығы** оның нәтижелерінің «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психолінгвистика» пәндерін оқытуда қолданылуымен айқындалады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-практикалық ұсыныстар Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда тірек құрал бола алады. Сонымен қатар жазып алынған Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдануына байланысты 496 фрагментті қамтитын, ұзақтығы 125 минутқа созылатын спонтанды ауызекі сөйлеу тілінің аудиожазба материалдары Ұлттық корпустың ауызша ішкі корпусын толықтыра алады және өзге зерттеулерге арқау бола алады.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселесі ретінде көпқырлылық сипатқа ие, оның компоненттерін белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі қолданыстағы тілдер және олардың әлеуметтік салаларда қолданылуының иерархиялық орналасуы, қостілділік пен көптілділік, транслінгвизм құраса, этнотілдік жағдаяттың компоненттерін әкімшілік-аумақтық қауымдастықта немесе өңірде орналасқан этностардың саны мен олардың қолданысындағы ана тілі және этнотілдік жағдаяттың жіктеуінің негізгі көрсеткіштері – өңірдегі этнотілдік әртүрліліктен бастап этносішілік бірігу өлшемдері құрайды.

2. Тілдік жағдаят пен этнотілдік жағдаяттың арақатынасы вертикалды (тілдік жағдаят) және горизонталды (этнотилдік жағдаят) күйде болады. Егер тілдік жағдаятты тілдер және олардың әлеуметтік қолданысы құраса, этнотілдік жағдаят этностардың белгілі бір кеңістікте орналасуы және ана тілінің қызметтік аясы мен этносішілік үдерістер болып табылады.

3. Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаяты көпкомпонентті, теңгерілмеген, экзоглосты, көпполюсті, гетерогендік, әлеуметтік салаларда кеңінен қолданылатын екі басым тілі (қазақ және орыс тілдері) бар тілдік жағдаят деп сипатталады. Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты көпэтносты және генетикалық туыстығы мен байланыстары жағынан ұқсас және әртүрлі болып келетін этностар тілінен тұрады.

4. Батыс өңірдегі басымдыққа ие қазақ және орыс тілдері мен тілдік жағдаятқа еніп жатқан ағылшын тілінің салалық талдауы қазақ тілінің көрсетілген тілдерден демографиялық қуатының басым екенін, әлеуметтік қолданысының және коммуникативтік қуатының нығайып жатқанын айқындайды. Оның дәлелі өңірдегі өзге ұлт өкілдерінің (татар, өзбек, қарақалпақ, ұйғыр) ана тілі ретінде қазақ тілін таңдауы қазақ тілінің нығаюын көрсетеді.

5. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызметтері қалалық кеңістік саласында неғұрлым айқын көрінеді. Қалалық кеңістіктегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің тұрғындар арасындағы күнделікті қызметін қала эпиграфикасындағы жергілікті коммерциялық нысандар атауларынан айқын көруге болады. Коммерциялық нысан иелерімен арнайы сұхбат барысында көптілді атаулардағы қазақ тілі элементтерінің таңдалуы жергілікті

ерекшеліктерді көрсетеді, ұлттық сезім мен мақтанышты айшықтайды және сұлулық пен сенімділіктің кепілі болып табылып, қазақ мәдениеті мен ұлттық дәстүрді бейнелейді. Ал көптілді атаулардағы ағылшын тілінің қолданылуы тартымдылықты арттыру құралы ретінде қызмет етіп, заманауилық, жоғары сапа, инновация, техникалық прогресс, мәртебе ретінде қызмет атқарса, орыс тілді элементтердің болуы тұрақтылықты, адамның адалдық қасиетін, достық сезімді және қалыптасқан кейбір ортақ дәстүрлерді көрсетеді.

6. Білім беру саласының бір бағыты ретінде көптілді білім беру аймақтағы тілдік жағдаятқа көптілділіктің жаңа бағытын әкелуде. Оның дәлелі – Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының сөйлеу тілінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданулары және бұл үш тілді кәсіби меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған білім берудегі үштілділік саясатының нәтижесі. Көптілді топтар соның ішінде бір компоненті ағылшын тілі болып табылатын көптілділік Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа құбылыс ретінде білім беру саласында қарқынды дамып, қазіргі кезде пайда болып жатқан транслингвизм құбылысының қайнар көзіне айналууда. Бұл құбылысты студенттердің спонтанды ауызекі сөйлеуіне транслингвалды талдау жасау арқылы дәлелдеуге болады.

Диссертациялық жұмыста жасалған тұжырымдардың дұрыстығы, дәйектілігі зерттеудің кешенді әдістемесін қолдану, қарастырылып отырған мәселе бойынша ауқымды теориялық материалды пысықтау, жүргізілген түрлі талдау, сараптаулар мен репрезентативті тілдік материалдар арқылы қамтамасыз етіледі.

**Диссертациялық жұмыстың жарияланымы және апробациясы (мақұлдануы).**

Зерттеу жұмысының негізгі бөлігі бойынша 5 жұмыс жарияланды:

***Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған еңбек:***

1. Multilingual Practices in the Students' Microcommunity // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). – 2023. –Vol. 11, Iss. 1. – P. 146-159. Процентиль 83%, Q1 // ISSN:2329-2210

***ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:***

1. Trends in the development of the language situation in Aktobe region (on the material of the language skills level among population) // «Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №4. – С. 153-162.

2. О формах существования казахского и русского языков в языковой ситуации Актюбинской области // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. –2022. – № 3. – С. 50-61.

3. Қазақстан Республикасының батыс бөлігіндегі тілдердің қолданысының әлеуметтік-лингвистикалық көрінісі // «Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия». – 2023. – №2. – Б. 318- 335.

**Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен жарияланған монография:**

1. Языковая и этноязыковая ситуация Актюбинской области. – Монография. – Ақтобе: ПринтА, 2023 – 194 с.

Диссертациялық зерттеу жұмысы келесі **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды: (19.09.2022. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының Заңы: 11.07.1997. № 151 (20.12.2004 №13; 01.21.2013 №72-V; 30.04.2021 №34 VII; 24.11.2021 №75-VII; 29.12.2021 №94-VII; 19.04.2023 №223-VII берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 27.07.2007 № 319-III (24.10.2011 №487-IV; 03.07.2013 № 121-V; 04.07.2018 № 171-VI; 27.12.2019 № 294-VI; 27.06.2022 № 129-VII; 23.02.24 №64-VIII берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан;

- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір;

- «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек;

- «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек;

- «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010 Алматы, 2010.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз тараудан, үш бөлім бойынша тұжырымдардан,

қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 38 кестеде, 41 суретте көрініс тапты. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 194 атау енеді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 194 бетті құрайды.

# **1 ТІЛДІК ЖӘНЕ ЭТНОТІЛДІК ЖАҒДАЯТТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бөлімде диссертация тақырыбына байланысты тілдік және этнотілдік жағдаят туралы теориялық әдебиеттерге шолу жасалады. Сонымен қатар зерттеудің талдау негіздері теориялық тұрғыдан пайымдалады. Атап айтқанда, бұл тарауда тілдердің қолданыс салаларын зерттеуге және сипаттауға, олардың жаһандану жағдайындағы ерекшеліктеріне арналған өзекті тұжырымдамалар қарастырылып, зерттеу тақырыбымыздың жұмыс анықтамалары белгіленді, сәйкес теориялық тұжырымдар анықталды.

## **1.1 Тілдік жағдаяттың және оның типологиясының әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретіндегі көпқырлылығы**

Тілдік жағдаят – әлеуметтік лингвистикадағы негізгі мәселелердің бірі. «Тілдік жағдаят» (language situation, языковая ситуация) алғаш рет өткен ғасырдың 30-жылдарында Африка мен Азия тілдерін зерттеп-зерделеген лингвистердің еңбектерінде қандай да бір өңірде қарым-қатынас тілі ретінде қызмет еткен тілдердің жиынтығын айқындау үшін қолданыла бастаған [3]. Өткен ғасырдың 70-жылдарының басында-ақ тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистика үшін маңызды және неғұрлым ерекше мәселе болып санала бастады, сондықтан ол лингвистердің назарына көбірек ілініп, олардың негізгі зерттеу нысанына айналды деуге болады. Тілдік жағдаяттың негізгі мәні мен түпкі мағынасы – тілдердің өмір сүру формасының белгілі бір кеңістіктегі әлеуметтік өмірі; белгілі бір тілде сөйлеушілердің, сондай-ақ тіл тасымалдаушылардың нақты бір өңірдегі тілдік қарым-қатынастары. Тілдік жағдаятты әлеуметтік лингвистикада әртүрлі сипаттайды, бірақ оның барлығының ішіндегі негізгі компонент – тілдердің белгілі бір ортада өмір сүру формасы [3, с. 49]. Тілдік жағдаяттың зерттелу тарихы жарты ғасырдан асса да, бұл тақырыпқа қатысты еңбектер аз деуге болады. Тілдік жағдаятты зерттеуші социолингвист Ч. Фергюсон «Белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде тілді қолданудың жалпы конфигурациясы» деген анықтама берген. Сондай-ақ ол тілдік жағдаятты талдау кезінде тілдердің саны, олардың шығу тегі және зерттелетін кеңістіктегі олардың қолданылу жағдайлары, осы тілдерде сөйлейтін адамдардың саны, ол адамдардың көзқарастары мен пікірлері сияқты өлшемдерді ескеру қажет екенін атап өтіп, тілдік жағдаятты сипаттаудағы басты қиындық өңірдегі тұрғындар арасындағы көптілділіктің таралуы екендігін көрсетеді [4, с. 69]. Ч. Фергюсонның бұл анықтамасы екінші тілді оқытудағы тілдік жағдаяттың әсерін сипаттауға арналған.

В.А. Аврорин тілдік жағдаятты әлеуметтік лингвистиканың маңызды мәселесі деп таниды. Бұл мәселені тілдердің өзара әрекеттесуінің нақты түрі және әр халықтың әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі тілдің тарихи дамуының белгілі бір кезеңі, формасы деп көрсетеді. Ғалым, тілдік жағдаят тілдің қолданылуының, қызмет атқаруының әлеуметтік жағдайларын, оның қолданылу аясы мен ортасын, сондай-ақ оның өмір сүру формаларын қамтуы керек деп санайды [5, с. 126-130]. Сондай-ақ ғалым бұл терминді біртүлді және көптілді

қоғамдағы тілдік жағдаятқа бірдей қолданады. Біртілді лингвистикалық жағдаят, оның түсінігінше, тілдің «белгілі бір халықтың өмірінде қоғамдық-әлеуметтік қызметтің барлық салаларында, түрінде қолданылатын, бір тіл арқылы орындалатын қызметтердің жиынтығынан» тұрады [5, с. 131-133]. Сондай-ақ ғалымның пікірінше, қостілділік (билингвизм) немесе көптілділік (полилингвизм) жағдаяты әкімшілік-саяси өңірде бір емес, екі немесе одан да көп тілдер қолданылып, қызмет атқарған кезде пайда болады [5, с. 127]. В.А. Аврориннің тілдік жағдаятқа берген анықтамасында сөйлеу кодының алмасуы да енгізілген, яғни белгілі бір өңірдегі сөйлеушілердің көптілділік сөйлеу тәжірибесіндегі кодтардың алмасуы тілдік жағдаяттың аясында қарастырылады. «Тілдік жағдаят – адресант пен адресат қатысатын және оның барлық этнодемографиялық және әлеуметтік лингвистикалық қолданыс жайы. Сонымен қатар қоғамда қолданылатын тілдер арқылы коммуникативтік актінің орындалуы» [5, с. 129]. Яғни бұл жерде В.А. Аврорин тілдік жағдаятты белгілі бір өңірдегі тілдердің жиынтығы ғана емес, сондай-ақ сол тілдердің барлық сөйлеушілерінің этностық сипаты мен әлеуметтік лингвистикалық қасиеттерін біріктіретін түзінді деп қарастырады [5, с. 129].

Тілдік жағдаяттың негізгі табиғаты мен әлеуметтік лингвистикадағы мазмұндық-мәндік қырлары әртүрлі. Соның ішінде тілдік жағдаяттың тұрақты элементтері мен өзгермелі компоненттерін анықтап ажыратуда ескеретін жағдай – тілдердің функционалдық қызметінің рангтері мен сол тілдерде сөйлейтін этностардың саны. Жалпы тілдік жағдаятқа берілген анықтамалардың кең және тар мағынадағы мазмұнына келетін болсақ, оның маңызды және қазіргі кезде кеңінен және жиі қолданылатыны – Л.Б. Никольский мен А.Д. Швейцердің анықтамалары.

Л.Б. Никольский өз анықтамасында тілдік жағдаяттың тұрақты элементтеріне белгілі бір өңірдегі тілдер мен олардың өмір сүру нысандарын, ол тілдердің қолданыстағы функционалды стильдерін жатқызса, өзгермелі компоненттеріне белгілі бір өңірде функционалдық жағынан өзара тығыз байланыста болатын этностардың тілдерін жатқызған. Өйткені аталмыш қасиеттер сол қоғамдағы өзара қарым-қатынас жасайтын тұрғындарға тән болып табылады [6, с. 80].

А.Д. Швейцер тілдік жағдаятты әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің әлеуметтік-функционалды түрде тармақталған иерархиясының моделі деп таниды [7, с. 206]. Тілдік жағдаятты әлеуметтік лингвистиканың негізгі категориясы ретінде белгілі бір саяси-әкімшілік өңірде жүргізілетін тілдік саясаттың өзегі деп те айтуға болады. Бұл орайда, тілдік жағдаяттың мазмұны кеңейеді. Сондықтан да тілдік жағдаят мемлекет құраушы белгілі бір әкімшілік-саяси және аумақтық бірлестіктерде сол қоғамға қызмет ететін, бір-бірімен байланыстағы және өзара бір-бірін толықтыра алатын тілдердің жиынтығы немесе бір тілдің барлық деңгейдегі бірліктерінің жүйесі болып табылады [8, с. 72].

Тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистиканың негізгі ұғымы ретінде кеңістік пен уақыт аралығында да қарастырылады. Өйткені тілдік жағдаят ұғымы, әдетте, ірі тілдік қауымдастықтарға, яғни елдерге, өңірлерге, республикаларға қатысты



қолданылып, нақты бір уақыттағы тілдердің даму динамикасын көрсетеді. Осыған байланысты тілдік жағдаят әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің белгілі бір уақыттағы сипаты деуге болады [9, с. 15]. Мысалы, еліміздегі, соның ішіндегі батыс өңірдегі, тілдік жағдаяттағы қазақ, орыс тілдерінің қолданыс аясының өзгеруі мен білім беру саласына енгізілген үшінші тіл – ағылшын тілінің қазіргі кезде үлкен беделге ие болып жатқанын айтуға болады.

Тілдік жағдаятқа берілетін анықтамалардың негізгі мазмұны тілдердің қолданысы және компоненттері, әлеуметтік қолданыстағы тілдер мен тілдердің өмір сүру формаларына байланысты болып келеді [10, с. 51]. «Қолданыстағы тілдер қандай деңгейде қолданылады және оның таралу аймағы қандай?» деген сұрақтарды қамтитын В.А. Чернышевтің мына пікіріне назар аударайық: «тілдік жағдаят – белгілі бір өңірде немесе нақты бір мемлекетте қолданылатын тілдік бірліктердің (тілдердің, аймақтық диалектілердің, жергілікті говорлардың) функционалды-стратификацияланған жиынтығы» [11, с. 4], яғни тілдердің белгіленген өңірдегі қолданылу деңгейі, таралу аймағы, ол тілдердің өмір сүру формасының әлеуметтік қызметі. Бұл жерде қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаятындағы кейбір тілдердің әлі де болса өмір сүру формаларының әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан зерттелмей келе жатқанын айтуға болады: батыс өңірдегі бүгінгі күнгі қазақ тілінің өмір сүру формалары, гомогендік және гетерогендік ортадағы қазақ және орыс тілдерінің аясы, осы құбылыстың белгілі бір тілді меңгерудегі әсері, орыс тілінің өмір сүру формасы болып табылатын Жайық жағасының казактары сөйлеу тілінің ерекшелігі, кәріс тілінің диалектілік ерекшеліктері, тағы да сол сияқты әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан қызығушылық тудыратын құбылыстар молынан деп айта аламыз.

Жалпы белгілі бір өңірдегі тілдер өздерінің қызмет аясына қарай екіге бөлінеді. Олардың әлеуметтік қызметі тең дәрежеде болуы мүмкін немесе бір тіл өңірдегі қарым-қатынас континуумын өзгермелі компоненттерге бөліп иерархиялық қарым-қатынас тудыруы мүмкін [3, с. 79-80]. Бұл ретте қазіргі кездегі қазақ тілінің қолданысының өңірлік ерекшеліктерін айтуға болады. Қазақстанның батыс өңірінің өзін қазақ тілінің қолданыс деңгейіне қарай, қазақ тілінде сөйлей білетін этностардың сол өңірде орналасу ерекшеліктеріне қарай бөлшектеуге болады. Яғни қазақтардың неғұрлым көп және тығыз орналасуына байланысты ол жерлерде тұратын саны аз этностар қазақ тілін жылдам игеріп, толыққанды ауызекі сөйлеуде қолдана алады. Сол сияқты орыс тіліне келетін болсақ, ол тілде сөйлейтіндердің басым көпшілігі үлкен қалаларда және оған жақын орналасқан қазақтар мен өзге ұлттар болып табылады. Жоғарыда айтылған қарым-қатынас континуумындағы иерархиялық жағдайда бір өңірде функционалдық күші бойынша қазақ тілі басым болса, басқа өңірде орыс тілі басым күшке ие болып отыр. Сонымен тілдік жағдаяттың анықтамасын қорытындылай келе, оның күрделі және көпқырлы құбылыс екенін көреміз және берілген анықтамалардың өзара ұқсастықтар мен ерекшеліктерін байқаймыз. Зерттеушілер ұсынған анықтамаларға салыстырмалы талдау жасалып, нәтижелері төмендегі кестеде келтірілді (Кесте 1).

Кесте 1 – Тілдік жағдаят ұғымына берілген анықтамалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары

| Авторлар  | Тілдік жағдаят анықтамаларындағы ұқсастықтар  | Тілдік жағдаят анықтамаларындағы айырмашылықтар  |
|---|---|--|
| Л.Б. Никольский (1976), А.Д. Швейцер (1983, 1990) | Қарым-қатынасқа қызмет ететін тілдің тіршілік ету формаларының жиынтығы   | Л. Б. Никольский тілдің өмір сүру формаларын тілдер, ішкі тілдер және функционалды стильдер деп, ал А.Д. Швейцер аумақтық койне, аумақтық және әлеуметтік диалектілер деп нақтылайды. Л. Б. Никольский әкімшілік-аумақтық бірлестіктер мен этникалық қауымдастықтардағы қарым-қатынасты біріктіріп қарастырса, А.Д. Швейцер әкімшілік-аумақтық бірлестікте немесе этникалық қауымдастықта қарым-қатынас жасау мүмкін деп санайды. А. Д. Швейцер сонымен қатар белгілі бір кезеңде тілдік формалардың қатар өмір сүруі мен өзара әрекеттесуін, сондай-ақ сөйлеу ұжымындағы мәдени және әлеуметтік қатынастарды көрсетеді. |
| В.А. Виноградов (1990), Н.Б. Мечковская (2000)    | Белгілі бір өңірдің немесе әкімшілік-аумақтық бірлестік шекараларындағы тілдің өмір сүру формаларының жиынтығы    | Н.Б. Мечковская тілдік жасалымдар деп тілдер мен тілдердің нұсқаларын (диалектілер, жаргондар, функционалды стильдер және т.б.) атайды, В.А. Виноградов бір тілдің (сонымен қатар оның стильдерінің) немесе тілдердің жиынтығы туралы айтады. В.А. Виноградовтың анықтамасында тілдің өмір сүру формаларының өзара байланысы мен функционалдық өзара әрекеттесуіне баса назар аударылады, бірақ тілдік жағдаяттың этникалық қыры туралы айтылмайды, ал Н.Б. Мечковская белгілі бір қоғамға немесе этносқа қызмет көрсету туралы айтады.  |
| Н.Б. Мечковская (2000), Э.Д. Сулейменова (2008)   | Белгілі бір этникалық қауымдастықтағы нақты әкімшілік-аумақтық бірлестікте тілдің өмір сүру формаларының жиынтығы | Н.Б. Мечковская тілдік жасалымдарға тілдер мен олардың нұсқаларын (диалектілер, жаргондар, функционалдық стильдер және т.б.) жатқызады, Э.Д. Сулейменова тілдер жиынтығының, аумақтық және әлеуметтік диалектілердің, жаргондардың арақатынасы туралы, сонымен қатар белгілі бір тарихи кезеңдегі тілдік жасалымдардың қызмет етуі туралы айтады.  |

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды қорытындылай келе, тілдік жағдаятты сипаттауға лингвистердің назарын аударатын негізгі ойларды бөліп

көрсетуге болады. Сонымен, олар тілдің өмір сүруінің әртүрлі формалары және олардың қызмет ететін әкімшілік-аумақтық шекаралары болатындығын бөліп көрсетеді. Кейбір авторлар өз анықтамаларында тек лингвистикалық формалардың болуы мен функционалдық өзара әрекеттесуін, соның ішінде әкімшілік-аумақтық кеңістікті ғана емес, сонымен қатар уақытша кеңістікті анықтаудың маңызды екенін де көрсетеді. Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, біз *тілдік жағдаятты* қарастырылып отырған кеңістікте және белгілі бір кезеңде нақты уақытта қызмет ететін және өзара әрекеттесетін тілдің тіршілік ету формаларының жиынтығы ретінде анықтауды ұсынамыз.

Қазақстандық әлеуметтік лингвистикада тілдік жағдаятты алғаш рет А.Е.Карлинский билингвизмнің туындайтын ортасы ретінде қарастырған. А.Е.Карлинскийдің пікірінше, тілдік жағдаят арқылы ғана билингвизмнің қызметі мен рөлін анықтауға болады [12, с. 65-69], яғни билингвизм тілдік жағдаяттың маңызды құрамдас бөлшегі, ал тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселесі ретінде билингвизм мен полилингвизмнің қоғамдағы рөлі мен қызметін нақты көрсете алатын әлеуметтік лингвистикалық категория болып табылады. Осындай пікірді Э.Г. Туманян да білдіріп, тілдік жағдаяттың негізгі компоненттері билингвизм мен диглоссия (бір қоғамда екі тілдің өмір сүруі немесе бір тілдің екі түрлі өмір сүру формасы) [8, с. 74] болып табылатындығын айтады. Алайда тілдік жағдаят кең ауқымды әлеуметтік лингвистикалық мәселе ретінде тілдердің әлеуметтік қызметін, гомогенділік сипатын, қостілділік пен көптілділіктің белгілі бір аумақтағы қолданыс аясы мен деңгейін қарастырады. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде тілдік жағдаяттың ауқымды сипатын нысан ретінде алдық.

Сонымен қатар қостілділік (билингвизм) пен көптілділік (полилингвизм) табиғатын зерттеген лингвистер олардың пайда болу жолдарын тілдердің араласуы мен туындайтын тілдік жағдаят деп анықтай отырып, алғашқы шарт ретінде тілдік қатынасты (*бұл жерде: контакт*) атайды (А. Мартине, У. Вайнрайх, В. Аврорин, Б. Хасанұлы, А.В. Карлинский, Э. Туманян, Л.Б. Никольский, А. Швейцер және т.б.).

Тілдік жағдаят күрделі де көпқырлы құбылыс ретінде өз ішінде бірізділік пен қарама-қайшылыққа ие. Әлеуметтік лингвистика мәселелерімен айналысушы лингвистер белгілі бір аумақта тілдердің өмір сүруіндегі ерекшеліктерді *қостілділік* пен *көптілділік* құрайтынын айтады. Бүгінде зерттеушілер тілдік жағдаятты талдауды Л.Б. Никольский, А.Д. Швейцер, Э. Туманян, Г.В. Степанов еңбектеріне сүйене отырып жасайды. Аталған әлеуметтік лингвистика саласы мамандары еңбектерінің негізінде тілдік жағдаятты былайша жіктедік (Кесте 2).

Кесте 2 – Тілдік жағдаяттың анықтамалары мен жіктелім белгілері

| Тілдік жағдаятты жіктеудің негізгі өлшемдері   | Тілдік жағдаяттың жіктелуі  | Автор   |
|--|---|---|
| Тілдердің барлық функционалдық қызметі.  | Белгілі бір этникалық қауымдастықтың барлық өмір сүру саласындағы түрлі тілдер мен олардың өмір сүру формаларының өзара әрекеттесуінің сипатымен туындайтын үдеріс.       | В.А. Аврорин                                    |
| Белгілі бір тілдің нақты бір кезеңдегі күйі (языковое состояние)   | Әлеуметтік қызмет жүктелген немесе нақты қызмет жүктелмеген тілдің белгілі вариативтілігі. Тілдік күйдің компоненттері - функционалды стильдер, тілдің өмір сүру формасы. | Г.В. Степанов                                   |
| Біртілділік пен көптілділік  | Тілдік жағдаятты жіктеудегі маңыздысы – тілдердің саны: біртілділік пен көптілділік жағдаяты  | Э.Г. Туманян                                    |
| Тілдің әртүрлілік дәрежесі, біркелкі, әркелкі, коммуникативтік ортадағы барлық тілдердің ескерілуі, тілдердің генетикалық туыстық дәрежесі, әрбір тілде сөйлеушінің сандық көрсеткіштері, тілдердің кеңістіктік орналасу сипаты, тілдің өңделген өмір сүру формасының болуы, тілдің эстимациондық бағалануы (жеңіл, күрделі, әуезді, әдемі т.с.с.) | Тілдік жағдаятты жіктеуде маңызды болып табылатыны – тілдердің сол коммуникативтік жүйедегі саны, функционалдық қызметі, демографиялық қуаты.                             | В.А. Виноградов, А.И. Коваль, В.Я. Порхомовский |
| Тілдердің, қосалқы тілдердің (подъязыки), функционалды стильдердің жиынтығы, тілдік жағдаят компоненттерінің қарым-қатынас салалары мен әлеуметтік топтар арасындағы таралу сипаты.  | Көрсетілген өлшемдерге сай тілдік жағдаят экзоглосты, эндоглосты, теңгермелі және теңгерілмеген болып ажыратылады.  | Л.Б. Никольский                                 |
| Тілдердің сандық-сапалық, эстимациондық белгілері: тілдердің қызмет ететін салалар саны, сол тілде сөйлейтін адамдар саны, тілдік жағдаятқа кіретін тілдердің лингвистикалық сипаты, құрылымдық-туыстық қатынастары, тілдердің функционалды тұрғыдан теңдігі, диглоссия.   | Белгілі бір өңірдегі тілдердің немесе тілдің өмір сүру формасының жиынтығы  | В.А. Виноградов                                 |

Сонымен кестеде көрсетілгендей, тілдік жағдаятты жіктеудегі басты көрсеткіш – тілдер мен олардың өмір сүру формасы болып табылады. Аталған өлшемдерге сай және теориялық тұжырымдарды зерттей келе, батыс өңірдің тілдік жағдаятын жіктеу үшін Л.Б. Никольскийдің [6, с. 81-82] және В.А. Виноградовтың жіктеуін әмбебап және тілдік жағдаятты дәл көрсете алатын [13, с. 358] жіктеу ретінде таңдадық.

В.А. Виноградовтың тілдік жағдаятты жіктеудегі тілдер қызмет ететін салалар саны, сол тілде сөйлейтін адамдар саны, тілдік жағдаятқа кіретін тілдердің лингвистикалық сипаты, құрылымдық-туыстық қатынастары, тілдердің функционалды тұрғыдан теңдігі, диглоссия секілді өлшемдері тілдердің сандық-сапалық, эстимациондық белгілері болып табылса, Л.Б. Никольскийдің жіктеуінде тілдердің, қосалқы тілдердің (подъязыки), функционалды стильдердің жиынтығы, тілдік жағдаят компоненттерінің қарым-қатынас салалары мен әлеуметтік топтар арасындағы таралу сипаты көрсетіледі. В.А. Виноградовтың тілдік жағдаятты жіктеуін мына кестеден анық көруге болады (Кесте 3) [13, с. 364].

Кесте 3 – В.А. Виноградов бойынша тілдік жағдаятты жіктеу белгілері

| Сандық белгілер                         | Сипаты  | Сапалық белгілер   | Сипаты  |
|---|---|--|---|
| Тілдердің жалпы саны                    | Белгілі бір тілдік жағдаяттың компоненті болып табылатын идиомдар.                                    | Тілдік жағдаятқа кіретін тілдердің лингвистикалық сипаты                           | Бір тілдің өмір сүру формалары немесе әртүрлі тілдер                                |
| Идиомдардың демографиялық қуаты         | Зерттеліп отырған өңірдегі халықтың жалпы санына қатысты нақты бір идиомда (тілде) сөйлейтіндер саны. | Идиомдардың арасындағы құрылымдық-туыстық қатынастар                               | Ұқсас, туыстас, ұқсас емес, туыстас емес  |
| Идиомдардың коммуникативтік қуаты       | Зерттеліп отырған өңірдегі идиомдардың коммуникативтік салалардағы қызметі.                           | Функционалды қызметі бойынша тең немесе тең емес                                   | Зерттеліп отырған өңірдегі қолданыстағы тілдердің қызметтік аясы бойынша анықталады |
| Біркомпонентті, көпкомпонентті идиомдар | Функционалды қызметі бойынша басым тілдердің саны.  | Металект, яғни мемлекет аясында әлеуметтік қолданысы бойынша доминантты тіл сипаты | Жергілікті тіл немесе сырттан әкелінген тіл   |

Л.Б. Никольскийдің типологиялық жүйесін тілдік жағдаяттың ең қолайлы типологиялық жүйесі деп санауға болады [6, с.134]. Оның типологиясы бойынша тілдердің өмір сүру формаларының және функционалды сипаттағы көрінісі жоғарыда көрсетілген өлшемдер негізінде жіктеуге болады (Кесте 4).

Кесте 4 – Л.Б. Никольский бойынша тілдік жағдаяттың типологиялық жүйесі

| Тілдердің, қосалқы тілдердің (подъязыки), функционалды сипаттағы көрінісі | Тілдік жағдаят компоненттерінің қарым-қатынас салалары мен әлеуметтік топтар арасындағы таралу сипаты |               |
|---|---|---------------|
|   | Экзоглосты  | теңгермелі    |
| Эндоглосты  | теңгермелі  | теңгерілмеген |

Экзоглостық теңгермелі тілдік жағдаят – әлеуметтік қолданыс аясы бірдей, функционалды қызметі тең тілдердің жиынтығы. Алайда экзоглосты теңгермелі тілдік жағдаяттың әлеуметтік-функционалды тұрғыдан абсолютті тең, әлеуметтік қолданысы бірдей тілдерден тұруы сирек жағдай. Әртүрлі факторларға байланысты (әлеуметтік-экономикалық, этникалық, демографиялық, географиялық), тіпті заңдық тұрғыдан тең құқылы көпфункционалды тілдер жекелеген коммуникативтік жағдаятта әртүрлі болуы мүмкін. Экзоглосты теңгерілмеген тілдік жағдаят компоненттерінің функционалды әркелкілігі осы топты үш кіші топқа бөлуге негіз береді. Мұндай бөлудің өлшемі ретінде белгілі бір қоғамдағы қарым-қатынасқа қызмет ететін тілдердің саны шығады. Л.Б. Никольский екі, үш және төрткомпонентті тілдік жағдаятты ажыратады [6, с. 82-84].

Екікомпонентті тілдік жағдаяттың құрамдас бөліктері – бұл күнделікті сөйлеуге қызмет ететін тілдер мен қосалқы тілдер және макродәнекер тіл. Макродәнекер тіл дегеніміз, ең алдымен, көпұлтты мемлекетте ұлтаралық қарым-қатынасқа қызмет ететін тіл немесе көпұлтты мемлекетте жалпы мемлекеттік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін ұлттық тілдің бір формасы [14, с. 58].

Үшкомпонентті тілдік жағдаят белгілі бір мемлекетте қолданылатын тілдердің үш түрлі қызметімен, жергілікті тілдермен, аймақтық тілдермен, макродәнекер тілмен сипатталады. Аймақтық тілдерге мына тілдер жатады: ұлттар мен басқа да ірі этникалық қауымдастықтардың әдеби формасы бар тілдері, сондай-ақ ірі халықтардың жазба тілі жоқ тілдері [14, с. 29]. Төрткомпонентті тілдік жағдаятқа жергілікті және аймақтық тілдердің, макродәнекер тілдің, сондай-ақ діни немесе кәсіби тілдердің жиынтығы жатады [15, с. 104-106].

Экзоглос әртүрлі тілдердің жиынтығынан құралатын, ал эндоглос жалпы бір тілдің қосалқы тілдері жиынтығынан тұратын тілдік жағдаят. [16, с. 245]. Алайда кейбір зерттеушілер нақты жағдаятта «экзо- және эндоглосты жағдаяттың дихотомиясы ел аумағындағы ерекше жағдаятты саралауда жеткіліксіз немесе шешуші қабілетке ие де болуы мүмкін» деп атап өтеді [17, с. 56].

Эндогlostы теңгермелі тілдік жағдаятқа функционалдық жағынан абсолютті тең келетін ұлттық тілдің жергілікті аймақ ерекшеліктері де әсер етеді. Сонымен бірге А.Д. Швейцер мен Л.Б. Никольский қазіргі жаһандану кезінде өзге елдерде осы секілді тілдік жағдаят болмайды деген қорытындыға келеді. Ғалымдар бұл тұжырымды тіпті туыстас этнотілдік қауымдастықтар қоныстанған өңірде де өзге тілдік қарым-қатынастар қатар жүретіні даусыз деп көрсетеді [15, с. 104].

Бір этносты елдің барлық қарым-қатынас салаларында бір ғана тілдің қолданылуы эндогlostы теңгерілмеген тілдік жағдаят болып саналады. Алайда оқшауланған тілдің ішкі жүйелерінің теңгерілмеген жағдаяты былай ажыратылады: (Кесте 5) [7, с. 643].

Кесте 5 – Эндогlostы теңгерілмеген тілдік жағдаяттың жіктеу белгілері

| Эндогlostы теңгерілмеген тілдік жағдаят түрлері | Эндогlostы теңгерілмеген тілдік жағдаят сипаты  | Эндогlostы теңгерілмеген тілдік жағдаяттың компоненттері                              |
|---|---|---|
| Біркомпонентті                                  | Ұлттық тіл диалектіге бөлшектенбейді, жазба және ауызша сөйлеулері арасындағы айырмашылықтары аз.     | Жазба және ауызша тіл   |
| Екікомпонентті                                  | Бір тілдің екі түрлі функционалдық сипаты.  | Әдеби тіл және диалект  |
| Үшкомпонентті                                   | Бір тілдің әдеби негізінен жазбаша формасы, өңірлік диалект, облыстық немесе өңірлік формалары болады | Әдеби тілдің тек қана жазбаша формасы, өңірлік диалект, облыстық және өңірлік диалект |

Сонымен экзогlostы және эндогlostы тілдік жағдаяттың орталық компоненттері белгілі бір өңірдегі қолданыстағы тілдер мен олардың өмір сүру нысандары болып табылады.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасының тілдік жағдаятына әлеуметтік лингвистикалық зерттеу жүргізілді, зерттеу барысында құнды деректер жиналып, қажетті тұжырымдар жасалды. Зерттеушілер Қазақстан Республикасының қазіргі тілдік жағдаяты коммуникацияда көп тіл қолданылатындығымен, атап айтсақ: қазақ, орыс, ағылшын, өзбек, ұйғыр, тәжік т.б. тілдерді қолдануымен сипатталады.

Б.Ж. Курманова алғаш рет Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі мемлекеттік тілдің қолданылуындағы әлеуметтік лингвистикалық мәселені зерттеп, Қазақстандағы аймақтық тілдік жағдаятты Л.Б. Никольскийдің жіктеуіне сүйене отырып, оған экзогlostы теңгерілмеген, көпкомпонентті деген сипаттама берген [18, с. 64]. Жоғарыда көрсетілген жіктеуге сай А.Ж. Сүйінбаева да өз зерттеуінде Қазақстандағы тілдік жағдаятты экзогlostы, көпкомпонентті деп көрсетеді, оған дәлел ретінде Қазақстан аумағында көптеген тілдердің өмірдің әртүрлі салаларында, түрлі деңгейлерде қызмет ететінін атаған [19, с. 56].

Қазақстандағы тілдік жағдаят халықтың этникалық құрамының және соған сәйкес қарым-қатынас тілдерінің алуан түрлілігімен түсіндіріледі. Біз талдаған 2009 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша Қазақстанның ұлттық құрамы мынадай: қазақтар – 63,1 %, орыстар – 23,7 %, өзбектер – 2,9 %, украиндер – 2,1 %, ұйғырлар – 1,4 %, татарлар – 1,3 %, немістер – 1,1 %, кәрістер – 0,6%, түріктер – 0,6 %, әзірбайжандар – 0,5 %, беларустар – 0,4 %, дүнгендер – 0,3 %, күрдтер – 0,2 %, тәжіктер – 0,2 %, поляктар – 0,2 %, шешендер – 0,2 %, қырғыздар – 0,1%, басқалары – 1,1% [20]. Осы санақ бойынша саны жағынан ең көп ұлт – қазақтар (10,1 миллион адам) мен орыстар (3,8 миллион адам) екенін анықтадық, ал қалған этностардың саны елдің өңірлеріне қарай орналасу ерекшелігі мен түрлері бойынша әртүрлі үлесті көрсетеді.

Қазіргі Қазақстан аумағында 126-дан астам генетикалық және типологиялық жіктеуге сәйкес әртүрлі тіл қолданылып келеді [21].

Доминант тіл – біздің елімізде қазақ (мемлекеттік) және орыс тілдері. Э.Д. Сүлейменова Қазақстандағы тілдердің қандай мәртебеге ие екеніне және таралуына байланысты үш негізгі топты бөліп қарайды: 1) *экзогендік*, бұл Қазақстаннан тыс жерлердегі халықтардың мемлекеттігі және тілінің титулдық, ресми және/немесе мажоритарлық мәртебесі (мысалы, әзірбайжан, армян, башқұрт, беларусь, болгар, бурят, венгр (мажар тілі), гагауз, гүржі, даргин, қарақалпақ, кәріс, неміс, тәжік, татар, өзбек, украин, чуваш, якут/саха және т.б.) бар тілдер; 2) *эндогендік*, бұл Қазақстаннан тыс жерлердегі халықтар тілінің титулдық, мемлекеттік, ресми және/немесе мажоритарлық мәртебесі жоқ (мысалы, карел, қырым-татар, күрд, ненец, удегей, шугнан, эвен және т.б.) тілдер; және 3) *иммигранттық* (мысалы, ағылшын, вьетнам, испан, итальян, қытай, француз, хинди, урду) тілі [22]. Көпэтностық Қазақстанда әрбір этникалық қауымдастықтың менталитеттерінің тілдік жағдаятын зерттеуде ерекше әлеуметтік-мәдени мәнмәтін бар.

Бүгінде Қазақстан өңірлеріндегі үштілді білім беру жағдайын зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Қазақстандағы тілдік жағдаят көбінесе тарихи және географиялық факторлар арқылы анықталады. Соңғы зерттеулерге талдау жасау барысында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі айтарлықтай өскенін және саяси-әлеуметтік ресурстардың қазақ тіліндегі жазылып, ұсынылатын символдық капиталға айналғанын көруге болады [23].

Қазақстан бұрынғы кеңес өкіметінің құрамында болғандықтан, 15 одақтас республикаға ортақ тіл – орыс тілі болған себебінен бүгінгі күнге дейін осы әсерден шыға алмай келе жатқан жайы бар. Бұған қоса, орыс тілінің халықаралық аренада қолданысы жоғары болғандықтан және біздің еліміз Ресеймен шектескендіктен бұл тілді көбірек қолданамыз. Дегенмен, орыс тілі өзге тілдер сияқты Қазақстанда тұратын этникалық топтар арасындағы этносаралық қарым-қатынас құралы ретінде кеңінен қолданылады. Сол себепті қазіргі уақытта еліміздегі тілдік жағдаятты зерттеушілер, көбінесе, билингвизм (көстілділік) (негізгі «жұмыс тілі», яғни қолданыс тілдері қазақ және орыс тілдері) жағдаяты түрінде қарастырады [24-26]. Олар бір коммуникативтік кеңістікте бірге қолданылады, бірдей қызмет етеді [27]. Қазақстандағы бүгінгі тілдік жағдаят қазақ және орыс тілдерінің бірыңғай коммуникативтік кеңістікте – екі



демографиялық және коммуникативтік қуаты серіктес тілдердің бірдей қолданылуы, қызмет етуі арқылы сипатталады [18, с. 96-97]. Қазір қазақ тілі – мемлекеттік және қаржылық-экономикалық іс-шаралардың тілдік құралы; ал орыс тілі – білім берудің құралы және нысаны, рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі, идеологиялық ықпал ету құралы [21, с. 106]. Дегенмен, бұл пікірге қоса, білім алудың тағы бір тілдік құралына ағылшын тілін де жатқызар едік. Дәл бүгінгі күнде өз диссертациямыздың зерттеу нысанына сәйкес шетелдік ғылымда қай қырынан зерттелгеніне өзіміз де әдеби шолу жасауымыз – осының дәлелі.

Сондай-ақ Қазақстандағы қостілділік жағдаяттың екіұшты сипатын атап өткен жөн. Мысалы, орыс тілді халқы басым өңірлерде тұратын этникалық қазақтардың арасында [28], Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс [24, с. 36; 29] өңірлерінде орыс тілін қолдану басым екені байқалады. Сонымен қатар Қазақстанның солтүстік өңірлерінде біртілділік үлесі өңірдің этникалық құрамындағы орыс халқының үлесіне тікелей пропорционал екенін байқауға болады. Ал, керісінше, халықтың этникалық құрамындағы орыс ұлты үлесі азайса да, қостілділік көрсеткіштері артып келеді [30, б. 38-39]. Екінші жағынан, Қазақстанның оңтүстігі мен батысында қазақ тілі басым, көбірек қолданылатыны байқалады [28, р. 51; 29, с. 80]. Мысалы, Астана қаласындағы тілдік жағдаятты зерттеу әлеуметтік өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің рөлі мен маңызы өсіп келе жатқанын көрсеткен [31].

Қазақ тілінің рөлін арттыру үшін жастар арасында қазақ тілінің қажеттілігін сезіндіру, коммуникативтік-тілдік кеңістіктегі этнодемографиялық өзгерістер жасау, қазақ тілін үйренуге деген ынтаны күшейту туралы жұмыстар жасалу қажет.

Бірақ басты біріктіруші себеп қазақ тілін таратуды, қолдануды ұстанған мемлекеттік қолдау болып табылады [21, с. 107]. Соңғы жиырма жыл ішінде мемлекеттік тіл саясаты жүргізілсе де, қазақ тілімен бірге орыс тілі де үстемдікке ие болып, қостілділік орын алды; бірақ, қазақ тілін үйрену үрдісі күшейе түсуде [32]. Дәйекті, жүйелі және мақсатқа бағдарланған мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде зерттеушілер қазақ тілінің қолданылуы артып келе жатқаны мен қолдану саласының ауқымы кеңейіп келе жатқанын да атап өтеді [33].

Бүгінгі күні Қазақстандағы қостілділіктің компонентінде (қазақ-орыс) қазақ тілі басымдыққа ие болып, тілді үйрену үдерісі дұрыс жолға қойыла бастағаны байқалады. Е.Журавлева бұны қазірде ресми құжаттардың қазақ тілінде жасалып жүргізілуімен түсіндіреді [34]. Тек құжаттар тілі ғана емес, сондай-ақ ұлттық мерекелер, салт-дәстүрлер, ұлттық тағамдар, ғұрыптар мен жоралғылар, дәстүрлі музыка қайта оралған соң, оларға қатысты лексика да күнделікті қолданысқа еніп, көпшілік қарым-қатынаста пайдалана бастады. А.Б.Жуминова да еліміздегі тілдік жағдаятта орыс тілінің диверсификацияланып жатқанын айтады.

Қазақстандағы орыс тілі Ресейдегі орыс тілімен салыстырғанда ерекшеліктері бар екенін, лексикалық қатпарына әсер етіп жатқанын да көрсетеді [35].

Алайда Э.Д. Сүлейменова бұл құбылысты орыс тілінің «қазақтануына», яғни тілдік жағдаят тұрғысынан орыс тілінің өзгеруіне, түрленуіне жатқызып тұжырымдауға әлі ерте екенін, сондықтан асықпау керегін айтады [36].

Сондай-ақ, Қазақстандағы тіл саясаты көптілділікке қолдау көрсетеді [37]. Қазіргі қазақстандық әлеуметтік лингвистикалық кеңістік мәнмәтінде екі және одан да көп тілдің қолданылуы елді әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың маңызды шарттарының бірі ретінде танылады. Осыған байланысты ағылшын тілі еліміздегі даму үшін қолайлы тіл болып саналады [38]. Кәсіби салада салалық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету және кәсіби терминологияны жүйелеу үшін көптілді ресурстарды пайдалануға ерекше назар аударылады [39]. Әлемдік қауымдастыққа кірігу (интеграциялану) үдерісі, заманауи технологияларға қол жеткізу, әлемдік ғылым мен білімнің нәтижелері мен жетістіктерін еліміздің тұрақты дамуына енгізу қажеттілігі бүгінде ағылшын тілін меңгеруді және оны білу, игеру деңгейін арттыруды талап етеді.

Алайда ағылшын тілін үйренуде, көбінесе, тілдік, қарым-қатынас ортасының болмауына [40] және тілді үйретудің ескірген көне әдістерін қолдануға байланысты әлі де қиындықтар бар [41]. Басқа мәліметтерге сәйкес [23, р. 19], Қазақстанда ағылшын тілін игеру әлі де халық үшін қолжетімді емес. Ал Қазақстан халқының ағылшын тілін білуге, үйренуге деген [40, р. 60] ынталары мен талпыныстары жоғары екендігі байқалады. Мысалы, Ақтөбе облысы тілдік жағдаятын зерттеу барысында 2022-2024 жылдары жүргізілген зерттеуімізде тілдік таңдау мен тілдік білім туралы сауалнамаға қатысқандардың 86,4% ағылшын тілін әртүрлі деңгейде игерген және игеруде болса, 33,6% респондент балалары үштілді мектептерде оқыса, 50% респондент балаларын үштілді мектепке беруге ниетті екендігін көрсетіп өздерінің тілдік таңдауларын жасаған [42, с. 107].

Бүгінгі Қазақстандағы тілдік жағдаятты сипаттай отырып, көптеген әлеуметтік лингвистика саласы ғалымдары (Б. Хасанұлы, Э.Д. Сүлейменова, Б.Ж. Курманова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смагулова, Д.Х. Ақанова, О.Б. Алтынбекова және т.б.) экзоглосты теңгерілмеген тілдік жағдаят деп таниды [43, с. 142]. Теңгерілмеген экзоглосты тілдік жағдаяттың түрлерін ажыратып, әрі қарай талдау жүргізілмегенмен, Қазақстандағы тілдік жағдаяттың жіктеу мазмұнына сай нәтижелер көрсеткен. Соның бірі Ақтөбе облысы тілдік жағдаятына жүргізілген талдау болатын және де сол талдау негізінде облыстың тілдік жағдаятын сандық-сапалық тұрғыда саралап, мынадай сипаттама берілген (Кестелер 6, 7).

Кесте 6 – Ақтөбе облысы тілдік жағдаятының сандық сипаты (басым тілдер)

| Тілдік жағдаятқа кіретін тілдердің лингвистикалық сипаты |          | Әрбір тілде сөйлеушілер санының зерттелетін өңірдегі тұрғындардың жалпы санына қатысы | Әрбір тіл арқылы қызмет көрсетілетін қарым-қатынас салаларының саны | Функционалды басым тілдердің саны |           |          |             |            |
|--|----------|---|---|-----------------------------------|-----------|----------|-------------|------------|
| Біртілді   | Көптілді | Тілдің демографиялық қуаты  | Тілдердің коммуникативтік қуаты                                     | тең қуатты                        | Көпқуатты | біркелкі | әркелкі     |            |
|  |          |   |   |                                   |           |          | Бірп олюсті | Көп олюсті |
| -  | +        | Қазақ тілі  | Орыс тілі   | -                                 | +         | -        | -           | +          |

Кесте 7 – Ақтөбе облысы тілдік жағдаятының сандық сипаты (басым тілдер)

| Тілдік жағдаяттың сапалық белгілері                                  |          |                   |                   |  |                   |  |           |
|--|----------|-------------------|-------------------|--|-------------------|--|-----------|
| Мемлекеттік ауқымдағы басым тілдердің (металект) біртілділік сипаты: | Көптілді | Ұқсас емес тілдер | Ұқсас емес тілдер | Тілдердің функционалды дәрежесі бойынша бөлінуі (басым тілдер: қазақ тілі, орыс тілі): |                   | Мемлекеттік ауқымдағы басым тілдердің сипаты |           |
|  |          |                   |                   | тең дәрежелі   | тең дәрежелі емес | жергілікті қазақ тілі                        | орыс тілі |
| -  | +        |                   | +                 | -  | +                 | +  | +         |

Сонымен қатар соңғы кезде қазақстандық тілдік жағдаятты зерттеуші С.А. Шункеева өзінің диссертациялық зерттеуінде Қазақстандағы тілдік жағдаяттың компоненттік қырын ашуға ден қойған. Осы орайда зерттеуші [44] қазақстандық тілдік жағдаятты экзоглосты теңгерілмеген үшкомпонентті деп таниды, оның құрамдас бөліктерін жергілікті, аймақтық тілдер және макродәнекер тіл жіктейді. С.А. Шункеева «жергілікті тіл ретінде әзірбайжан, ингуш, тәжік, татар,

түрік, өзбек, шешен сияқты аз ұлттардың тілдерін атап көрсеткен. Бұл аталған тілдердің басты ерекшеліктері – олардың ауызша бейресми қарым-қатынаста, ауызекі сөйлеуде тек этникалық топтар ішіндегі шектеулі қарым-қатынас салаларында қолданылуында, сондай-ақ ол тілдердің көпшілігінде әдеби форманың болуында» дейді [44, с. 8]. Одан бөлек осы аталған тілдердің кейбіреуінде жергілікті теле- және радиохабарлар жүргізіліп, мектепте оқыту, үйрету сабағы өткізілетіндігін айтқан. Б.Ж. Курманова батыс өңірдегі шынайы қолданыстағы тілдерді зерттей келе, 1) тілдердің таралу түрлері, 2) тілдердің демографиялық және коммуникативтік базасының нығаюы, 3) аталған этникалық топтардың ана тілін білу деңгейлері (санақ материалдары бойынша), 3) тілдерді қолдану салалары (отбасы-тұрмыстық, этнос ішінде, БАҚ, білім, мәдениет) деген жіктеулер жасады [18, с. 98]. Аталған жіктеуді негізге ала отырып, Ақтөбе облысы тілдік жағдаятындағы этникалық топтар тілдерін жіктеуде біздің алған нәтижелеріміз төменгі кестеде берілген (Кесте 8) [42, с. 78].

Кесте 8 – Ақтөбе облысындағы шынайы қолданыстағы тілдер жіктеуі

| Тілдердің түрлері | Тілдер     | Тілдің демографиялық қуаты | Ана тілін меңгеруі | Тілдердің қолданыс салалары |                        |                   |            |          |
|-------------------|------------|----------------------------|--------------------|-----------------------------|------------------------|-------------------|------------|----------|
|                   |            |                            |                    | Отбасы-тұрмыс               | Этноста рдың өз ішінде | Бұқаралық ақпарат | Білім беру | Мәдениет |
|                   |            | %                          | %                  |                             |                        |                   |            |          |
| Кең таралған      | Қазақ      | 84,29                      | 98,3               | +                           | +                      | +                 | +          | +        |
|                   | Орыс       | 11                         | 96,3               | +                           | +                      | +                 | +          | +        |
| Аз таралған       | Украин     | 2,3                        | 13,5               | +                           |                        |                   |            | +        |
|                   | Татар      | 1                          | 46,5               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Өзбек      | 0,16                       | 51,6               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Корей      | 0,15                       | 33,8               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Неміс      | 0,62                       | 15,9               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Шешен      | 0,14                       | 68,9               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Башқұрт    | 0,08                       | 40,3               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Сыған      | 0,01                       | 66,4               | +                           | +                      |                   |            | +        |
|                   | Әзірбайжан | 0,14                       | 56,4               | +                           | +                      |                   |            | +        |
| Өте аз таралған   | Қырғыз     | 0,01                       | 54,9               | +                           |                        |                   |            |          |
|                   | Беларус    | 0,12                       | 12,0               |                             |                        |                   |            | +        |
|                   | Болгар     | 0,07                       | 23,5               |                             |                        |                   |            | +        |
|                   | Түрік      | 0,01                       | 73,6               | +                           |                        |                   |            |          |
|                   | Поляк      | 0,02                       | 7,6                | +                           |                        |                   |            | +        |
|                   | Ұйғыр      | 0,01                       | 33,6               |                             |                        |                   |            | +        |

С.А. Шункеева арнайы заңнамалық түрде бекітілген мәртебесі жоқ тіл иелері – этникалық қауымдастықтар орыс тілінде сөйлейді дейді. Зерттеушінің

пікірінше, олар үшін макродәнекер тіл ретінде қазақ тілі де, орыс тілі де бола алады. Ал қазақ тілі – бір этностың ішінде ғана емес, сонымен қатар ұлтаралық қарым-қатынасты да қамтамасыз ететін демографиялық қуаты бар тіл [44, с. 9].

Екінші жағынан, орыс тілі де өзінің коммуникативтік қуатына байланысты Қазақстандағы макродәнекер тіл бола алады: бұл тілмен көптеген этностардың тілдік қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктері бар.

Бұл өңірлер қазақтар жинақы шоғырланып тұратын бірэтносты аудандардан құралған. Б.Ж. Курманова өз зерттеуінде осындай бірэтникалық аудандарды автохтонды халқының саны (қоныстануы) бойынша екі топқа бөледі: бірінші топқа автохтонды халқы 91%-дан 95%-ға дейінгі аудандар, екінші топқа автохтонды халқы 95%-дан жоғары және одан жоғары аудандарды жатқызады [18, с. 26-31]. Бірэтникалық аудандарда негізгі тіл қазақ тілі болып қала береді.

С.А. Шункееваның пікірінше, Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттың негізгі сипаттамалары – экзоглысты, теңгерілмеген, үшкомпонентті [44, с. 28-33]. Қазіргі заманғы Қазақстанның тілдік жағдаятының мұндай сипаттамасы әлі де жеткілікті дәрежеде толық зерттелген деп есептеуге болмайды. Ағылшын тілінің қазақ, орыс және басқа да жергілікті тілдермен қатар, Қазақстан тұрғындарының күнделікті сөйлеу тіліне, дағдысына енетінін атап кеткен жөн. Мысалы, Қазақстандағы тілдік жағдаятты зерттеу нәтижесінде

қазақ-орыс,  
орыс-қазақ,  
орыс-ағылшын,  
қазақ-ағылшын,  
орыс-ағылшын-жапон/француз/түрік тілдерінің,  
өзбек-қазақ-орыс тілдерінің,  
қазақ-орыс-ағылшын-неміс/француз/қытай/түрік/өзбек/кәріс тілдерінің,  
қазақ-орыс-өзбек-ағылшын тілдерінің,  
қазақ-ағылшын-неміс-француз/қытай тілдерінің,  
орыс-француз-неміс-ағылшын тілдерінің,

орыс-өзбек-неміс-ағылшын тілдерінің қолданысы сияқты үштілділік және көптілділік формалары анықталды [27, р. 1535]. Бұл – Қазақстанның тілдік жағдаятындағы компоненттердің санын қайта қарау қажет деген сөз. Ал оның біз қарастырып отырған *өңірлік ерекшеліктерінің формалық-мазмұндық, сандық-сапалық қыры* өте терең зерттеуді қажет етеді. Осылайша, Қазақстандағы тілдік жағдаят төрткомпонентті деп сипаттау қисынды болып көрінеді, төрткомпонентті жағдаят үшін этникалық топтардың тілдерінің жергілікті тіл ретінде, орыс тілінің – өңірлік, аймақтық тіл ретінде, қазақ тілінің – макродәнекер тіл ретінде, ал ағылшын тілінің – кәсіби тіл ретінде қызмет етуі тән болып табылады.

Сондықтан да Қазақстанның көпұлтты құрамын, кейбір ұлттардың орналасу сипатын, ол этностардың ана тілінің белсенді қолданыстарын, өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, барлық этностардың тілдік қажеттілігін өтейтін тек қана мемлекеттік тіл болуы шарт. Қазақстанның ортақ мемлекеттік тілдік саясаты одан әрі жетіліп, әлемдік тілдік саясаттың алдыңғы қатарынан орын

алады деген тұжырым жасауға болады.

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың сандық-сапалық қырын толыққанды анықтау үшін біз А.Д. Швейцер мен Л.Б. Никольскийдің Эфиопиядағы тілдік жағдаятты көрсету үшін қолданған сипаттамасын негізге алған болатынбыз. Сонда «Эфиопиядағы жергілікті тілдер «жазбаша тигрэ және жазусыз тиграй, галла, сидам тобының тілдері» арқылы ұсынылған, аймақтық тіл ретінде итальян тілі қолданылады, ал макродәнекер тіл ретінде амхар тілі қызмет атқарады», - деп тұжырымдалған [15, с. 106]. Алайда Эфиопиядағы тілдік жағдаят үшкомпонентті емес, төрткомпонентті екен, өйткені ол елде ағылшын тілі кеңінен қолданылады: «Негізінен, мемлекеттік аппаратта, ғылым мен техника саласында, сыртқы сауда қызметіне жұмыс істеуге дайындалып жатқан адамдар игеретін зиялы қауымның қарым-қатынас, сөйлесу құралы», «таптық-кәсіби» қарым-қатынас қарым-қатынас құралы ретінде әрекет етеді [15, с. 106]. Ғалымдар «Бұндай ерекшелік Қазақстандағы тілдік жағдаяттан да байқалады, себебі қазіргі уақытта Қазақстан халқының тек ауқатты орта табы ғана ағылшын тілін меңгеру арқылы экономикалық [23, р. 19] және білім беру мүмкіндіктеріне қол жеткізе алады», - дейді [40, р. 289]. Қазіргі тілдік жағдаятта жасанды көптілділік көптілді білім беру ортасы және қалалардағы бизнес өкілдері, ірі кәсіпорындарда жедел қалыптасатынын көруге болады.

Тілдердің өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін сипаттау мен тілдік жағдаяттың сапалық қасиетін айқындау [45, р. 129-133] белгілі бір аймақтағы тілдердің қолданысының сапасын көрсетуге маңызды арқау болады. Ағылшын және жергілікті тілдің өзара қарым-қатынасы бүгінгі әлемдегі билингвизмнің негізгі ерекшеліктері Я. Бломмаэрттің «Жаһандану социоллингвистикасы» еңбегінде сипатталған [46, р. 17-19]. Жаһандану жағдаятындағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің фокусы «тіл» категориясынан сөйлеушілердің коммуникативтік «ресурстарына», тілдің қолданысына, дискурсқа ауысқанына біраз уақыт болды. Жаһандану дәуіріндегі тілдік қатынастарды талдау үшін тұтас тіл емес, оның жекелеген тілдік формалары, стильдік қолданыстардың таралуын ескеру керек. Мысалы, бүгінде нақты бір шетел тілінде толық ойын жеткізе алмаса да, белгілі бір шеттіл сөздерін араластырып сөйлеу дәстүрі қалыптасып отыр. Мұндай формалар белгілі бір қауымдастық өмірінің жекелеген салаларында (мысалы, мәдениет, көркем әдебиет, ғылым немесе көптілді білім беру саласында) қолданылады [46 р. 20-21]. Бұдан бөлек, қазақ сөйленісіне ағылшын тілінің элементтері («bits») және «фрагменттері» кіруі мүмкін. Осылайша, белгілі бір элементтерді ғана білу, яғни «ықшам» («truncated») тілді және сәйкесінше «ықшамдалған» билингвизм (қостілділік) немесе «ықшамдалған» мультилингвизмді (көптілділік) тудыруы мүмкін [46, р. 8-9]. Жаһандық билингвизмнің (қостілділіктің) келесі маңызды ерекшелігі – ағылшын тілін белгілі бір қауымдастық мүшелері тікелей қарым-қатынас үшін қолданбайды, керісінше бұл олардың коммуникативтік репертуарына әртүрлі: символдық, поэтикалық, эвфемистік және т.б. функцияларды атқаратын ағылшын тілінің элементтері тілдік ресурс ретінде кіруде.

Коммуникацияның – *транслингвизм* мен *трансмәдениеттену* кезінде қостілділік пен көптілділіктің дамуы мен оны зерттеудің жаңа кезеңі басталады

[47, p. 649-650]. Мұндай құбылыстардың пайда болуы зерттеу бағыты билингвизмнен транслингвизмге ауысып жатқанын көрсететді. Демек, зерттеуші қос тілде сөйлеушінің сөйлеуінде екі тіл аясында бинарлы зерттеу жүргізіп, екі тілді қатар немесе бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып саралайды [48, 49].

Қос тіл қолданатын тұлға қарым-қатынас кезінде екі тілдің де элементтерін, сөйлем құрылысындағы және дыбыстық ерекшеліктерді интеграциялап қолданады [50]. Мұндай интеграцияланған жүйе тілдік континуумды [51], тек қана гибридтік емес, сонымен қатар белгілі бір жағдаятқа байланысты тілдік тұрақсыздық ("fluidity") [52, 53] бар тілдер арасында нақты шекаралардың болмауымен сипатталады [54, 55]. Транслингвизм сөйлесуші коммуниканттарға тілдер арасындағы әлеуметтік және саяси шекараларға қарамастан, өздерінің лексикондарынан маңызды элементтерді (ресурстарды) таңдауға және қиыстыруға мүмкіндік береді [56].

Жалпы транслингвалды тәжірибелер көптілділіктің динамикасын, яғни дамуын қолдайды [57], өйткені транслингвизм әлеуметтік және танымдық кеңістіктердегі транслингвалды ресурстарды динамикалық күйде зерделейді [58, 59]. Әдетте, тіл элементтерін араластыра сөйлеу кезінде синтаксистік және морфологиялық ерекшеліктердің арнайы кодтары сақталады. Мәселен, сіз деген сөздің орнына үлкен-кішіге қарамай сен деп қолданылуы ұлттық тіл кодының өзгеруіне алып келеді [60, 61]: транслингвалды талдау тілдерді араластыру үдерісінің функционалды немесе прагматикалық аспектілеріне бағытталған [62]. Халықаралық ағылшын тілін білмеу салдарынан коммуниканттардың шетелдік білімді, ресурстарды онлайн/офлайн алуы шектеулі» [63] деп көрсеткен. Осылайша, жаңа транслингвалды парадигма шығармашылық сөз тудыру тұрғысынан қостілді (билингвалды) және көптілді (мультилингвалды) тәжірибелерді зерттеу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

Тілдік жағдаяттың анықтамасы мен жіктеуі туралы пікірлер мен тұжырымдарды қорытындылай келе, тілдік жағдаятқа келесідей анықтама беруге болады: тілдік жағдаят – белгілі бір әкімшілік-аумақтық өңірдегі шынайы қолданыстағы тілдердің өмір сүру формаларының жиынтығы және ол идиомдардың әлеуметтік өмірдегі рангтік қолданысы. Сонымен қатар, қазіргі тілдік жағдаяттың маңызды компоненттеріне қостілділік пен көптілділік түрлерін, олардың жаңарған форматтағы транслингвалды парадигмадағы жай-күйі мен олардың прагматикалық қырларын жатқызуға болады. Ал тілдік жағдаяттың жіктелуі – әкімшілік-аумақтық өңірдегі тілдердің қолданыстарының сандық-сапалық сипаттарына негізделеді.

## **1.2 Қазіргі әлеуметтік лингвистикадағы этнотілдік жағдаяттың жіктеуі**

Диссертациялық жұмыста «тілдік жағдаят» терминімен бірге «этнотілдік жағдаят» термині де қолданылады. М.В. Акулиннің пікірінше, *этнотілдік жағдаят* тілдік жағдаяттың синонимі болып табылады, бірақ көпэтностық құрамы бар өңірді зерттеу кезінде тілдік жағдаяттан гөрі *этнотілдік жағдаят* терминін қолдану маңыздырақ [64]. Т.Н. Журавель «Этнотілдік жағдаят

ұғымының аясына коммуникативтік жағдаят, лингвомәдени жағдаят және элеуметтік-коммуникативтік жүйе кіреді» деп тұжырымдайды [65].

Көрсетілген анықтамалардың мазмұны мен компоненттері біз қарастыратын этнотілдік жағдаятқа сәйкес келмейді. Біздің жағдайымыздағы этнотілдік жағдаят белгілі бір кеңістіктегі этностардың орналасуы мен олардың ана тілінің қызметтік сипаты болып табылады. Этнотілдік жағдаят туралы айтылған анықтамалар мен тұжырымдама компоненттерінің әрқайсысының мазмұндық-мәндік қырын қарастырып көрейік.

Сонымен *коммуникативтік жағдаят*, бір жағынан, «белгілі бір тілде сөйлесуші коммуниканттардың элеуметтік сипаттамаларын, жағдаятты, қарым-қатынас мақсатын, эмоционалды бағалауды және т.б. қамти отырып, белгілі бір қарым-қатынас, сөйлесу жағдаятын құрылымдық жағынан ұйымдастыру» деп ұғынылады [17, с. 92], екінші жағынан, «белгілі бір ұлттық-аумақтық қауымдастықтағы қарым-қатынастың синхронды (бірге, ілесе жүретін) жай-күйі» [17, с. 92] және қарым-қатынас салаларын, оларда болып жатқан үдерістерді талдайды. *Лингвомәдени жағдаят* тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, бір-біріне әсерін қарастырады [66, с. 19]. *Элеуметтік-коммуникативтік жүйе* белгілі бір тілдік ұжым пайдаланатын және қосымша функционалдык бір-бірін толықтыратын қатынастарда болатын тілдік жүйелер мен кіші жүйелердің (кодтардың) жиынтығын білдіреді. Әр кодтың өзіндік функционалды қызметі бар, әрі сол тілде сөйлеушілер коммуникативтік жағдаятқа байланысты белгілі бір кодты таңдай алады [65, с. 64].

Сонымен этнотілдік жағдаят – көпқырлы категория. Түрлі салада қолданылуына байланысты терминге берілетін анықтама да көпұғымды болып келеді. Этнотілдік жағдаят элеуметтік лингвистикада Н.Никольскийдің анықтамасы бойынша, белгілі бір жергілікті өңірдегі этностар мен олардың тілдері деп анықталады. Сонымен қатар этнотілдік жағдаят пен тілдік жағдаяттың бір өңірдегі қатынасын былайша нақтылауға болады: тілдік жағдаят тілдердің вертикалды орналасуы болса, этнотілдік жағдаят – тілдердің горизонталды орналасуы [6, с. 126]. Яғни тілдердің вертикалды орналасуы – тілдердің қызмет аясы мен қолданыс ортасының рангтері, ал тілдердің горизонталды орналасуы – этностар және олардың ана тілінің қатынасы. Тілдердің элеуметтік қызметін кеңейту мен тарылту елдегі қабылданған тілдік саясатқа тікелей байланысты. Тілдік жағдаят және этнотілдік жағдаятты реттеп отыру тілдік саясаттың негізгі құралы болып табылады. Белгілі бір өңірдегі этностар тілдерінің қолданыс саласы әртүрлі болады және ол тілдер сол өңірдің тілдік жағдаятының компонентін құрай алады. Осы тұжырымдардың мазмұны мен мәніне сай Қазақстан Республикасындағы этнотілдік жағдаятты әлі де болса терең және кешенді зерттеудің қажет екендігін көреміз.

Бүгінде еліміздегі қалыптасқан этнотілдік жағдаяттың сандық-сапалық сипаты тілдік жағдаятты, яғни халықтың қарым-қатынасына қызмет ететін тілдердің элеуметтік-функционалдык иерархиясын анықтай алады [3, с. 53]. Сонымен қатар диссертациялық жұмысымызда Қазақстанның батыс өңіріне қатысты тілдік жағдаят және этнотілдік жағдаят қарастырылады. Сондай-ақ бұл терминдер көпэтносты батыс өңірдегі тілдердің өзара қатынасын, бір-біріне



әсерін анықтауға арқау болады деген ойдамыз.

Этнотілдік жағдаят пен тілдік жағдаятты кейбір ғалымдар кешенді түрде қарастырып, оларды белгілі бір өңірдегі әлеуметтік лингвистикалық жағдаяттың құрамдас бөлігі деп санайды да, бұл ұғымдарды коммуникативтік жай-күйдің компоненттері деп таниды [67, с. 8-14].

Этнотілдік жағдаят – әлеуметтік лингвистикада қарастырылатын мәселе және белгілі бір аумақтағы құбылыс ретінде типологиялық сипатқа ие.

Этнотілдік жағдаят, негізінен, этностардың санына және олардың арасында болып жатқан тілдік үдерістерге қатысты анықталады. Мысалы, Ю. Бромлей мен Л.Б. Никольскийдің жіктеуіне сәйкес [68; 3, с. 49], ел мен кеңістіктің екі түрі ерекшеленеді, олар бірэтникалық елдер мен кеңістіктер, оларға шартты түрде негізгі этнос халықтың кем дегенде 95% құрайтын өңірлер жатады және көпэтносты елдер 1) негізгі этнос халықтың 80%-дан 94%-ына дейінгі санын құрайтын өңірлер; 2) негізгі этностың саны халықтың 50%-дан 70%-ға дейінгі бөлігін құрайтын аумақтар; 3) негізгі этнос халықтың үштен бірінен астамын, бірақ кемінде жартысын құрайтын аумақтар; 4) халықтың үштен бірінен астамын құрайтын этникалық қауымдастықтары жоқ аумақтар болып топтарға бөлінеді [68, с. 304-305].

Осы жіктеу өлшемдеріне сүйене отырып, Б.Ж. Курманова алғаш рет өзінің 2002 жылғы зерттеуінде Қазақстанның этнотілдік жіктеуін жасап, елдің өңірлеріндегі негізгі, автохтонды *этнос* – *қазақтардың* орналасу сипатына қарай бірэтносты аудандарды «А» - *қазақтар саны 91-94%* (18 аудан) және «Б» - *қазақтар саны 95%*-дан асатын аудандарды (17 аудан) ажыратқан. Соның ішінде батыс өңірі бойынша 11 аудан мен Форт-Шевченко қаласы «А» және «Б» тобына кірген [18, с. 16-17].

А.Д. Швейцердің зерттеулері этнотілдік жағдаят жіктеуіне айтарлықтай үлес қосты, ол келесі әлеуметтік және функционалдық өлшемдерді ұсынды: тілдердің әлеуметтік мәртебесі және олардың нұсқалары, этнотілдік жағдаяттың әлеуметтік қызметтерінің көлемі мен сипаты, әрбір тіл жүйесінің (кіші жүйелердің) әлеуметтік-коммуникативтік рөлі, тілдік жағдаятты құрайтын функционалдық-стилистикалық сипаттамалар кешені [69, с. 118]. Осы аталған өлшемдерді ескере отырып, зерттелетін аумақтағы тілдердің функционалдық таралуын байқауға болады, сондай-ақ өңірдегі әлеуметтік-тілдік үдерістердің мәні туралы тереңірек түсінік беретін осы тілдердің әлеуметтік қызметтері мен мәртебесін анықтауға болады.

А.Д. Швейцердің этнотілдік жағдаятты сипаттауын негізге ала отырып, В.А. Виноградов, А.И. Коваль және В.Я. Порхомовский этникалық компоненттің этнотілдік жағдаятын талдау үшін олардың жіктеуін де енгізу қажеттігін негіздеп, «Рухани мәдениет, сайып келгенде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық (және саяси) құрылымының туындысы болғандықтан, қоғамның этникалық және әлеуметтік өлшемдері бір-бірімен тығыз байланысты және біртұтас лингвоэкология шеңберіндегі этнолингвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық сипаттамалардың тығыз (кейде өте күрделі) ұштасуы тілдің функционалдық қызметінің толық көрінісін ұсынуға мүмкіндік береді» деп тұжырымдайды [67, с. 5]. Осылайша, жоғарыда аталған ғалымдардың этнотілдік

жағдаятты жіктеуі этникалық, әлеуметтік, функционалдық және нақты лингвистикалық өлшемдерге негізделген деген тұжырым жасай аламыз.

В.А. Виноградов, А.И. Коваль және В.Я. Порхомовский жіктеулері үш белгіден тұрады: 1) гомогендік/гетерогендік; 2) коммуникативтік байланыс; 3) белгілі бір кеңістікте орналасу [67, с. 53-54]. Көрсетілген белгілерге сай төмендегідей жіктеу жасалды (Кесте 9).

Кесте 9 – В.А. Виноградов, А.И. Коваль және В.Я. Порхомовский этнотілдік жіктеуі

| Этнотілдік жіктеудің негізгі белгілері | Этнотілдік жіктеу белгілерінің мазмұны   |
|--|--|
| Гомогендік/гетерогендік                | 1) этнотілдік жағдаятты құрайтын этностардың генетикалық туыстығы мен байланыстары;<br>2) бір тілдің диалектісі немесе әдеби формасы мен туыстас емес тілдің бір диалектісі немесе әдеби тілі.   |
| Коммуникативтік байланыс               | мүлдем басқа тіл, яғни аумақтағы этностардың тілдеріне туыстас емес этнос тілінің доминант болуы.  |
| Белгілі бір кеңістікте орналасу        | этнотілдік жағдаят <i>қатар орналасқан</i> (ортақ аумақтары жоқ),<br><i>енгізілген</i> (үлкен аумақты алып жатқан этнотілдік жағдаяттың бір бөлігінен тұратын),<br><i>қиылысқан</i> (олар түбегейлі басқа этнотілдік жағдаяттың ішінде салыстырмалы түрде автономды құрылымдар болып табылады) |

Алғашқы белгі этнотілдік жағдаятты құрайтын тілдердің генетикалық туыстығын, байланысын (яғни олар бір тілдің диалектілері немесе әлде бір-бірімен тығыз байланысты туыстас тілдер ме, әлде бұл тілдер бір-біріне туыстығы жоқ және сол тілдегі сөйлеушілерге бірдей түсініксіз бе) ескереді. Келесі белгі бойынша этнотілдік жағдаят қатар орналасқан (ортақ аумақтары жоқ), енгізілген (үлкен аумақты алып жатқан этнотілдік жағдаяттың бір бөлігінен тұратын) және қиылысқан (олар түбегейлі басқа этнотілдік жағдаяттың ішінде салыстырмалы түрде автономды құрылымдар болып табылады) болып бөлінеді [67, с. 56-58].

Этнолдік жағдаяттың негізгі өлшемдеріне этникалық әртүрлілік дәрежесі, этникалық бірліктердің сандық-демографиялық сәйкестілігі, этностардың кеңістіктік-аумақтық таралуының түрлері мен принциптері, этникалық орналасудың өзге этностарды өткізбейтін тұйықтығы, этностардың интеграциялану деңгейі, этностың бағалаушылық (эстимациондық) сипаты, этносішілік бірігу (консолидация) [67, с. 26-38] жатады. Бұлардың әрқайсысының мазмұндық-мәндік сипаты бар және бұл өлшемдер кез келген этнотілдік жіктеулер жасауда ескерілуі тиіс.

Аталған өлшемдердің сипатын талдай келе, төмендегідей қысқартылған мазмұндағы этнотілдік жағдаяттың жіктеуін жасадық (В.Я. Порхомовский, А.И. Коваль, В.А. Виноградов бойынша) (Кесте 10).

Кесте 10 – Этнотілдік жағдаяттың жіктеуі

| Параметрлік өлшемдер                                    | Сипаты   | Белгілері  |
|---|--|--|
| 1   | 2  | 3  |
| Этникалық әртүрлілік дәрежесі                           | Этникалық біркелкілік пен әртүрлілік   | Біркелкілік көбінесе ұсақ коммуникативтік көлемге, яғни оқшау өмір сүретін этностарға тән және ол этностардың саны аз. Ал әртүрлілік түрлі этностардың үнемі және тұрақты қатынастары бар жағдайға тән   |
| Этникалық бірліктердің сандық-демографиялық сәйкестігі  | Этникалық құрылымдардың статистикалық тепе-теңдігі мен тепе-тең еместігі   | Бұл өлшемде аз этностар мен гегемон этностар ажыратылады   |
| Кеңістіктік-аумақтық таралуының түрлері мен принциптері | Этностардың кеңістіктік қозғалысы (көшпелілік, отырықшылық)  | Этностардың континуалды (айнала орналасқан) және дисперсті (шашыраңқы) орналасуы және осыған байланысты олардың орналасуларының жинақы және жинақы емес, мозаика іспеттес орналасуы мен трансфузионды орналасуы арқылы этностардың өңірлік орналасу ерекшеліктері көрінеді |
| Этникалық топтардың тығыз орналасуы                     | Этностардың бір-бірімен араласуы мен оқшаулануы  | Этностардың бір-бірімен араласуы қала жағдайында жиі болады, бірақ кейде осындай интенсивті араласудан кейін қайтадан оқшаулану пайда болады   |
| Этностардың интеграциялану деңгейі                      | Әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан этностардың өз ерекшеліктерін сақтай отырып, өзара қатынастары негізінде пайда болған белгілі бір тілдік-мәдени бірлесулері   | Интеграциялық үдерістің нәтижесінде метаэтникалық және жоғары этникалық қауымдастық пайда болады   |
| Этностың бағалаушылық (эстимациондық) сипаты            | Бұл өлшем субъективті-психологиялық табиғатымен ерекшеленеді және этнос өкілдерінің сол этносқа жататындығын ішкі дүниесімен бағалау, яғни ішкі бағалау және ол этностың репутациясын көрсететін өзгелердің бағалауы, яғни сыртқы бағалау. | Эстимациондық өлшемді оң, бейтарап, теріс (негативті) мәнді сипаттауға болады. Ішкі және сыртқы бағалаулар комбинациясы этнотілдік жағдатқа әртүрлі әсер етеді.  |

10 – кестенің жалғасы

| 1                                | 2  | 3   |
|----------------------------------|--|---|
| Этносшілік бірігу (консолидация) | Бұл өлшем бойынша ядролық (орталықтандырылған) құрылымды этнос және диффузиялық (орталықтандырылмаған) этнос болып ажыратылады | Екі түрге өтеді: этноэволюциялық бірігу – бірігу нәтижесінде жаңа этнос пайда болмайды және этнотрансформациялық бірігу – жаңа этнос пайда болады |

Сонымен, В.Я. Порхомовский, А.И. Коваль, В.А. Виноградовтың жіктеуі Африка елдеріндегі күрделі этнотілдік жағдаят негізінде жасалғанымен, әлеуметтік лингвистикада әмбебап сипатқа ие болып табылады. Өйткені жоғарыда (Кесте 10) көрсетілгендей, этнотілдік жағдаяттың барлық өлшемдері мен сипаты, белгілері нақты көрсетілген. Мысалы, осы жіктеуді Қазақстанның батыс өңіріне қолдансақ, өңірдегі этностардың этнотілдік сипатын былай көрсетуге болады (Кесте 11).

Кесте 11 – Қазақстанның батыс өңіріндегі этнотілдік жағдаят жіктеуі

| Параметрлік өлшемдер                                     | Сипаты  | Белгілері   |
|--|---|---|
| 1  | 2   | 3   |
| Этникалық әртүрлілік дәрежесі                            | Этникалық әртүрлілік.   | 112 этнос тұрады. Этностардың арасында үнемі және тұрақты қатынастар орнаған.   |
| Этникалық бірліктердің сандық-демографиялық сәйкестілігі | Этникалық құрылымдар статистикалық тепе-тең емес.                             | Екі гегемон этнос бар: қазақ және орыс этностары. Қалған этностарды орташа, аз таралған деп бөлінді: татарлар, украиндер, өзбектер, қырғыздар, болгарлар, чехтар, шешендер, эзирбайжандар, армяндар, цыгандар т.с.с.  |
| Кеңістіктік-аумақтық таралуының түрлері мен принциптері  | Этностар кеңістіктік отырылықшылдық сипатта орналасқан. Көшпелі этностар жоқ. | Этностар өңірде әртүрлі түрде орналасқан континуалды (айнала орналасқан) және дисперсті (шашыраңқы) орналасуы және осыған байланысты олардың орналасуларының жинақы және жинақы емес, мозаика іспеттес орналасуы мен трансфузионды орналасуы арқылы этностардың аумақтық орналасу ерекшеліктері көрінеді. |

## 11 – кестенің жалғасы

| 1  | 2   | 3   |
|--|---|---|
| Этникалық орналасудың тұйықтығы мен өтімділігі (өзге этностарды өткізбейтін) | Этностардың бір-бірімен оқшаулануынан гөрі, араласуы басым.   | Этностардың бір-бірімен араласуы интенсивті. Оқшаулану үдерісі байқалмады.  |
| Этностардың интеграциялану деңгейі   | Әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан этностар өз ерекшеліктерін сақтай отырып, өзара қатынастары негізінде тілдік-мәдени бірлесулері байқалмайды. Әр этнос өз ана тілін отбасылық, этносшілік қарым-қатынаста қолданады. Сыртқы қарым-қатынастарда орыс тілінде сөйлеу басым.       | Интеграциялық үдерістің нәтижесінде метаэтникалық және жоғары этникалық қауымдастық пайда болмаған.   |
| Этностың бағалаушылық (эстимациондық) сипаты                                 | Бұл өлшем бойынша әртүрлі үдерістер жүруде: кейбір славян, еуропалық этностар орыс өкілдері болып жазылған. Олар: белорустар, литвалықтар, эстондықтар, украиндер, гректер. Қазақтармен тығыз орналасқан жерлердегі ұйғырлар, қырғыздар өз еріктерімен қазақ ұлты болып жазылған. | Эстимациондық өлшемі оң және бейтарап, теріс мәндік байқалмады.   |
| Этносшілік бірігу (консолидация)   | Бұл өлшем бойынша батыс өңірде этносшілік бірігу үдерісі байқалмады. Бірақ өңірде орналасқан этностардың өз тілдері мен мәдениетін қолдауға арналған ұлттық орталықтар жұмыс жасауда.   | Екі түрде өтеді: этноэволюциялық бірігу нәтижесінде жаңа этнос пайда болмайды және этнотрансформациялық бірігу кезінде жаңа этнос пайда болады. Өңірде бұл үдерістер зерттелмеген, бірақ аталмыш құбылыстарды байқамадық. |

Біз көрсетіп отырған этнотілдік жағдаяттың жіктеуін Н.Б. Вахтин және Е.В. Головки да қолдайды және олар барлық жіктеу белгілерді үш топқа бөлуді ұсынады: сандық, сапалық және бағалау [70, с. 124] белгілері.

В.А. Виноградовтың, А.И. Ковальдың және В.Я. Порхомовскийдің зерттеулері этнотілдік жағдаятты сипаттаудағы факторлардың ролін анықтау тұрғысынан алып қарағанда, оның біз үшін аса маңызды екендігін және біздің

этнотілдік жағдаятқа сәйкестендіріп қолдануға болатынын дәлелдедік. Сонымен қатар аталмыш ғалымдар саяси фактордың рөлі оның белгілі бір аумақтағы этнотілдік жағдаятқа, сондай-ақ ана тілдің жоғары оң бағасының нығаюына ынталандырушылық тұрғыдан әсер ететіндігін де атап өтеді. Әлеуметтік-экономикалық фактор урбанизацияның дәрежесі мен түрі бойынша әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан өте маңызды, өйткені урбанизацияның этнотілдік және тілдік салдары анағұрлым маңызды және ол үдеріс динамикалық сипатқа ие болып табылады.

Этнотілдік жағдаяттың әртүрлілігіне сүйене отырып, Н.Б. Мечковская көптеген белгілерден біртұтас иерархиялық жүйе құру және бірыңғай жіктеу моделін жасау мүмкін емес екендігін атайды [71]. Сондықтан ғалым әрбір этнотілдік жағдаятты белгілі бір көрсеткіштермен ұсынылған белгілер негізінде жеке-жеке сипаттауды ұсынады (Кесте 12).

Кесте 12 – Н.Б. Мечковскаяның этнотілдік жағдаятты жіктеуі [71, с. 100-101]

| Белгілері   | Этнотілдік жағдаяттың түрлері  |
|---|--|
| 1.Этнотілдік құрылымдар (қалыптасулар) саны                     | Біркомпонентті, көпкомпонентті   |
| 2.Этникалық тілдік құрылымдар (қалыптасулар) саны               | Біртілді, қостілді, үштілді, төрттілді және т.б.   |
| 3.Тілдердің салыстырмалы демографиялық қуаттылығы               | Демографиялық тепе-теңдік, демографиялық теңсіздік   |
| 4.Салыстырмалы коммуникативтік қуаттылық                        | Теңгермелі (коммуникативтік тепе-теңдік), теңгерілмеген (коммуникативтік теңсіздік)  |
| 5.Тілдердің құқықтық мәртебесі                                  | Құқықтық мәртебесі бірдей немесе әртүрлі этнотілдік жағдаят  |
| 6.Генетикалық жақындық дәрежесі                                 | Жақын туыстас, жақын туыстығы жоқ немесе туыстас емес қостілділігі бар этнотілдік жағдаят  |
| 7. Берілген аумақ үшін мәртебесі жоғары тілдің этникалық тамыры | Эндогlostы (беделді тіл жергілікті болып келеді), экзогlostы (беделді тіл импорт тіл болып саналады), эндоэкзогlostы (екі және одан да көп беделді тілдер) |
| 8.Тілдер қоғамының бағалауы                                     | Диглоссиялық қостілділік (бір беделдірек тілі бар), диглоссиялық емес қостілділік (беделдері бойынша тең тілдері бар)                                      |

Н.Б. Мечковскаяның этнотілдік жағдаятты жіктеуге қосқан үлесі ретінде оның этнотілдік жағдаяттың бұрын анықталған белгілерін нақтылауын, сондай-ақ тілдердің құқықтық мәртебесін салыстыру және олардың салыстырмалы демографиялық қуаты сияқты маңызды белгілерін бөліп көрсетуін айтуға болады. Бұл жіктеудің этнотілдік жағдаяттан гөрі тілдік жағдаятқа сәйкес келетін жақтары көбірек. Сондықтан да бұл жіктеуді тілдік жағдаяттың мазмұндық-құрылымдық қырын сипаттауда қолданғанда жақсы нәтиже алуға болады.

Сонымен этнотілдік жағдаят дегеніміз – белгілі бір әкімшілік-аумақтық

қауымдастықта немесе өңірде орналасқан этностардың саны мен олардың қолданысындағы ана тілі. Этнотілдік жағдаят жіктеуінің негізгі көрсеткіштері – өңірдегі этнотілдік әртүрліліктен бастап этносішілік бірігуі.

### **1.3 Тілдердің әлеуметтік салаларда қолданысының теориялық қыры**

Тілдің коммуникативтік қуаттылығы осы тіл қызмет ететін әлеуметтік салалардың санына қарай анықталады. Тілдің қызмет ететін салалары «адам қызметінің, іс-әрекетінің әртүрлі салалары, олардың әрқайсысы тілді қолданудың белгілі бір ережелерін анықтайтын салыстырмалы түрдегі ұқсас, типтес қарым-қатынас жағдаяты бойынша сипатталады» [18, с. 224]. Тілдің қолданыс саласының теориялық қырын зерттеу барысында адамдардың қоғамдық қызмет саласының тікелей туындысы ретінде [5, с. 75] немесе «әлеуметтік өзара әрекеттесудің тиісті салаларындағы қарым-қатынас мазмұнын құрайтын» тақырыптар жиынтығы ретінде [15, с. 92] сипаттап анықтама берілгенін көреміз. Осылайша тілдердің қолданыс салалары адамдардың отбасылық, жеке қарым-қатынастан бастап, қоғамдық қызметінің (жұмысы, қоғамдық қарым-қатынасы т.с.с.) салаларын толық қамтитын ерекше әлеуметтік құбылыс болып табылады. Адам қызметінің, іс-әрекетінің кез келген саласы тіл арқылы қарым-қатынас жасауды, сөйлесуді және ақпарат беруді талап етеді, сонымен қатар тілге өз талаптарын қояды, оның қолданысына жағдай жасайды. Мысалы, ғылым тілден дәлдік пен ықшамдылықты талап етсе, ал өнер әсерлілік, мәнерлілік, бейнелілік, эмоционалдылықты, сезімталдықты қажет етеді. Қоғамдағы әлеуметтік қызмет түрлерінің саны, құрылымы және сапалық сипаттамалары тілдің қызмет ету, қолданылу өлшемдерін де анықтап, оған өз талаптарын қойып өзгертіп те отыратын күшке ие.

Жағдаяттағы адамның өзара белсенді жүріс-тұрысын, тәртібін ұйымдастырудың және жіктеудің алғашқы моделін Дж.А. Фишманның «домендер теориясынан» көруге болады [72]. Өзінің теориялық моделінде Дж.А. Фишман тілді қолданудың бес негізгі доменіне – отбасы, достық, дін, білім беру және жұмыс салаларына жүгінеді. Домендер деп «институционалдық мәнмәтіндерді немесе әлеуметтік-экологиялық сәйкестіктерді» айтады және белгілі бір тіл немесе тілдің әртүрлілігі әр алуан домендерде әртүрлі мақсаттарда қолданылуы мүмкін екендігін айтады. Домендер формалды болуы мүмкін, яғни бұл дін мен жұмыс, сондай-ақ формалды емес (бейресми) болуы мүмкін, мысалы, отбасы мен достық сияқты домендер. Домендер қатысушылары, орналасқан жері және тақырыбы (қарым-қатынас, сөйлесу тақырыбы) сияқты факторлар жиынтығынан тұрады. Дж.А. Фишман (1972) домендік талдауды «кең таралған және салыстырмалы түрде тұрақты көптілділікпен сипатталатын тілдік қауымдастықтарда кім, қай тілде, кіммен және қашан сөйлейтінін» талдау ретінде анықтайды [73, с. 437]. Домендік талдаудың мәні тілді таңдау мен әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік лингвистикалық және лингвистикалық факторлардың кең ауқымы арасында корреляция (өзара байланыс) болуымен анықталады. Домендердің нақты, дәл сипаттамасы мен классификациясы белгілі бір уақытта қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасын, нормалары мен құндылықтарын терең түсінуді айқындауды көздейді.

Осы кезге дейін бес домендермен шектелмейтін тілді қолдану салаларының бірнеше жіктеуі жасалған. Мысалы, тілдің өмір сүру формаларының жиынтығы негізінде А.Д. Швейцер және Л.Б. Никольский тілді қолданудың алты саласын бөліп көрсетеді, олар: жалпымемлекеттік қарым-қатынас саласы, өңірлік қарым-қатынас саласы, жергілікті қарым-қатынас саласы, өндіріс саласы, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласы, салт-дәстүрлік қарым-қатынас саласы [15, с. 92-93]. Қарым-қатынас салалары бойынша тіл қызметтерінің нақты жіктеуін В.А. Аврорин мен Ю.Д. Дешериев жасаған.

В.А. Аврорин маңызды салаларға келесі салаларды жатқызады: шаруашылық қызмет, қоғамдық-саяси қызмет, тұрмыстық қызмет, ұйымдастырылған оқыту, көркем әдебиет, бұқаралық коммуникация, эстетикалық әсер ететін сала, халық ауыз шығармашылығы, ғылым, іс жүргізу, жеке хат алмасу, діни ғұрып салалары [5, с. 75-77]. Ю.Д. Дешериев тілді қолданудың келесі бағыттарын бөліп көрсетеді: тілді қолданушылардың күнделікті өзара қарым-қатынас жасауы, тілді қолданушылардың басқа халықтардың өкілдерімен қарым-қатынас жасауы, орталық мекемелермен және басқа республикалармен ресми хат алмасу, бастауыш мектептер, жалпы орта білім беретін мектеп, орта арнайы оқу орындары, жоғары оқу орындары, ғылым мен техника, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар, сот ісін жүргізу, саяси өмір, қоғамдық-саяси өмір, көркем әдебиет, мерзімді баспасөз, радио хабар тарату және теледидар, өнер, мәдени-ағарту мекемелері, кино, ғылыми өмір, мәдени өмір [74, б. 252]. Зерттеушілер тізімдеген салалар толық және тұрақты емес, өйткені қоғамдық қызмет салалары ашық категория болып саналады. Мысалы, Б.Х. Хасанұлы ұсынған тілдерді қолдану салаларының, соның ішіндегі қазіргі кезеңдегі қазақ тілінің қолданысы 15 негізгі саланы және 57 кіші саланы, яғни жалпы 72 қарым-қатынас саласын қамтиды [74, б. 120].

Салалардың барлық алуан түрлілігін қарым-қатынас жасау жағдаятына байланысты ресми және бейресми, сондай-ақ әкімшілік немесе заңнамалық жолмен қарым-қатынасты реттеу мүмкіндігіне ие немесе ие емес түріне байланысты реттелетін және реттелмейтін (аморфты) деп бөлуге болады [17, с. 224]. Осы жіктеуге сәйкес ресми реттелетін салаларға әкімшілік-аумақтық басқару және ресми іс жүргізу саласын, білім беру саласын, бұқаралық ақпарат саласын, ал бейресми реттелмейтін салаларға – тұрмыстық, отбасылық, достық қарым-қатынас салаларын жатқызуға болады [75].

Адамдардың өмір сүру қызметіндегі салалардың дамуын және олар қалыптастырған қарым-қатынасты, белгілі бір тілді қолдануды талдау қоғамдағы қарым-қатынас өзгерісінің ақпаратты беру және бекіту, тіркеу тәсілдеріне тәуелділігін көруге мүмкіндік береді. Тілдік қоғамның негізін құрайтын әлеуметтік-коммуникативтік жүйе жаңа әлеуметтік жағдаяттың пайда болуымен, қоғам құрылымындағы өзгерістермен, қатысушылар арасындағы қарым-қатынас жасаудың сипатымен, құрылымымен, әлеуметтік рөлдердің жаңа сипаттамаларының пайда болуымен байланысты өзгерістерге ұшырайды.

Жаһандану талаптарында көптілділік жағдаятында тілдерді қолдану тілдің қызмет ету, қолдану салалары теориясының бастапқыда ұсынған



сипаттамаларынан гөрі анағұрлым динамикалы болып шықты. Қостілді тұлғалар мен көптілді тұлғалар әртүрлі тілдерді түрлі әлеуметтік салаларда ғана емес, сонымен қатар бір саланың өзінде де пайдаланады. Осылайша, салалар арасындағы шекаралар бұлыңғырланып, нәтижесінде салалар жиі араласып кетеді. Мысалы, мектеп саласы тек білім берумен ғана емес, сонымен бірге құрдастардың, сыныптастардың мектептен тыс әлеуметтік өмірімен де байланысты болып, нәтижесінде мектеп пен достық саласы бір-бірімен тығыз араласып кетеді. Қазіргі жаһанданған қоғамға қатысты басқа аспектілер – бұл адам қатысатын көптеген желілер және желілердің қоғамның әлеуметтік салаларына таралуы. Айталық, діни қарым-қатынас тек шіркеуде, мешітте, ғибадатханада ғана емес, үйде де, достармен де орнатылады. Компьютерлік технологиялар мен әлеуметтік желілердің таралуы бүгінде ресми және жеке сала арасындағы шекараны да жойып жіберген [76].

Тілдердің қолданылу салаларын зерттеудің жаңа бағыттары соңғы онжылдықтарда пайда болды. Тілдік жағдаятқа байланысты қазіргі заманғы шетелдік зерттеулерде виртуалды салаға (немесе Интернет-коммуникация саласына) [77-79], тұрмыстық салаға [80, 81], мәдениет саласына [82, 83], көркем әдебиет саласына [84-86], сән саласына [87], көптілді білім беру саласына [88, 89], жұмыспен қамту саласына [90, 91], сондай-ақ мегаполис саласына [64, с. 39; 75, с. 58] немесе «тілдік ландшафт» деп аталатын салаға [92, 93] көбірек көңіл бөлінеді. Зерттеу жұмысымыз шеңберінде Қазақстанның батыс өңіріндегі үштілділіктің шынайы өмірдегі тәжірибесінің ерекшеліктері барынша айқын көрінетін көптілді білім беру, студент жастардың күнделікті қарым-қатынасы және қалалық кеңістік салаларына ерекше назар аударылды.

Қостілділік пен көптілділік кез келген елдің бүгінгі тілдік жағдайының ажырамас компонентіне айналды деп айтуға болады. Өйткені цифрлық технологиялардың жедел дамуы, соның ішінде интернет әлемді бөлмей, біртұтастыққа алып келіп, әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар бір-бірімен еш кедергісіз қарым-қатынас орната алады. Соның ішінде білім саласы әрдайым жаңалықты бірінші болып қабылдап, мамандарды заманның талабына сай дайындап шығаруды көздейді. Адам өмірінің құрамдас бөлігі болған білім бүгінде түбегейлі өзгерістерге ұшырауда және адамзат толыққанды техникаға тәуелдене бастағанын күнделікті өмірде көріп отырмыз. Бүгінде техникалық құралдар арқылы да тілді меңгеруге болады. Соның ішінде, бүгінде ағылшын мен орыс тілдері алдыңғы қатарға шыққанының куәсі болып отырмыз. Осыған орай, біздің елімізде де осы тілдерді болашақ мамандар игеріп, оларды әлемдік интеграцияның толыққанды мүшесі болуға дайындау мақсатында көптілді білім беру бағыты алынып, жүзеге асырылып жатыр.

**Білім беру саласындағы** көптілді білім беру бағытының ерекшеліктерін және қазіргі заманауи зерттеулердің негізгі бағыттарын қарастырсақ, жоғары білім беру жүйесі өзінің әралуандығымен, халықаралық байланыстармен өркендеп келеді. Қазіргі әлем жұртшылығы «көптілді бетбұрыс» деп атайтын парадигмада өмір сүріп жатыр. Себебі қазір әлем ашық, кез келген мемлекетке барып, аралауға, білім алуға, сол елдің тілінде коммуникацияға түсуге ұмтылады [94]. Көптілді білім берудің мақсаты – әртүрлі тілдерді игерту, сол арқылы тіл

иесінің мәдениетіне, еліне ашық болу. Жаңа парадигма аясында шет тілін үйрену және оқыту білім алушылардың көптілді жағдаятта қарым-қатынас жасауға дайындау мақсатын алдыға қойды. Оқу бағдарламалары көптілді және мәдениетаралық білімді қолдануды көбірек қамту мен ынталандыру үшін үнемі жаңартылып отырады. Көптілділік, әсіресе, академиялық әлемде, мол білім қазынасына немесе әр саладағы білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді, өйткені әртүрлі тілде сөйлейтіндер немесе көп тіл білетіндер қоғамға жана көзқарас білдіре алады [95]. Білім беру үдерісіндегі *транслингвизм* білім алушы үшін толық тілдік мәліметтерді пайдалану деп түсініледі [56, р. 294]. Коммуникациялық қарым-қатынас кезінде студенттер немесе оқытушылар өздерінің тілдік тәжірибесін пайдаланып, ойын жеткізу үшін қорларындағы тілдік модельдерді пайдаланады. *Транслингвизм* педагогикалық құрал ретінде студенттерге шет тілінде оқу және жазу дағдыларын жақсартуға көмектесетінін көрсетеді [96].

Көптілді білім беру жағдаятындағы көптілді тәжірибелерді пайдалану студенттердің де, оқытушылардың да транслингвизм стратегиясын іске асыру ерекшеліктеріне арналған. Мысалы, ғалымдар Д.Ф. Раджа, С. Супарно және Н. Нгадизо шет тілі оқытушыларының білім беру үдерісінде *транслингвизмге* көптілді тәжірибе ретінде қалай қарайтынын және бұл көзқарас Индонезиядағы шынайы өмірдегі білім беру тәжірибесінде қалай көрініс беретінін ашып көрсетеді [88, р. 570]. Зерттеушілердің бақылауы бойынша *транслингвизм* көбінесе білім алушылардың оқытылатын материалды түсінуі мен игеруін жақсартуға мүмкіндік беретін аударма құралы ретінде қызмет етеді. Шет тілін оқыту барысындағы ойлау үдерістерін ұйымдастыру үшін бірнеше тілдердің қатар, динамикалық қолданылуын зерттеуге арналған еңбегінде А. Атта мен С.Б. Накви пәкістандық көп тіл білетін студенттер сыныпта ағылшын тілінде оқу және жазу кезінде өздерінің барлық лингвистикалық және семиотикалық қорларын пайдаланғандығы туралы нақты жағдаятты анықтаған [96, р. 159]. Олардың зерттеу нәтижелері студенттердің барлық лингвистикалық репертуарларын – мағыналарды үйлестіру, металингвистикалық сананы дамыту және миға шабуыл, мазмұндау, нұсқаулар, сұрақтар қою, әзіл айту, оқытушы және топтастарымен әдеттегі қарым-қатынас сияқты түрлі жағдайларда қысылмай-қымтырылмай қарым-қатынас жасау (сөйлесу) үшін пайдаланатынын көрсеткен. Жоғарыда аталған жағдайларда оқытушы қолданатын *транслингвалды стратегия* оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді екен.

Кейбір зерттеушілер бүгінгі білім беру үдерісіндегі транслингвизмнің кейбір ерекшеліктеріне назар аударады. Мысалы, индонезиялық зерттеушілер Н.В.Ф. Лиандо, Р.Даллионо, Д.П. Татипанг және Ф. Ленгкоан педагогикалық үдерістегі түсіндірме, басқарушылық және тұлғааралық мақсаттарда қолданылатын транслингвизмнің сөйлем ішіндегі және сөйлем арасындағы мәселелерін анықтады [89, р. 209]. Р. Нхонго мен Л.П. Сизиба жүргізген зерттеу нәтижелері Зимбабве еліне тән үштілділік жағдаятындағы транслингвизм арқылы оқытуды дамыта отырып, оқытушылардың көптілді ортадағы тілдік теңсіздікпен сипатталатын жағдаятта тілдер арасындағы теңгеру мәселелеріне

тап болатынын және нәтижесінде оқыту үдерісінде кодты қайта алмастыру басым болатынын көрсетеді [97].

Көптілді білім берудің тағы бір кеңінен қолданылатын әдісі – CLIL (Content and Language Integrated Learning). CLIL әдісі шет тілі мен пәнді кіріктіріп оқыту және де Еуропа елдерінде кеңінен таралған [98]. CLIL әдісі бойынша оқытушылар шет тілін үйренуші тұлғалар үшін кәсіби бағыттағы пәндер мазмұны ағылшын тілінде жоспарланып, қажетті деңгей үшін арнайы сөздік, синтаксистік конструкциялар, мәтін жасақтайды. CLIL әдісімен оқыту барысында пәннің оқу мазмұнына да, тілге де бірдей көңіл бөліну керек деп болжанады. Қостілді немесе көптілді бағдарламаларда, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарын оқытуда жүзеге асырылған бұл әдістеме білім алушыларға коммуникативтік және лингвистикалық біліммен қатар олардың танымдық дағдыларын жетілдіре, жақсарта отырып, уәждемелік әрекетінің қызығушылықтың жоғары деңгейі арқылы пән бойынша білім алуды қамтамасыз етеді.

Университет деңгейіндегі CLIL – бұл көптеген маңызды аспектілерді қамтитын жаңа зерттеу саласы. Мысалы, Д.Р. Идальго мен Д. Ортега-Санчестің шолу зерттеуі соңғы онжылдықта білім мазмұнына емес, керісінше тілдік мазмұнға бағытталғанын көрсетеді [99]. Қазіргі уақыттағы зерттеулер бойынша екі тілде сапалы білім беру жолындағы ілгерілеу, алға жылжу әлі де жеткіліксіз. Сонымен қатар білім берудің әртүрлі кезеңдерін пәнаралық тұрғыдан қарастыратын ұзақ мерзімді зерттеулерге қажеттілік, сұраныс артып келеді. Испанияның көптілді аймағы көптілді білім беруді жүзеге асырудың ерекшеліктерін зерттеуде оқытушылардың CLIL арқылы білім мазмұнымен тілді кіріктіру мәселелерін зерделеп отыр [100]. Зерттеу нәтижелері оқытушылардың CLIL ықпалын әртүрлі түсінетінін және жүзеге асыратынын, «мазмұнға бағдарланған оқытушы» мен «тілге бағдарланған педагог» арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсеткен. Осылайша CLIL сыныптарында мазмұн мен тілді теңестіре оқытуға қол жеткізу қиын екенін атайды. Өйткені кейбір сыныптардағы, әдетте, тілге жеткілікті назар аударылмайтын мазмұнға бағдарланған болса, кейбіреулерге мазмұнға жеткілікті назар аудармайтын тілге бағдарланған болып келеді екен.

Көптілді білім беру саласындағы зерттеушілер, көбінесе, ағылшын тілінің басымдығына назар аударады. Өзге елдермен салыстырғанда Қазақстан Республикасында ағылшын тілін дамыту үшін жағдай толық жасалмаған. Қазақстандағы көптілді білім берудің басты ерекшелігі – қазақ және орыс тілдерінің тілдік кеңістікте басым қолданылатынында. Қазақстандағы білім беру саласындағы бұл ерекшелік тіл мәдениетін білетін және жаһандану жағдаятында бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыруға ықпал ететін білім берудің жаңа моделін құру қажеттілігін көрсетеді. Жастардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі олардың әлемдік нарыққа, ғылымға және жаңа технологияларға қадам басуына жол ашады, этникалық, қазақ және әлемдік мәдениетке баулуға негізделген сындарлы ынтымақтастыққа идеологиялық көзқарасты қалыптастыру үшін жағдай жасайды [101].

2009 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің

тапсырмасы бойынша Қазақстанда көптілді білім беруді басқарудың бірыңғай әмбебап жүйесі ретінде «Қазақстанның тілдік білім беру тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасының «Үштұғырлы тіл» мемлекеттік білім беру стандарты әзірленді [102]. 2011 жылы бекітілген Тілдердің мемлекеттік білім беру стандарты негізінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытуды бақылау және әдістемелік үйлестіру мақсатында білім беру бағдарламалары әзірленіп, тәжірибеге енгізілді. Үш тілде білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстанның жоғары оқу орындары білім беру қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды үш тілде: оқыту тілінде, екінші тілде және ағылшын тілінде жүзеге асырады. Үш тілде білім беру бағдарламаларына сәйкес пәндердің оқытылуы 50%-ы бірінші тілде (қазақ немесе орыс тілдерінде), 20%-ы екінші тілде (тиісінше орыс немесе қазақ тілдерінде) және 30%-ы ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

Қазақстандағы көптілді білім беру саласы, негізінен, мемлекеттегі, еліміздегі үштілді білім беру бағдарламасын іске асыруға байланысты мәселелерді қозғаған [103] және Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстанда көптілді білім беруді одан әрі дамытудың әртүрлі баламаларын ұсынады [104]. С.Ж. Тажибаева, Б.Е. Ескелдиева, С. Жарқынбекова, А. Аймолдина студенттердің еліміздегі көптілді білім беру ортасын дамытуға деген көзқарасын [41, р. 60; 105] немесе студенттердің тілдік таңдауын және ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын [26, р. 1471] зерттеген. Көптілді білім беру саласындағы үштілділік саясатын іске асыру ерекшеліктеріне деген қызығушылықтың артып келе жатқанына қарамастан, Қазақстандағы және оның өңірлеріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың ерекшелігін айқындайтын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету ерекшеліктеріне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Ал ол өз кезегінде үштілді білім берудің қабылданған моделі қалай іске асырылып жатқанын көруге мүмкіндік беріледі.

Зерттеу жұмыстарымыз үшін білім беру үдерісінде тілдерді қолданумен қатар, **студент жастардың күнделікті қарым-қатынас жасауын**, көп тіл білетін студенттердің сөйлесу деңгейін, олардың университеттегі сабақтардан тыс, тұрмыстық жағдайларда (үйде, отбасында, достарының арасында) қалай жүзеге асырылатыны да қызығушылық тудырды. Соңғы жылдары жаңа технологиялар әсер еткен көптілді тәжірибелер тұрғысынан жастар тілдері бойынша көптеген зерттеулер жүргізіліп жатыр [106, 107]. Қазіргі жастар арасындағы көп тіл қолданудың бірнеше бағыттары көрсетіледі. Ұтқырлық пен желілік кеңістіктің дамуы жаһандық онлайн-қауымдастықтағы көптілді қарым-қатынас жасауға ықпал етеді [108]. Жастардың көптілділік белгілерін көрсететін жері – әлеуметтік желілер. Әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасаған кезде айтатын сөздері талдауға мысал бола алады [105, р. 219; 109]. Цифрлық коммуникация және әлеуметтік желілер жастардың тілді қолдануында жаргондар мен сленгтердің пайда болуына әкеледі [110]. Әлеуметтік желілер сонымен қатар жаһандық ағылшын тілінен алынған ресурстарды қолданатын бірден-бір электронды мекенжай болды [96, р. 152].

Кейбір зерттеулерде көптілді ресурстарды күнделікті қарым-қатынас

кезінде пайдалану тәсілдері қарастырылады. Қазіргі жастар – тілді өзгеруге алып келетін өте үлкен күш. Біріншіден, олар сан жағынан көп, екіншіден, тіл жағынан көптілді. Үшіншіден білетін көп тілдерін араластыра сөйлеп, тілдік жағдаятқа әсер етеді [111].

Студент жастар «жылдам әрекет ететін, жаңартуды тез жүзеге асыратын құрал» ("a pressure cooker of high-speed renewal") [106, p. 58] бұл қоғамдағы тілдік өзгерістерді кеңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жастардың тілдік тәжірибелерін зерттеген жұмыстарда қазіргі білім беруде ағылшын тілі интернационалдандыру құралы бола отырып, шешуші рөл атқаратыны көрсетіледі. Дегенмен, ағылшын тілін игерушілер деңгейі жоғары деңгейге көбінесе жете бермейді [112]. Жоғары оқу орны студенттерінің қарым-қатынасындағы, сөйлесуіндегі көптілділік тәжірибелері – құпиялылықты сақтаудың стратегиясы ретінде көрсетілген [113]. Сонымен қатар студенттердің тілдік тәжірибелері олардың көптілді және көпмәдениетті мәнмәтінде әлеуметтенуін көрсетеді. Бұл жаһандық және жергілікті ресурстарды интеграциялауға және көптілді гибридті сәйкестікті құруға әкеледі [114].

Қазіргі кейбір зерттеулерде студент жастардың қарым-қатынасындағы ағылшын тілінің рөлі, маңызы жоғары. Мысалы, малайзиялық ғалымдар Л.С. Ким, Л.К. Сионг, В.Ф. Фей және А. Якоб сол елдің жеке және мемлекеттік университеттеріндегі малайзиялық студенттердің жеке басына ағылшын тілінің әсер ету ерекшеліктерін қарастырған [115]. Қысқаша сұхбат жүргізуге негізделген сапалық зерттеу жұмысы нәтижесінде көптілді малайзиялық студенттердің ағылшын тіліне деген көзқарастары берілген. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, авторлар ағылшын тілін басым тілге айналдырған Малайзиядағы көптілділіктің ерекшеліктері туралы, сонымен қатар ағылшын тілін мүмкіндіктерді кеңейтетін тіл деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар авторлар ағылшын тілін біліп, оны қоғамда қолдану құзыреттілігі – тілді білу – сол ел мәдениетімен танысу, етене жақын болу деп тану, сонымен қатар әлем халқымен теңесе өмір сүру деп ұғынатындығын айтады [116].

Дәл осындай мазмұндағы зерттеулер біздің елімізде де жүргізіліп жатыр. С.А. Шункеева, Б.А. Жетпісбаева, Г.Т. Смағұлова, Л.С. Сырымбетова және Д.В. Дьяковтың авторлық бірлестікпен жүргізген зерттеуі Қазақстанда жастардың ағылшын тілін меңгеруі мен мәртебесіне қатысты тілдік жоспарлау жұмыстары олардың әлемге деген ашық көзқарастарының қалыптасып жатқанын дәлелдейді [27, p. 1533]. Авторлар еліміздің студенттері өзара микроқауымдастықта ағылшын тілін қай деңгейде пайдаланатынына ерекше назар аударған. Бірінші кезекте, әлеуметтік лингвистикалық зерттеу нәтижелері Қазақстанның студент жастары елімізде ағылшын тілінің мәртебесі мен оны үйренуге қатысты іске асырылып жатқан тіл саясатын қолдайтыны көрсетілген. Әлеуметтік лингвистикалық сауалнама деректеріне сәйкес студент жастардың көпшілігі ағылшын тілін қарқынды үйреніп жатқаны, бірақ тілді меңгеру деңгейі жоғары емес (негізінен А2 және В1 деңгейде) екені анықталған. Дегенмен, авторлар жүргізген зерттеу нәтижесінде кәсіби мақсатта да, жалпы мақсаттар үшін де жастардың ағылшын тілін меңгерудегі деңгейлері өсетінін болжауға болады.

Зерттеу нысаны болған университет студенттерінің күнделікті тілдік

қарым-қатынасының ерекшеліктері туралы деректерге сүйене отырып, ағылшын тілінің басым немесе артып келе жатқан рөліне бағытталғанын көреміз. Алайда осы бағыттағы зерттеулерге жүргізілген талдау көрсеткендей, студент жастардың күнделікті қарым-қатынас саласы көптілділік жағдаятындағы тілдердің өзара әрекеттесу ерекшеліктері тұрғысынан әлі қарастырылмаған, бұл шын мәнінде Қазақстандағы, атап айтқанда, Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік жағдаятты зерттеу үшін ерекше қызығушылық тудырып отырған жағдай.

Тілдерді қолдану саласының маңызды бір бөлігі **тілдік ландшафт** болып табылады. Аталмыш мәселе лингвистикада топонимика саласында қарастырылады. Ал әлеуметтік лингвистика саласындағы тілдердің жер-су атауларының қолданысы «тілдік ландшафт» деп аталады.

Қалалық кеңістік (тілдік ландшафт) саласын сипаттау әлемдегі қостілді және көптілді өңірлердің көбеюі жағдаятында жаһандану мәнмәтініндегі тілдік жағдаятты және тілдердің өзара әрекеттесуін зерттеудің жаңа тәсілін ұсынады [117]. Ғалымдар Р. Ландри мен Р. Боурхис тілдік ландшафтты ("linguistic landscape") белгілі бір өңірдегі қоғамдық және коммерциялық белгілердегі тілдердің көрінісін анықтауды бірінші болып ұсынған [118, р. 23]. Тілдік ландшафт бұл қазіргі заманғы қалалардың тілдік тұлғасын, соның ішінде, ресми (мысалы, көше атауы бар тақтайшалар, жол белгілері, ақпараттық тақталар, ескерткіш тақталар) белгілерді, коммерциялық (маңдайшалар, афишалар, билбордтар) және бейресми жазбаларды (хабарландырулар, граффитилер, плакаттар) құрайтын барлық белгілер мен мәтіндердің жиынтығынан тұрады [119, с. 496].

Тілдік ландшафттарды зерттеудің мақсаты – қалалық кеңістікте жазбаша тілді қолданудағы тіл саясаты мен тәжірибесі арасындағы арақатынастарды зерттеу. Тілдік ландшафттағы жазбалар әртүрлі тілде жазылған, белгілі бір тілдік топтардың мақсат-мүдделерін көздейтін, сол топта қолданылатын тілдің басымдығын көрсетеді.

А. Пенникуктің пікірінше, жазбаша тілдің белгілі бір формаларын және олардың тіркестерін қолдану ерекшеліктері «коммуникатор» үшін де, «адресат» үшін де маңызды, өйткені кейбір көптілді тұлғалар қаланың бір бөлшегі болып табылады [120, р. 309].

Қазір әлеуметтік лингвистикада тілдік ландшафт мәселелері өте көп зерттелуде, әлеуметтік лингвистика саласы маманы Я. Бломмаэрт тілдік ландшафтты: «әлеуметтік лингвистикалық диагностика жасалатын бірден бір сала», - деп таниды [121, р. 2]. Тілдік ландшафт – қоғамдағы тілдік интеграцияның деңгейін, формаларын, компоненттерін, функциясын көрсететін ұғым болып табылады [122].

Тілдік ландшафттарды зерттеу әдіснамасы, әдетте, бірнеше кезеңнен тұрады. Ақпараттық қызметті талдау қоғамдық белгілердегі жазбаларда қолданылатын барлық тілдерді және олардың комбинацияларын анықтаудан басталады, содан соң ресми жазбаларда, коммерциялық және бейресми жазбаларда қолданған тілдің пайыздық арақатынасын салыстырады. Тіл саясаты белгілеген «жоғарыдан төменге жүретін» ("top-down") және жеке тұлғалар мен кәсіпорындар бекітіп белгілеген тілдік тәжірибе «төменнен жоғары жүретін»

("bottom-up") болып бөлінеді [123, 124].

Көптілді жазбалар ақпаратты ұсыну, таныстыру тұрғысынан мынадай түрлерге бөлінеді: дубликативті (бір тілде жазылған мәтіндер); фрагментті (екі тілдің араласуы арқылы жасалған мәтіндер); қиылысатын (негізгі және қосалқы ақпарат та берілетін мәтіндер); комплементарлы (әртүрлі ақпарат беретін екі тілдегі мәтіндер) [125]. Мұндай талдаудың көмегімен белгілі бір жазбалардың бағытталған адресаттарын жақсы түсінуге болады. Мысалы, комплементарлы таныстырылым, әдетте, екітілді адресаттарды білдіреді [126]. Жазбаларда символдар да қызмет атқарады. Олар көрнекілік жағынан түсі, әрпі және графикалық стилі мәтін жазылған тілге артықшылық беретіндігін талдау арқылы зерттеледі.

ТМД елдерінде тілдік ландшафттарды зерттеу үрдісі кең таралған. Бұл КСРО ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алған елдердегі жергілікті тілдік үрдістердегі негізгі өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді [127]. ТМД елдерінің тілдік ландшафты туралы зерттеулерде, мемлекеттік біртілділік саясаты бірінші кезекте тұрады. Ресми жазбаларға әсер етеді, бейресми жазбаларда көптілділік, ең алдымен, орыс және ағылшын тілдеріндегі жазба басым болып, көптілділік белгісін көрсетеді [126, p. 124; 128, 129].

Тілдік ландшафттарды зерттеуде олардың қалалық кеңістіктердегі қызметтерін зерделеуде айтарлықтай көп көңіл бөлінеді. Тілдік ландшафттардың басты қызметтері ақпараттық және символдық қызметтер болып табылады [118, p. 29]. Ақпараттық қызмет тілдік ландшафтың белгілі бір жердің тілдік жағдаяты туралы ақпарат береді. Тілдік ландшафттардың ақпараттық қызметін Тайландтағы Суварнабхуми халықаралық әуежайының [130] тілдік ландшафтын зерттеу үлгісінен қарастыруға болады. Зерттеу нәтижесінде Тайландтағы қытайлық туристер санының артуы мен әуежай белгілеріндегі тілдерді таңдау арасындағы байланысы көрсетілген. Символдық қызмет дегеніміз – тілдің (немесе оның әртүрлілігінің) символдық маңыздылығы, яғни белгілі бір қоғамда қолданылатын басқа тілдермен салыстырғандағы оның құндылығы мен мәртебесі. Символдық қызмет барынша кең мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, шет тіліндегі белгі немесе маңдайша қабылдаушыға ерекше әсер қалдырады [93, с. 199].

Көпэтносты қалалардың тілдік ландшафтылары туралы көптеген зерттеулер көптілді жағдаятта тілдердің атқаратын рөлдерін зерттеуге бағытталған. Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласының тілдік ландшафтын зерттеген Е.В. Варламова екі ресми тілдің – татар және орыс тілдерінің тең дәрежеде қолданылуы мен бір-біріне өзара әсері көрінетін тіл саясатына мемлекеттік ықпалдың өте жоғары дәрежеде әсер еткені туралы тұжырым жасайды. Сонымен қатар ағылшын тілі қаланың тілдік ландшафтының орыс тілді элементіне көбірек «интеграцияланғанын», бірақ татар тілді элементке іс жүзінде практикалық түрде «интеграцияланбағанын» көрсетеді [131]. Тілдік ландшафтыны зерттеушілердің пікірінше, елдегі екі ресми тілдің тең дәрежеде қолданылуы мен өзара бір-біріне тең әсері елдегі тілдік саясатқа деген мемлекеттік ықпалдың пәрменділігін көрсетеді [131, с. 149; 132]. Ал шетел тілінің елдегі доминантты тілмен кірігіп, кейбір жағдайларда ол тілдің әрпінің

қолданылуы тұрғындардың түсінігінше, шетелдік компаниялар мен стандарттарға негізделеді. Сонымен қатар тілдік ландшафтта өзекті болып табылатын ағылшын тілінің қолданысы ерекше сипатқа ие. Ағылшын тілі бұл жағдайда өзге тілде сөйлейтіндер үшін негізгі ақпаратты жеткізуші халықаралық мәртебесі бар тіл ғана емес, сондай-ақ қызмет көрсетудегі, саудадағы және өзге де маңызды салалардағы жоғары коммерциялық мәдени беделі бар жоғары сапа мен стандарттардың кепілі болып табылады [133]. Осындай тұжырымды өзге де зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр, яғни көптеген зерттеушілер ағылшын тілінің тілдік ландшафтыдағы рөлін жаңғыру, интернационалдык, жаһандану, әлеуметтік беделдің символдық ресурсы мен маркері ретінде сипаттайды [134].

Көпэтносты қалалардың тілдік ландшафтындағы теңгерімсіздік, әсіресе, орыс және ағылшын тілдерінің белсенділігі жергілікті тілдің аумақтық тілдік эпиграфикасынан ығысып қалуына әкеліп отырғанын башқұрт лингвистері де өз зерттеулерінде атап көрсетеді. Аталмыш құбылыс бүгінгі күні ағылшын тілінің өмірдің барлық салаларына ену үдерісімен түсіндіріледі [135]. Сонымен қатар кейбір зерттеушілердің бақылауы бойынша Уфа (Башқұртстан) қаласындағы үштілділік қала эпиграфикасында орыс тілінің қолданыс дәрежесінің екінші ретті басымдыққа ие екендігін көрсеткен. Бұл құбылыс орыс тілімен қатар башқұрт тілін қолдануды міндеттейтін жергілікті тіл саясатын ұстануға байланысты екендігінің айқын нәтижесі екен. Ал ағылшын тілін қолдану көбіне іскери қарым-қатынас саласымен байланысты және символдық қызмет атқарады, яғни кәсіпорындардың мәртебесінің артуына ықпал етеді.

Тілдік ландшафттың мәдени қызметі оның мәдениет тасымалдаушысы, таратқышы мен өнімі болуымен сипатталады. Өйткені тілдік ландшафт реципиент үшін интуитивті түрдегі тәсілмен ұлттық, өңірлік мәдениетті сақтайды және жеткізеді [93, p. 199]. С.Г. Тер-Минасова тілдік ландшафттарды «нақты өңір тұрғындарының өмір салтын, мәдениетін, менталды ерекшеліктері мен ұлттық сипатын» көрсете алады деп мәлімдейді [136, с. 230]. Р.Т. Садуов «мәдени-тілдік ландшафт» терминін қолдануды ұсынады, ол қаланың көрнекі кеңістігінің лингвистикалық доминанттарын ғана емес, сонымен бірге олардың мәдени мағыналарын, мәдени бояуын бейнелейді [137]. А.А. Елагина мен А.М. Рыжковтың зерттеуі бойынша, Карелияның лингвистикалық ландшафтында карель тілін қолдану тілдік стратегиялардың бірі ретінде қарастырылады. Ол өңірдегі тілдің көрнекілік ақпараттарға қолданылу нәтижесі артуына байланысты екен [138]. Зерттеушілер қоғамдық кеңістіктерде карель тілінің қолданылуы тілдің символдық және мәдени қызметтерімен байланысты, өйткені ол ұлттық бірегейліктің белгісі болып табылады және орынның тарихи және мәдени маңыздылығын ерекшелеп көрсетеді деген тұжырым айтады.

Зерттеушілер символдық және мәдени мағыналарды көрсетуден басқа, тілдік ландшафттың басқа қызметтерін де ажыратып көрсетеді. Мысалы, Африканың Камерун мемлекетінің астанасы Яунде қаласындағы тілдік ландшафтты зерттеу нәтижесінде М. Пютц дәстүрлі түрде ерекшеленетін ақпараттық және символдық қызметтерін орындаудан басқа, этникалық біртекті емес және лингвистикалық гибридті қоғамдағы әр алуан жазбаларда қолданылатын тілдердің әлеуметтік және саяси маңызы болуы мүмкін деген



қорытындыға келген. Мысалы, Камерунның тілдік ландшафты, ең алдымен, өзінің мәртебесі мен рөлі француз тіліне басымдық берілген [139]. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер тартымдылықты «қала тұрғынын қызықтыратын, оның жағымды ассоциациялары мен эмоцияларын тудыратын және сол арқылы мекемеге баруға итермелейтін атау сапасы» деп түсініп, тілдік ландшафттың тартымды қызметін атап көрсетеді [92, с. 119]. Ұлыбритания мен Ресейдің шағын коммерциялық кәсіпорындарының атауларының материалында Е.И. Абрамова әлеуетті адресаттың назарын аудару және сақтау, ұстау құралы ретінде кодтардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі тәсілдерін зерттейді [140].

Әлемдегі тілдік ландшафт бойынша көптеген ғылыми зерттеулердің барына қарамастан, Қазақстанның тілдік ландшафты әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан жеткілікті назарға алынбаған. Қазіргі уақытта Қазақстан астанасы – Астана қаласының (астананың 2019 жылға дейін және 2022 жылдан кейін атауы) немесе Нұр-сұлтан қаласының (Астананың 2019 және 2022 жылдар аралығындағы атауы) тілдік ландшафты зерттеген екі жұмысы белгілі. 2013 жылы Астананың үш әкімшілік ауданында 400-ден астам қоғамдық белгілердің мазмұнын талдау нәтижесінде ресми тіл саясаты мен шынайы өмір тәжірибесі арасында айтарлықтай алшақтық анықталған. Қазақ тілінің қолданысы, әсіресе, «жоғарыдан төменге» жүретін қазақ тіліндегі белгілер кең таралған барлық үкіметтік мекемелер орналасқан қаланың жаңа ауданында айқын байқалады. Алайда бірінші орында («төменнен жоғары» жүретіндер) орыс тіліндегі біртүрлі орыс белгілері мен қостілді белгілердің жалпы санының айтарлықтай басымдығы байқалды. Сәйкесінше, қазақ тілінің символдық рөлі көрсетілген, ол мемлекеттің тіл саясатының «қалаған» мақсаттарын көрсетеді, ал орыс тілі халықтың шынайы өмірлік әлеуметтік-коммуникативтік тәжірибесін көрсетеді [141].

У. Цзюань мен Ш.Т. Мұхамеджанова жүргізген Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) қаласының тілдік ландшафты бойынша зерттеуі орыс тілінің ресми және бейресми қоғамдық белгілердегі көрінісі мен байқалуын салыстыру арқылы оның рөлін зерттеуге арналған. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда орыс тілінің өміршеңдігі жоғары, коммуникативтік және әлеуметтік қызметтерін орындайтыны көрсетілген, алайда бұл аталған қызметтер мемлекеттік тілде орындалатын қызметтерімен ерекшеленеді. Мемлекеттік тілмен салыстырғанда, орыс тілінің коммуникативтік қызметі айтарлықтай күшті, ал әлеуметтік қызметі айтарлықтай әлсіз. Авторлар орыс тілінің этносаралық, өңіраралық және ұлтаралық қарым-қатынастағы рөлі негізгі басты коммуникативтік құрал ретінде қолданылатындығында деген қорытындыға келеді. Бұл ретте орыс тілі коммуникативтік, экономикалық және мәдени құндылықтарды білдіреді, сол арқылы саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтау болып табылатын символдық қызметін орындайды [142]. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде қазақ және орыс тілдерінің әртүрлі қуаттылығына байланысты мемлекеттің әртүрлі өңірлерінің ерекшеліктерін білдіретін қалалық тілдік ландшафты осы саланы зерттеуге деген үлкен қызығушылық тудырады.

Диссертациялық жұмысымызда отандық әлеуметтік лингвистикада алғаш рет сандық және сапалық талдау әдістерінің көмегімен Қазақстан

Республикасының батыс өңірінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдану және олардың бір-біріне өзара әсер ету салалары қарастырылады. Бұл ретте үш тілдің қолданылуының, қызмет етуінің үш өзекті саласына: көптілді білім беру саласына, студент жастардың тұрмыстық қарым-қатынас жасау саласына және қалалық кеңістік (тілдік ландшафт) саласына ерекше назар аударылады. Осы салалардағы үш тілдің өзара әрекеттесуін, бір-біріне әсерлерін зерттеу Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың көрінісі ретіндегі үштілділік саясатын іске асыру ерекшеліктерінің егжей-тегжейлі сипаттамасын жасауға мүмкіндік береді.

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Бірінші бөлімде қазіргі әлеуметтік лингвистикада кеңінен қарастырылып жүрген тілдік, этнотілдік жағдаят мен тілдің әлеуметтік беделін, кеңею өрісін, даму үрдісін көрсететін әлеуметтік салалардың маңыздылығы қарастырылды. Соның ішінде, әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселесі болып табылатын тілдік және этнотілдік жағдаяттың анықтамалары мен жіктеуі осы саладағы зерттеулердегі теориялық тұжырымдар мен пікірлерге сүйене отырып анықталды. Әлеуметтік сала тілдің өміршеңдігі мен дамуын айқындайтын орта болып табылады. Сондықтан тілдердің қолданыс салаларының әлеуметтік лингвистикалық қырын тану басты мәселелердің бірі болып қала береді. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде аталмыш мәселенің ашық жүйе екендігі және ол жүйенің адам өмірінде пайда болатыны, әрбір жаңа саламен толықтырыла беретіндігі, сонымен қатар әрбір саланың ішінде де жаңа бағыттар мен кіші салалардың пайда болатыны туралы тұжырымдар жасалды. Бүгінде «адам-машина» жүйесінің жедел дамуының нәтижесінде шекаралар ашылып, кеңістік пен уақыт категорияларының жойылып, қарым-қатынастардың әр тараптан, тармақталуы тілдерге де өз әсерін тигізетіні анықталды. Жаһандану үдерісі шынайы түрде іске асып жатқан заманда тілдердің кірігу үдерісінің басталып та кеткені және көптілді білім беру үдерісі қостілділік, көптілділіктен де басқа «транслингвизм» құбылысын әкелгені айқындалып, ол құбылыс тілдік жағдаяттың бір компонентіне айналуы мүмкін екендігін мысалдармен дәлелдей отырып, ол туралы өз тұжырымымызды жасадық. Сондай-ақ тілдік жағдаяттың тағы бір компоненті ретінде қалалардағы тілдердің араласуына әсер етіп жатқан кәсіпкерлік нысандардың атауларын «тілдік ландшафт» тұрғысынан зерттеудің өзекті мәселеге айналуы керектігі және ол міндетті түрде арнайы зерттеулерді қажет ететіндігі туралы тұжырымдар айтылды.

## 2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ЭТНОТІЛДІК ЖАҒДАЯТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ СИПАТЫ

Бұл бөлімде Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының тілдік, этнотілдік жағдаятының қазіргі сандық және сапалық сипаты беріледі. Сондықтан да аталмыш деректерді талдай отырып, батыс өңірі халқының ұлттық құрамын, оның ішінде, әртүрлі ұлт өкілдерінің үлесін, өңір халқының ана тілін білу/білмеуі және қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін және олардың ішіндегі басым қызмет атқаратын тіл туралы сөз болады. Кез келген аумақтың тілдік және этнотілдік жағдаятын айқындап сипаттауда негізгі зерттеу материалы – ресми статистикалық деректер болып табылады. Зерттеу барысында батыс өңірінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызмет ету салаларына қатысты жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық сауалнаманың нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының осы өңірінің әлеуметтік құрылымы мен көрнекі ақпараттарды берудегі тілдік таңдаулары мен артықшылықтары туралы ақпаратты қамтитын әлеуметтік лингвистикадағы жаңа сала – батыс өңірінің төрт негізгі қаласының тілдік ландшафтқа қатысты сапалы талдау нәтижелері қарастырылды.

### 2.1 Қазақстанның батыс өңірінің тілдік және этнотілдік ерекшеліктері

Тілдік және этнотілдік жағдаятты анықтау және жіктеу мәселелері теориялық әдебиеттерде жеткілікті түрде пысықталған. Біздің тарапымыздан аталмыш өңірдің тілдік және этнотілдік жағдаятына талдаулар жүргізілді және осы зерттеуге байланысты тұжырым жасалды. Біздің анықтамамыз бойынша, тілдік жағдаят – қарастырылып отырған кеңістікте және белгілі бір кезеңде нақты уақытта қызмет ететін және өзара әрекеттесетін тілдің тіршілік ету формаларының жиынтығы. Тілдік жағдаят және оның элементтері тиісті функционалдық байланыстарда болатын құрылым немесе тұтастық болып табылады, ал элементтердің тікелей байланыстарын зерттеу әртүрлі тілдік жағдаяттың ерекшеліктерін айқындауға, сонымен қатар оның типологиясын жүргізуге мүмкіндік береді.

«Тілдік жағдаят» және «этнотилдік жағдаят» ұғымдарының өзара тәуелділігі мен тығыз байланысы туралы мәселені қарастырсақ: *біріншіден*, оларды әлеуметтік лингвистика зерттейтіндігінен; *екіншіден*, зерттеу проблемалары шеңберінде тілдің қоғам өміріндегі рөлі бар екендігінен; *үшіншіден*, тілдің әлеуметтік табиғатына, оның қоғамдық қызметтеріне, объективті әлеуметтік факторлардың тілге әсер ету тетіктеріне байланысты бірқатар мәселелер қамтылуынан көрінеді.

Этнотилдік және тілдік жағдаят арасында объективті шындық ретінде олардың құрамдас бөліктері арасындағы функционалдық қатынастар түрінде көрінетін тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар.

Б.Ж. Курманованың пікірінше, «тілдік жағдаят» термині тілдердің әлеуметтік қабаттар мен әлеуметтік рөлдерге бөлінуін білдіреді, яғни «вертикалды» иерархиялық қатынасты көрсетеді, ал «этнотилдік жағдаят» термині тілдердің кеңістікте таралуын білдіреді, мұнда олардың арасындағы

катынастар «горизонталды» қалыптасады [18, с. 15].

Әр өңірдің тілдік жағдаятын зерделеу және оған тән мәселелер мен сол өңірге тән ерекшеліктері барын анықтау мақсатында ол жердің түрлі әлеуметтік лингвистикалық мәселелеріне назар аударылады. Алдымен, сол өңірдің өзіне тән сипаттамасымен, ерекшеліктерімен таныстырылып, халықтық құрамы, олардың жалпы тұрғындар арасындағы үлес салмағы, өңір халқының өз ана тілін меңгеру деңгейі, өңір тұрғындарының мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейлері, әсіресе, осы тілдердің қайсысын жиі қолданатыны туралы мәліметтер, өңірдегі тілдердің даму үрдісін айқындау мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижелері, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқу және үйрену қажеттілігі мен олардың даму үрдісі, өңір халқының тілдік жағдаят үдерістерінен хабардар болуы, жүргізіліп жатқан тіл саясаты бойынша тілге байланысты әзірленген жоспарлардан күтілетін нәтижелер, қазақ тілінің мемлекеттік және титулды ұлттың тілі ретінде әр салаларда қолданысы барысындағы теріс түсініктер мен жағымсыз стереотиптері, тілдерді меңгеруде кедергі туғызатын себептер, мемлекеттік тілді оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында жергілікті органдар жүргізіп отырған тіл саясатын жүзеге асыру үшін жасалып жатқан шаралардың әдістері сынды түрлі мәселелер басты назарға алынуы керек [143]. Осы тұста соңғы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бір жағынан орыс тілі мен қазақ тілінің қолданылуы бойынша жіктелу үдерісі байқалса, екінші жағынан әр тілде оның қоғамдық қызметтерін кеңейтетін салалар мен ол жердегі коммуникациялар көлемінің ұлғаюы байқалады. Бұл мәліметтерді талдау республика көлемінде қостілділіктің тұрақтылығын көрсетеді.

Әлеуметтік лингвистика саласы мамандары тіл білімі мен әлеуметтік лингвистиканың соңғы жетістіктерінен бағдар ала отырып, көбінесе, кеңес дәуіріндегі тілші ғалымдардың 1920-30 жылдары жазылған еңбектеріне, сондай-ақ А.Д. Швейцер, Л.Б. Никольский, В.А. Аврорин, Б. Хасанов және тағы да басқа ғалымдардың 1970-80 жылдардағы жарияланымдарының негізінде, сондай-ақ ғылыми айналымға енген американдық әлеуметтік лингвистердің де еңбектеріне сүйенеді. Сондай-ақ, тіл мен объективті әлеуметтік факторлардың, мысалы, әлеуметтік құрылымның әртүрлі элементтерінің қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік көзқарастар мен құндылықтар сияқты субъективті әлеуметтік факторлардың тілде және сөйлеу әрекетінде көрінісі [69, с. 69] зерттелетіндігі туралы тұжырымдар айтылады.

Ю.Д. Дешериев әр тіл иесі басқа халықтардың орны мен атқаратын рөлін көрсететін Кеңес Одағы халықтары тілдерінің функционалдық-типологиялық жіктеуін ұсынған. Бұл жіктеуде орталық бірлік орыс тілі болып табылады, яғни орыс тілінің қоғамдық қызметіне сәйкестендірілген деуге болады. Орыс тілі БҰҰ ресми тілдерінің бірі бола отырып, халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде әлеуметтік өмірдің барлық дерлік саласында қызмет атқарып, Кеңес Одағы заманында көптеген қоғамдық қызметтерді коммуникативтік тұрғыдан жүзеге асырып отырды. Орыс тілінен кейін қоғамдық қызметтердің көп бөлігін одақтас мемлекеттердің негізгі тілдері атқарды. Алайда бұл тілдер ұлтаралық және халықаралық қарым-қатынас тілі болмады, одақтас республикалардың орталық мекемелермен хат алмасуы жүзеге аспады, олар орыс тілі сияқты ғылым мен

техниканың барлық салаларында тілдік қызметін атқармады [144, с. 126].

Әлеуметтік лингвистикалық мәселелерге қатысты ғылыми еңбектер тек қана орыс тіліне арналып дайындалды, ал басқа ұлт тілдерінің әлеуметтік лингвистикалық мәселелері орыс тілінің аясында қарастырылды, яғни орыс тілі-ұлт тілі, орыс тілі-шетел тілі аясындағы бір-біріне кірігу үдерістері, осы сипаттағы қостілділіктердің пайда болуы сияқты мәселелерді қамтиды. Осыған байланысты теориялық дереккөздерді талдай келе, сол кезеңдегі тілдік үдерістерден негізгі үш үрдісті байқауға болады:

1. КСРО халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің өсуіне байланысты көне және жаңа түзілген жазба тілдерінің дамуы.

2. Орыс тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретінде барлық жерде қолданылуы.

3. Қостілділіктің дамуы, оның ішінде, ұлттық-орыс тілді қостілділік орталық мәселе болды.

Ресей мен ТМД елдеріндегі тілдік жағдаятты талдау, тілдік шиеленістердің себептері мен олардың бейтараптануы В.М. Алпатов, Л.Л. Аюпова, А.Н. Баскаков, М.Н. Губогло, В.Ю. Михальченко, В.Н. Нерознак, В.М. Солнцев және басқалардың еңбектерінде көрініс тапқан [143, р. 154].

Қазақстандық әлеуметтік лингвистикадағы алғашқы еңбектердің бірі Б.Хасановтың «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» (1976) атты еңбегінде ғана қазақ тілі мен орыс тілінің біздің елдегі араласу үдерісі және олардың нәтижелері зерттеліп, қазақ тіліндегі «русизмдер» мен орыс тіліндегі «казахизмдердің» құрылымдық-мазмұндық қырлары ашылып көрсетілді [145]. Сонымен қатар ғалымдар М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанованың «Фонетическая интерференция в русской речи казахов» атты зерттеулерінде қазақ тілділердің орыс тілінде сөйлеулеріндегі интерференциялық құбылыстардың түрі мен құрылымдық-мазмұндық ерекшелігін сипаттайды [146].

Бірқатар зерттеулер Қазақстандағы кейбір этнос тілдерінің әлеуметтік лингвистикалық мәселелеріне арналды. 1990-жылдардың ортасынан бастап әлеуметтік лингвистика саласында жаңа зерттеулер пайда бола бастады. Олар қазақ тілінің тілдік ортасына, мемлекеттік тілдің қолданысының әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып зерттеуге, жарнама саласындағы қазақ тілінің қолданысына арналды, олар: З.К. Ахметжанованың «Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков» (1989), Б. Хасановтың «Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан» (1992), А. Кумарованың «Социально-лингвистические проблемы формирования казахской языковой среды в Республике Казахстан» (1996), А. Абасиловтың «Қазақстан Республикасының солтүстік өңірінде мемлекеттік тілдің қолданылуы: әлеуметтік лингвистикалық проблемалар және оларды шешу жолдары» (1998), А.С. Асанбаеваның «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социоллингвистикалық өзекті мәселелері» (1999), Б.Ж. Курманованың «Социально-лингвистические проблемы функционирования государственного языка в западном регионе Республики Казахстан» (2002), Қ.М. Текжановтың «Региональное функционирование государственного языка (на

примере Павлодарского Прииртышья)» (2005).

З.К. Ахметжанова өз зерттеуінде орыс және қазақ тілдерін қарастыра отырып, салыстырмалы-функционалды зерттеу қағидаттарын алғаш рет «коммуникативтік белсенді грамматикаға бағдарлана отырып, жаңа түріне сапалық салыстырмалы зерттеу» ретінде негіздейді [147]. Б.Хасанов өз зерттеу жұмысында алғаш рет қазақ тілі мен қостілділіктің қолданылуының әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін анықтады [148]. А. Кумарова өз зерттеуінде алғаш рет қазақстандық әлеуметтік лингвистикада тілдік ортаның теориялық және практикалық қырын сипаттады [149], А. Абасиловтың зерттеуінде солтүстік өңірдің тілдік жағдаятындағы ерекшеліктер айқындалды [150]. С. Асанбаева әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық тұрғыдан қазақша жарнама тілінің мазмұндық-құрылымдық мағынасын ашып көрсеткен зерттеулерінде қазақ тілінің сол кездегі жарнама тілі ретіндегі қызметін арттыруға байланысты практикалық ұсыныстар айтады [151]. Қ. Текжановтың зерттеуінде Ертіс жағалауындағы тілдік жағдаят сипатталса [152], Б.Ж. Курманова батыс өңірдегі мемлекеттік тілдің қолданылуының әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін алғаш рет тілдік және этнотілдік жағдаятты анықтау негізінде ғана іске асатындығы туралы тұжырым айтады [18, с. 119].

Біздің мақсатымыз – объективті тілдік жағдаятты көрсететін корреляциялық байланыстарды ғана емес, сонымен қатар этнос өкілдерінің тілді бағалауы және қабылдауы сияқты нақты тілдік жағдаяттың субъективті өлшемдерін анықтап, сипаттау [153].

Зерттеу жұмысымыздың материалы ретінде Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарындағы тілдік жағдаятқа талдау жасау үшін 1999, 2009 және 2021 жылдардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық санақтарының қорытынды нәтижелері алынды. Қазақ тілін меңгергендердің әлеуметтік базасын анықтау үшін статистикалық деректердің әртүрлі жылдардағы өзгеріс динамикасы қарастырылды, мәліметтер талданды. «Ақтөбе облысы. Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағы қорытындылары», «Батыс Қазақстан облысы. Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағы қорытындылары», «Атырау облысы. Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағы қорытындылары», «Маңғыстау облысы. Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағы қорытындылары» 1999 жылғы және 2009 жылғы жинақтарының 2-томдарында білім деңгейі, некеде болуы, ұлттық құрамы және тілдер білу, дін тұту туралы көрсеткіштер ұсынылған [21, с. 21; 154, 155].

Өңірлердегі тілдік жағдаятты сипаттау үшін әдетте келесі белгілердің жиынтығы қолданылады:

- тіл саясатының ерекшеліктері, тілдік заңнамалардың сипаты, тілдердің ресми мәртебесі (мемлекеттік немесе ресми қолданылатын сондай-ақ арнайы және т.б. мәртебелерді бекіту);

- белгілі бір аумақтағы тілдік жағдаяттың пайда болу тарихы, қолданыстағы тілдік жағдаятқа әсер етуші сыртқы факторлар. Мысалы, Қазақстанның батыс және солтүстік бөліктері Ресеймен шекаралас орналасқан, өңірлер арасында тарихи қалыптасқан тығыз экономикалық және мәдени қарым-қатынастар орнаған. Сонымен қатар Ресеймен Қазақстан азаматтарының орыс

және қазақ тілдерін қолдануы тығыз шекаралық тілдік байланыстары арқылы да жүзеге асып жатыр. XX ғасырдың 90-жылдарының басында Ресей мен Қазақстан арасында шекара «ашық» болды, Қазақстанмен шекаралас Ресейдің 10 облыс және бір өлкесінде шамамен 22 миллион орыс, 542 мың қазақ болса, Ресеймен шекаралас Қазақстанның 9 облысында 2,5 миллион қазақ және 2,9 миллион орыс мекендеген;

- өңірлерде қызмет ететін тілдердің сандық құрамы қалалық және ауылдық диаспораларда әртүрлі болады. Олар күнделікті тұрмыс қажетін өтеу үшін қолданылатын сөздер және білім саласына қатысты қолданылатын тілдік бірліктер;

- тілдердің демографиялық қуаты;

- тілдік топтың шекаралары этникалық топтың шекараларына сәйкес келмеуі;


- тілдердің коммуникативтік қуаты;

- тілдік ұстанымдар (тіл иелерінің тілдік бағдары, тілдік адалдық, тілдің беделі және оны үйренуге тұлғаның ішкі дайын болуы және т.б.);

- тілдік жағдаятқа кіретін тілдердің лингвистикалық арақатынасы, олардың құрылымдық және функционалдық жай-күйі (тиісті салаларда қолдану үшін функционалдық стильдерінің болуы және тұрақтылығы: терминологиялық жүйелердің, жазбаша дәстүрлерінің болуы; тілдердің жұмыс істеуінің ресурстық және институционалдық қамтамасыз етілуі, яғни сөздіктердің, тілдескіштердің, оқу құралдарының болуы т.б.) [156, с. 33].

Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облысы тұрғындарының қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейлерін 1999 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, жүргізілген талдауымыз төмендегідей нәтиже берді: Талдау нәтижесіне сәйкес 1999 жылғы Ұлттық санақ бойынша Ақтөбе облысында 482285 қазақ болса, оның 99,5%-ы (480227) ана тілін қазақ тілі деп көрсеткен. Орыс ұлты 114416 адам болса, оның 68%-ы (33123) қазақ тілін меңгергені анықталды. Өзбек және татар ұлты өкілдерінің арасында қазақ тілін меңгергендердің үлес салмағы сәйкесінше 77-76%-ды құраса, неміс ұлты өкілдерінің 32%-ы (3435), украиндердің 27%-ы (12739), ал басқа ұлт өкілдерінің 49%-ға (7762) жуығы мемлекеттік тілді меңгергенін байқаймыз. Орыс тілін облыс бойынша меңгеру деңгейі айтарлықтай жоғары екенін атап өткен жөн. Орыс тілін орыс және татар ұлты өкілдері 100% меңгерген болса, өзбектер 99%-ы (564) мен немістердің 99%-ы (10713), ал өзге ұлт өкілдерінің 98%-ы, қазақтардың 68%-ы (327266) жетік меңгергені белгілі болды. Ағылшын тілін меңгеру деңгейінің көрсеткіштері қазақ және орыс тілдеріне қарағанда өзгеше: қазақтардың 0,6%-ы (1645) ғана ағылшын тілін меңгерсе, орыстардың 0,9%-ы (833), өзбек 0,5%-ы (5) және немістердің 0,5%-ы (30), украиндердің 0,4%-ы (12739), татарлардың 0,3%-ы (84) бұл тілді меңгергенін байқаймыз. Ал, басқа ұлт өкілдерінің 0,2%-ы (71) ғана ағылшын тілін меңгергенін анықтадық. Ана тілін меңгергендерге келер болсақ, қазақтар мен орыс халқы өкілдерінің 100%-ға жуығы өз ана тілін еркін меңгергендерін көрсеткен. Ең төмен көрсеткішке украиндер мен немістер ие болса, өзбек және татар халқы бойынша ана тілін меңгергендердің пайыздық көрсеткіштері 20%-26% аралығын қамтиды (Сурет

1).



Сурет 1 – 1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Ақтөбе облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын және өз ана тілін меңгеру деңгейі

Атырау облысындағы қазақтардың саны 391672 құраса, оның 100%-ға жуығы (391461) ана тілінде еркін сөйлейді. Облыс тұрғындарының арасында саны жағынан екінші орында тұрған орыстардың 33%-ы (12541) мемлекеттік тілді меңгерген. Қазақ тілін меңгерудің ең жоғары көрсеткіші татар және өзбек ұлты өкілдеріне тиесілі: татарлардың 70%-ы (1918) және өзбектердің 66%-ы (96) мемлекеттік тілді меңгергенін анықтадық. Украин мен неміс ұлты өкілдерінің пайыздық көрсеткіштері бірдей 28%-ды құраса, басқа ұлт өкілдерінің 37%-ы (2130) қазақ тілін меңгергені анықталды. Орыс тіліне келер болсақ, бұл тілді облыстың орыс 38013, украин 1440, неміс 687 ұлты өкілдері 100% меңгерсе, өзбектердің 70%-ы (133), қазақтардың 61%-ы (239502), ал басқа ұлт өкілдерінің 97%-ы (5425) меңгергенін көреміз. Ағылшын тілін меңгергендерге келер болсақ, облыс көлеміндегі қазақтардың 0,5%-ы (1952) тұрғын ғана меңгерсе, орыс ұлты өкілдерінің 0,8%-ы (308) осы тілді білемін деп жауап берген. Татарлар мен немістердің пайыздық көрсеткіштері бірдей 1,2%-ды көрсетіп отыр: татарлар – 33, ал немістер – 8. Украиндердің 1%-ы (14) аталмыш тілді меңгергендері белгілі болды, ал өзге ұлт өкілдерінің 0,5%-ы (76) ағылшын тілін меңгергендер құрады. Ана тілін меңгеру көрсеткіштері Атырау облысы бойынша да Ақтөбе облысындағы көрсеткіштерге өте ұқсас. Атап айтар болсақ, қазақ және орыс халқының 100%-ға жуығы өз ана тілін білетіндіктерін көрсетсе, бұл облыс бойынша неміс және украин ұлты өкілдерінің үлес салмағы ең төмен екенін байқадық (Сурет 2).



**1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Атырау облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын және өз ана тілін меңгеру деңгейі**



Сурет 2 – 1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Атырау облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын және өз ана тілін меңгеру деңгейі

Келесі мәліметтер Батыс Қазақстан облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін көрсетеді. Батыс өңірдегі басқа облыстардың көрсеткіштерімен салыстырғанда бұл облыс халқының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі төмен екені анықталды. Атап айтқанда, қазақтардың 99%-ы (396888) қазақ ана тілін меңгерген. Өзбектердің 62%-ы (156) және татар ұлты өкілдерінің 65%-ы (6594) қазақ тілін меңгергені анықталса, орыстар 15%-ы (25224) мен украиндердің 14%-ы (2694) ғана, немістердің 20%-ы (493) мемлекеттік тілді меңгергені анықталып отыр. Басқа ұлт өкілдерінің 24%-ы (2667) қазақ тілін меңгергендігі белгілі болды. Облыс бойынша орыс тілін меңгеру деңгейінің жоғары екені белгілі болды. Жалпы тұрғындарының саны – 616800 адам, оның ішінде, орыс тілін меңгергендер 81%-ды (502007) құрайды. Жеке ұлт өкілдерінің бұл тілді меңгеру деңгейін қарастырсақ, орыс, өзбек, украин, неміс және басқа ұлт өкілдерінің пайыздық көрсеткіштері 100% екені анықталды. Қазақтардың 71%-ы (284393), татар халқының 99%-ы (9989) орыс тілін меңгергені анықталды. Ал ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша облыс тұрғындарының арасында ең төмен көрсеткішті байқадық. Қазақтардың 0,5%-ы (1838), орыс ұлты өкілдерінің 0,6%-ы (1097), украиндердің 0,4%-ы (77) мен немістердің 0,4%-ы (10), татарлардың 0,5%-ы (48), өзбектердің 0,8%-ы (2), басқа ұлт өкілдерінің 0,6%-ы (159) ағылшын тілін меңгергені белгілі болып отыр. Ана тілін меңгеру деңгейіне келер болсақ, жоғарыда сараланған облыстардағы көрініске өте ұқсас екенін аңғаруға болады (Сурет 3).


**1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Батыс Қазақстан облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын және өз ана тілін меңгеру деңгейі**



Сурет 3 – 1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Батыс Қазақстан облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын және өз ана тілін меңгеру деңгейі

Төмендегі мәліметтер негізінде Маңғыстау облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін анықтадық. Аталмыш облыс халқының тілдері меңгеру деңгейінің пайыздық көрсеткіштерінің Батыс Қазақстан облысындағы жағдайға ұқсастығы бары байқалады. Облыс тұрғындарының жалпы саны 314669 болса, оның 85%-ы (267780) мемлекеттік тілді меңгергені аңғарылды. Атап айтатын болсақ, қазақтардың 100%-ы (247615), өзбек халқының 79%-ы (313), татарлардың 64%-ы (1593) қазақ тілін жетік меңгергені белгілі болса, орыс 16%-ы (7409), украин 15%-ы (622) және неміс халқының 18%-ы (97), өзге ұлт өкілдерінің 40%-ы (5113) ғана мемлекеттік тілді білетіндігі анықталып отыр. Орыс тілін меңгеру деңгейіне келер болсақ, облыс тұрғындарының 77%-ы (241916) аталмыш тілді еркін меңгергені белгілі болды. Орыс, украин, неміс халқының 100%-ы, өзбектердің 98%-ы (385), татарлардың 95%-ы (2359), өзге ұлт өкілдерінің 93%-ы (11998), өңірдегі қазақ халқының 71%-ы (175866) орыс тілін меңгергені айқындалды. Ағылшын тілін өңір бойынша 2864 тұрғын білетіні анықталды. Бұл өзге облыстардағы ахуалға өте ұқсас екенін аңғартады. Атап айтқанда, қазақ халқының 0,5%-ы (1812) өкілі, орыс ұлтының 1,8%-ы (844) өкілі, өзбектердің 0,5%-ы (2) тұрғыны меңгерсе, украиндер мүлдем меңгермегені белгілі болып отыр. Ал татар ұлтының 1,6%-ы (48), немістердің 1,4%-ы (10), облыстың басқа ұлттарының 1,2%-ы (66) өкілі ағылшын тілін өз деңгейінде білетіні анықталды. Бұл облыста ұлттар арасында өз ана тілін меңгеру деңгейі өзге облыстарға қарағанда айтарлықтай жоғары екенін байқауға болады (Сурет 4).


**1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша  
Маңғыстау облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын  
және өз ана тілін меңгеру деңгейі**



Сурет 4 – 1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Маңғыстау облысы халқының қазақ, орыс, ағылшын және өз ана тілін меңгеру деңгейі


Келесі талдауымыз бойынша Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары халқының 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтап, төмендегідей нәтижелер алдық. Өңірдегі төрт облыстың көрсеткіштері өте ұқсас болғандықтан орташа көрсеткіштерді алуды жөн көрдік (Сурет 5).

**2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша Ақтөбе  
(1), Атырау (2), Батыс Қазақстан (3), Маңғыстау (4)  
облыстары халқының қазақ тілін меңгеру деңгейі**




Сурет 5 – 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша батыс өңірі халқының қазақ тілін меңгеру деңгейі

Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарындағы ең көп таралған ұлт өкілдерінің орыс тілін меңгеру дәрежесін төмендегі диаграммадан көруге болады (Сурет 6).




Сурет 6 – 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша батыс өңірі халқының орыс тілін меңгеру деңгейі

Төмендегі диаграммада батыс өңірі халқының 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша ағылшын тілін меңгеру деңгейлері көрсетілген. Төрт облыс аумағындағы көрсеткіштердің 1999 жылдың статистикалық деректерімен салыстырғанда анағұрлым өскенін аңғаруға болады (Сурет 7).



Сурет 7 – 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша батыс өңірі халқының ағылшын тілін меңгеру деңгейі

2021 жылы жүргізілген Ұлттық санақ нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің өзгергендігін байқауға болады. Батыс өңірінің төрт облысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген халықтың көрсеткіштері келтірілген мәліметімізде Атырау (563591) және Маңғыстау (593942) облысында тұратын қазақтардың 99,9%-ы қазақ тілін меңгерген болса, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарындағы қазақтардың 99,8%-ы (727039) және 99,7%-ы (507363) мемлекеттік тілді жетік меңгергендігін байқаймыз. Өңірдегі орыс халқына келер болсақ, Ақтөбе облысында тұратындар орыстардың 63,9%-ы (22988), Атырау мен Маңғыстау облыстарының орыс тұрғындарының, сәйкесінше, 40,6%-ы (11459) және 24,2%-ы (9688), ал Батыс Қазақстан облысының орыс халқы өкілдерінің 31,9%-ы (25011) қазақ тілін меңгергендігі анықталды. Әр облыстағы өзбек және татар халықтарының көрсеткіштері ұқсас, әрі өзге ұлттарға қарағанда жоғарылау. Оның себебі тілдік жағдаяттағы гомогендік қатынас деп айтуға болады, яғни татар және өзбек тілдері қазақ тіліне туыстас болып табылады. Ал украин және неміс этностарының қазақ тілін меңгеру деңгейлері ұқсас және де олар 23,3-42,9% аралығын қамтып отыр (Сурет 8) [153, б. 330].



Сурет 8 - 2021 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының пайыздық көрсеткіштері

Б.Ж. Курманованың 2002 жылы жүргізген зерттеуімен салыстырсақ, қазақ тілін меңгергендер санының өткен жылдармен салыстырғанда артқаны белгілі болды [18, с. 48-49]. Республиканың батыс өңірінде қазақ тілі мәртебесінің артуы мен тілдік ығысудың төмендеуі бірнеше факторларға байланысты деп санаймыз:

- 1) өңірде қазақ халқы санының өсуі;
- 2) қазақ тілінде білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың және де орта кәсіби техникалық білім беру оқу орындары мен жоғары оқу орындарындағы қазақ тілінде білім алушылардың санының артуы;
- 3) мемлекеттік тілдің барлық әлеуметтік салаларда қолдану аясының кеңеюі [153, б. 333].

Айта кететіні, өңірдегі орыс ұлтының мемлекеттік тілді меңгерудегі ең жоғары көрсеткіш 63,9% (22988) Ақтөбе облысында анықталды (Кесте 13).

Кесте 13 – Қазақстанның батыс өңірінде 20 жыл бөлінісіндегі мемлекеттік тілді меңгерудің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

| Облыстар   | Ұлттар       | Мемлекеттік тілін меңгерген адамдар саны |        |
|--|--------------|--|--------|
|  |              | 1999ж.                                   | 2021ж. |
| Ақтөбе облысы  | қазақтар     | 99,6%                                    | 99,8%  |
|  | орыстар      | 28,9%                                    | 63,9%  |
|  | басқа ұлттар | 39%                                      | 50,75% |
| Атырау облысы  | қазақтар     | 99,6%                                    | 99,9%  |
|  | орыстар      | 33%                                      | 40,6%  |
|  | басқа ұлттар | 45%                                      | 50,45% |
| Батыс Қазақстан облысы   | қазақтар     | 99,5%                                    | 99,7%  |
|  | орыстар      | 14,5 %                                   | 24,2%  |
|  | басқа ұлттар | 29 %                                     | 39,1%  |
| Манғыстау облысы   | қазақтар     | 100%                                     | 99,9%  |
|  | орыстар      | 16 %                                     | 31,9%  |
|  | басқа ұлттар | 38 %                                     | 42,95% |
| Барлығы  |              | 53,5%                                    | 61,9%  |
| Ескерту* 2000 жылғы мәліметтер Б.Ж. Курманованың диссертациясынан алынды [18, с. 48;]. |              |  |        |

Қазақтардың ана тілін білу деңгейі жоғары және ана тілінде сөйлеуге жастар да құлшынады. Жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық сауалнамада 17-65 жас аралығындағы респонденттер өздерінің тілдік таңдауларын көрсеткен. Сауалнамамыздағы «Сіздің балаларыңыз қай мектепке барады немесе олар үшін қай тілдегі мектепті таңдар едіңіз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары төмендегідей болды: жауап бергендердің көбі, яғни 48,7%-ы (709) қазақ тілін, 14,5%-ы (211) орыс тілін, қалған 36,8%-ы (536) үштілді білім беруді таңдаған (Кесте 14).

Кесте 14 – Респонденттердің мектептегі оқыту тілін таңдауы

| Сіздің балаларыңыз қай мектепке барады немесе олар үшін қай тілдегі мектепті таңдар едіңіз? |                     |                |               |                         |                       |
|---|---------------------|----------------|---------------|-------------------------|-----------------------|
|   |                     | Frequency      | Percent       | Valid Percent           | Cumulative Percent    |
|   |                     | <i>Жиілігі</i> | <i>Пайызы</i> | <i>Сәйкестік пайызы</i> | <i>Жиынтық пайызы</i> |
| Valid<br><i>Сәйкестік</i>   | қазақ тілінде оқыту | 709            | 48,7          | 48,7                    | 48,7                  |
|   | орыс тілінде оқыту  | 211            | 14,5          | 14,5                    | 63,2                  |
|   | үштілді білім беру  | 536            | 36,8          | 36,8                    | 100,0                 |
|   | Total               | 1456           | 100,0         | 100,0                   |                       |

Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының тілдік таңдауларын анықтауда, интернеттен ақпарат іздеудің негізгі тілі ретінде орыс тілі 63,72% (927) - жиі, қазақ тілі 32,3% (471) және ағылшын тілі 3,98% (58) - сирек қолданылатынын байқауға болады. Респонденттердің «Интернеттен ақпаратты іздеуде көбіне қай тілді таңдайсыз?» деген сауалға берген жауаптарының IBM SPSS Statistics-23 бағдарламасы арқылы өңделген арақатынасы анықталды. Алынған нәтижеміз бойынша Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының интернет сайттарында қажетті ақпарат іздеуде орыс тілі басты артықшылыққа ие екендігі айқындалды (Кесте 15).

Кесте 15 – Респонденттердің интернеттен ақпарат іздеу үшін қолданатын тілдерінің арақатынасы

| Интернеттен ақпаратты іздеуде көбіне қай тілді таңдайсыз? |               |                |               |                         |                       |
|---|---------------|----------------|---------------|-------------------------|-----------------------|
|   |               | Frequency      | Percent       | Valid Percent           | Cumulative Percent    |
|   |               | <i>Жиілігі</i> | <i>Пайызы</i> | <i>Сәйкестік пайызы</i> | <i>Жиынтық пайызы</i> |
| Valid<br><i>Сәйкестік</i>                                 | қазақ тілін   | 471            | 32,3          | 32,3                    | 32,3                  |
|   | орыс тілін    | 927            | 63,7          | 63,7                    | 96,0                  |
|   | ағылшын тілін | 58             | 4,0           | 4,0                     | 100,0                 |
|   | Total Барлығы | 1456           | 100,0         | 100,0                   |                       |

Сонымен жүргізілген зерттеуіміздің нәтижесінде қазақ тілінің әлеуметтік

беделінің өсіп келе жатқанын көрдік. Алайда қазақ тілінің демографиялық қуатының басымдылығына қарамастан, коммуникативтік қуатының әлі де болса жетілдірілуін қажет ететіндігі айқындалды.

У.Фиерманның айтуы бойынша: «Қазақстан Республикасындағы тілдік ығысудың төмендеуіне мемлекеттік тілдің мәртебесінің нығаюы, мемлекеттік емес ұйымдар мандайшаларының қазақ және орыс тілдерінде қайталап жазылуы, үлкен жиындар мен іс-шараларда қазақ тілінде сөз сөйлеушілер санының көп болуы, қазақ тілінің қолдану аясының кеңеюі және массмедиадағы қазақ тіліндегі салалар санының артуы жағымды ықпалын тигізеді» [157].

Зерттеуіміздің мақсат-міндеттеріне сәйкес келесі қарастырылатын мәселе – этнотілдік жағдаят. Біздің зерттеуімізде этнотілдік жағдаят белгілі бір әкімшілік-аумақтық қауымдастықта немесе аймақта орналасқан этностардың саны мен олардың қолданыстағы ана тілі болып табылады.

Б.Ж. Курманованың пікірінше, этнотілдік жағдаяттың төмендегі белгілері ажыратылады:

- 1) нақты ұлттық-аумақтық бірлестіктің әлеуметтік лингвистикалық жай-күйінің сипаттамасы;
- 2) этностардың нақты саны және олардың тілдерінің аумақтық бөлінуі;
- 3) тілдердің нақты этностарға тиесілі болуы;
- 4) тілдердің кеңістікте таралуы;
- 5) зерттеу нысаны – белгілі бір этностың тілдері;
- 6) этностардың саны, сондай-ақ олардың арасында болып жатқан тілдік үдерістер [18, с. 14-17].

Этнотілдік жағдаяттың типологиясы көптеген ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған. Ю. Бромлей елдер мен ареалдардың екі түрін ажыратады: бірэтностық (негізгі этностың кемінде 95%-ы) және көпэтностық (негізгі этнос – 80-94%; негізгі этнос – 50-70%; негізгі этнос – халықтың 1/3 астамы, бірақ кемінде 1/2-і; халықтың 1/3-і астамын құрайтын этникалық қауымдастықтың болмауы) елдер [68, с. 304-305].

А.Н. Мочаловтың пікірінше, көпұлтты елдерді бірұлтты елдерден ажырататын негізгі белгі – көпұлтты мемлекеттердің ішінде екі деңгейде орналасқан бірнеше ұлттардың – мемлекет құраушы ұлттың және басқа бір немесе бірнеше «өзге этностардың» (*біздің жағдайымызда батыс өңірдегі қазақтардан басқа ұлттар А.У.*) - этностардың қатар өмір сүруі [158, с. 57].

Өңірдің этнотілдік жағдаятына келер болсақ, еліміздегі жалпы жағдайға ұқсас суретті көре аламыз. Дегенмен, өңірдің этнотілдік жағдаятының өзіндік ерекшеліктері бар. Өңірдегі қазақтардың үлес салмағының артуы қазақ тілінің демографиялық қуатының нығаюына оң әсерін тигізеді. Б.Ж. Курманова батыс өңірдің сандық-демографиялық жіктеуінде этностарды мынадай белгі бойынша орналастырған: көп таралған, орташа таралған және аз таралған этностар. Осы жіктеуге сәйкес біз де батыс өңірдегі этностарды сандық-демографиялық белгілері бойынша жіктедік және де Б.Ж. Курманованың 2002 жылы жүргізген зерттеуімен салыстыра отырып, 2009, 2021 жылдардағы статистикалық деректерді талдау нәтижесінде анықтадық. Өңірдегі қазақтардың саны 1989 жылдан бастап 59,8%-дан (1262386) 2021 жылы 86,8%-ға (2596003) өскен. Кең



таралған этностардың қатарындағы орыс ұлтының саны 1989 жылы 26,5%-ды (560269) құраса, 2021 жылы 8%-ды (238716) ғана құрап отыр. Өңірдегі орташа таралған этнос – украиндерге келер болсақ, олардың саны 1989 жылдан 2021 жылға шейін 5,6%-дан 1,7%-ға төмендеген. Аз таралған этностар бойынша көрініс те осыған ұқсас: татарлардың өңір төңірегінде таралуы 2%-дан 0,8%-ға төмендеген, немістердің де пайыздық көрсеткіштері 2%-дан 0,3%-ға азайған, беларустардың саны 0,6%-дан 0,2%-ға төмендеген. Өңірдегі өзге этнос өкілдері санының азаюы мен қазақтар санының өсуінің елдегі демографиялық және көші-қон үдерістерінің әсерінен өзгергендігін байқаймыз (Кесте 16).

Кесте 16 – Этностардың сандық-демографиялық белгілері бойынша жіктелуі

| Таралуы         | Этностар   | Тұрғындар саны   | Пайыздық көрсеткіштері                |
|-----------------|------------|--|---------------------------------------|
| Кең таралған    | Қазақтар   | 1262386 /1989/<br>1459926 /1995/<br>1520631 /1999/<br>1927399 /2009/<br>2596003 /2021/ | 59,8%<br>61,1%<br>74%<br>82%<br>86,8% |
|                 | Орыстар    | 560269 /1989/<br>490874 /1995/<br>373077 /1999/<br>312350 /2009/<br>238716 /2021/      | 26,5%<br>22,4%<br>18%<br>13,2%<br>8%  |
| Орташа таралған | Украиндер  | 116547 /1989/<br>102664 /1995/<br>72048 /1999/<br>38106 /2009/<br>50599 /2021/         | 5,6%<br>4,6%<br>4%<br>1,6%<br>1.7%    |
| Аз таралған     | Татарлар   | 33758 /1989/<br>33358 /1995/<br>25207 /1999/<br>22142 /2009/<br>25013 /2021/           | 2%<br>1.5%<br>1%<br>0,9%<br>0,8%      |
|                 | Немістер   | 38715 /1989/<br>19451 /1995/<br>9406 /1999/<br>6370 /2009/<br>10039 /2021/             | 2%<br>1%<br>0,75%<br>0,3%<br>0,3%     |
|                 | Беларустар | 12678 /1989/<br>11141 /1999/<br>3966 /2009/<br>5134 /2021/                             | 0.6%<br>0,5%<br>0,2%<br>0,2%          |
|                 | Өзбектер   | 982 /1999/<br>3664 /2009/<br>4904 /2021/   | 0,05%<br>0,1%<br>0,2%                 |

*Қазақтар.* Өңірді ежелден мекендеп келе жатқан қазақ халқының саны бүгінде 2596003 құрап отыр. Қазақтар өңірдің барлық аумағында орналасқан.

Олардың басым көпшілігі батыс өңірдің Ақтөбе облысында орналасса, ең аз саны - Батыс Қазақстан облысында қоныстанған. Бұларға көптеген факторлар әсер еткен. Ол кеңестік кезеңдегі саясаттан да бұрын болған отарлау саясатын айтуға болады. Кеңестік кезеңде бірнеше дүркін болған миграциялық үдеріс батыс өңірі халқының сандық-сапалық құрылымын өзгертті. Тың игеру саясаты батыс өңірінің Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарына славян халықтарын көптеп тартуды көздеп, қазақтардың кеңістіктік орналасуына әсер етіп, шашыратса, өңірдің шөлейт, суы аз, өзен-көлдері де аз өңір Атырау мен Маңғыстауға 1960 жылдарғы «ғылыми-техникалық прогресті» ілгерілету атауымен болған іс-әрекеттер мақсатында славян және өзге де этностар тартылды [18, с. 52].


Бүгінгі күні қазақтардың негізгі құрамы ішкі миграция үдерісінде ауылдық, алыс аудандардан өңірдегі ірі қалаларға және қалаға жақын жерлерге көшіп, орналасып, қала қазақтарының санын толықтырады. Соңғы санақ бойынша өңірдегі қазақтар саны 2596003 адамды құрайды (Кесте 17).

Кесте 17 – 2009 жылғы және 2021 жылғы статистикалық деректер бойынша батыс өңіріндегі қазақтар саны

| Облыстар               | 2009    | 2021    |
|------------------------|---------|---------|
| Ақтөбе облысы          | 601463  | 770569  |
| Атырау облысы          | 465033  | 625895  |
| Батыс Қазақстан облысы | 432517  | 529058  |
| Маңғыстау облысы       | 428386  | 670481  |
| Барлығы                | 1927399 | 2596003 |

Қазақтардың ана тілін білу көрсеткіштеріне келер болсақ 99,6%-ы (2585510) қазақ ана тілі қазақ тілі деп көрсеткен. Ал 0,4%-ы (10493) орыс тілін таңдаған. Сонымен қатар қазақтар арасында қазақ-орыс-ағылшын үштілділігі қалыптасып жатыр.

*Орыстар.* Саны бойынша батыс өңірдегі қазақтардан кейінгі кең таралған этнос – *орыстар* болып табылады. Олардың арасында ассимиляциядан өтіп, өзін орыспын деп көрсеткен еуропалықтар да бар. Олар соңғы санақ бойынша орыстардың саны - 238716 адам. Олардың 99,5%-ы ана тілін орыс тілі деп көрсеткен, қалғандары қазақ және басқа тілдерді белгілеген. Орыстардың ішінде 25%-ы қазақ тілін жақсы меңгерсе, 14%-ы екінші тіл ретінде украин, беларус сияқты славян тілдерін көрсеткен. Облыс орталықтарында орыс этносының мәдени орталықтары жұмыс жасайды. Өңірдегі орыс ұлты өкілдерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі суретте берілген (Сурет 8).




Сурет 8 - Орыс ұлты өкілдерінің Қазақстан Республикасы батыс өңіріндегі саны

Өңірдің ауылдық жерлерінде орыстардың саны аз, олардың үлес салмағы ауыл халқының небәрі 21%-ды құрайды. Орыстардың негізгі бөлігі қолайлы табиғи жағдай мен инфрақұрылымы дамыған жерлерде қоныстанған. Мұндай аудандарға Ақтөбе облысындағы Алға (4033), Мәртөк (5269), Хромтау (5435), Батыс Қазақстан облысындағы Зеленов (21968) Бөрлі (11151) Теректі (5029), Атырау облысындағы Индер (1028), Құрманғазы (1366), Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен (1240) Мұнайлы (876) аудандарын жатқызуға болады. Бұл жерлердегі орыстар осы этностың барлық өкілдерінің жалпы 14%-ды құрайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, этнотілдік жағдаятқа этностың қоныстану сипаты мен түрі көп әсер етеді. Белгілі бір аумақта этностардың қоныстануының сипаты мен түрі қостілділік пен көптілділіктің әртүрлі түрлерінің қалыптасуына негіз болады. Зерттеуіміз көрсеткендей орыс халқы басым қоныстанған жерлерде қазақтардың және осы аумақта тұратын басқа этностардың орыс тілін меңгеруі басқа жерлерге қарағанда қарқынды жүреді. Орыс тілін меңгеру үдерісі жергілікті халқы басым бірэтникалық аудандарда қарқындылығы баяу жүреді. Ландшафт бойынша өңірдегі барлық бірэтникалық аудандар шөлейт және шөлді аймақтарға жатады, олар орталықтан алыс орналасқан және инфрақұрылымы жеткілікті дамымаған. Сондықтан бұл аудандарда орыстар аз қоныстанған. Қазақтар басым аумақтарда орыстардың қазақ тілін білу деңгейі жоғары.

*Украиндер, беларустар.* Батыс өңірдегі славян этностарының көп таралғандары *украиндер мен беларустар*. *Украиндер* өңірдегі орташа таралған этностар қатарына жатса, *беларустар* аз таралған этностар тобына жатады. Украиндер – 50599 адам, беларустар – 5134 адам, олар өңір тұрғындарының жалпы санының 2%-ды құрайды. Бұл этностардың орналасу сипаты бойынша Ақтөбе, Батыс Қазақстан облысы аумағының қалалық және қалаға жақын өңірлері болып табылады. Олардың 83%-ы ана тілі ретінде орыс тілін көрсетсе, 17%-ға жуығы украин және беларус тілдерін көрсеткен. Зерттеуіміз бойынша

украиндер мен беларустардың арасында украин-қазақ-орыс, украин-орыс-ағылшын, украин-қазақ-ағылшын, украин-қазақ-орыс-ағылшын, беларус-орыс-қазақ, беларус-орыс-ағылшын, беларус-қазақ-ағылшын, беларус-орыс-қазақ-ағылшын үштілділігі (төрттілділігі) мен украин-орыс, украин-қазақ, беларус-орыс қостілділігі кең таралғаны анықталды. Батыс өңірі бойынша украиндер мен беларустардың өңірдегі орналасуы төмендегі суретте көрсетілген (Сурет 9).




Сурет 9 - Украин және беларус ұлты өкілдерінің Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі саны

Олар орыстар сияқты, негізінен, қалалық және қала маңындағы жерлерде тұрады. Украин, беларус халқы өңір халқының жалпы санының 2%-ын (55733) құрайды.

Қазіргі уақытта осы этностар арасында болып жатқан этнотілдік үдерістер ерекше қызығушылық тудырады. Украиндықтардың 13,5%-ы (6831) украин тілін ана тілі деп санаса, 86,5%-ы (43768) орыс тілін ана тілі деп санайды. Украиндықтардың шамамен 40,4%-ы (20442) қазақ тілін екінші тіл ретінде біледі. Сондықтан біз батыс өңірде украин-қазақ қостілділігі болуы мүмкін деп болжаймыз. Беларустардың 12%-ы (616) беларус тілін ана тілі деп есептесе, 88%-ы (4518) орыс тілін ана тілі деп есептейді. Ал 41,6%-ы (2136) қазақ тілін екінші тіл ретінде біледі.


*Татарлар.* Батыс өңірдің Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында сандық-демографиялық белгісі бойынша аз таралған этнос – татарлар. Олар өңір тұрғындарының жалпы санының 0,8%-ын құрайды. Татарлар батыс өңірдің бүкіл аумағында шашыраңқы (дисперсті күйде) орналасқан. Батыс өңірдегі татарлардың этнотілдік ерекшеліктерінің бірі – қазақ тілін жоғары деңгейде білуі. Зерттеулеріміз көрсеткендей, ауылдық жерлерде орта және егде жастағы адамдар қазақ тілін жетік білетіні, оны күнделікті қарым-қатынас кезінде қолданатыны анықталды. Татар тілі өңірде тұратын татарлардың 46,5%-ы (11255) ана тілі болып саналады, ал 53,5%-ы (13758) тілдік ассимиляциядан өтіп,

ана тілі ретінде орыс 37,5% (9658) және қазақ 16% (4100) тілдерін көрсеткен. Батыс өңірде татар-орыс, татар-қазақ қостілділігі және татар-орыс-қазақ үштілділігі бар екендігі анықталды. Татар халқының батыс өңірде орналасуының пайыздық көрсеткіштері келесі суретте көрсетілген (Сурет 10).




Сурет 10 - Татар ұлты өкілдерінің Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі саны

*Немістер.* Батыс өңірде сандық-демографиялық белгілері бойынша аз таралған этностардың бірі – *немістер*. Өңір бойынша олардың жалпы саны – 10039 адам. Немістердің өңір көлемінде ең тығыз орналасқан жері – Ақтөбе облысы, атап айтқанда, 7089-ы осы облыс төңірегінде өмір сүреді. Статистикалық материалдарға сәйкес, неміс ұлты өкілдерінің 15,1%-ы неміс тілін өздерінің ана тілі деп көрсетсе, 81,4%-ы ана тілі ретінде орыс және басқа тілдерді таңдағаны белгілі болды. Талдау барысында батыс өңірдегі немістердің 35-40%-ы қазақ тілін білетіндіктері анықталды. Өңірде неміс тілінің қатысуымен неміс-орыс, неміс-қазақ қостілділігі, неміс-орыс-қазақ үштілділігі бар. Егер неміс-орыс қостілділігі немістер тұратын барлық аумақта кездесетін болса, неміс-қазақ қостілділігі негізінен қазақтар тығыз тұратын жерлерде ғана кездеседі. Мұндай аудандарға батыс өңірдегі Алға, Хромтау аудандарын жатқызуға болды. Немістер жинақы тұратын Ақтөбе облысының Бадамша ауылында неміс-қазақ қостілділігінің көрініс табуы өте сирек кездесетін құбылыс болып табылады. Алайда 2009 жылғы санақ бойынша ауданда қалған немістердің жартысынан көбі қазақ тілін жоғары деңгейде білетіндіктерін көрсеткен. Батыс өңірдегі неміс ұлты өкілдерінің 1989 жылғы, 1999 жылғы, 2009 жылғы және 2021 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша санының өзгеруі төмендегі суретте көрсетілген (Сурет 11).



Сурет 11 - Неміс ұлты өкілдерінің Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі саны

*Өзбектер.* Соңғы санақ нәтижелерін талдауда өңірдегі өзбектердің үлес салмағының өсіп жатқанын байқалады. 1999 жылғы мәліметке сәйкес батыс өңірдегі өзбектердің саны 982 адам болса, соңғы статистикалық мәліметтер бойынша олардың жалпы саны – 4904 адам болған. Оның себебін еңбек миграциясы арқылы келушілер санының өсуімен түсіндіруге болады. Қазіргі кезде өзбек ұлтының басым көпшілігі батыс өңірдің Маңғыстау облысында мекен етеді. Өзбек ұлты өкілдері осы өңірдегі өзге этностар ішінде қазақ тілін еркін меңгерген ұлттардың қатарына кіреді. Айта кететіні, өзбектердің 0,65%-ы (32) тілдік ассимиляциядан өтіп, өз ана тілі деп қазақ тілін көрсеткендері белгілі болды. Оның себебі қазақ, өзбек ұлттарының бір түркі тілдес халықтардың қатарында екендігінде деп санаймыз. Өңір тұрғындарының жалпы санына қатынасы бойынша есептегенде өзбектер санының пайыздық көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген (Сурет 12).



Сурет 12 - Өзбек ұлты өкілдерінің батыс өңірдегі саны

*Әзірбайжандар, шешендер.* Өңірде өмір сүретін кіші этностардың ішінен саны жағынан басым ұлт деп *әзірбайжандарды* атап өтуге болады. Батыс өңірдегі олардың жалпы саны – 9961 адам. Олар батыс өңірдің Маңғыстау облысында кең таралған және аталмыш облыстың қалалық жерінде тығыз орналасқан (5947 адам). Бұл облыс Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан мемлекетімен көршілес болғандықтан, сан жағынан әзірбайжандардың көп екенін айтуға болады. Әзірбайжан ұлты, негізінен, орыс тілін, ал өздерінің ана тілі – әзірбайжан тілін өзара тұрмыстық қарым-қатынаста қолданады. Батыс өңірде әзірбайжандармен қатар *шешендер* де бірдей мөлшерде қоныстанған. Олар өңір халқының 0,11%-ы (3060) құрайды. Өңір этностарының жалпы саны бойынша есептегенде шешендердің 76%-ы, ал әзірбайжандардың 89%-ы облыс орталықтарында тұрады. Егер шешендердің облыстар бойынша қоныстануын қарастыратын болсақ, Атырау облысында 277, Батыс Қазақстан облысында 510, Маңғыстау облысында 831 адам тұрады. Ақтөбе облысында бұл этнос өкілдері тығызырақ орналасқан (1442). Атап айтқанда, Ақтөбе облысы Қобда (84), Алға (204) аудандарында жинақы орналасқан.

*Кәрістер.* Кәрістер 1937 жылы Қиыр Шығыстан жер аударылған. Дәл осы уақытта кәрістердің бір бөлігі республиканың батыс өңірінде қоныстанып қалған. Өңірдегі кәрістердің ең тығыз қоныстанған облысы – Атырау облысы (3773). Қазір кәріс халқы батыс өңірдегі жалпы халықтың 0,25%-ы (7481) құрайды. Қалада тұратын кәрістер өңірдегі барлық кәріс этносының 90%-ы (6745) құрайды. Қалған 10%-ы (736) өкілдері ауылдық жерлерде тұрады.

Өңірдегі кәрістердің 33,8%-ы кәріс тілін ана тілі деп санайды, ал қалғандары орыс тілін ана тілі деп есептейді. Кәрістер тұрмыстық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілін қолданады, ал кәріс тілінде тек егде жастағы адамдар ғана сөйлейді. Зерттеуіміз көрсеткендей, кәрістер жинақы орналасқан жерлерде кәрістердің қазақтармен күнделікті қарым-қатынасы нәтижесінде кәріс-орыс, кәріс-қазақ қостілділігі, кәріс-орыс-қазақ үштілділігі қалыптасқан.

*Молдавандар мен болгарлар.* Батыс өңірде олардың жалпы саны 0,13%-ды (3015) құрайды. Бұл этностар өңірдің барлық аумағында кездеседі. Болгарлар Ақтөбе облысының Болгарка ауылында 26% (278) жинақы қоныстанған, ал басқа жерлерде шашыраңқы орналасқан. Молдавандар мен болгарлар арасындағы этнотілдік үдерістерді былай көрсетуге болады: молдавандықтардың 28,4%-ы (555) молдаван тілін ана тілі деп санаса, 71,6%-ы (1399) орыс тілі деп санап, тілдік ассимиляциядан өткен. Молдаван халқының арасында ана тілі сирек қолданатынын, тіпті көбісі оны отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынаста да қолданбайтынын атап өткен жөн. Болгар тілін болгарлардың 20,6%-ы (219) ана тілі деп санаса, орыс тілін 79,4%-ы (845) ана тілі деп санайды. Болгар-орыс қостілділігі болгарлар мен орыстар жинақы қоныстанған жерлерде кездеседі. Болгарлар қарым-қатынастың барлық саласында тек орыс тілін қолданады. Болгар тілін болгарлардың 20,6%-ы (219) ана тілі деп есептегенімен үнемі қолданбағандықтан оның коммуникативтік қуаты төмен.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі этнотілдік жағдаятты моңғолдар (5), орыс тілінің пайдасына тілдік ассимиляциядан өткен

хорваттар (5), гректер (259), даргиндер (349), құмықтар (170), лезгиндер (1948), буряттар (24), қырым татарлары (273), сығандар (330), еврейлер (211), венгрлер (38), финдер (50), қытайлар (19), күрдтер (33), филиппиндер (2), Үндістан мен Пәкістан халықтары (180), итальяндықтар (49), түріктер (401), дүнгендер (93) құраса, қазақ тілінің тілдік ассимиляциясына өткен қарақалпақтар (6659), ұйғырлар (383) және басқа этностар құрайды. Батыс өңір аумағында барлығы 112 ұлт өкілдері тұрады. Олардың көпшілігі тілдік ассимиляциядан өтіп, өздерінің ана тілін тіпті үй-тұрмыстық қарым-қатынаста да қолданбайды. Ұйғырлардың 2%-ы (8) және қарақалпақтардың 23,5%-ы (1569) қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткен.

Ал тілдік жағдаятқа келер болсақ, этникалық жағдаяттың өлшемдеріне параллель болады, бірақ қарсы параллелизмі болмайды. Өйткені этностардың саны мен тілдердің саны шынайы сәйкес келмеуі мүмкін. Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі халықтың этникалық құрамының әртүрлілігіне қарамастан, тілдік құрылымдардың саны біршама шектеулі болып калуда. Егер өңірде 112 этнос өкілдері тұрса, өз ана тілін 91 этнос көрсеткен. Ал этносішілік қарым-қатынаста қызмет ететін тілдердің қазіргі уақыттағы саны 15. Бұл әзірбайжан, грузин, армян, башқұрт, болгар, грек, беларус, кәріс, неміс, поляк, шешен, украин, сыған және тағы да басқа кіші этностар.

Әлеуметтік қарым-қатынастың барлық саласында екі тіл (қазақ және орыс тілдері) қолданылады. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл және орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару, білім беру, мәдениет, БАҚ ресми түрде қолданылатын басым тілдер болып табылады. Өңірдің тілдік жағдаятының құрамдас бөлігі болып табылатын, бірақ коммуникативтік және демографиялық қуаттылығы жағынан жоғарыда аталған тілдерден әлдеқайда төмен тілдер әлеуметтік қарым-қатынас салаларына қызмет көрсету бойынша нақты қызмет ететін тілдердің құрамына кірмейді. Қалған этностардың өкілдері өздерінің ұлты мен ана тілін нақты атаса да, ол тілде сөйлеушілердің саны тым аз және олар тілдік жағдаяттың белсенді компоненттері бола алмайды. Зерттеу жұмысымыздың барысында өңірдегі аз этностардың кейбір өкілдері тілдік ассимиляцияға ұшырағаны және сол арқылы ірі этностардың тілдік құрамын толықтырғаны анықталды. Мысалы, шамамен 27 этнос орыс тілін өздерінің ана тілі деп санайды. Мұндай ассимиляциядан, негізінен, еуропалық ұлт өкілдері өткен, олар: эстондықтар (50), латыштар (75), литвалықтар (188), венгрлер (19), испандықтар (6), итальяндықтар (60), румындар (71), словактар (4), голландтар (7) және т.б. Тілдік ассимиляцияға вепс, қарайым, қырым, тата, талыш, хорват және т.б. секілді шағын этностарда ұшыраған. Осылайша, біз батыс өңірдің аумағында жоғарыда аталған этностардың тілдері қолданылса да, әлеуметтік салаларда қызмет етпейді деп санаймыз және қолданылуы өте сирек, сондықтан олар нақты қызмет ететін тілдердің құрамынан алынбады. Алайда бұл саны жағынан аз этностардың ана тілінің өмір сүру формаларын, қолдану аясын зерттеу әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан үлкен қызығушылық тудырады.

Б. Хасанов Қазақстанның тілдік жағдаятын үш өлшемде: 1) қолдану аясы әртүрлі функционалдық бірліктердің саны; 2) идиомалардың тілдік жағдаятына



кіретін лингвистикалық сипаты; 3) халық саны мен орындалатын қоғамдық функциялардың көлемі негізінде тілдердің таралу дәрежесі бойынша сипаттайды. Бірінші өлшем – кез келген тілдік жағдаяттың сандық белгісі. Екінші өлшем – тілдік жағдаяттың сапалық белгісі. Мұнда ғалым республикада бар қос және көптілділіктің түрлері мен формаларын: бұл 125 ұлттық және орыс тілдерінен тұратын қостілділіктің 126 түрін, жиырмаға жуық орыс-өзге этнос және өзге этнос-қазақ қостілділігі, қазақ, орыс және ұлттық тілдердің үштұғырлығымен ұсынылған қостілділік пен үштілділіктің оннан кем емес ұлттық түрін қосады. Үшінші түрі бойынша тілдер кең таралған, аз таралған, ең аз таралған [159, с. 33] болып бөлінеді.

Батыс өңірдің көптілділігінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол әр тілдің әлеуметтік өмірдегі қызмет ету жүктемесінен тұрады. Демографиялық және коммуникативтік қуаттардың белгілері тілдік құрылымдарға бірдей немесе әртүрлі дәрежеде тән болуы мүмкін екені, бұл «тең қуатты және әртүрлі қуатты тілдік құрылымдарды» құрайтыны мәлім. Осы өлшемдерге сәйкес тілдік жағдаят теңгермелі (тең қуатты идиомаларға ие) және теңгерілмеген (әртүрлі қуатты идиомаларға ие) болып бөлінеді. Аталған өлшемдерге сүйене отырып, батыс өңірдің тілдік жағдаятын әртүрлі тілдік құрылымдары бар теңгерілмеген жағдаят деп сипаттаймыз. Батыс өңірдің тілдік жағдаятын бақылау және зерттеу кезінде осы кезеңде өңірдегі қазақтар 84,29%-ды (қыркүйек, 2022) құрайды деген қорытындыға келдік, алайда қазақ тілінде қызмет көрсететін салалардың саны осы күнге дейін көшбасшы орында келе жатқан орыс тіліне қарағанда төмен болып қалып отыр. Қазақ тілінің *демографиялық* қуаты басым бола тұра, *коммуникативтік қуаты жағынан* орыс тілінен кенже қалып келе жатқанын айта кеткен жөн [42, с. 137-138]. Б. Хасанов бөлген демографиялық және коммуникативтік қуаттары бойынша тілдердің таралуы мен таралмау дәрежесінің өлшемдеріне сүйене отырып, біз өңірде нақты, шынайы әлеуметтік қызметі бар тілдердің жіктеуін келесі кестеде жасадық (Кесте 18).

Кесте 18 - Нақты қызмет ететін тілдердің жіктелуі

| Тілдердің түрлері | Тілдер | Тілдердің демографиялық қуаты | Ана тілін білуі | Тілдің қолданыс салалары |                           |     |       |          |
|-------------------|--------|-------------------------------|-----------------|--------------------------|---------------------------|-----|-------|----------|
|                   |        | %                             | %               | Отбасылық-тұрмыстық      | Этносішілік қарым-қатынас | БАҚ | Білім | Мәдениет |
| 1                 | 2      | 3                             | 4               | 5                        | 6                         | 7   | 8     | 9        |
| Кең таралғандар   | Қазақ  | 84,29                         | 99,1            | +                        | +                         | +   | +     | +        |
|                   | Орыс   | 11                            | 95,7            | +                        | +                         | +   | +     | +        |

18 – кестенің жалғасы

| 1                 | 2          | 3    | 4    | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|-------------------|------------|------|------|---|---|---|---|---|
| Аз таралғандар    | Украин     | 2,3  | 19,9 | + |   |   |   | + |
|                   | Татар      | 1    | 59,1 | + | + |   |   | + |
|                   | Өзбек      | 0,16 | 95,0 | + | + |   |   | + |
|                   | Кәріс      | 0,15 | 41,6 | + | + |   |   | + |
|                   | Неміс      | 0,62 | 34,2 | + | + |   |   | + |
|                   | Шешен      | 0,14 | 78,8 | + | + |   |   | + |
|                   | Башқұрт    | 0,08 | 40,3 | + | + |   |   | + |
|                   | Сыған      | 0,01 | 66,4 | + | + |   |   | + |
|                   | Әзірбайжан | 0,14 | 74,5 | + | + |   |   | + |
| Ең аз таралғандар | Қырғыз     | 0,01 | 76,8 | + |   |   |   |   |
|                   | Беларус    | 0,12 | 55,3 |   |   |   |   | + |
|                   | Болгар     | 0,07 | 23,5 |   |   |   |   | + |
|                   | Түрік      | 0,01 | 84,2 | + |   |   |   |   |
|                   | Поляк      | 0,02 | 21,9 | + |   |   |   | + |
|                   | Ұйғыр      | 0,01 | 85,2 | + |   |   |   | + |

Өңірдегі кең таралған тілдерге қазақ және орыс тілдері, аз таралғандарына – украин, татар, неміс, кәріс тілдері, ең аз таралған тілдерге – беларус, әзірбайжан, сыған және үнемі немесе анда-санда отбасылық-тұрмыстық, этносшілік және өздерінің ұлттық-мәдени орталықтары бар мәдени салаларда қолданылатын басқа да тілдер жатады. Бұл орталықтар ана тілін үйрету үшін жексенбілік мектептер ұйымдастырады. Бірақ олар бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру салаларында қолданылмайды. Тілдердің ең аз таралған түрінде демографиялық қуаты бойынша басым функционалды бірліктер бар – олар беларус, қырғыз, болгар және т.б. тілдер. Мысалы, өңірдегі беларустар саны бойынша сығандардан басым, бірақ ана тілін білуі бойынша олардан қалып келеді – (сығандар - 330) және ана тілін 66,4%-ы меңгерген, ал беларустар өңірде 5134, бірақ ана тілін олардың 12,0%-ы (616) ғана біледі. Түріктер (401) де аз санды этнос, бірақ олардың ана тілін білуі жоғары 73,6%-ды (295) құрайды. Поляк тілі ең аз таралған тілдердің қатарына кірді (454), бірақ ана тілінде сөйлейтіндердің саны 15,4% (70), көптеген поляктар орыс тілінің ассимиляциясына ұшырады (орыс тілін ана тілі санайды). Сондай-ақ батыс өңірде марийлер, мордвиндер, молдавандар тұрады, олар саны жағынан басым, бірақ олардың тілдері біздің жіктеуімізде көрсетілген қарым-қатынас салаларында қолданылмайды. Марийлер (407), мордвиндер (882) орыс тілінің пайдасына лингвистикалық ассимиляциядан өтті, бұл этностардың 80%-дан астамы орыс тілін ана тілі ретінде көрсеткен. Өңірде тұратын аз санды этностардың ана тілін меңгеру проблемасы, олардың ана тілінің өмір сүру формаларын анықтау – жеке әлеуметтік-лингвистикалық зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі.

*Қазақ тілі* – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілін өңір қазақтарының 98,3%-ы, сондай-ақ өңірдегі бөтен этностың 0,01%-ы ана тілі ретінде біледі, оны әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында пайдалану дәрежесінің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Жалпы батыс өңір тұрғындарының 90,7%-ы (2391235 адам) қазақ тілін меңгерген болса, 63,6%-

ы (1676518 адам) күнделікті өмірде қолданатыны анықталды. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, қазіргі уақытта қазақ тілі батыс өңірдегі әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салаларында белсенді қолданылады. Бірэтникалық аймақтарда ол өзге этностар мен қазақтар арасындағы этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде де қолданылады. Б. Хасанов қазақ тілінің өзге тілдермен салыстырғандағы ерекшелігін былай көрсетеді:

1) қолданыстағы барлық тілдердегі ішкі құрылымы бойынша өзіндік ерекшелігі бар;

2) қазақтардың санына қарамастан тарихи тұрғыдан оларға ғана тиесілі және олардың ұлттық санасында бекітілген;

3) қазақ тілі қазақтардың этникалық қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін өмірдің түрлі салаларында қолданылады;

4) тұрғылықты жерін, жынысын, жасын, сенімін, кәсібін, қызмет түрін, әлеуметтік және мүліктік жағдайын есепке алмай-ақ, қазақ ұлтының барлық мүшелері үшін бағзыдан келе жатқан ортақ қарым-қатынас құралы [78, с. 148].

Мемлекеттегі тілдік пәннің білім беру мәртебесін анықтау – білім беру жүйесіне де, саясатқа да, халық пен елдің тарихына, тілді үйрену үшін ұсынылатын қоғамның әлеуметтік қажеттілігінің дәрежесіне, оның елдегі және шетелдегі әлеуметтік функцияларының кеңдігі мен тереңдігіне тікелей қатысты [160].

«Қазақ тілі» және «Кәсіби қазақ тілі» пәндері жалпы білім беретін мектептердегі оқытудың, техникалық-кәсіптік оқыту бакалаврлары мен мамандарын даярлау бойынша білім беру бағдарламасының міндетті компоненттерінің бірі болып саналады. Қазақ тілін оқытуға бөлінген сағат саны оқушының, болашақ маманның сөйлеу қызметінің, іс-әрекетінің барлық түрлерін қалыптастыруға жеткілікті деп санаймыз. Бүгінде қазақ тілінде сөйлеу, үйрету, оқыту үшін жағдайлардың барлығы бар және де қазақ тілі бүгінде әлеуметтік желілер арқылы да өз белсенділігін танытуда.

Қазақстан Республикасының батыс өңірі тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің қазақ тілін қандай деңгейде меңгергендері анықталды (Сурет 12).



Сурет 13 – Қазақстан Республикасының батыс өңірі тұрғындарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі

Өзіңіз көріп отырғандай қазақ тілін меңгермегендердің саны 1%-ды көрсетіп тұр, ал қалған көрсеткіштер бойынша тілдің әртүрлі деңгейде меңгерілгенін байқаймыз.

Қазақ тілінің ғылыми-зерттеу қызметі туралы статистикалық деректердің болмауы ғылым саласындағы қазақ тілінің динамикасын, қызметін және дамуын байқауға мүмкіндік бермейтінін атап өту керек.

Тілдің коммуникативтік қуаты – бұл тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылуы және қызметі. Қазақ тілінің қызметін қолдау мен қолданылу аясын кеңейту өңір халқының ісіне айналуы тиіс. Тілді интернет, теле- және радиоарналар арқылы танымал ету, түрлі speech-алаңдарда қазақ тілінің әлеуметтік лингвистикалық проблемалары, қазіргі тілдің ішкі өзгерістері және қазақ тілінің байлығы туралы лингвист-ғалымдардың көпшілікке арналған дәрістерін ұйымдастыру, қазақ тілінің Ұлттық корпусын толықтыру, деректер банкі мен білім базасын қалыптастыру қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі коммуникативтік қуаты мен әлеуметтік беделін, мәртебесін нығайтуға көмектесетін негізгі және кезек күттірмейтін іс-шаралар болып саналады. Зерттеу барысында біз материалдардың статистикалық мазмұнына қатысты шешімін күтудегі мәселелерге тап болдық. Қазақстан республикасының батыс өңірінде: 1) білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың тілдері мен этникалық құрамы бойынша статистикалық деректер жоқ; 2) қазақ, орыс тілдерінде БАҚ хабар тарату уақыты туралы статистикалық деректер қамтылмаған; 3) кітап шығару және баспа, ғылыми және оқу басылымдары бойынша статистикалық деректер жоқ; 4) облыстың театрлары мен концерттік алаңдарындағы өнер көрсетілімдері мен қойылымдардың тілдері бойынша статистикалық деректер жоқ; 5) сайттар және олардың тілдік қамтамасыз етілуі туралы статистикалық деректер; 6) жоғары оқу орындарының

сайттарында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқылатын пәндердің саны және осы пәндерге, этностар, тілдер бойынша студенттердің қатысуы туралы және қазақ тілінің қолданылуы туралы басқа да маңызды статистикалық деректер жоқ. Бұл деректердің барлығы тілдің коммуникативтік мүмкіндігінің негізгі көрсеткіштері болып саналады және тілдің әлеуметтік функциясын кеңейту, тілдің коммуникативтік қуатын нығайту бойынша қажетті шешімдер қабылдаудың маңызды құралы болып табылады [42, с. 150].

*Орыс тілі* батыс өңірдің бүкіл аумағында белсенді қолданылады, ол қарым-қатынастың барлық салаларына қызмет ететін макродәнекер тіл болып саналады. Демографиялық қуаты жағынан ол қазақ тілінен көш артта, алайда оның коммуникативтік қуаты әлі күнге дейін жоғары және орыс тілі лингва-франка қызметін атқарып келеді.

Батыс өңірдің қала тұрғындары арасындағы орыс тілінің қолданылуына ерекше назар аудару қажет. Біз өңірдегі облыс орталықтары тұрғындарының орыс тілін меңгергендігі туралы 1999 және 2009 жылдардағы санаққа талдау жасадық. 1999 және 2009 жылдардағы халық санағы бойынша орыс тілін өңірдегі этностардың барлық өкілдері екінші тіл ретінде, яғни аймақтың орыс емес халқының 95,3%-ы, қазақтардың 94,4%-ы екінші тіл ретінде меңгергені анықталды (Кесте 19).

Кесте 19 – Қазақстан Республикасының батыс өңірі тұрғындарының орыс тілін меңгергендігі туралы салыстырмалы кесте

| Этностар   | Орыс тілі |                  |                    |
|------------|-----------|------------------|--------------------|
|            | 1999      | 2009             | 2021               |
| Қазақтар   | 185363    | 265545<br>250675 | 2596003<br>2063822 |
| Украиндер  | 28088     | 12477<br>12238   | 50599<br>44274     |
| Татарлар   | 9265      | 6350<br>6233     | 25013<br>20961     |
| Немістер   | 5727      | 2251<br>2219     | 10039<br>8754      |
| Беларустар | 1734      | 771<br>749       | 5134<br>4256       |
| Кәрістер   | 1252      | 1099<br>1064     | 7481<br>6112       |
| Өзбектер   | 417       | 483<br>451       | 4904<br>4217       |

Орыс тілінің қызметін нақтылап анықтау әлеуметтік лингвистикалық зерттеудегі маңызды мәселенің бірі – өңірдегі орыс-қазақ, орыс-өзге этнос қостілділігі және орыс-өзге этнос-қазақ үштілділігінің түрлері мен формаларын зерделеу болып табылады. Өңірдің әлеуметтік лингвистикалық зерттеуі тілдік кеңістікте қос және үштілділіктің: өзге этнос-орыс қостілділігі, орыс-қазақ қостілділігі, өзге этнос-орыс-қазақ үштілділігі, орыс-өзге этнос-қазақ үштілділігі

сияқты түрлері қалыптасқанын көрсетті.

Жалпы алғанда, өңірдегі орыс-қазақ қостілділігінің қызмет етуін орыс халқының 97,9% (238716/233703) қамтиды. Өңірдің орыс-өзге этнос қостілділігі орыс халқының бар болғаны 0,8%-ын құрайды. 2021 жылғы мәліметтер бойынша өңірдегі орыс халқы халықтың 10,7%-ын (25543) құрайды. Батыс өңір халқының орыс тілін меңгергендігі 93,8%-ды (2009) құрайды, ал мемлекеттік тілді халықтың 86,4%-ы (2009) меңгерген. Орыс тілін меңгергендер санының негізгі бөлігін орыстар мен қазақтар құрайды. Егер меңгеру дәрежесі бойынша екі тілдің салыстырмалы сипаттамасын жүргізер болсақ, онда келесідей көрініс шығады: орыстардың бар болғаны 42,8%-ы (2009) ғана қазақ тілін меңгерген, ал қазақтардың 93,8%-ы орыс тілін қажет деңгейде қолдана біледі. Қазақ тілінің меңгеру дәрежесі көрсеткішінің жоғарылығына қарамастан, орыс тілі функционалдық тұрғыдан әлі де мықты позицияда тұрғанын көруге болады. Оны сауалнама нәтижесінде байқадық. «Орыс тілін қаншалықты жетік меңгергенсіз?» деген сұраққа респонденттердің 18%-ы «түсінемін, кейбір қиындықтармен сөйлесе аламын», респонденттердің 3%-ы еркін білемін (сөйлеймін, оқимын, қатемен жазамын) шкаласын белгілесе, «Сіз орыс тілін қаншалықты жетік меңгергенсіз?» сұрағына қазақ тілінде жауап берген респонденттердің 67%-ы орыс тілін еркін білетінін (жазамын, оқимын, сөйлеймін, ойлаймын) белгілеген (Сурет 14).




Сурет 14 – Қазақстан Республикасының батыс өңірі тұрғындарының орыс тілін меңгеру деңгейі

Орыс тілі әлеуметтік өмірдің барлық салаларында белсенді қолданылады, ал халық арасындағы және олардың әлеуметтік өмір сүру саласындағы қазақ тілінің қызмет етуі орыс тіліне қарағанда төмен. Өңірдегі аз этностар арасында орыс тілінің тұлғааралық, этносшілік, отбасылық қарым-қатынастарда қолданылатынын атап өткен жөн. Орыс тілінің ауқымды қолданысын респонденттердің төмендегі сұраққа жауабынан көруге болады.

«Сіз жұмыста қай тілде сөйлесесіз?» деген сұраққа респонденттердің 32,1%-

ы «орыс тілінде» деген жауапты белгілеген. Бұл орыс тілі өңірдегі адамдардың көпэтносты тобының арасында *лингва-франка* позициясын берік ұстайтынын көрсетеді (Сурет 15).



Сурет 15 - Респонденттердің жұмыста (сабақта) тілдік таңдаулары

Орыс тілі өңір халқының әлеуметтік қарым-қатынасының басқа да маңызды салаларында белсенді қолданылады. Орыс және қазақ тілдерінің ақпарат алу және қажетті әдебиеттерді (көркем, публицистикалық, кәсіби) оқу тілі ретіндегі қызметі туралы сауалнама нәтижелері бойынша орыс тілі халық арасында көшбасшы орында болып шықты. «Сіз көркем, кәсіби, публицистикалық әдебиеттерді (газеттер, журналдар, альманах) қай тілде оқисыз?» деген сұраққа респонденттердің 45%-ы көркем әдебиет, 43,2%-ы кәсіби әдебиет, 52,5%-ы публицистикалық әдебиетті орыс тілінде оқитынын көрсеткен. Бұл жерде орыс тілі оқу тілі ретінде, қазақ тілі сияқты халық арасында да өте белсенді қолданылатынын атап өту маңызды (Сурет 16).



Сурет 16 - Респонденттердің түрлі әдебиеттерді оқуда тілдік таңдаулары

Интернет-кеңістіктегі негізгі коммуникативтік құрал ретінде орыс тілінің

қызмет етуі де халық арасында жоғары: сауалнамаға қатысқан респонденттердің 78%-ы орыс тілді сайттарға жиі кіріп, орыс тілінде ақпарат іздейді/алады екен. Сондай-ақ, облыс халқы үшін орыс тілі теледидар және радио тілі болып саналады: респонденттердің 67%-ы радио тыңдайды және теледидарды орыс тілінде көреді, респонденттердің тек 24,1%-ы ғана бұқаралық ақпарат (теледидар және радио) тілі ретінде қазақ тілін артық көреді.

*Татар тілі.* Батыс аймақта татар тілінің қоланысының ұзақ тарихы бар. XVIII ғасырдың 30-40-жылдарынан бастап татар тілі аймақ халқының өмірінің әртүрлі салаларында қолданыла бастады. Осы уақытта Орал қаласында мешіттер салынып, татар тілінде оқытатын мұсылман медреселері – мектептер ашылады. Шығыс Бөкей ордасын басқарған А. Жантөриннің ставкасында 1849 жылы қазақ балаларына арналған мектеп ашылды, онда 40-қа жуық қазақ балалары оқыды. Мектептегі оқу курсы «орыс және татар тілдерінде оқу және жазумен» шектелді. Татар мектептері батыс аймақтың басқа губернияларында да болды, олар революциядан кейін де жұмыс істеді. Орал облысының бір өзінде ғана 1917-1928 жылдар аралығында әртүрлі сатыдағы 40-қа жуық татар мектебі жұмыс істеді. Татар тілі баспада белсенді қолданылып, 1917-1925 жылдар аралығында «Фикер», «Мэхбир», «Яна фикар», «Ихтиял байраги» газеттері жарық көрді. 1937 жылдан бастап татар мектептерінің саны азая бастады. Мектептер жойылған жерлерде татар тілі татар оқушылары үшін оқу пәні болып қала берді. Орал мемлекеттік мұрағатының мәліметінше, этникалық азшылық мектептерін жоюдың дәл басталу уақытын біз тапқан келесі мазмұндағы жеделхат арқылы анықтауға болады: «Алма-Ата 1938. Каменский, Розентальский неміс мектептерін қайта құрыңыз және Жымпиты ауданы мен Шелек ауданындағы татар мектептерін қайта құруды бекітеміз, Орал қаласында татар мектебі сақталсын. Наркомпрос. Әбдіқалықов» [18, с. 45]. 1938 жылдан кейін сақталған татар мектептері туралы деректер мұрағат істерінде табылған жоқ. Қазіргі уақытта татар тілі тек 90-жылдардың аяғына дейін бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылды және қазір мәдениет саласында қызметі бар. Республикалық теледидар және радио арқылы күн сайын хабарлар таратылады, Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе қалаларында мәдени орталықтар жұмыс істейді. Бұл орталықтардың қызметі ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді жаңғырту және ана тілін оқыту болып саналады.

Бүгінгі таңда татар тілі отбасы ішіндегі, этносішілік қарым-қатынаста және батыс өңірде мәдениет саласында қолданылады. Біз сауалнамаға тартқан татар ұлты өкілдерінің 25-інің тек 0,2%-ы ана тілін білмейді, қалған респонденттер ана тілін қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлерінде қолданатындарын атап өткен. Өңірдің татар мәдени орталығында татар тілін үйрететін жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Әзірге татар тілі бұқаралық оқу және бұқаралық коммуникация тілі емес, өйткені ол теледидарда, радиода жұмыс істемейді, қолданылмайды, бұл тілде газет және басқа да баспа өнімдері шығарылмайды [42, с. 164].

*Неміс тілі.* Батыс өңірде немістердің жаппай қоныстануы XIX және XX ғасырлардың басында болды. 1911 жылдың өзінде аймақта 2000-нан астам неміс өмір сүрді, олар негізінен ауылдық жерлерге қоныстанды. Бұл кезде неміс тілі тек отбасылық-тұрмыстық және этносішілік қарым-қатынас тілі ретінде жұмыс



істеген. 1920 жылдардан бастап өңір аумағында неміс тілінде оқытатын мектептер мен сыныптар ұйымдастырылды. 1930 жылдары Қазақстанда 40 ұлттық неміс округтері мен ауылдық Кеңестер болды, олардың жетеуі батыс аймақта – Орал облысындағы Розенталь, Камен, Коловертное және Ақтөбе облысындағы Батамша және басқа да аудандарында болды. Бұл аудандарда неміс мектептері жұмыс істеді және іс қағаздары неміс тілінде жүргізілді. 1938 жылдан бастап ұлттық округтер мен неміс мектептерін қарқынды жою басталды. 30-жылдардың аяғында аймақтағы барлық неміс мектептері толығымен жойылып, орыс мектептеріне ауыстырылды. Неміс тілі 1957 жылдан бастап білім беру жүйесіне пәндік оқуға арналған шет тілдерінің бірі ретінде енгізілді. 1958 жылдан бастап қазақстандық радиоэфирде «Неміс радиосы» өз жұмысын бастады, 1968 жылы «Қазақстан» баспасы неміс тіліндегі әдебиет редакциясын құрды. 1989 жылдан бастап республикалық теледидарда «Гутенабэнд» бағдарламасы пайда болды [18, с. 47]. Аймақтағы неміс тілінің қазіргі жағдайы отбасылық-тұрмыстық, этносшілік саламен бірге білім беру, мәдениет жүйесінде қамтиды. Өңірдегі іргелі университеттерде «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады, оның құрамдас бөліктерінің бірі неміс тілі. Осылайша, неміс тілі жоғары білім беру саласында жұмыс істейді деп айтуға болады. Батыс өңірде мәдени орталық жұмыс істейді, онда неміс тілін тек немістер ғана емес, сонымен бірге осы тілді меңгергісі келетін мүдделі адамдар да белсенді үйренеді.

*Кәріс тілі.* Кәрістер 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қазақстанның батыс аймағына қоныс аударды. Осы уақытта батыс өңірде кәріс тілінде оқытатын алғашқы мектептер де пайда болды. Орал облысы Мемлекеттік мұрағатының мәліметінше, Орал аумағында 2 мектеп болған, онда 187 кәріс баласы білім алған. Облыстағы кәріс мектептерінің ұйымы сегіз елді мекенді қамтыды. Бударино ауылында орта мектеп, Коловертненское ауылында – бастауыш мектеп болды. Бұрын орыс мектептерінде оқыған барлық кәріс оқушылар кәріс мектептеріне ауыстырылып, кәріс тіліндегі оқулықтармен қамтамасыз етілген. 1938 жылдан бастап ЖПО ОК (6) Қаулысымен барлық кәріс мектептері, басқа ұлттық мектептер сияқты, «кәдімгі типтегі кеңестік мектептер» болып қайта құрылады. Кәріс мектептерін қайта құру туралы шешім қабылдаудың себептерінің бірі кәріс тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігі болды, ал Қиыр Шығыста жарияланған барлық оқулықтар тәркіленіп, жойылды [18, с. 48]. Кейінгі жылдары оқулықтар бірнеше рет жарық көрді (1954, 1957), бірақ кәріс тілін оқытудағы жағдай жақсармады. Қазір кәріс тілі мәдениет саласында белсенді жұмыс істейді: театр қойылымдары қойылады, кәріс тілінде түрлі мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылады. Өңірдің мәдени орталығында жексенбілік мектеп жұмыс істейді, онда кәрістер ғана емес, тіл үйренгісі келетін басқа этностар да кәріс тілін үйренеді. Мәдениет және оқыту саласында қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, өңірде кәріс тілі тек отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас тілі болып қала береді. Бұл салада тек тілдің сөйлеу формасы ғана қолданылады.

*Украин тілі.* Елдің батыс өңіріндегі украиндердің қоныстануының 200 жылдық тарихы бар. Украиндықтардың жаппай қоныстануы ХІХ ғасырда болды.

Егер 1897 жылғы халық санағы бойынша олар аймақтағы халықтың 09,7%-ын құраса, 1926 жылы украин халқы 5,8%-ын құрап үлгерді. Батыс аймақтағы украиндердің ең үлкен өсімі ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының басынан бастаптың жерлерді игеруден басталған. 1959 жылы украиндердің саны батыс аймақтың жалпы халқының 9,2%-ын құрады. Бірақ халық санағы мәліметтері бойынша (1989) украиндер халық саны бойынша 3-ші орында, бірақ украин тіліне әлеуметтік қызмет көрсету ауқымы тар болып қала береді [18, с. 56].

Үкіметтің қаулысына сәйкес 1932 жылы республиканың батыс өңірінде украинаның ұлттық аудандары ұйымдастырылып, ауылдық Кеңестер бөлінеді, бірақ көп ұзамай 1933 жылы Украинадағы ұлттандыру үдерісінің тоқтатылуына байланысты барлық аудандар мен Ауылдық кеңестер таратылады. Мемлекет тарапынан украин тілінің білім беру, мәдениет саласында қолданылуы туралы қамқорлықтың болмауы оның жалпы республикада да, аймақтарда да ұмытылуына әкеледі. Украин тілі отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас тіліне айналды және ол да анда-санда қолданылатын сипатқа ие болды. Елдің батыс өңіріндегі көптеген украиндер, басқа өңірлердегідей, орыс тіліне көше отырып, тілдік ассимиляциядан өтті. Егер 1917-1926 жылдардағы мәліметтер бойынша, батыс өңірдегі украиндықтардың 75%-ы украин тілін ана тілі деп санаса, 1959 жылы украин тілін ана тілі деп санаған украиндердің саны 60,3%-ды, 1979 жылы – 41%-ды, ал 1989 жылы – 36,6%-ды құрады [18, с. 57].

Батыс өңірде украин тілі орыс сөздері мен сөз тіркестері араласқан үй, отбасы және этносішілік қарым-қатынас тілі ретінде қолданылады.

Қазір өңірдегі облыс орталықтарында ұлттық орталықтар жұмыс істейді, оның мақсаты – ұлттық мәдениет пен тілді жаңғырту. Мәдени орталықтарда украин тілі оқытылады, бірақ тіл курсына келушілер өте аз.

*Беларус тілі.* Батыс өңірдегі беларустар ХІХ ғасырдың аяғынан бастап, крепостнойлық құқық жойылып, Ресейдің батыс бөлігінен шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы басталған кезден бастап өмір сүреді. Егер батыс өңірдегі беларустар саны 1926 жылы 0,2%-ды (2777) құраса, ал 80-жылдардың соңында 0,6%-ды құрады. Қазіргі кезде өңірде өмір сүріп жатқан 12678 беларустың ішінен беларус тілін 4910 беларус қана ана тілім деп санайды.

2022 жылғы мәліметтер бойынша батыс өңірде 5134 беларус тұрып жатыр. Беларустардың өздерінің пікірі бойынша беларус тілі тұрақты қолданылмайды, кейде өте сирек немесе мүлдем қолданылмайды, тіпті, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынаста да қолданылмайды, әйтсе де олар беларус тілін өз ана тілі ретінде көрсетеді. Сондықтан қазіргі кезеңде беларус тілі толықтай қызмет етпейді. Беларустар әр жерде және шашыраңқы тұрып жатыр және бұл фактор олардың өз ана тілін аз қолдануына ықпалын тигізеді. Біздің бақылауларымыз беларустардың күнделікті қарым-қатынаста тек орыс тілін қолданатынын көрсетті. Егер олардың ана тіліндегі қарым-қатынастары бола қалса, онда оларға міндетті түрде орыс сөздері мен тіркестері араластырылады. Өңірде беларус-қазақ қостілділігі жоқ.

*Чех және болгар тілдері.* Батыс өңірде чехтар мен болгарлар жинақы тұратын аумақтарда ғана қолданылады және қызмет етеді. Чехтар мен болгарлардың ана тілін отбасылық-тұрмыстық, этносішілік салаларда қолдануы

беларус тіліне қарағанда әлдеқайда жоғары. Қазір болгар және чех тілдері отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастан басқа мәдениет саласында да белсенді қолданылады. Мысалы, өңірдегі облыс орталықтарында чех мәдени орталығы құрылды, оның міндеті мәдениетті, дәстүрді, әдет-ғұрыпты жаңғырту және ана тілін оқыту болып саналады. Қазір чех мәдени орталығы жұмыс істемейді.

Сонымен Қазақстанның батыс өңірінің өзіне тән тілдік жағдаяты, ол тілдік жағдаятты жүйелеудің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Бұл ерекшеліктер тілдік құрылымдар құрамы, сондай-ақ олардың әлеуметтік қызмет көрсету ауқымы арқылы көрінеді.

Осылайша батыс өңірдегі этнотілдік жағдаят тұтас республиканың этнотілдік жағдаятының құрамдас бөлігі ретінде өзіндік бірегейлігімен ерекшеленеді:

1. Этностар саны.
2. Этностардың орналасу түрі.
3. Этносшілік бірігу мен этносаралық қарым-қатынас.

Қазақстан Республикасының, әсіресе, елдің батыс бөлігінің тілдік және этнотілдік жағдаятын талдау халықтың географиялық орналасуы мен этнотілдік әралуандығына байланысты мемлекеттің тіл саясатын жоспарлау кезінде үлкен маңызға ие деп санаймыз. Елдің батыс өңірінің этнотілдік және тілдік жағдаятының ерекшеліктерін сипаттау этникалық және тілдік үдерістердің даму үрдістерін айқындауға мүмкіндік береді.

## **2.2 Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік салалардағы қолданысы**

Әлеуметтік сала – тілдердің өмір сүруінің маңызды ортасы. Өйткені тілдер белгілі бір салаларда ғана қолданысқа ие болып, өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, қызметін толыққанды атқара алады. Сонымен қатар, әлеуметтік сала тілдік жағдаятпен тікелей байланысты болып, тілдердің қолданысының нақты бір саладағы қолданылуының рангтік сипатын көрсете алады.

Бүгінде Қазақстанның батыс өңірі «мұнайлы өлке» деп аталып, елдің экономикасының басты байлығы мұнай мен газ өндірудің қайнар көзі болып отыр. Ал батыс өңірдің Ақтөбе облысында мұнайдан басқа, әлемде екінші орынға ие хром, никель мен мыс өндіру кеніштері бар. Осындай елеулі орны бар батыс өңірдің экономикалық-шаруашылық саласында бүгінде қазақ тілінен басқа орыс, ағылшын, қытай, түрік тілдері белсенді қолданысқа ие болып отырғаны да рас. Осы аталған тілдердің ішінде негізгі орынды алып отырған – орыс және ағылшын тілдері. Аталмыш тілдер, сондай-ақ, әлемдік тілдер қатарына еніп, олардың коммуникативтік қуаты жергілікті тілден әлдеқайда басымдыққа ие.

Сонымен, зерттеуіміздің нәтижелеріне сәйкес алынған мәліметтерге келетін болсақ, қазіргі кездегі әлеуметтік салалардың сан түрлі екендігін, алайда олардың ішінде тілдің *өміршеңдігі* мен *өмірлік қызметін* айқын көрсете алатын ірі және кіші салаларды таңдадық және статистикалық мәліметтерді талдау мен жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық зерттеулеріміздің нәтижелерін, қорытындысын таңдалған салалар бойынша жасадық (Кесте 20).

Кесте 20 – Тілдердің әлеуметтік қолданыс салалары

| Салалар                          | Кіші салалар   | Мақсаты мен қызметі   |
|----------------------------------|--|---|
| Әкімшілік-басқару саласы         | Облыстық басқару<br>Аудандық басқару   | Мемлекеттік тілдің әкімшілік-басқару саласы барлық қызметінде қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ету (қарым-қатынас құралы, ресми іс-қағаздарын жүргізу тілі және т.б.).   |
| Білім саласы                     | Мектепке дейінгі білім беру<br>Мектеп<br>Кәсіби-техникалық білім беру (колледждер)<br>Жоғары білім беру<br>Жоғары білім беруден кейінгі білім беру | Білім беру мен білім алу үдерісінің барлық деңгейлерінде қызмет ету.  |
| Өндірістік-шаруашылық саласы     | Мұнай саласы<br>Ірі, орта, кіші бизнес<br>Ауыл шаруашылығы   | Қарым-қатынас құралы, ресми іс-қағаздарын жүргізу, көрнекі ақпарат құралдары тілі ретінде қызмет ету.   |
| Бұқаралық ақпарат саласы         | Газеттер-журналдар<br>Радио мен теледидар<br>Интернет  | Ақпаратты жеткізудің негізгі құралы ретінде қызмет атқару.  |
| Іс қағаздарын жүргізу саласы     | Барлық салалардағы іс қағаздарын жүргізу   | Барлық ресми іс-қағаздардың тілі ретінде қызмет ету.  |
| Электронды қарым-қатынас саласы  | Телефонды байланыстар<br>Интернет: әлеуметтік желілер, сайттар   | Ақпаратты жеткізудің негізгі құралы ретінде қызмет атқару.  |
| Денсаулық сақтау саласы          | Клиникалық қызмет көрсету<br>Ауруханалық қызмет көрсету<br>Жедел жәрдем  | Қарым-қатынас, ақпаратты жеткізу құралы ретінде қызмет ету.   |
| Қаржылық қызмет көрсету саласы   | Банктер  | Клиенттермен қатынас құралы, қызмет көрсету тілі (банкомат, кезекке тұру талоны, түбіртек және т.б.) көрнекі ақпарат құралы, іс-қағаздарын жүргізу тілі ретінде қызмет ету. |
| Қызмет көрсету және сауда саласы | Дүкендер, сауда орталықтары, ірі сауда орындары, базарлар  | Қарым-қатынас, көрнекі ақпарат, ақпаратты жеткізу құралы ретінде қызмет ету.  |
| Мәдениет саласы                  | Кинотеатр қызметі, драмалық театрлар қойылымдары репертуары, филармониялардағы концерттер репертуары   | Қойылымдардың негізгі тілі, қарым-қатынас, көрнекі ақпарат, ақпаратты жеткізу құралы ретінде қызмет ету.  |

Қазақстанның батыс өңірінде ірі және саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени маңызы бар 4 (төрт) облыс орналасқан. Әр облыстың қарамағы бірнеше ауданды қамтиды. Батыс өңірдегі халықтың жалпы саны 3123644 адам. 2021 жылғы санақ бойынша батыс өңірдегі облыстарда бірнеше ірі мұнай-газ, кен өндіруші отандық және шетелдік компаниялар бар. Олардың жалпы саны – 15. Сонымен қатар батыс өңірдің ауылшаруашылығы да жақсы дамыған және елдегі

ауылшаруашылық өнімдерінің әр түрін өндіріп, өз облыстары мен көрші Ресей, Өзбекстан елдеріне де ауылшаруашылық өнімдерін жеткізіп отырады.

Осындай әлеуметтік-экономикалық маңызы зор өңірдегі тілдердің тоғысуы мен ол тілдердің өмірде қолданылуы жоғарыда көрсетілген салалардың өміріне тікелей байланысты екендігін атап айттық.

*Әкімшілік-басқару саласының қызметі* Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарындағы, басқа да мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы қызметтің барлық деңгейдегі жұмысында және іскерлік қарым-қатынас саласындағы іс қағаздарын жүргізуде айрықша мәнге ие.

Батыс өңірдегі 4 облыстың әкімшілік-басқару саласында қазақ тілі мен орыс тілі қатар қолданылады. Облыстық, аудандық әкімдіктердің сайттары үш тілде, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, жасалған және үштілді ақпараттар беріліп отырады. Бұл жалпы өңірдің тілдік жағдаятына үшінші тіл болып, тұрақты компоненті ретінде ағылшын тілінің қосылуын көрсетеді. Әкімшілік-басқару саласындағы қызметкерлердің көпшілігі – қазақ-орыс тілдерінде жетік сөйлейтін мамандар және мамандар екі тілде іс қағаздарын жүргізе біледі.

*Білім саласы* қазіргі заманда өзінің қызметіне байланысты әлеуметтік қауымдастықты, қоғамның әлеуметтік институттарын, өзара әрекеттесуші адами факторларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар білім саласы қоғамды тұрақтандырып, оның интеграциялануына үлкен әсер етеді [161].

Білім саласындағы тілдің қызметі оның жаңа ой тудырып, ойлауды үйрете алатын, сонымен қатар шығармашылық ойлауды жаттықтыратын, дамытатын қасиетке ие болуымен қатар, оны тілді толықтырып, тілде жаңа ұғымдар мен жаңа терминдер, жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуының сарқылмас бұлағы деп айтуға болады [162].

Білім саласының кіші салалары мектепке дейінгі білім беру, орта білім, кәсіби-техникалық білім беру (колледждер), жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім беру болып ажыратылады.

Батыс өңірде барлығы 1167 мектеп бар. Ол мектептер қазақ (71%), орыс (4%) тілдерінде оқытады және аралас мектептер де (25%) бар. Орыс және қазақ тілдерінде оқытатын мектептердің саны жылдан жылға азайып келеді. Ауылдық жерлерде аралас мектептер мен бір тілде оқытатын мектептер саны басым. Аудан және облыс орталықтарында аралас мектептер мен қазақ және орыс тіліндегі мектептер бар. 2023-2024 оқу жылы мәліметі бойынша, Ақтөбе облысында барлығы 404 мектеп: 272 қазақ, 20 орыс және 112 аралас мектеп бар. Ал Батыс Қазақстан облысы аумағында 379 мектеп бар: 254-і қазақ мектебі, 19-ы орыс, 106-ы аралас мектеп болса, Атырау облысында барлығы 200 бар: оның 138-і қазақ тілінде, 4-і орыс тілінде, 58-і аралас тілде білім беретін мектеп. Маңғыстау облысында 184 мектеп бар, оның ішінде 164 қазақ, 5 орыс, 15 аралас тілдерде білім беретін мектептер қызмет көрсетіледі. Батыс өңір бойынша жалпы мектептер саны мен білім беру тілі бойынша мәліметті төменнен көруге болады (Кесте 21).

Кесте 21 – Батыс өңірдегі қазақ, орыс және аралас тілдерде білім беретін мектептердің сандық көрсеткіші

| Облыстар               | Қазақ тіліндегі мектептер | Орыс тіліндегі мектептер | Аралас мектептер |
|------------------------|---------------------------|--------------------------|------------------|
| Ақтөбе облысы          | 272                       | 20                       | 112              |
| Атырау облысы          | 138                       | 4                        | 58               |
| Батыс Қазақстан облысы | 254                       | 19                       | 106              |
| Маңғыстау облысы       | 164                       | 5                        | 15               |
| Барлығы:               | 828                       | 48                       | 291              |

*Өндірістік-шаруашылық саласын* біз мұнай, ірі, орта, кіші бизнес нысандары деп негізгілерін ғана ажыраттық. Өйткені көптеген шаруашылық нысандары тек қана аталған қызмет түрінде жұмыс жасап жатыр. Бұл саланың тілдерді қолданудағы ерекшеліктері бар және олардың қызметі арнайы бөлек зерттеуді қажет ететіндігін көрдік. Дегенмен, бүгінде бұл салада қазақ тілі құжаттар тілінде сөйлеп, қолданыстағы тіл орыс тілі екендігін, ал ағылшын тілі халықаралық өндірістік-шаруашылық компанияларда өзара құжат алмасу және шетелдік қызметкерлер тілі ретінде қолданыста екендігін анықтадық.

*Бұқаралық ақпарат саласы* ақпараттық, идеологиялық, танымдық, білім беру, жарнамалық қызмет атқарады. Бұл саланың тілді қолдау мен дамыту, тарату қызметі мен рөлі тіптен ерекше. Өйткені бұл құрал тұрғындардың барлық бөлігін қамтып, олардың ақпараттық қажеттіліктерін өтеп отырады. Біртұтас ақпараттық кеңістік тұжырымдамасы тіл динамикасын тану үшін маңызды мәнге ие болып табылады. Сондықтан да қазіргі ғылымда ешқандай мемлекеттік шекарасы болмайтын және сезілетіндей кедергілері жоқ осындай виртуалды салаларда көптеген терминдер мен атаулар бар: ақпараттық кеңістік, ақпараттық орта, ақпараттық ая, медиаорта, медиаландшафт, инфосфера [163]. Қазіргі медиаландшафт тілдерге де өз әсерін тигізеді. Соның ішінде қазақ тілі бүгінгі күні ақпараттық құралдар арқылы көптеген жаңа лексикалық бірліктермен толығып жатыр. Өйткені газет-журналдар мен радио, теледидар саласы ашық жүйе, олар бүгінде кез келген адамға қолжетімді және телефон құралымен де кез келген газет-журнал, радио теледидар каналдарының сайтына кіріп, керек ақпаратты тауып оқып, көре алады. Осы орайда батыс өңірдегі қазақ тіліндегі ақпарат құралдарының саны мен сапасын және ол жердегі тілдердің қолдану рангтерін айқындап қана қоймай, оған жан-жақты талдау жасайтын зерттеулер өз кезегін күтеді.

Төрт облыстың Тілдерді дамыту басқармаларынан алынған ресми деректерге сәйкес Ақтөбе облысы бойынша газет-журналдардың жалпы саны - 9, олардың ішінде апталық 2 газет тек орыс тілінде басылса, 2 газет тек қазақ тілінде басылып шығады. Облыс аумағында 2 жергілікті телеарна мен 2 радиостанция екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) ақпарат таратады. БҚО аумағында БАҚ жалпы саны – 85, оның ішінде 14-і қазақ тілінде, 14-і орыс тілінде, 30-ы қазақ және орыс тілдерінде, 27-сі үш тілде ақпарат таратады. Атырау облысынан алынған деректер бойынша 2 радиостанция, 4 телеарна, 27

газет-журнал, оның 14-і қазақ тілінде, 10-ы орыс, 3-і қазақ, орыс тілдерінде басылады. Маңғыстау облысында 3 телеарна, 2 радиостанция бар. Облыста 8 газет-журнал басылып шығады, оның ішінде 2-і орыс тілінде, қалғандары қазақ тілінде екені белгілі болды. Біздің тарапымыздан облыстар аясында шығарылатын газет-журналдар мен таратылатын радио-теледидар каналдарының саны анықталып төмендегідей етіп орналастырылды (Кесте 22).

Кесте 22 – Батыс өңірдің бұқаралық ақпарат саласында тілдердің қолданылуы


| Облыстар               | Газет-журналдар |              |             | Радио және теледидар каналдары |              |             |
|------------------------|-----------------|--------------|-------------|--------------------------------|--------------|-------------|
|                        | Қазақ тілінде   | Орыс тілінде | Басқа тілде | Қазақ тілінде                  | Орыс тілінде | Басқа тілде |
| Ақтөбе облысы          | 7               | 2            | -           | 4                              | 4            | -           |
| Атырау облысы          | 17              | 10           | -           | 4                              | 2            | -           |
| Батыс Қазақстан облысы | 25              | 25           | 27          | 4                              | 4            | -           |
| Маңғыстау облысы       | 6               | 2            | -           | 3                              | 2            | -           |
| Барлығы:               | 55              | 39           | 27          | 15                             | 12           | -           |

Сонымен төрт облыста 112 газет-журнал, 8 радио, 19 телеарна бар екен. Солардың ішінде қазақ тіліндегі БАҚ саны Батыс Қазақстан облысында басым болса, орыс тіліндегі БАҚ саны жағынан да осы облыста көбірек.

*Іс қағаздарын жүргізу саласы* әлеуметтік лингвистикада мемлекеттік, құқықтық, шаруашылық, мәдени сипаттағы барлық құжаттардың түрі деп қарастырылады. Іс қағаздарын жүргізу саласын басқарудың маңызды бөлшегі деп қараумен қатар, қоғамдық және оның әлеуметтік өмірдің қозғаушы күші болып табылатындығын да ескеріп отыру керек. Өйткені кез келген қоғам мүшесіне ресми, жеке құжаттарды толтыру қажеттігі туындайды. Сондықтан құжат тілін мемлекеттік тілде толтыруды білгендері де жөн. Сонымен қатар іс қағаздарын жүргізу саласы адам қызметінің маңызды саласы ретінде өзінің жеткілікті деңгейде дамуына қарамастан, әдеби тілдің ерекше нұсқасын қолданатын маңызды функционалдық сала болып табылады [164].

Батыс өңірдегі барлық мемлекеттік органдар қазақ тілімен қатар орыс тілінде де іс қағаздарын жүргізеді. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында әрбір тұрғын құжатты толтыру үшін қазақ және орыс тіліндегі арнайы бланкілерді пайдалана алады. Ал мемлекеттік басқару органдары түгелдей дерлік екі тілде құжаттар жүргізеді. Алайда тұрғындар арасында жүргізілген сауалнамада халықтың басым көпшілігі қазақ тілінің іс қағаздарын жүргізу саласында қолданылуы орыс тіліне қарағанда төмен және аз екендігін айтқан. Бізді бірінші кезекте мемлекеттік тілдің әкімшілік-аумақтық басқару; бұқаралық ақпарат құралдары; жоғары, кәсіптік-техникалық және орта білім беру; мәдениет; шаруашылық қызмет; іс қағаздарын жүргізу және іскерлік хат алмасу;

тұрмыстық қызмет көрсету және сауда; әлеуметтік желілер мен интернет сайттары; сот және сот ісін жүргізу; денсаулық сақтау және медицина; құқық қорғау органдары мен құқықтану салаларында қалай, қаншалықты қолданылатыны қызықтырды. Келесі суретте респонденттердің пікірінше, қазақ тілін қолданудың неғұрлым кең тараған салалары әкімшілік-аумақтық басқару саласы (38%), жоғары және орта білім беру саласы (18%) мен бұқаралық ақпарат құралдары саласы (15%) екені көрсетілген. Мемлекеттік тілдің ең аз қолданылуы іс қағаздарын жүргізу және іскерлік хат алмасу (2%), денсаулық сақтау және медицина (1%) және құқық қорғау органдары мен құқықтану (1%) салаларында көрсетілген (Сурет 10).



Сурет 10 – Мемлекеттік тілдің әлеуметтік салалардағы қызмет көрсетуі (қолданылуы)

*Электронды қарым-қатынас саласын* ғаламтор желісіндегі әлеуметтік желілер, сайттар арқылы зерттеуді жөн көрдік. Телефон байланыстарын зерттеу аса қиындық туғызбағанымен, ол саладағы тілдердің қызметін анықтау және олардың әлеуметтік-психологиялық лингвистикалық қырларын ашып, айқындау, сипаттау кешенді және толыққанды зерттеуді керек етеді. Біздің тарапымыздан электронды қарым-қатынас саласындағы тілдердің қолданысын батыс өңірдегі ресми сайттардағы ақпараттардың берілуі арқылы анықтадық. Біріншіден, облыстық әкімшіліктер мен аудандық әкімшіліктер сайттары қаралды, олардағы берілген ақпараттардың үш тілде бірдей берілетіндігін айқындадық. Сонымен қатар кез келген мемлекеттік органның сайттарын қарағанда, олардың да үш тілде ақпарат беретінін көрдік.

*Денсаулық сақтау саласын* емханалық қызмет көрсету, ауруханалық қызмет көрсету, жедел жәрдем қызметі деп кіші салаларға бөлдік. Батыс өңірде 154



емхана мен аурухана бар. Соның ішінде әр облыс бойынша 47-сі ауылдық фельдшерлік пункт. Аталмыш салада дәрігерлердің, соның ішінде, жас қазақ дәрігер мамандардың бүгінде ауру тарихын қазақ тілінде жазуға тырысатынын байқадық. Алайда әлі де болса аталған салада орыс тілі басым болып табылады. Мемлекеттік емханалар мен ауруханалардың сайттары қазақ және орыс тілдерінде жасақталып, ақпараттар екі тілде берілген.

*Қызмет көрсету және сауда саласының* кіші салалары ретінде дүкендер, сауда орталықтары, ірі сауда орындары, базарлар алынды. Көрсетілген саладағы қолданылатын негізгі тіл қазақ және орыс тілдері болып табылады. Айта кететіні, аталған саладағы тілдердің қолданысы қалыпты болғанымен, лингвистикалық, психологиялық және әлеуметтік лингвистика, дискурстық талдау тұрғысынан қызығушылық тудыратын тілдік фактілер көптеп кездеседі. Бұл салада тіл білімі тұрғысынан кешенді зерттеулер жүргізілгені дұрыс.

*Мәдениет саласын* кинотеатр қызметі, драмалық театр қойылымдары репертуары, филармониялардағы концерт репертуарлары арқылы зерттедік. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұсынған 2022 жылғы статистикалық деректерге сәйкес, батыс өңірде бүгінгі күні 7 драма театры мен 25 кинотеатр, 7 филармония бар. Олардың репертуарлары мен қойылымдарын талдай келе, мынадай нәтиже алдық: Ақтөбе облысының кинотеатрларында мемлекеттік тілде 59, орыс тілінде 258, өзге тілдерде көрсетілім болмаған. БҚО кинотеатрларында мемлекеттік тілде 268, орыс тілінде 585 кино көрсетілген болса, Атырау облысы кинотеатрларында мемлекеттік тілде көрсетілген кинолар саны – 126, ал орыс тілінде – 364 екені анықталды. Маңғыстау облысы кинотеатрларында қазақ тілінде – 467, орыс тілінде – 1093 кинофильм көрсетілгені белгілі болды. Театр бойынша 2023 жылдың 9 айында Х. Бөкеева атындағы қазақ драма театрында қазақ тілінде 65 қойылым қойылғаны белгілі болса, Островский атындағы драма театрда 25 қойылым орыс тілінде қойылған. Төмендегі кестеге сәйкес өңірде қазақ және орыс тілдерінде ғана концерттер, спектакльдер және кинолар көрсетілгенін, басқа тілдерде қойылымдар мүлдем жоқ екенін аңғаруға болады (Кесте 23).

Кесте 23 – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі мәдениет саласында тілдердің қолданылуы

| № | Облыстар               | Драма театрлар |              |             | Кинотеатрлар  |              |             | Филармониялар |              |             |
|---|------------------------|----------------|--------------|-------------|---------------|--------------|-------------|---------------|--------------|-------------|
|   |                        | қойылымдар     |              |             | кинолар       |              |             | концерттер    |              |             |
|   |                        | қазақ тілінде  | орыс тілінде | басқа тілде | қазақ тілінде | орыс тілінде | басқа тілде | қазақ тілінде | орыс тілінде | басқа тілде |
| 1 | Ақтөбе облысы          | 85             | 30           | -           | 59            | 258          | -           | 134           | 69           | -           |
| 2 | Атырау облысы          | 33             | 15           | -           | 126           | 364          | -           | 165           | 75           | -           |
| 3 | Батыс Қазақстан облысы | 65             | 25           | -           | 268           | 585          | -           | 234           | 128          | -           |
| 4 | Маңғыстау облысы       | 67             | 14           | -           | 467           | 1093         | -           | 145           | 20           | -           |
|   | Барлығы:               | 250            | 84           | -           | 920           | 2300         | -           | 678           | 292          | -           |

Сонымен, Қазақстанның батыс өңіріндегі халықтың өмірінде маңызы бар салалардағы тілдердің қолданысы мен олардың сандық-сапалық талдауын жасау барысында өңірде қазақ тілінің қазіргі кезде басымдыққа ие болып, өзінің әлеуметтік қолданысын кеңейтіп, өміршеңдік пен өмір сүру қызметі нығайып жатқан тіл екендігін дәлелдегенін айта аламыз. Алайда батыс өңірде орыс тілінің коммуникативтік қуатының мықты екендігін Ақтөбе және Батыс Қазақстан облысы, Атыраудың облыс орталығы мен кейбір аудан орталықтарының тілдік таңдауларынан және орыс тілінің тұрғындар арасында кең қолданылуынан көруге болады. Дәлел ретінде жүргізілген әлеуметтік сауалнамада 1456 респонденттің 32,1%-ы (467) «Жұмыста (сабақта) қай тілде сөйлейсіз?» деген сұраққа орыс тілін көрсетсе, «Әлеуметтік желілерде қай тілде тілдесуді қалайсыз?» деген сұраққа 44%-ы (641) орыс тілін таңдаған.

Қазіргі уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қандай әлеуметтік салаларда қызмет көрсететінін нақтылау үшін Қазақстанның батыс өңірінің тұрғындары арасында әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізілді. Сауалнама 2022-2024 жылдар аралығында Google формаларын қолдану арқылы өткізілді. Деректер IBM SPSS Statistics-23 бағдарламасы бойынша талданды. Сауалнамаға барлығы 1456 респондент қатысты. Бірінші кезеңде қатысушылардың келесі деректері: жасы, жынысы, ұлты, тұрғылықты жері, тұрғылықты жерінің түрі, әлеуметтік жағдайы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі нақтыланды (А қосымшасы).

Өңірлік бөлінісі бойынша сауалнамаға қатысушылар – Қазақстанның батыс өңірінің төрт облысының (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау) тұрғындары. Респонденттер тұрғылықты жерінің түрі бойынша екі топқа бөлінді: ауылдық және қалалық және респонденттердің осы негізде бөлінуі іс жүзінде біркелкі, бірдей. Жасы бойынша респонденттер: 17 жастан 25 жасқа дейін, 26 жастан 39 жасқа дейін, 40 жастан 65 жасқа дейін, 66 жастан жоғары болып 4 негізгі топқа бөлінді. Сандық тұрғыдан ең көп қатысқан респонденттер тобы – 17 жастан 25 жасқа дейінгілер (56,7%). Жынысы бойынша респонденттер біркелкі емес екі топқа бөлінді: қатысушы әйелдердің саны ерлер санынан едәуір көп болды. Қатысушыларды осы жыныстық жағынан бөлу бойынша біркелкі бөлінбеуі әйелдердің ерлерге қарағанда, сауалнамаға белсенді қатысуға дайын болғанымен түсіндіріледі.

Респонденттерді ұлттық белгісі бойынша бөлу айтарлықтай әр алуан болды, себебі қатысушылар арасында келесі ұлттардың өкілдері бар: қазақтар, орыстар, украиндер, татарлар, беларустар, өзбектер және т.б. Алайда, сандық аспектіде қазақтар тобы (89%) барынша көп қатысқан, бұл Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының ұлттық белгісі бойынша бөлінуінің нақты көрінісіне толық сәйкес келеді, себебі халық санағының статистикалық деректерінде де осындай көрсеткіштер берілген. Бұдан басқа респонденттер іріктеуі әлеуметтік жағдай тұрғысынан әртүрлі болды. Сауалнамаға мемлекеттік қызметкерлер, медицина қызметкерлері, қызметшілер, педагогтер, студенттер, оқушылар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған субъектілер, зейнеткерлер мен жұмыссыздар қатысты. Сауалнамаға қатысқандардың арасындағы саны жағынан ең көбі – студенттер


(38,5%) мен оқушылар (26,9%). Сауалнамаға қатысушылардың жоғарыда көрсетілген белгілер бойынша бөлінуі төмендегі кестеде толығырақ келтірілді (Кесте 24).

Кесте 24 – Қатысушыларды белгілері бойынша бөлу

| Белгісі                   | Тобы                               | Саны | Арақатынасы |
|---------------------------|------------------------------------|------|-------------|
| Жасы                      | 17-25                              | 825  | 56,7%       |
|                           | 26-39                              | 289  | 19,9%       |
|                           | 40-65                              | 335  | 23,0%       |
|                           | 65 және одан жоғары                | 7    | 0,5%        |
| Жынысы                    | Ер                                 | 288  | 19,8%       |
|                           | Әйел                               | 1168 | 80,2%       |
| Ұлты                      | Қазақ/қазақ әйел                   | 1295 | 89,0%       |
|                           | Орыс/орыс әйел                     | 119  | 8,2%        |
|                           | Украин/украин әйел                 | 13   | 0,9%        |
|                           | Татар/татар әйел                   | 17   | 1,2%        |
|                           | Беларус/беларус әйел               | 2    | 0,1%        |
|                           | Өзбек/өзбек әйел                   | 3    | 0,2%        |
|                           | Басқа                              | 10   | 0,5%        |
| Тұрағылықты жері (облысы) | Батыс Қазақстан                    | 353  | 35,1%       |
|                           | Ақтөбе                             | 261  | 25,9%       |
|                           | Атырау                             | 198  | 19,7%       |
|                           | Маңғыстау                          | 194  | 19,3%       |
| Тұрғылықты жерінің түрі   | Қалалық                            | 475  | 47,2%       |
|                           | Ауылдық                            | 531  | 52,8%       |
| Әлеуметтік жағдайы        | Мемлекеттік қызметкер              | 117  | 11,6%       |
|                           | Педагог                            | 271  | 26,9%       |
|                           | Медқызметкер                       | 18   | 1,8%        |
|                           | Өзін-өзі жұмыспен қамтыған субъект | 36   | 3,6%        |
|                           | Жұмыссыз                           | 26   | 2,6%        |
|                           | Студент                            | 109  | 10,8%       |
|                           | Оқушы                              | 387  | 38,5%       |
|                           | Зейнеткер                          | 18   | 1,8%        |
|                           | Қызметші                           | 24   | 2,4%        |


Сауалнамаға қатысушыларды қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі бойынша бөлу назар аударуға тұрарлық. Жауаптардың «еркін сөйлеймін» деген нұсқасын респонденттер, көбінесе, орыс тіліне (66,5%) және ағылшын тіліне (27,9%) қатысты таңдаған, ал өзінің қазақ тілін білу деңгейін барынша жоғары бағалаған респонденттер көрсеткіші тек 1% ғана. Сонымен қатар қазақ тіліне қатысты «еркін сөйлеймін және оқимын» деген жауапты таңдаған қатысушылар саны да барынша көп (69,8%), бірақ орыс және ағылшын тілінде еркін сөйлей және оқи алатынын, бірақ тиісінше жаза алмайтынын көрсеткендер саны тек 3,2% және 3,1% ғана, яғни аз көрсеткіш көрсетті. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері респонденттердің орыс және қазақ тілдерін өте жоғары деңгейде меңгергендерін көрсетеді, бұл Қазақстандағы қазақ-орыс қостілділігінің жалпы көрінісіне сәйкес келеді, оны басқа зерттеушілер де өз

еңбектерінде атап өтеді [105, р. 219]. Сауалнаманың негізгі бөлігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызмет көрсету салаларында қолданылуын анықтауға арналды. Сауалнамаға қатысқандардың едәуір көп бөлігі ағылшын тілін жетік білмейтінін көрсеткен: респонденттердің 21,4%-ы «Едәуір қиналып болса да, түсіндіре аламын» нұсқасын таңдаған, 8,7%-ы ауызша сөйлеуді аздап түсінетінін және 23,5%-ы сөздікпен оқи алатынын таңдаған. Сауалнамаға қатысқандардың 15,4%-ы ағылшын тілін білмейтіндерін көрсетті, бұл көрсеткіш қазақ (5,6%) және орыс тілін (3,5%) «Білмеймін» деген жауапты таңдағандармен салыстырғанда едәуір көп. Сауалнамаға қатысушылардың үш тілді меңгеру деңгейіне қатысты жауаптардың нұсқаларын төмендегі деректерден көруге болады (Сурет 11).




Сурет 11 – Респонденттердің тілдерді меңгеру деңгейі

Сауалнаманың келесі сұрақтары тұрмыстық сала, кәсіби сала, достық саласы, виртуалды сала (әлеуметтік желілер) сияқты түрлі әлеуметтік салалардағы тілдік артықшылықтарды анықтауға арналды. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, осы салалардағы, әсіресе, үйде (82%) және достарымен (72,1%) бейресми қарым-қатынастағы негізгі тілі қазақ тілі екені анықталды. Кәсіби ортада орыс тілінің рөлі біршама артып келеді, бірақ қазақ тілінен әлдеқайда төмен (тиісінше 32,1% және 64,7%). Әлеуметтік желілерде қазақ тілінің қолданылуы басым (53,4%), бірақ орыс тілі қарым-қатынастың баламалы құралы ретінде жиі қолданылады (44%). Респонденттердің пікірінше, ағылшын тілі осы салалардың барлығында да өте сирек қолданылады екен (Сурет 12).




Сурет 12 – Әлеуметтік салалардағы қарым-қатынас тілін таңдау көрсеткіші

Сауалнаманың келесі сұрақтары әдебиет және БАҚ саласында үш тілдің қолданылу ерекшеліктерін анықтауды мақсат етеді. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес теледидар мен радио саласының орыс және қазақ тілдерін қолдануы іс жүзінде тең сипатталады: сауалнамаға қатысқандардың 47,22%-ы сұраққа жауап беру үшін орыс тілін таңдаса, респонденттердің 45,33%-ы қазақ тілін таңдаған. Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының басым бөлігі публицистикалық әдебиетті орыс тілінде (52,49%), кәсіби және көркем әдебиетті қазақ тілінде (тиісінше 54,17% және 53,08%) оқуды жөн көреді екен. Сондай-ақ қазақ тілі публицистикалық әдебиетті оқуда (43,24%), ал орыс тілі публицистикалық және көркем әдебиетті оқуда (тиісінше 43,24% және 45,03%) жиі таңдалатын артықшылық екені көрінеді. Респонденттер ағылшын тілін жауап ретінде аталған барлық салаларда өте сирек таңдаған, бірақ ол теледидар мен радио саласында ең көп көрсетілген (7,45%). Ағылшын тілі көркем әдебиетті оқу үшін сирек қолданылады (1,89%). Осылайша қазақ және орыс тілдері аталған салаларда маңызды, ал кейде іс жүзінде бірдей рөл атқаратыны байқалады. Қазіргі уақытта Қазақстанның батыс өңірі тұрғындары арасында әдебиет және БАҚ салаларында ағылшын тілінің айтарлықтай көп қолданылмайтыны көрінді. Бірақ бұл салаларда, әсіресе кәсіби, публицистикалық және көркем әдебиетте ағылшын тілін қолдану өте қиын екенін жоққа шығаруға болмайды. Осы салаларда шет тілін еркін қолдану үшін, бұл тілді меңгерудің өте жоғары деңгейі қажет, ал сауалнама нәтижесі бойынша ағылшын тілін жоғары деңгейде білетін респонденттердің саны аз болды (Сурет 13).




Сурет 13 – Әдебиет пен БАҚ саласындағы тілдік таңдаулар

Қазіргі уақытта интернеттің кең таралуына және виртуалды қарым-қатынас саласы рөлінің артуына байланысты бізді сауалнамаға қатысушылардың интернет сайттарына қай тілдерде және қаншалықты жиі кіретіні және интернеттен ақпарат іздеу үшін қай тілді жиі қолданатындары да қызықтырды. Қазақстанның батыс өңірінің тұрғындары арасында өткізілген сауалнама нәтижелері бойынша тұрақты негізде сайттарға орыс тілінде (30,82%) жиі, қазақ тілінде (16,5%) және ағылшын тілінде (6,26%) сирек кіретіні анықталды. Респонденттер интернет сайттарына орыс тілінде (40,06%) жиі, қазақ тілінде (26,24%) және ағылшын тілінде (18,19%) сирек кіреді. «Кейде» деген жауап нұсқасын қазақ және ағылшын тілдеріндегі сайттарға кіретін респонденттер жиі таңдаған (тиісінше 43,44% және 43,24%). Бір қызығы, сауалнамаға қатысқандардың 32,27%-ы ешқашан ағылшын тіліндегі сайттарға кірмепті. Осылайша, Қазақстанның батыс өңірі тұрғындары орыс тілді сайттарға жиі кіріп, қазақ тіліндегі сайттарды балама нұсқа ретінде пайдаланылатыны анықталды. Интернет сайттары саласында ағылшын тілі әлдеқайда сирек қолданылады: респонденттердің көпшілігі ағылшын тіліндегі сайттарға, кей кездері ғана кіретінін немесе ағылшын тіліндегі сайттарға ешқашан кірмейтінін айтып жауап берген (Сурет 14).



Сурет 14 – Интернет сайттарындағы тілдердің қолданылуы

Білім беру саласындағы тілдік таңдауларға қатысты ақпаратты нақтылау үшін респонденттерге өз балалары үшін қай оқыту тіліндегі балабақшаны, орта мектепті және жоғары немесе кәсіптік-техникалық білім беру мекемесін таңдайтыны (немесе таңдаған болатыны) туралы сұрақ қойылды. Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, бастауыш және жоғары білім беру деңгейлерінде мемлекеттік тілде оқытуға басымдық беріледі (тиісінше 53,68% және 48,41%). Респонденттер арасында орыс тілінде оқытуды таңдағандар сирек: өз балалары үшін бастауыш және орта білім беруді орыс тілінде оқытуды респонденттердің шамамен 11%-ы, жоғары білім деңгейін орыс тілінде оқытуды - 23,76%-ы таңдаған. Үш тілде білім беру (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту) орта мектеп деңгейіндегі басым бағыт болып табылады (52,78%). Үш тілде білім беретін бастауыш білім беру деңгейін таңдағандар саны – ең көбі (35,29%), жоғары білім деңгейін таңдау (27,83%) – аз сұранысқа ие таңдау. Айта кететіні, үштілді оқыту моделіне артықшылық беру қажет дейтіндер үлесі төмен деңгейді 27,83%-ды, ал оқыту тілі ретінде орыс тіліне артықшылық беру керек деп санайтындар 23,76%-ды құрайды. Осылайша мемлекеттік тіл саясаты қолдайтын үштілді білім беру қазіргі уақыттағы біз зерттеп отырған өңірде сұранысқа ие бола бастаған оқыту түрі деген қорытынды жасауға болады (Сурет 15).



Сурет 15 – Білім беру саласындағы оқыту тілін таңдау

Қазақстанның батыс өңірінің тұрғындары арасындағы сауалнама деректеріне және батыс өңірдегі тілдердің әлеуметтік қолданыс салаларындағы статистикалық материалдарға және жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, мемлекеттік тіл әкімшілік-аумақтық басқару, жоғары және орта білім беру, тұрмыстық, кәсіптік, достық салаларында көбірек қолданысқа ие екендігін көреміз. Әдебиет пен БАҚ салаларында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде қолданылатындығы анықталса, виртуалды ортада қазақ тілі, негізінен, әлеуметтік желілердегі тілдесу тілі ретінде қолданылады, алайда интернет сайттарды пайдалану мен ақпарат іздеу кезінде қазақ тілі орыс тілінен төмен дәрежеде қолданылады. Аталған салаларда ағылшын тілі қазақ және орыс

тілдеріне қарағанда аз қолданылады. Бастауыш және жоғары білім беру саласында мемлекеттік тілге басымдық берілсе, орта білім беру саласында үштілді білім беруге артықшылық беріледі. Осылайша Қазақстанның батыс өңірінде мемлекеттік тілдің рөлі артып келе жатқандығы байқалады, ал ағылшын тілінің ұлтаралық және халықаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлі әлі де айтарлықтай төмен деген тұжырым жасадық.

### **2.3 Батыс өңірі қалаларының эпиграфикасының әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы**

Қалалар эпиграфикасы – қала көшелеріндегі тақтайшаларға жазылған атаулар мен жарнамалар, үй қабырғаларына және басқа нысандардың беттеріне жазылған сөздер мен оларды сипаттайтын суреттер. Қалалар эпиграфикасының ерекшелігі тілдік ландшафттарды зерттеу арқылы анықталады. Ал тілдік ландшафттарды зерттеуде қалалық кеңістікте жазбаша тілді қолданудағы тіл саясаты мен тәжірибесі арасындағы арақатынастар айқындалады. Тілдік ландшафттағы жазбалар әртүрлі тілде жазылған, белгілі бір тілдік топтардың мақсат-мүдделерін көздейтін, сол топта қолданылатын тілдің басымдығын көрсетеді. Тілдік ландшафт қалалардағы атаулардың тілдік ерекшелігін, оның ішінде, ресми және бейресми атаулар мен мәтіндердің жиынтығын қамтиды. Ресми атауларға көше атауы бар тақтайшалар, жол белгілері, ақпараттық тақталар, ескерткіш тақталар белгілері, коммерциялық маңдайша атаулары, афишалар, билбордтар жатса, бейресми белгілерге хабарландырулар, граффитилер, плакаттар жатады.

Қалалар эпиграфикасын зерттеу қала көшелеріндегі жазбалардың белгілі бір тілді дамытуға немесе ол тілдің ішкі құрылымының бұзылуына әкеліп жатқан факторларды, яғни «тілдік вандализмді» болдырмау жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған мәселе нақты бір өңірдегі тілдік жағдаяттың компонентін құрайды, өйткені мұндай тілдік құбылыстар белгілі бір тілдің қызметін кеңейтсе, бір тілдердің қолданыс аясын тарылтып жатады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әлеуметтік қолданысы жағынан қалалық кеңістік саласы ерекше қызығушылық тудырады. Жұмысымыздың осы бөлімінде Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаятын кешенді зерттеудің компоненті ретінде Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының тілдік ландшафтқа жүргізілген сапалық талдау нәтижелері сипатталды. Қалалық кеңістік саласына жүргізілген талдаудың зерттеу нысаны – бұл жергілікті коммерциялық кәсіпорындар деп түсінілетін эргоурбонимдер. Зерттеуіміздің материалы ретінде 2ГИС (<https://2gis.kz/>) онлайн базасынан алынған Қазақстанның батыс өңірінің төрт қаласының эргоурбонимдері туралы ресми ақпарат қолданылды. Олардың негізгі қызметі – жеке тұлғаларға коммерциялық негізде тауарлар мен қызметтерді ұсыну. Эргоурбоним термині адамдардың іскерлік бірлестігінің кәсіпорны ретіндегі *эргоним* [165] мен қалалық кеңістіктің нысаны ретіндегі *урбоним* [166] сөздерінің тіркесімінен тұрады. Зерттеу үшін халыққа қызмет көрсететін коммерциялық нысандардың атаулары алынды. Олар: қоғамдық тамақтану нысандары (дәмханалар, мейрамханалар), сауда нысандары (дүкендер, сауда орталықтары), дәріханалар, стоматологиялық



клиникалар мен сұлулық салондары.

Эргоурбонимдер бірнеше белгілер бойынша сипатталады. Номенклатуралық терминге байланысты эргоурбонимдердің үш дәрежесі ажыратылады: жоғары, орта, төмен [167, с. 8]. Номенклатуралық терминді көрсету қажеттілігі жоғары дәрежелі эргоурбонимдерді бөлек қолдануға болмайды, өйткені олардың семантикасы ашық емес және адресат үшін түсініксіз болады (мысалы, *Bazilik, Эльдорадо, САФАРИ, Айсберг* мейрамханасы мен дәмханасы; *Мягкие лапки, Sugar Dream* сұлулық салондары; *Antivirus* дәріханасы). Номенклатуралық терминді көрсетудің орташа қажеттілігі бар эргоурбонимдер өз атауында мекеменің қызметі туралы мәліметтерді көрсетеді (мысалы, *Хачапури Grill house, Izmir kebab, Pizza La Roma, Рыбный магазин, Студия ногтевого сервиса, ALIMOVA BROWS, Asi Nailstylist, Yasina cosmetics*). Төмен дәрежелі эргоурбонимдерді номенклатуралық терминсіз қолдануға болады, өйткені олар мекеменің белгілі бір түрін, өнімін немесе қызмет саласын анық көрсетеді (мысалы, *Мир трикотажа, Цирюльня, СОМРОТЕ*).

Қалалық кеңістік нысандарының атауларында қолданылған тілдер саны бойынша біртүлді және көптүлді атаулар деп бөлуге болады. *Біртүлді атаулар* – Қазақстанның батыс өңірінің тілдік ландшафтында кеңінен таралған атаулар түрі. Олардың ішінде ағылшын (36,3%) және орыс (35,8%) тілдеріндегі мекемелердің атаулары жиі кездеседі. Коммерциялық мекемелердің атауларында қазақ тілі де айтарлықтай жиі қолданылады (23,1%). Сондай-ақ кейде (4,8%) басқа тілдерде: түрік, француз, итальян тілдеріндегі біртүлдік белгілер де кездеседі. Қазақстанның батыс өңіріндегі коммерциялық мекемелердің топтары бойынша біртүлді атаулардың таралуы төмендегі кестеде келтірілген (Кесте 25).

Кесте 25 – Біртүлді атаулар

|                        | Ағылшын тілі | Орыс тілі | Қазақ тілі | Басқа тіл | Барлығы |
|------------------------|--------------|-----------|------------|-----------|---------|
| Дәмхана, мейрамханалар | 82           | 83        | 48         | 45        | 258     |
| Дүкендер               | 64           | 124       | 132        | 6         | 326     |
| Дәріханалар            | 37           | 102       | 65         | 1         | 205     |
| Стоматологиялар        | 136          | 97        | 47         | 0         | 280     |
| Сұлулық салондары      | 185          | 91        | 28         | 15        | 319     |
| Барлығы                | 504          | 497       | 320        | 67        | 1388    |

Номинациялау тәсілдері бойынша коммерциялық мекемелердегі біртүлді атауларды келесідей топтарға бөлуге болады: 1) морфологиялық номинациялау тәсілдері арқылы құрылған біртүлді атаулар; 2) лексика-семантикалық номинациялау тәсілдері арқылы құрылған біртүлді атаулар; 3) лексика-синтаксистік номинациялау тәсілдері арқылы құрылған біртүлді атаулар; 4) арнайы номинациялау тәсілдері арқылы құрылған біртүлді атаулар.

Эргоурбонимдерді біртүлді атаулар арқылы морфологиялық номинациялау тәсілдеріне аффиксация (*Кроссы* дүкені, *Артечка* және *Витаминка* дәріханалары), сөз құрау (*Доброцен* және *АвтоМотоВело* дүкендері, *СтомАдент* и *DentArt*

стоматологиялық клиникалары, *Coffeeboom* дәмханасы, *Biopharm* және *GreenPharm* дәріханалары), ықшамдау (*Эконом* дәріханасы, *Ortodont Pro* стоматологиялық клиникасы), қысқарту (аббревиация) (*ЖДФ* дәріханасы, *VIP* сұлулық салоны) тәсілдері жатады [168].

Лексика-семантикалық тәсілдер арқылы құрылған коммерциялық қалалық нысандардың біртүлділік атауларының ең көп тарағаны – антропонимдер, яғни адамдардың есімдері. Антропонимдердің ішінен тарихи тұлғалардың немесе мифологиялық әйел құдайлардың есімдерін (*Хюррем* және *Нефертити* сұлулық салондары, *Афина* стоматологиялық клиникасы), әйгілі адамдардың есімдерін (*Гиппократ* және *Авиценна* дәріханалары), ертегі кейіпкерлерінің есімдерін (*Зубная Фея* стоматологиялық клиникасы, *Айболит* дәріханасы), батыс еуропалық әйел есімдерін (*Беатрис*, *Натали*, *Кармен*, *Изабель* сұлулық салондары), славян әйелдерінің есімдерін (*Настенька* дәмханасы, *Виктория* стоматологиялық клиникасы, *Светлана*, *Александра* сұлулық студиялары), шығыс әйелдері мен ер адамдарының есімдерін (*Гюльчатай* дәмханасы, *Азалия Альфия*, *Амина*, *Сәуле* сұлулық студиялары, *Ismail* стоматологиясы), дәрігерлердің немесе коммерциялық мекемелердің негізін қалаушылардың есімдерін (*Доктор Фазизовтың* стоматологиясы, *Р.Т.Ергалиева кабинеті*, *М.С. ШУЛПАНОВ* стоматологиясы, *М.Ш. Мурадымова стоматологиялық кабинеті*, *Венера Мартеновна Сапарова стоматологиялық кабинеті*, *Г.С. Гаджиев стоматологиялық кабинеті*, *Елена Горбунова тырнақ студиясы*, *Оксана Болашова сұлулық студиясы*, *Альбина Нұрғалиеваның кірпіктер шеберханасы*, *Снежанна Ким сұлулық студиясы*, *ANARA KIDRASHEVA* сұлулық салоны, *Ainur Volatbek* сұлулық салоны, *Saya Magzitova* сұлулық салоны, *Шашлычная дяди Гадим дәмханасы*, *Хачапурри тетушки Марико дәмханасы*, *Бальзамы Короткова* дәріханасы) бөліп қарауға болады.

Эргоурбонимдерге атау қою үшін антропонимдерді таңдау, көбінесе, осы атауларға қосымша мағына үстеуімен түсіндіріледі. Мысалы, дәріханалардың немесе стоматологиялық клиникалардың атауларында белгілі дәрігерлердің немесе ертегі кейіпкерлерінің есімдерін қолдану осы мекемелерге келушілердің сенімді көзқарасына, қарым-қатынасына әсер етеді. Сұлулық символы болып табылатын әйгілі патшайымдардың немесе мифтік құдай-аналардың есімдерімен негізделген сұлулық студияларының атауларында оң коннотациялар бар. Славян әйелдерінің есімдері, әдетте, дәстүр мен сапаның символы болса, шығыс әйелдері мен ер адамдарының есімдерінде жарқын ұлттық және этникалық құрамдас бөлік бар, ал батыс еуропалық әйелдердің есімдері сән-салтанат пен беделдің символы болып табылады. Кәсіпкердің немесе дәрігердің өзінің тегі мен атын мекеме атауына ашық қолдануы өзі көрсететін қызметтердің сапасына сенімді екенін білдіреді. Сондықтан иесінің аты бар стоматологиялық клиниканың, дәріхананың, дәмхананың немесе сұлулық салонының атаулары клиенттің сенімін оятады.

Біртүлді эргоурбонимдерді номинациялаудың лексика-семантикалық тәсілдеріне топонимияны (*Алма-Ата*, *БАКУ* мейрамханалары, *PuM*, *Bursa*, *MARMARIS*, *Bosphor*, *Istanbul*, *Romy Café*, *London* дәмханалары, *MONACO*, *Paris*, *Hollywood*, *Izmir Beauty Atyrau* сұлулық салондары), метонимияны (*Орхидея* гүл

дүкені, *Локон* шаштаразы, *АСПИРИН* дәріханасы), метафорлауды (*Инжу+*, *Жемчужина*, *Лаборатория улыбок*, *Rich Smile*, *Top Smile* стоматологиялық клиникалары, *Луч*, *Фиалка* сұлулық салондары, *Астра* дәріханасы, *Шоколад*, *Персик* сұлулық салондары), символдық номинацияны (*Стоматология 32*, *Dastarkhan* дәмханасы), екінші номинациялауды (шетелдік брендтердің атауын пайдалану: *Burger King*, *KFC*, *MEGA* және т.б.) жатқызуға болады [169]. Географиялық нысандардың атаулары (топонимдер) дәмханалар мен мейрамханалар үшін сапа мен дәстүрдің оң таңбаланған коннотацияларын, сондай-ақ сұлулық салондары үшін сұлулық пен сән-салтанат мәнін тудырады. Минералдардың атаулары бекемдікке, тазалыққа және жылтырлыққа қатысты қойылса, ал гүлдер мен жемістердің атаулары сұлулық пен денсаулыққа қатысты ұғымдар екенінен хабар береді.

Біртiлді эргоурбонимдерді номинациялаудың лексика-синтаксистік тәсілдеріне жұрттың бәріне бұрыннан таныс белгілі бір тіркестерден құралған атаулар жатады (*В нашем дворе*, *Мир колодок* және *Медовая лавка* дүкендері, *Мир улыбки*, *Сад долголетия*, *Стоматолог* и *Я* стоматологиялық клиникалары, *Компас Здоровья*, *От А до Я*, *Центр здоровой кожи* и *Семейная аптека* дәріханалары, *Вкус Востока*, *Старый замок*, *Белые паруса* дәмханалары) және сөйлемдерден тұратын атаулар (*I 'm young* дәмханасы, *Love is* сұлулық салоны, *I Dentist* стоматологиясы) жатады. Біртiлді эргоурбонимдерді номинациялаудың арнайы тәсілдеріне нөмірлеу жатады, мысалы: *№ 1 Хинкальная* дәмханасы, *Дәріхана 04*, *11-16-дәріхана*, *14-58-дәріхана*, *22-дәріхана*, *24 здоровья* дәріханасы, *Номери 5* дәріханасы, *M32*, *Dental 04*, *beautystudio.04* стоматологиясы, *GULDERMARKET04*, *Rastaurant bar 1869*, *32 Stomatologiiasy*). 04 нөмірлі эргурбонимдердің атауларда жиі қолданылуы коммерциялық мекемелердің байырғылығымен, яғни сол қалаға тиесілі екенімен түсіндіріледі. Мысалы, 04 – автомобильдерді нөмірлеуде Қазақстанның Ақтөбе өңірін білдіреді.

Қалалық коммерциялық нысандардың көптілді атауларына талдау жасау арқылы осы атаулардағы тілдердің қосымша мағыналары мен қызметтерін анықтауға мүмкіндік беретін уәждемелік белгілердің формалды және мазмұнды жақтарының көрінісі ретінде атаулар уәждемесінің ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік береді.

Соның ішінде, ағылшын тілі жаһанданумен, қазіргі заманмен, беделмен байланысты ассоциацияланса, ал қазақ және орыс тілдері дәстүрмен, адалдықпен, сеніммен, сапамен және сұлулықпен байланысты ассоциацияланады. Осы тұста коммерциялық нысан иелерімен жүргізген сұхбаттарымыздың үзіндісін келтіре отырып, орыс немесе ағылшын тіліндегі маңдайша жазбалары әдетте сұлулық пен сүйкімділік береді деген жауаптарды көп алдық:

- **Ұлтыңыз қандай?**

- Қазақ.

- **Мекеме атауын қоярда қандай тілдерді қолдандыңыз?**

- RERI (есім. Регина – лақап ат. Рери) – әйелдерге арналған сұлулық салоны. «Регина» есімі – латын тілінен аударғанда «патшайым», «императрица»,

«корольдік тұлға», сөзбе-сөз аударғанда «ханшайым» деген теорияны білдіретін болғандықтан, сұлулық салонына ең лайықты атау деп таптық. Регина есімді кішкентай қызымызды отбасымызда «Рери» деп еркелетеміз. Өзгелерде кездесе бермейтін ерекшелік беру мақсатында және қызымыздың құрметіне сұлулық салонымыз «RERI» атауын иемденді.

- **Латын әріптерімен жазылуының себебі неде?**

- Латын қарпімен жазу заман талабына сай, көрер көзге тартымды көрінеді. Сондықтан, логотип «Регина» атауының мағынасына сәйкес тәжбен жасалды. Бұл әдемілік әрі сүйкімділік береді.

Эргоурбонимдердегі **көптілді атауларды** талдау бізге Қазақстанның батыс өңірінің тілдік ландшафтындағы мемлекеттік тілдің (қазақ), екі халықаралық тілдің (ағылшын және орыс) көрінісін (ұсынылуын) анықтауға мүмкіндік берді. Талдау нәтижелері көрсеткендей, атауларда ең көп қолданылатын тіл – ағылшын тілі. Ағылшын сөздері немесе ағылшын тілі элементтері біздің іріктеп алған көптілді маңдайша жазбаларының барлығынан (95,8%) табылды десек болады. Зерттелетін тілдік ландшафтта қазақ және орыс тілдерінің араласып келуі өте сирек болып келеді, олардың тіркесімдері іріктеудің 15 жағдайында (3,5%) ғана кездеседі. Дегенмен көптілді маңдайша жазбаларында қазақ және орыс тілдерінің көрінуі айтарлықтай жоғары: тиісінше 56,6% және 43,4%. Жалпы алғанда, қазақ, ағылшын және орыс тілдері коммерциялық мекемелердің барлық түрлері арасында кең таралған. Кейбір дәмханалар мен мейрамханалардың маңдайшаларында өзбек және араб тілдеріндегі атауларды қолдану да кездесіп жатты. Қазақстанның батыс өңірінің 4 ірі қаласындағы коммерциялық мекемелерде қолданылған атаулардың тілдік тіркесімдері келесі кестеде берілген (Кесте 26).

Кесте 26 – Көптілді атаулар

| Тілдер               | Дәмхана,<br>мейрамханала<br>р | Дүкенде<br>р | Дәріханал<br>ар | Стоматологи<br>ялық<br>клиникалар | Сұлулық<br>салондар<br>ы | Барлы<br>ғы |
|----------------------|-------------------------------|--------------|-----------------|-----------------------------------|--------------------------|-------------|
| Ағылш.+қаз.          | 48                            | 69           | 30              | 32                                | 41                       | 220         |
| Ағылш.+ор.           | 58                            | 24           | 20              | 36                                | 40                       | 178         |
| Қаз.+ор.             | 2                             | 2            | 2               | 9                                 | 0                        | 15          |
| Қаз.+ағылш.          | 3                             | 1            | 1               | 4                                 | 1                        | 10          |
| +ор.                 |                               |              | 0               | 0                                 | 0                        | 1           |
| Ағылш.+өзб           | 1                             | 0            | 0               | 0                                 | 0                        | 4           |
| .                    | 4                             | 0            | 0               | 0                                 | 0                        | 3           |
| Араб.+<br>ағылш.     | 3                             | 0            | 0               | 0                                 | 0                        | 2           |
| Араб.+ор             | 2                             | 0            |                 |                                   |                          |             |
| Араб.+<br>ағылш.+ор. | 121                           | 95           | 53              | 82                                | 82                       | 433         |
| Барлығы              |                               |              |                 |                                   |                          |             |

Жергілікті тіл – сол аумақта тығыз шоғырланған этностар қолданатын ауызекі сөйлеу, этносшілік кейде этносаралық қазақ немесе орыс тіліндегі

қатынастарда қолданылады.

Соңғы жылдары әлеуметтік лингвистика мамандары көптілді ақпаратты маңдайша жазбаларына орналастыру тәсілдерін жіктеуге көп көңіл бөлген. Көптілді маңдайша жазбалары ақпаратты беру тұрғысынан да қарастырылып, мына типтерге ажыратылады:

- көшірме (дубликативті) типте берілген мәтіндегі ақпарат барлық тілде бірдей мағынада болады;

- фрагментті типте мәтіннің белгілі бір бөлігі ғана екінші тілде аударылып беріледі;

- гибридті типте мәтіннің ортақ бөлігімен қатар, әртүрлі ақпараты бар бөлігі де бірге беріледі;

- комплиментарлы типте екі тілде берілген мәтіннің мазмұнында әртүрлі ақпарат беріледі [169, р. 476].

Транслингвалды тәжірибелердегі әлеуметтік транслингвизм мен импрессионистік транслингвизм негізіндегі таксономия [170] бүгінгі күнгі әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысанына айналууда. Берілген таксономиядағы бірінші түрі визуалды кеңістіктің этнокөптілді және көпмәдениетті репертуарын ашатын фрагментті көптілділікпен байланысты болуы мүмкін; екінші түрі тілдердің инновациялық қолданылуын ашатын комплементарлы көптілділікпен байланысты болуы мүмкін.

Осы зерттеу шеңберінде көптілді ақпаратты ұйымдастыру тәсілі бойынша талдау жүргізу барысында көптілді маңдайша жазбалары қайталанатын – фрагментті және комплементарлы болып бөлінді [169, р. 480]. Бұл зерттеу транслингвалды тәжірибелерді болжайтын немесе импрессионистік транслингвизм деп аталатын комплементарлы түріне бағытталған еді [170, р. 99]. Өйткені комплементарлы көптілді тәжірибелерге іріктеулеріміздің көп бөлігі негізделген. Осындай көптілді тіркесімдердің тілдік формаларын ескере отырып, біздің іріктеулерге тән болып келетін транслингвалды комплементарлы тәжірибелерді түрлерге бөлдік. Талдау барысында көптілді хабарламаларда тілдердің қалай қолданылатыны, әртүрлі тілдердің тіркесімдерімен қандай мағыналар беретіні және осы тіркесімдерде тілдердің қандай рөл атқаратыны қарастырылды.

Көптілді маңдайша жазбаларындағы мәтіндерге жүргізілген талдау барысында алынған деректерді нақтылау үшін осы маңдайша жазбаларын жасаған коммерциялық мекемелердің иелерімен жүргізілген 30 жартылай құрылымдалған сұхбат жиналып, талданды. Сұхбат алуда этика талаптары сақталып, сұхбат алушылардан рұқсат алғаннан кейін жазылды. Респонденттердің таңдауы бойынша 18 сұхбат қазақ тілінде, 12 сұхбат орыс тілінде жүргізілді. Сұхбаттың орташа ұзақтығы 5-8 минутты құрады, ал жазылған мәліметтердің жалпы ұзақтығы 3,5 сағаттан асады. Сұхбат барысында мекеме атауларында қолданылатын тілдерге, осы тілдерді таңдау себептеріне және респонденттердің тілді меңгеру деңгейіне баса назар аударылды. Сұхбаттар бірнеше тілді қамтитын коммерциялық мекемелердің маңдайша жазбаларындағы тілдердің араласып қолданылғандағы мағыналары мен сөздердің немесе сөз тіркестерінің мәртебесін түсіндіріп талқылауға арналды (Б

қосымшасы). Орал қаласындағы коммерциялық нысан иелерінің бірінен алынған сұхбат үзіндісі:

- Өз ұлтыңыз?
- Ұлтым – қазақ. Орал қаласының жергілікті тұрғынымын.
- Коммерциялық нысан маңдайшасының жазбаларында қандай тілдер қолданылды?
- Латын әріптері мен ағылшын тілі қолданылды.
- Мекеменің атауының бұлай қойылуының басты себебі неде?
- Алдымен, біз бұл этно-кофейняға әртүрлі атаулар ұсындық. Бірақ, «auyz tea» атауын естіген кезде бір сәт балалық шақ есімізге түседі. Себебі, анам бала кезімде әрдайым қуыс үйден құр шықпа деген ұғымды есіме салып отыратын. Олай дейтіні, үйінің табалдырығын аттаған әрбір үй иесі нан ауыз тиіңіз, ақтан ауыз тиіңіз деп, өзінің қонақжайлылығын көрсететін. Сондықтан «auyz tea» атауы ерекше көрінді. Және «auyz tea» атауы заманауи, көпшіліктің назарын аударатын болғандықтан осы атауды таңдадық (Сурет 16).



Сурет 16 – Auyz tea гибриді сөзойнатымының үлгісі

Біздің іріктеулеріміз бойынша маңдайшалардағы көптілді ақпараттардың ұйымдастыру тәсіліне жасалған талдау нәтижесінде көшірме-фрагментті көптілді атаулары бар мекемелердің маңдайшалары мен комплементарлы көптілді атаулары бар маңдайшалар анықталды [169, p. 448-479]. Көшірме-фрагментті көптілді атаулар бірдей ақпарат екі тілде қайталанатын маңдайшаларда көбірек кездеседі. Мысалы: *шаптараз / парикмахерская; Қош келдіңіз / Добро пожаловать*. Маңдайша жазбаларының мұндай түрінің үлгісі ретінде – «Ай Луна» дәмханасының маңдайша жазбасын атауға болады (Сурет 17). Бұл жерде қазақша *ай* сөзі мен орысша *луна* сөзі бірдей көрсетілген. Бұл маңдайша жазбасында тек *луна* сөзі қайталанбайды. Қазақша «*ай*» сөзінің сол жағында орысша *кафе* сөзі, ал орысша «*луна*» сөзінің оң жағында қазақ тіліндегі *кафесі* сөзі орналасқан. Екітілді маңдайша жазбасының мағынасы туралы сұраққа дәмхана қожайыны - ұлты қазақ азамат дәмхана Қазақстанда, Орал қаласында орналасқандықтан, атаудың бастапқы бірінші бөлігі – қазақ сөзі, ал «*Луна*» – орысша аудармасы екенін түсіндірді. Респонденттің айтуынша, атаудағы екі тіл Қазақстанның батыс өңіріне тән ұлтаралық қатынасқа байланысты қазақ тілділердің де орыс тілділердің де көңілінен шығу үшін берілген екен. Сонымен қатар екітілді атау дыбысталу тұрғысында жағымды екенін айтады.



Сурет 17 – Көшірме/фрагментті көптілді атау мысалы

Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт қаланың тілдік ландшафтына комплементарлы көптілді атаулар көбірек тән. Көптілділіктің бұл түрін араб, ағылшын, өзбек және орыс тілдерін тіркестірген «*KishMish*» дәмханасының маңдайша жазбасының үлгісінен көрсетуге болады (Сурет 18). Дәмхана иесінің ұлты – қазақ, Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстанмен шекаралас Ақтөбе облысының Шалқар ауданы Бозой селолық округінің тумасы. Оның айтуынша, дәмхана атауы өзінің сүйікті жемісі – дәні жоқ жүзім түрінен шыққан. *Киш-миш* – бұл мейіз дегенді білдіретін өзбек сөзі. Дәмхана иесі бұл атауды өзбек тілінде қызықты және әдемі естіліп, дыбысталатыны үшін таңдаған. Дәмхана иесі өзбек тілін өте жақсы меңгерген, аспаздарды Өзбекстаннан әкелген, ал дәмхананың ас мәзірінде өзбек тағамдары басым. Ал араб тіліндегі لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ деген (Ла ильяха илля Ллах, Алладан басқа құдай жоқ) сөз тіркесінен тұратын Исламның негізін қалаушы сөзді дәмхана қожайыны Құраннан алған, өйткені өзі ислам сеніміндегі адам және намаз оқиды екен [168, р. 397-398]. Яғни, бұл маңдайша жазбасындағы араб тілі ақпараттандыру қызметін көбірек орындайды: ол дәмханаға келушілерге бұл жерде халал тағам ұсынылатынынан хабар береді. Мекеменің түрі шай үйі болып табылады. «*Чайхана*» сөзі өзбек тілінде жиі қолданылады, бірақ бұл сөз басқа түркі тілдеріне де тән. Біз талдап отырған мекеме атаулары орыс тілінде жазылған, өйткені Ақтөбеде орыс тілді тұрғындар да көп. Ағылшын тілі (дәлірек айтсақ, латын әріпі) әртүрлі елдер мен мәдениеттердің өкілдеріне араб және өзбек тілдеріндегі жазбалармен танысуға мүмкіндік беретін халықаралық код ретінде қолданылады.



Сурет 18 – Комплементарлы көптілді атау үлгісі

Комплементарлы көптілді атаулар түрі біздің іріктеуде ең көп кездесетін атаулар түрі болып шықты. Талдау нәтижесінде комплементарлы көптілділіктің бірнеше түрлері айқындалып, олардың құрылымдық-мазмұндық топтары ажыратылды. Бірінші топқа сөзжасамдық гибридтеу жағдайлары жатады, мұнда мекеменің атауында сөзжасамдық байланыстар өзектендіріліп, әртүрлі тілдерден алынған компоненттер контрастының (кереғарлығының) экспрессивті әсері қолданылады. Сөзжасамдық гибридтеу тәсілі бір тілдің түбірлік морфемасы мен басқа тілдің деривациялық (сөзтудырушы) морфемасының эмоционалды-экспрессивті тіркесімі арқылы сипатталады. Мысалы, «*Балапанчик*» балалар киімі дүкенінің атауында *балапан* (цыпленок) деген қазақ тілінің түбірі мен орыс тілінің кішірейтіп-еркелететуді білдіретін – *чик* жұрнағы (Сурет 19) жалғанған. Бұл дүкеннің қожайыны – қазақ әйел, төрт баланың анасы. Оның айтуынша, ол бұл дүкенді бала күтімімен демалыста отырғанда ашқан. Дүкеннің атауы оның өз балаларына еркелетіп айтатын «*балапанчик*» сөзінен шыққан, бұл «*тауықтың балапаны*» дегенді білдіреді. Респондент бұл атауды екі түрлі тілмен байланыстырмайды, бұл сөзде екі тіл де бірге өмір сүріп, белгілі бір эмоционалды реңкті қамтитын ажырамас тұтастықты құрайды. Маңыздысы, дүкеннің маңдайшасында қазақ (*Балалар әлемі*) және орыс (*Сумка в роддом*) тіліндегі сөздерден басқа, келушілерді Инстаграм желісіндегі дүкен парақшасына бағыттайтын ағылшын тіліндегі сөз (*balapanchik\_aktobe*) жазылған.



Сурет 19 – Сөзжасамдық гибридтену мысалы

Графикалық гибридтену – бұл кіші және бас әріптердің графикалық тіркесімі және/немесе латын немесе кириллицаны кезектестіріліп орналастырылуы, сондай-ақ графемалар мен басқа кодтық белгілердің кеңістіктік (екі немесе үшөлшемді) орналасуы [140, с. 969]. Комплементарлы көптілділіктің бұл түрі, бір жағынан, адресаттың назарын аударады, ал екінші жағынан, олардың стилистикалық, лингвопрагматикалық әлеуетін ескере отырып, екі сөзді араластыру арқылы қосымша мағына береді. Атаулардағы басқа тілге ауысу сөздің ішінде («*Buter Брод*» дәмханасы, «*Заесть*» дәмханасы, «*VITamed*» дәріханасы, «*ABTOSHOP*» дүкені, «*ЯRмарка Retail*» дүкені) немесе сөздер арасында (Стоматология «*Dr. Әбілқайыр & Co*») болады. Сөздің соңында орыс тілінен ағылшын тіліне ауысатын жағдайларда кездеседі. Мысалы, соңғы



дауыссыз дыбыстың орнына қосарланған «f» әрпі қолданылады: «*ШашлыкоFF*», «*Ploff*», «*Kaiff*», «*КОНЬКОFF*» деген дәмхана атауларында осы жағдайды көруге болады. «*НоГти ПиЛки*» тырнақты сәндеу салонының маңдайша атаудынағы (Сурет 20) тілдер тіркесімінің мағынасын түсіндірген оның қожайыны - қаланың байырғы тұрғыны, қазақ әйелі орыс сөзіндегі *L* латын әрпінің қолданылуын былайша түсіндіреді: бұл ағылшын әрпі де, латын тіліндегі қазақ әрпі де болуы мүмкін. Кириллицадағы *Г* бас әрпі мен латын әліпбиіндегі *L* бас әрпінің тіркесімі жазылған сөздердің үйлесімін сездіріп, адресаттың назарын аудартатын белгілі бір визуалды суретті жасайды.



Сурет 20 – Графикалық гибридтену мысалы

Маңдайша атауларындағы комплементарлы көптілділіктің келесі түрі кириллицадан ағылшын тіліне бағытталған латын әліпбиіне («*Rahat*» дәмханасы, «*Bazilik*» мейрамханасы, «*Marafet*» сұлулық салоны, «*OBUVNOI Rai*» аяқ киім дүкені) немесе латын әліпбиінен кириллицаға («*Cumi*» дүкені, «*Селебрити*» сұлулық салоны, «*Нью Фарм*» дәріханасы, «*Мистер Дент*» стоматологиялық клиникасы) транслитерация арқылы толық ауысу. Бұл мысалдарда транслитерация арқылы басқа әліпбиге толық ауысқан кезде бір жазбаша жүйеден екіншісіне ауысу орын алады. Транслингвалды тәжірибелердің бұл формасының негізінде тілдік ресурстардың интеграциялануы және ағылшын-ұлттық диграфиясы жатыр [171]. Латын әліпбиімен берілген атаулар біздің іріктеуімізде жиі кездеседі. Мысалы, «*Testo*» дәмханасы, «*Koster*» дәмханасы, «*Trapeza*» дәмханасы, «*Fartuk*» дәмханасы, *Golos* дәмханасы, «*Beluga*» дәмханасы, «*Gurman*» дәмханасы, «*Lazurniy*» дәмханасы, *Chernika* дәмханасы, *Kaktus* дәмханасы, «*BALKON*» дәмханасы, «*Shafran*» мейрамханасы, «*Rozmarin*» мейрамханасы, «*Iris*» мейрамханасы, «*Zoloto*» мейрамханасы, «*Zamzam*» мейрамханасы, «*Zefir*» сұлулық салоны, «*SEREBRO*» сұлулық салоны, «*Lavka hudozhnika*» сұлулық салоны, «*PERSONA*» сұлулық салоны, *Blesk* сұлулық салоны, «*Krasivo*» сұлулық салоны, «*Grimerka*» сұлулық салоны, «*BRAVO*» сұлулық салоны, «*Kosmos*» сұлулық салоны. Респонденттер атап өткендей, кириллица әрпімен берілген ағылшын тіліндегі атаулар және де ағылшын тіліне бағытталған латын әрпімен жазылған атаулар көрнекірек, беделдірек болып көрінуімен қатар тұтынушыларға жоғары сапа, кәсібилік және заманауи технология сияқты ассоциация тудырады екен.

Тілдік гибридтену әртүрлі тілдердегі сөздер немесе сөз бөліктері тіркестірілген атаулардан ашық көрінеді. Мысалы, «*My tandir*», «*TANDIR HOUSE*» және «*Bauyrdaq Qazaq Fastfood*» дәмханалары, «*Keruen City*»,

«AQTOBE MALL» және «Алия Center» сауда орталықтары, «NAZY flowers» гүл дүкені және «Ademi Kids» балалар киімі дүкені, «I ' m Sulu», «NUR SKIN» және «NazBrows» сұлулық салондары, «OTBASYpharm», «Nurpharm» және «Aktau-Nur Farm» дәріханалары, «DOS SMILE», «Sapa Dent» стоматологиялық клиникалары, «DOS SMILE», «Sapa Dent», «Шуна DENT», «Роз-Али Dent» және «Арғын-Dent» дәріханалары атауларында араласып ағылшын және қазақ тіліндегі сөздер қабыса берілген. Ағылшын және орыс тілдері «Coffee Rai Black», «Myata/Мята Lounge», «Шушка Edition» және «The Doner науглях» дәмханалары, «Chado' s» және «Baby Rai» балалар киім дүкендері, «Rodnoi Barbershop» шаштаразы, «Royal stom», «Доктор DENT» және «Dr.Zub» стоматологиялық клиникалары атауларында қабыса берілген. Ағылшын және өзбек тілдері «The Bakhcha» мейрамханасының атауында араласады; қазақ және орыс тілдері «Нұр Стом», «Мунар Стом», «Нұржан стом», «Демеу-Стом», «Ақмаржан Стом» және т.б. стоматологиялық клиникалардың атауларында қолданылған. Мекемелердің атауында әртүрлі тілдердегі сөздердің немесе сөздер бөліктерінің көмегімен мағыналардың реңктері ойналатын, тілді ойнату (языковая игра) жағдайлары назар аудартады, мысалы, «ТИПА ГРАФ», «Шаурмания», «KAZBURGER», «ОстроWOK», «Angel-in-us coffee», «Salam Bro» дәмханалары, «ПИБ & КО» сыраханасы, «Dari life» дәріханалары және «Nogti точка», «DOMODY», «PRONOGTI», «Эгоист.Ка beauty studio» сұлулық салондары атауларындағы мағыналық реңктердің ерекше берілуі назар аудартады.

Гибридті сөзойнатым (шұбарланған сөз) жағдайлары ерекше қызығушылық тудырады. Мұнда олардың әртүрлі тілдердегі омонимдік компоненттерін оқшаулау арқылы қосымша мағыналар енгізілген. Гибридті сөзойнатымға байланысты келесі мысалдарды қарастырайық: «Зуб'ок» стоматологиясы, «ЖасStar» сұлулық салоны, «ZaMan» ерлер шаштаразы, «Balyq bar» және «AC's трактирь» дәмханалары. Өз сұхбатында «Зуб'ок» стоматологиялық клиникасының (Сурет 21) қожайыны, орыс ұлтының өкілі бастапқыда өз орталығын орыстың «Зубок» деген сөзімен атағысы келгені туралы айтты. Алайда, маңдайшаны таңдаған кезде, оған орыс тілінің -ок жұрнағына сәйкес келетін ағылшын тіліндегі OK сөзін жазу идеясы келеді. Ағылшын тілімен байланысын баса көрсету үшін ол латынның «O» және «K» әріптерін қолданып қана қоймай, оған қоса олардың алдына апостроф қосады.



Сурет 21 – Зуб'ок гибриді (аралас) сөзойнатымының үлгісі

«ЖасStar» сұлулық салонының қожайыны (Сурет 22) ұлты қазақ азамат

атауға қазақ (*жас*) және ағылшын (*star*) тілінің әріптерін не себепті қолданғанын түсіндірді. Ол ағылшын тілін тек фрагментті түрде меңгерсе де, оны маңдайша атауына қолданған. Өйткені ол бастапқыда шетелдік келушілерге бағдарланған екен. Сондай-ақ, қожайын нәтижеге риза екенін атап: «Бұл мекемеге қытайлар мен ағылшындар көп келеді», - дейді. Қазақ және ағылшын тілдерінің тіркесіміне қатысты ол бұл атаудың «жастар» мағынасындағы қазақ сөзі ретінде естілетінін нақтылады. Ол үшін атаудың негізгі идеясы – қазіргі заман және жастармен байланыс. Ол тек тәжірибесі жоқ жас бозбалалар мен бойжеткендерді жұмысқа алатынын және мекеменің клиенттері де, негізінен, жастар екенін айтты.



Сурет 22 – *ЖасStar* гибриді сөзойнатымның үлгісі

*ZaMan* ерлер шаштаразының атауында үш тіл: ағылшын, қазақ және орыс (Сурет 23) тілдері қолданылады. Бір жағынан, қазақ тілінде «*zaman*» деген сөз бар, ол *уақыт*, *дәуір* дегенді білдіреді. Екінші жағынан, шаштараздың атауын орыс тіліндегі «*за*» демеулігі мен ағылшын тіліндегі «*man*» сөзінің тіркесімі ретінде түсіндіруге болады. Бұл мекеменің қожайыны, жергілікті жердің байырғы қазағы, бастапқыда оған *Man* деген атау бергісі келеді, бірақ атауда үш тілдің тіркесімі болуы оған жоғары шығармашылық көрінісі ретінде қабылданады екен. Атауды таңдауда ол бастапқыда ағылшын тіліне бағдарланған, өйткені бұл мекеме «Барбершоп», ер адамдардың шаштарын қиюға арналған. Атап кететіні, қожайын ағылшын тілін тек фрагментті түрде біледі, ол тілді арнайы үйренбеген. Респонденттің пікірінше, ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің тіркесімі мекеменің атауын көптілді тұтынушылар үшін тартымды етіп, назарын аударады.



Сурет 23 – «*ZaMan*» атауындағы гибриді сөзойнатымның үлгісі

Гибриді сөзойнатымға тағы бір мысал ретінде «*Balyqbar*» дәмханасының атауын алуға болады (Сурет 24). Дәмхана қожайыны жергілікті жердің байырғы қазағы, ағылшын тілін меңгермеген. Алайда дәмхана атауында ол қазақ және

ағылшын тілдерінің тіркесіміне негізделген сөздер ойынын қолданады. Бір жағынан, *balyqbar* - бұл «балық бар» деп аударылатын қазақ фразасының транслитерацияланған нұсқасы. Шын мәнінде, дәмхана балық пісіруге маманданған және балық түрлерінің барлығы дерлік дайындалып беріледі. Екінші жағынан, *bar* сөзі ағылшын тілінде де бар және *бар үстелиесі бар шағын мейрамхана* дегенді де білдіреді. Ал қазақ тіліндегі *balyq* сөзімен бірге балық мейрамханасы дегенді білдіреді. Респонденттің айтуынша, дәмхана атауы көптілді келушілерге бағытталған, бұл транслитерацияланған нұсқасының қазақ тіліндегі «*Қош келдіңіздер*» (*Qosh keldiniz*) (*Добро пожаловать*) фразасын және орыс тіліндегі (*добро пожаловать*) аудармасын қолданғанын растайды. Осы тұста осындай гибридті сөзойнатым мысалы ретінде «Janum soul» деген маңдайша атауы бар гүл дүкенінің иесінен алған сұхбат үзіндісін келтіруге болады:

- Ұлтыңыз қандай?

- Ұлтым – қазақ.

- Коммерциялық нысаныңыздың маңдайша атауында қандай тілдерді қолдандыңыз?

- Атауда ағылшын тіліндегі сөз бен латын әріптерімен жазылған қазақша сөзді қолдандым.

- Неліктен бұл тілдерді қолдандыңыз?

- Өйткені қазіргі кезде бедел мен заманауилықты білдіретін болғандықтан осы тілдерді таңдадым.

- Бұл тілдердің араласуы нәтижесінде болып отыр, мағынасын ашып түсіндіріп жіберсеңіз?

- Иә, атау екі тілдің бірігуінен жасалып отыр. «Janum» сөзі қазақтың «жаным» сөзін білдіреді. Тек латын әріптерімен қойдық. Ал «soul» сөзінің аудармасы «душа» яғни «жан» деп аударылады. Атау қазақша оқылғанда «Жаным сол» болып оқылады, бірақ негізгісі «душам менің» немесе «жүрегім» деген мағынаны білдіреді.

- Сіз өзге тілдің сөзін қосу арқылы жастардың бұл тілде емін-еркін сөйлей алатындықтан атадыңыз ба? Және сіздің ойыңызша жастарға түсінікті деп ойлайсыз ба?

- Иә, бұл атаудағы сөздер жастар арасында көп қолданылады. Біз атауға енгізбесек те, бұл сөздерді біледі деп ойлаймын. Түсінікті болу үшін, жеңіл жатталу үшін атауын осылай қойдым.



Сурет 24 – «*Balyqbar*» атауындағы гибридті сөзойнатымының үлгісі

*АС'с тракторь* дәмханасының атауы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінен алынған элементтерден тұрады (Сурет 25). Дәмхананың қожайыны, ұлты орыс азамат, мекеме атауының негізі ретінде тарихи болып табылатын және бұрынғы трактаттағы асханаларды атау үшін қолданылған орыс тілінің көне «*тракторь*» деген сөзін таңдаған. «АС» элементінің екіжақты түсіндірмесі болуы мүмкін: қазақ тілінде «ас» сөзі «тамақ», ал орыс тілінде «бірінші дәрежелі ұшқыш немесе жүргізуші» дегенді білдіреді. Сондай-ақ атауда апостроф пен ағылшын тіліндегі ілік септігінің грамматикалық «'s» формасына ұқсайтын «с» әрпі қолданылған. «Дәмхананың атауын қай тілге жатқызуға болады?» деген сұраққа респондент: «Ешқандай тілге жатпайды, бұл жалпы, ортақ тіл, былайша айтқанда, жинақталған фольклор», - деп жауап берді. Бұл атаудағы гибридтілік әртүрлі тілдердегі элементтердің тіркесімі арқылы ғана емес, сонымен қатар бір тілдің әр алуан элементтерін қолдану арқылы жасалған [172, с. 149]. Именительный падеждің ескірген грамматикалық формасы болып табылатын *ь* (*ерь*) әрпін әдейі қолдану, өткенге сілтеме бағыттап, тұрақтылық, дәстүрлердің сақталуына, сапа көрсеткіштері болып табылады, ұқсастырылатын Ресей империясының [173, с. 138] естелігін жаңғыртады.



Сурет 25 – *АС'с тракторь* атауындағы гибридті сөзойнатымының үлгісі

Қазақстанның батыс өңірінің тілдік ландшафты белгілі бір ерекшеліктерімен сипатталады. Коммерциялық нысан атауларының мазмұнын сапалық зерттеу және коммерциялық мекеме иелерімен сұхбаттасу нәтижесі қалалық кеңістіктегі көптілді ақпараттарды құру және түсіну үшін барлық қолданылатын тілдерді еркін меңгерудің қажеті жоқ екенін көрсетті. Көбіне қалалық кеңістікте ағылшын, орыс, қазақ, өзбек және араб тілдерінің толық формалары емес, олардың жекелеген тілдік формалары (фрагменттері) өзара әрекеттеседі. Тиісінше Қазақстанның батыс өңірі қалаларының тұрғындарына қалалық ландшафттың көптілді хабарламаларын дұрыс түсінуі үшін Я. Бломмаэрт «ықшамдалған» деп көрсеткен шектеулі, «үзінді тілдерді» (біздің жағдайымыздағы ағылшын, араб немесе өзбек) білу жеткілікті [46, р. 8-9]. Яғни бұл өңірдің тілдік ландшафтына «ықшамдалған» көптілділік тән екенін білдіреді.

Зерттеу нәтижелері қазіргі коммерциялық нысан атауларын жасауда ағылшын тілі маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазақстанның батыс өңірі қалаларының ландшафтында ол ақпараттық емес, символдық қызметін атқарады. Символдық қолдану ағылшын тіліндегі компоненттері бар хабарламаларда

заманауилықтың, жоғары сапаның, инновацияға ұмтылудың, технологиялық алға жылжудың, бедел мен мәртебенің және т.б. оң таңбаланған коннотациялардың пайда болуына әкеледі [83, р. 300]. Сонымен қатар ағылшын тілі белгілердің есте сақталуын және ақпараттың тартымдылығын арттыру арқылы назар аударту үшін қолданылады [70, с. 289]. Ағылшын тілі Қазақстанның батыс өңірінде қарым-қатынастың ұлтшілік құралы ретінде әлі қолданыла қоймағанына және оны жеткілікті дәрежеде меңгермеген адамдар ағылшын тіліндегі мәтіндердің нақты мағынасын түсінбеуі мүмкін екеніне қарамастан, ол орындайтын қосымша қызметтердің нәтижесінде туындайтын әлеуметтік-психологиялық мағыналар қалалық кеңістіктің көптілді дискурсын анықтау және қабылдау үшін жеткілікті болып табылады [168, р. 397].

Заманауилықтың, техникалық алға жылжудың және т.б. белгілердің коннотациялары бар ағылшын тілімен қатар, Қазақстанның батыс өңірінің қалалық кеңістігіндегі коммерциялық мекеме маңдайшаларында қазақ, орыс, өзбек және араб тілдері қолданылады. Жүргізілген зерттеулер орыс тілінің элементтері бар қалалық нысандардың атауларында дәстүрді сақтау, тұрақтылық, сапа коннотациялары, сондай-ақ достық коннотациясы пайда болатынын көрсетсе, қазақ тілінің элементтерін қамтитын атаулар жергілікті және этникалық ерекшеліктерімен сипатталады. Араб және өзбек тілдері мәдени қызмет атқарады.

Комплементарлы көптілділіктің түрлері арқылы көрінетін транслингвалды тәжірибелердің түрлеріне келетін болсақ, біздің корпуста сөзжасамдық гибридтенудің ең көп таралған формасы – қазақ тіліндегі түбір сөздер мен орыс тілінің аффикстері жалғанған сөздер. Бұл заңдылықты бұрын басқа зерттеушілер Қазақстанда күнделікті қолданыстағы екітілді тәжірибеге барынша тән деп сипаттаған [105, р. 218-219]. Яғни біздің зерттеуіміздің іріктеуіндегі ағылшын тіліне жасалған қазақ немесе орыс аффикстері сөзжасам үдерісіне қызмет ету үшін негіз бола алмайды. Керісінше, ағылшын тілі көптілді қалалық маңдайша атауларын транслитерация және лингвистикалық гибридтену сияқты транслингвалды тәжірибелер, әсіресе, гибридті сөзойнатым арқылы еніп жатқанын көрдік.

Латын әліпбиімен қазақ, орыс, өзбек және араб тілдерін транслитерациялау арқылы жасалған атаулар да ерекше назар аудартады. Бұл жағдайларға З.Г. Прошина мен И.П. Устинова «латын әліпбиіндегі жалған ағылшын тілі» ("pseudo-English in Roman characters") деген анықтама береді [174, р. 43]. Бұл транслингвалды тәжірибенің ерекшелігі транслитерация көмегімен ағылшын тіліне бағдарланған латын әліпбиіне ауысқан кезде, жергілікті тілден (қазақ, орыс, өзбек немесе араб) ағылшын тіліне ауысудың міндетті емес екендігі. Зерттеушілердің пікірінше, мұндай мысалдардан біз тілдік қауымдастық мүшелері латын және орыс графикаларымен қатар келген тілдік бірліктерді кіріктіре атау жасау мүмкіндіктерінің жоғары екенін немесе кейде керісінше ағылшын тіліндегі сөздерді орыс графикасымен жазып, жақын қабылдауға ұмтылдырғысы келетінін, жатсынбай қабылдаса деген тілектен туындағанын көреміз.

Гибридті сөзойнатым жағдайларын «кодтық амбигуация» («code

ambiguation») [175] секілді билингвалды стратегия ұғымымен байланыстыруға болады, бұл байланысқа түскен тілдер арасындағы шекараны көмескі етіп көрсететін белгісіз тілдік мәртебесі бар бірліктерді әдейі жасауды білдіреді. Мысалы, «Зуб'ок» стоматологиялық клиникасының атауында графикалық манипуляция «-ок» деген орыс тілі жұрнағы және ағылшын тілінің «OK» лексемасының ерекшелігіне баса назар аударылады, соның арқасында қосымша оң таңбаланған мағына түзіледі және сөзойнатым пайда болады. А.А. Ривлина мұндай сөзойнатымға транслингвизмнің «тілдер арасындағы және тілдерден тыс» өңір ретіндегі сипаттамасына сәйкес лексеманың таңдалған бөлігінің бір немесе басқа тілге жататындығы туралы мәселені шешетін «сөздердің транслингвалды ойынының» бір түрі ретіндегі «транслингвалды сөзойнатымы» деген анықтама береді [47, p. 650]. Мұндай құбылыстарды «Balyq bar» дәмханасы, «ZaMan» ерлер шаштаразы және «ЖасStar» сұлулық салоны мысалдарынан байқауға болады, мұнда «bar», «man» және «star» компоненттерін қай тілге-ағылшын немесе қазақ тіліне жатқызуға болатыны көрер көзге анық емес, немесе «АС'с трактиръ» дәмханасының атауындағы «ac» компонентін қазақ тіліне де, орыс тіліне де бірдей жатқызуға болады. Сондықтан осындай мысалдарда біз «көмескіленген», «анықталмаған», интеграцияланған тілдік ресурстарды әдейі ойнатып қолдануды [51, p. 112], яғни транслингвалды шығармашылықтың немесе транслингвалды шығармашылық сөйлеу әрекетінің көрінісі ретіндегі «транслингвалды тілдік ойнатуды» көреміз. Я. Андроутсопулос жазбаша тілдегі транслингвалдық әрекетті «транскрипталанизм» («транс-сценарий») деп атайды [176].

Қорыта келе, Қазақстанның батыс өңірінің төрт ірі қаласының кеңістігіндегі коммерциялық мекеме мандайша атауларында қолданылатын негізгі тілдер мемлекеттік тіл – қазақ, ұлтаралық тіл – орыс және халықаралық тіл – ағылшын тілі болып саналады. Кейде көптілді атаулардағы араб және өзбек тілдеріндегі сөздер де мәдениеттердің символы болып табылады. Ағылшын тілі Қазақстанның батыс өңірінде белсенді қарым-қатынас құралына әлі айналмаса да және оны халықтың білуі көбінесе фрагментті (қысқартылған) болса да, батыс өңірдің тілдік ландшафтында кең таралуы және қолданылуының артуы оның тек шет тілі ретінде қабылданып қана қоймай, қалалық кеңістіктегі күнделікті қарым-қатынастың бір бөлігіне айналуына әкелуі мүмкін. Қолданылатын тілдер саны бойынша батыс өңірдегі қалалық коммерциялық нысандардың атаулары біртүлді және көптілді болып бөлінеді. Қазақстанның батыс өңірдің қалалық кеңістігінде бар қосымша мәндерді анықтау үшін біртүлді атаулар номинациялау тәсілдері бойынша жіктелсе, көптілді атаулар көптілді ақпаратты ұйымдастыру тәсілдері бойынша топтастырылады. Номинациялау тәсілдеріне сәйкес қалалық коммерциялық нысандардағы біртүлді атауларға жүргізілген талдау сол атаулардағы тілдердің қосымша мағыналары мен қызметтерін анықтауға мүмкіндік беретін уәждеменің ерекшеліктері туралы түсінік береді. Мысалы, ағылшын тілі жаһандануды, заманауилықты, бедел мен мәртебені көрсетсе, ал қазақ және орыс тілдері сақталатын дәстүрді, адамның адалдық қасиетін, сенімді, сапаны және сұлулықты білдіреді. Қазақстанның батыс өңірінің тілдік ландшафтын талдау транслингвалды тәжірибелердің әр алуан формалары туралы

түсінік береді. Зерттеу барысында қалалық дискурста қалалық коммерциялық нысандар атауларынан сөзжасамдық гибридтену үдерісінің динамикалық және шығармашылық формалары анықталды. Олар жаңа мағыналарды құруға ықпал етуде және тұтынушының назарын аудару құралы қызметін атқаруда. Тілдік ландшафт мәтіндеріне қатысты мұндай шығармашылық, көбіне әртүрлі әліпбилердің (латын және кириллица) кезектесуі, қазақ тіліндегі түбірге басқа тілдің эмоционалды аффикстерін қосу, қазақ, орыс тілді, кейде араб және өзбек тілді атаулардың транслитерациясы, сонымен қатар омонимдік компоненттерді оқшаулау арқылы қосымша мағыналар енгізіліп, ағылшын-орыс, ағылшын-қазақ және орыс-қазақ тілдеріндегі сөздердің сөзойнатымдары негізінде көрінеді. Сонымен қалалық коммерциялық нысандардағы көптілді атауларда қазақ тілінің элементтері бар атаулар жергілікті және этникалық ерекшелігімен сипатталады, сондай-ақ қазақ мәдениетін бейнелейді. Орыс тілді элементтер дәстүрмен, тұрақтылықпен, сапамен ассоциацияланып, достық коннотациясының бар екенін сипаттайды. Ағылшын тілі есте сақтауды және назар аударуды, тартымдылықты арттыру құралы ретінде қызмет етеді және заманауилықты, жоғары сапаны, инновацияға ұмтылушылықты, технологиялық алға жылжуды, бедел мен мәртебені білдіреді.

### **Екінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың даму үрдістерін өңірдегі тілдік және этнотілдік үдерістердің ерекшеліктерін айқындау, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің өңірдің әлеуметтік салаларындағы қолданылуын, өңір қалаларының эпиграфикасының әлеуметтік лингвистикалық сипатын айқындау арқылы қарастырдық.

Бүгінгі күні батыс өңірдің тілдік жағдаяты жалпы Қазақстандағы тілдік жағдаятқа ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер өңірдегі тілдердің қолданысы мен этностардың орналасу сипаты болып табылады. Батыс өңірдің тілдік жағдаятын талдай келе, оның басым тілдерін қазіргі кезде қазақ, орыс тілдері құрайтынын және тілдік жағдаятқа қарқынды түрде ағылшын тілінің де еніп жатқанын атауға болады. Тілдік жағдаятты зерттеу барысында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің бекіп, өңір тұрғындарының да қазақ тілін меңгеру деңгейінің өскені байқалды. Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарындағы өзге ұлт өкілдерінің 42%-ы қазақ тілін әртүрлі деңгейде меңгергендерін көрсеткен.

Зерттеудің сапалық әдістерін қолдана отырып, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы халық санағы және әлеуметтік лингвистикалық сауалнама нәтижелері, тілдердің әлеуметтік қолданыс салалары бойынша статистикалық мәліметтер негізінде Қазақстанның батыс өңірінің тілдік және этнотілдік жағдаятының ерекшеліктері қаралды. Халық арасындағы қазақтар санының өсуі және басқа түркі тілдес халықтар арасында таралу есебінен қазақ тілінің рөлінің артуы және өңірдегі барлық этнос өкілдері арасында ағылшын тілін меңгеру мен оған назар аудару деңгейінің өсуі анықталды. Мемлекеттік тілдің әкімшілік-аумақтық басқару, жоғары және орта білім беру, тұрмыстық, кәсіптік, достық салаларындағы басым рөлі айқындалып,



Қазақстанның батыс өңірінің төрт ірі қаласының кеңістігіндегі коммерциялық нысандардың маңдайшалары атауларындағы қазақ, орыс, ағылшын және басқа да тілдердің (өзбек және араб) қолданылу, қызмет ету және кірігу ерекшеліктері сипатталды. Өңірдің тілдік ландшафтында ағылшын тілінің жиі қолданылатындығы анықталды. Сапалық талдаудың нәтижесінде қалалық коммерциялық нысандардағы біртүлді және көптілді атаулардағы тілдердің қызметтері айқындалды. Қалалық коммерциялық нысан атаулары мәтіндерінде жаңа мағыналарды құруға ықпал ететін және тұтынушының назарын аудару құралы қызметін атқаратын көптілді маңдайшалардағы гибридтенудің динамикалық және шығармашыл формалары көрсетілді.

### **3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНДЕГІ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ**

Үшінші бөлімде студенттік микроқауымдастықтың тілдерді қабылдауы мен бағалауы, сондай-ақ Қазақстанның батыс өңірінің қазіргі тілдік жағдаятының ерекшеліктері айқын көрінетін сөйлеу тәжірибелері қарастырылады. Бұл бөлімде көптілді білім беретін университет студенттері арасындағы тілдік артықшылықтарды сандық зерттеудің, сондай-ақ студенттердің тұрмыстық тақырыптағы спонтанды ауызекі сөйлеулері негізінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылуы бойынша сапалық зерттеудің деректері пайдаланылады. Сонымен қатар бөлімде үш тілдің қызмет ету ерекшеліктерін анықтай отырып, Қазақстандағы тіл саясатын жақсарту бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар беріледі.

#### **3.1 Қазақстанның батыс өңірінің жоғары оқу орындарындағы көптілді оқытуды әлеуметтік лингвистикалық талдау**

Көптілді білім беру бағдарламаларының мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін кәсіби түрде меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Көптілді білім беру қағидаттары халықаралық еңбек нарығында университеттердің түлектерін бейімдеуге бағытталған. Көптілді білім беруде университеттің бірінші курсынан бастап оқу пәндерін кемінде 20% - екінші тілде оқыту (орыс тілінде бірінші болып білім алушылар үшін – қазақ тілінде, қазақ тілінде бірінші болып білім алушылар үшін – орыс тілінде), үшінші курстан бастап негізгі және бейіндік пәндер оқу циклдерінің кемінде 30%-ын ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылады.

Көптілді білім беру саласы – тілдік оқытуды қарқындету және үштілділікті қалыптастыру тұрғысынан болашағы бар сала. Өйткені бұл тілдік жағдаятты [177] мемлекеттік қазақ және халықаралық ағылшын тілдерінің коммуникативтік қуатын ұлғайту жағына қарай өзгертуге алғышарттар жасайды.

Диссертациялық зерттеуіміздің аясында көптілді білім беру саласындағы үш тіл қолданысының артықшылықтары мен қолданылу, қызмет ету ерекшеліктеріне әлеуметтік лингвистикалық талдау жүргіздік. Талдау жүргізу барысында Д. Ақынованың «Казахско-английские языковые контакты: кодовое переключение в речи казахов-билингвов» ғылыми еңбегінде қазақстандық білім беру кеңістігіндегі ағылшын тілінің орны мен рөлін айқындайтын экстралингвистикалық факторларды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасындағы қазіргі тілдік жағдаят пен тіл саясатына талдау жасау үшін жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық сауалнама сұрақтарына ішінара сүйендік [178]. Зерттеу барысында Қазақстанның батыс өңірінде оқитын көптілді білім беру топтарының студенттері арасында 2022-2023 жылдар аралығында «Google form» бағдарламасын пайдалана отырып, онлайн форматта әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізілді (В қосымшасы). Сауалнама деректері «IBM SPSS Statistics-23» бағдарламасы арқылы талданды. Сауалнамаға Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің, Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университетінің, Х. Досмұхамедов атындағы


Атырау университетінің және М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеттерінің «Биология», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Шет тілі: екі шет тілі», «Информатика», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Математика», «Мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесі», «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі», «Туризм», «Физика», «Химия» БББ бойынша көптілді білім алатын 2-4-курстарынан барлығы 400 студент қатысты. Тұрғылықты жері бойынша сауалнамаға қатысушылар Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт облыс (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау) тұрғындары болды. Сауалнамаға 19-24 жас аралығындағы білім алушылар қатысты. Респонденттердің басым көпшілігі (96,6%) – үш тілде оқитын 3 және 4-курс студенттері. Жынысы бойынша қатысушы қыздардың саны жігіттердің санынан екі есе көп. Бұл – сауалнамаға қатысушылар туралы жалпы мәлімет. Сауалнамаға қатысушыларды жоғарыда көрсетілген белгілер бойынша бөлу толығырақ мына кестеде көрсетілген (Кесте 27).

Кесте 27 – Қатысушыларды белгілері бойынша бөлу

| Белгісі                 | Топтары   | Саны | Арақатынасы |
|-------------------------|---|------|-------------|
| Жасы                    | 18  | 40   | 10%         |
|                         | 19  | 225  | 56,2%       |
|                         | 20  | 135  | 33,8%       |
| Жынысы                  | Ұл  | 135  | 33,8%       |
|                         | Қыз   | 265  | 66,2%       |
| Тұрғылықты жері (облыс) | Батыс Қазақстан   | 135  | 33,8%       |
|                         | Ақтөбе  | 63   | 15,8%       |
|                         | Атырау  | 101  | 25,2%       |
|                         | Маңғыстау   | 101  | 25,2%       |
| Курсы                   | 2   | 14   | 3,4%        |
|                         | 3   | 299  | 74,8%       |
|                         | 4   | 87   | 21,8%       |
| Университеті            | Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті                   | 100  | 25%         |
|                         | Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университеті | 100  | 25%         |
|                         | Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті                      | 100  | 25%         |
|                         | М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті                 | 100  | 25%         |

Респонденттерге жасынан, жынысынан, тұрғылықты жері мен оқу орнынан басқа, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру дәрежесін көрсету сұралды. Өз жауаптарында респонденттер, көбінесе, қазақ тіліне қатысты айтылымды, оқылымды, жазылымды және тыңдалымды еркін меңгергендігі туралы нұсқаларды таңдады, бұл көптілді топтардың студенттері арасында мемлекеттік тілді меңгерудің жалпы деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Орыс тілі үшін төрт дағдыны еркін меңгеру нұсқасы жиі таңдалды, дегенмен, сандық жағынан орыс тілі қазақ тілінен төмен болып шықты. Респонденттердің ең көп


саны жазылым қызметіне байланысты тілді меңгеру деңгейі туралы сұраққа жауап беру үшін орыс тілін таңдаған, ал орыс тіліне қатысты «қиналып жазамын, ойланбаймын» және «ойланбаймын және жазбаймын» жауаптарының саны қазақ және ағылшын тілдеріне қатысты сондай жауаптардың санынан асып түсті. Демек, орыс тілін жетік білмейтін студенттердің саны өте көп. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптарына сүйене отырып, ағылшын тілін де жетік білмейді, еркін меңгермеген деген қорытынды жасауға болады, өйткені «Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін еркін меңгердім» деген нұсқаны респонденттердің ең аз саны көрсеткен. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі төменде толығырақ көрсетілген (Сурет 26).



Сурет 26 – Тілдерді меңгеру деңгейі

Сондай-ақ бізге көптілді білім беру топтары студенттерінің тілді меңгеру деңгейін бағалаудың халықаралық жүйесіне сүйене отырып, ағылшын тілін қалай бағалайтынын бөлек білу қажет болды. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес (Сурет 27), респонденттердің көптілді топтарда оқитындарының көпшілігі (37%) өздерінің ағылшын тілін білу деңгейлерін орташа (Intermediate) деп анықтайды. Әрі қарай сауалнамаға қатысқандардың 23%-ы өздерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін бастапқы (Beginner) немесе орташадан төмен (Pre-Intermediate) деңгейде деп сипаттайды. Респонденттердің 12%-ы ғана ағылшын тілін меңгеру деңгейлерін орташадан жоғары деп санайды, ал 5%-ы жоғары деңгейге иеміз деп санайды. Осылайша, негізінен, көптілді білім беру топтарының студенттері өздерінің ағылшын тілін білу деңгейлерін жоғары бағаламайды. Бұл жағдай біз үшін Қазақстанның үштілді саясатында ағылшын тілінің халықаралық тіл

ретіндегі мәртебесін ілгерілету, алға жылжыту мәнмәтінінде ерекше маңызды деп есептейміз.



Сурет 27 – Респонденттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейі

Сауалнама сұрақтарының екінші бөлімі ағылшын тілінің рөлі мен мәртебесі және оның алға жылжуы, дамуы мемлекеттік тілдің мәртебесіне қалай әсер етуі мүмкін екені туралы болды. Әр сұрақтың 5 балдық Лайкерт шкаласына сәйкес жасақталған бірнеше жауап нұсқалары бар, олар 1 – толық келісемін, 2 – келісемін, 3 – келіспеймін, 4 – мүлдем келіспеймін және 5 – жауап беру қиын. Алынған нәтижелер «IBM SPSS Statistics-23» бағдарламасы арқылы талданды. Респонденттердің көпшілігі айтарлықтай (4-жауап) немесе көп (5-жауап) дәрежеде білім беру саласындағы ағылшын тілін ілгерілету саясатын және көптілді кадрларды ілгерілету саясатын мақұлдайтынын айтқан. Ағылшын тілін үйрену олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететініне, сондықтан бұл тілдің университетте оқыту тілі болуы керектігіне сенімді. Сондай-ақ респонденттердің көпшілігінің пікірінше, ағылшын тілін үйрену әлемдік академиялық қауымдастыққа қосылуға мүмкіндік береді және әлемдік ғылыми-зерттеу әдебиеттеріне қол жеткізуге жол ашады. Көптеген респонденттер жоғары білім беруде көптілділіктің дамуы ағылшын тілінің мәртебесін нығайтуға ықпал ететінін растайды. Екінші жағынан, «Ағылшын тілі қазақ тілі мен қазақтың ұлттық бірегейлігінің дамуына және қазақ тілі мен мәдениетінің болашағына қауіп төндіре ме?» деген сұрақтарда респонденттердің пікірлері екіге бөлінді: респонденттердің жартысына жуығы ағылшын тілі қазақ тілінің дамуына қауіп төндірмейді деп санаса, ал респонденттердің үштен бір бөлігі қауіптің бар екенін жоққа шығармайды деп таниды. Респонденттердің жауаптары келесі кестеде келтірілген (Кесте 28).


Кесте 28 – Ағылшын тілінің рөлі мен мәртебесі

| Жауаптардың нұсқалары  | 1<br>(мүлдем<br>келіспеймін) | 2<br>(келіспеймін) | 3<br>жауап<br>беру<br>қиын) | 4<br>(келісемін) | 5<br>(толық<br>келісемін) |
|--|------------------------------|--------------------|-----------------------------|------------------|---------------------------|
| 1. Мен білім беру арқылы ағылшын тілін насихаттау саясатын мақұлдаймын.                                  | 0<br>(0%)                    | 24<br>(6%)         | 10 (2,5%)                   | 106<br>(26,5%)   | 260 (65%)                 |
| 2. Ағылшын тілін үйрену еңбек нарығында университет түлегін бәсекеге қабілеттілікке бейімдейді.          | 0<br>(0%)                    | 44 (11%)           | 28<br>(7%)                  | 140<br>(35%)     | 188 (47%)                 |
| 3. Жоғары мектепте ағылшын тілін насихаттау әлемдік академиялық қауымдастыққа қосылуға мүмкіндік береді. | 0<br>(0%)                    | 14 (3,5%)          | 11 (2,8%)                   | 160<br>(40%)     | 215<br>(53,8%)            |
| 4. Ағылшын тілі әлемдік ғылыми-зерттеу әдебиеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.                      | 0<br>(0%)                    | 21 (5,3%)          | 11 (2,8%)                   | 116<br>(29%)     | 252 (63%)                 |
| 5. Жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігі үшін университеттерде оқыту тілі ағылшын тілі болуы керек.     | 7<br>(1,8%)                  | 80 (20%)           | 42<br>(10,5%)               | 151<br>(37,8%)   | 120 (30%)                 |
| 6. Мен көптілді кадрлар даярлау саясатын мақұлдаймын.  | 7<br>(1,8%)                  | 59<br>(14,8%)      | 39 (9,8%)                   | 205<br>(51,2%)   | 121<br>(30,3%)            |
| 7. Жоғары білім беру жүйесінде үштілділікті дамыту ағылшын тілінің ұстанымын нығайтуға әкеледі.          | 8<br>(2%)                    | 34 (8,5%)          | 38 (9,5%)                   | 199<br>(49,8%)   | 121<br>(30,3%)            |
| 8. Жоғары мектепте ағылшын тілін ілгерілету қазақ тілінің дамуы мен ілгерілеуіне кері әсерін тигізеді.   | 14 (3,5%)                    | 178<br>(44,5%)     | 44 (11%)                    | 133<br>(33,3%)   | 31<br>(7,8%)              |
| 9. Жоғары мектепте ағылшын тілін ілгерілету қазақтың ұлттық бірегейлігінің дамуына кері әсерін тигізеді. | 10 (2,5%)                    | 210<br>(52,5%)     | 41<br>(10,3%)               | 115<br>(28,7%)   | 24<br>(6%)                |
| 10. Ағылшын тілін ілгерілету қазақ тілі мен мәдениетінің болашағына қауіп төндіреді.                     | 54<br>(13,5%)                | 171<br>(42,8%)     | 34 (8,5%)                   | 110<br>(27,5%)   | 31<br>(7,8%)              |

«Қазіргі уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің табысты функционалды дамуы үшін құқықтық негіздер қалыптасты ма?» деген сұраққа ең көп таңдалған «Иә, толықтай» деген жауап болды. Респонденттердің пікірінше, қазіргі уақытта құқықтық негіздер қазақ тілі үшін (70,3%) және айтарлықтай дәрежеде орыс тілі (49,8%) мен ағылшын (45,8%) тілі үшін қалыптасқан. «Иә, қалыптасқан болуы керек» деген жауап ағылшын тіліне қатысты 33%-ы, орыс тіліне қатысты 39,3%-ы және қазақ тіліне қатысты 13,5%-ы таңдалған. Осылайша Қазақстанның батыс өңіріндегі университеттердің көптілді білім беру топтарында оқитын студенттер елдегі мемлекеттік тіл саясатының маңыздылығын дұрыс түсінеді деген қорытынды жасауға болады.


Сұрақтардың келесі тобы ағылшын тілін шет тілі ретінде үйренуге қатысты

болды. «Оқу барысында ағылшын тілінде кіммен сөйлесу керек?» деген сұраққа жауап берген респонденттердің көпшілігі (37%) оқытушыларды көрсеткен. Ал әріптестермен (22%), достармен (21%) және ана тілінде сөйлейтіндермен (18%) деп көрсеткен жауаптар қатысымдық тұрғысынан бір-біріне жақын үлестерді көрсетті. Бұл оқыту үдерісінде студенттердің қарым-қатынас, сөйлесу шеңбері айтарлықтай әртүрлі екенін, айтылым және тыңдалым сияқты сөйлеу әрекеттерін сәтті игеруге ықпал етуі керегін көрсетеді. Сұрақтың жауаптары төмендегі суретте келтірілген (Сурет 28).




Сурет 28 – Респонденттердің оқу үдерісіндегі ағылшын тілінде сөйлесетін коммуниканттар көрсеткіші

«Ағылшын тілін білудің одан әрі кәсіби ілгерілеу үшін қаншалықты маңыздылығы бар?» деген сұраққа жауап ретінде (Сурет 29) респонденттердің жартысынан көбі жауаптардың (58%) «маңызды» нұсқасын таңдаған, ал үштен бірі (33%) «өте маңызды» нұсқасын таңдаған. Бұл көптілді топтардың студенттерінде ағылшын тілін шет тілі ретінде үйренуге деген ынтаның бар екенін растайды, өйткені ағылшын тілін білу мансаптық өсуге ықпал етеді деп ойлайды.



Сурет 29 – Респонденттердің кәсіптік мансап үшін ағылшын тілінің маңыздылығы туралы жауаптары


Әрі қарай студенттерге ағылшын тіліндегі маңызды сөйлеу дағдыларын таңдау ұсынылды (Сурет 30). Респонденттердің көпшілігі айтылым (39%) және оқылым (35%) сияқты сөйлеу дағдыларын таңдады. Атап өтетіні, тыңдалым мен жазылым айтарлықтай аз таңдалды (сәйкесінше 16% және 10%). Осыған сүйене отырып, кәсіби қызмет үшін ағылшын тілінде сөйлеудің маңызы зор (мысалы, ағылшын тілінде баяндама немесе презентация жасай білу және т.б.) екені, сонымен қатар оқылым шет тіліндегі сөйлеу әрекетінің маңызды қырларының бірі болып саналатыны (мысалы, жаңалықтардың қысқаша мазмұнын, ақпараттық хаттарды, журналдардағы немесе газеттердегі және т.б. мақалаларды оқу) туралы қорытынды жасауға болады.



Сурет 30 – Респонденттер үшін ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларының маңыздылығы



Респонденттерге «Қазіргі ағылшын тілін білу деңгейлерін арттыру қажет деп санай ма?» деген сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың абсолютті көпшілігі (93%) ағылшын тілін білу деңгейлерін жақсарту керек деп жауап берді. Сауалнамаға қатысқандардың тек 7%-ы ғана өздерінің ағылшын тілі деңгейі оқу мен жұмыс үшін жеткілікті деп санайды. Келесі сұрақта біз сауалнамаға қатысушылардан оларға шет тілін үйрену не үшін қажеттігін нақтыладық. Ең көп таңдалған жауап (64%) - ағылшын тілі жаңа ақпарат береді және ой-өрісіміздің дамуына ықпал етеді деген пікір болды. Респонденттердің 26%-ы жеке тұлғаның беделін және өзіне деген сенімділігін арттыру үшін ағылшын тілін үйрену қажет екеніне сенімді. Бұл сұрақтың жауаптарымен төмендегі суреттен танысуға болады (Сурет 31).




Сурет 31 – Респонденттер үшін шетел тілін үйренудің қажеттілігі

Сұрақтардың келесі тобы ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйрену кезінде туындайтын қиындықтармен байланысты болған. «Ағылшын тілін жетік білмегендіктен қиындықтарға тап болған кездер болды ма?» деген сұраққа респонденттердің 17%-ы «әрқашан» деп жауап берген, респонденттердің 37,8%-ы «жиі» деген жауап нұсқасын таңдаған, 32%-ы «сирек» және 4%-ы «ешқашан» деп жауап берсе, респонденттердің 9,3%-ы «жауап беру қиын» нұсқасын таңдаған. 26-кестеде респонденттердің ағылшын тілін үйрену кезінде қандай қиындықтарға тап болғаны және қандай дәрежеде тап болғаны туралы түсініктемелер берілген. Оқылым, респонденттердің пікірінше, ең аз қиындық туындататын сөйлеу әрекетінің оңай түрі. Бұл жауап нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың 28%-ы таңдаған. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың шамамен үштен бірі ағылшын тілінде оқылым мен тыңдалымды қиын емес аспектілер ретінде сипаттаған, ал респонденттердің ең көп саны ағылшын тіліндегі айтылымды сөйлеу қызметінің айтарлықтай қиын (51,7%) және өте қиын (28,5%) түріне жатқызған. Сауалнамаға қатысқандардың 44%-ы үшін жазылым айтарлықтай қиындықтар туғызатынын көрсетілген (Кесте 29).

Кесте 29 – Респонденттердің пікірі бойынша ағылшын тілін үйрену кезіндегі қиындықтар


| Нұсқалары | Өте қиын      | Айтарлықтай қиын | Қиын емес     | Оңай         | Өте оңай     | Жауап беру қиын |
|-----------|---------------|------------------|---------------|--------------|--------------|-----------------|
| Оқылым    | 31<br>(7,8%)  | 68<br>(17%)      | 149 (37,3%)   | 112 (28%)    | 27<br>(6,8%) | 13 (3,3%)       |
| Жазылым   | 28<br>(7%)    | 176<br>(44%)     | 98 (24,5%)    | 65 (16,3%)   | 20<br>(5%)   | 13 (3,3%)       |
| Тыңдалым  | 62<br>(15,5%) | 143 (35,8%)      | 129 (32,3%)   | 39 (9,8%)    | 27<br>(6,8%) | 0<br>(0%)       |
| Айтылым   | 114 (28,5%)   | 207 (51,7%)      | 51<br>(12,8%) | 22<br>(5,5%) | 6<br>(1,5%)  | 0<br>(0%)       |

Сонымен қатар әлеуметтік лингвистикалық сауалнамаға қатысушыларға Қазақстанда ағылшын тілін қызметі жағынан табысты нығайтудағы кедергілерін атау туралы сұрақ қойылды. Негізгі кедергі ретінде респонденттердің көпшілігі (40%) жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқулықтардың, оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігін атады. Келесі елеулі кедергілер ретінде (15%) сауалнамаға қатысушылар ағылшын тілін ілгерілетуді одан әрі нығайту жоспарында нақты қостілділіктің жоқтығын елемеуді және мемлекеттік қызметші-мамандар арасында қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға қажетті деңгейде ағылшын тілін меңгерген мамандардың жетіспеушілігін атап өтті. Респонденттердің 14%-ы Қазақстанда ағылшын тілін функционалдық жағынан неғұрлым табысты нығайтуға кедергі ретінде ағылшын тілін ғылыми-әдістемелік және сараптамалық қамтамасыз ету деңгейі төмен деген жауапты таңдады. Респонденттердің 10%-ы ағылшын тілінде шығарылатын теле- және радиохабарлардың, журналдардың, көркем және анимациялық фильмдердің санының аздығын және сапасының төмендігін көрсетті. Респонденттердің 6%-ы кедергі ретінде ағылшын тілін саяси үдеріске және мемлекеттік басқаруға белсенді енгізуге ықпал етпей жүрген саяси, басқарушы элитаның құлықсыз екендігін атады. Бұл сұрақтың жауаптары келесі суретте көрсетілген (Сурет 32).



Сурет 32 – Студенттердің пікірі бойынша ағылшын тілінің нығаюына әсер ететін кедергілер

Келесі сұрақтар тобы тілдердің мәртебесі сияқты маңызды мәселені қарастырады. «Ең мәртебелі тіл» туралы сұраққа жауап ретінде көптеген респонденттер (41%) ағылшын тілін атаған. Жауаптың таңдалуы бойынша екінші орында қазақ тілі тұр (37%). Орыс тілінің мәртебесі жоғары деп санаушылар 19%-ды құрайды. Ресеймен шекаралас өңірдегі көптілді білім беру топтарындағы студенттер арасындағы орыс тілінің мәртебесі халықаралық ағылшын және мемлекеттік қазақ тілдеріне қарағанда едәуір төмен. Мұндай нәтиже еліміздегі қазіргі заманғы мемлекеттік саясаттың Қазақстандағы осы екі тілді нығайтуға бағытталуымен байланысты болуы мүмкін. Респонденттердің жауаптары төмендегі суретте көрсетілген (Сурет 33).



Сурет 33 – Көптілді білім беру топтарындағы студенттердің қабылдауындағы тілдер мәртебесінің арақатынасы

Сұрақтардың келесі тобы қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің мәртебесін анықтауға арналған (Кесте 26). Сауалнамаға қатысқан көптілді білім беру топ студенттерінің басым көпшілігі қазақ тілі жалғыз мемлекеттік тіл болуы тиіс деген пікірге 25,5%-ы келіссе, 52,8%-ы толықтай келіседі. Сонымен бірге, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (49%) қазақ тілімен бірге мемлекеттік тіл мәртебесі орыс тіліне де берілуі керек деген тұжырыммен келіспейді. Алайда респонденттердің 24,5%-ы орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берілсін деген ойды алға тартқан. Ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тілі болып, қазақ және орыс тілдерінің мәртебесі бірдей болу керек деген тұжырым қарама-қайшы пікірлер тудырды: бұл тұжырыммен респонденттердің 39,5%-ы келісіп, 11,3%-ы толық келіскен, ал респонденттердің 34,5%-ы келіспеушілік танытса, 7,2%-ы толық келіспеушілік білдірген. Респонденттердің көпшілігінің пікірінше, қазіргі қоғамда толыққанды өмір сүру үшін Қазақстан тұрғындары үштілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі тиіс: бұл пікірге респонденттердің 37,8%-ы келіссе, 26,5%-ы толық келіскен. 26,5%-ы бұл тұжырымға келіспейді, бұл мемлекет белсенді түрде алға тартқан үштілділік саясатына қарамастан, оның шынайы өмірдегі маңыздылығын бәрі бірдей түсінбейтінін көрсетеді. Университетте оқу үшін көптілді бағдарламаны таңдаған студенттердің осындай жауаптары аталған мәселенің терең зерттеліп, себептерін айқындаудың қажет екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасындағы ағылшын тілінің рөлі туралы айта отырып, көптілді топтардың сауалнамаға қатысқан студенттерінің көпшілігі ағылшын тілінің елде барған сайын танымал болып келе жатқанымен (62,3%) келіседі және (18,8%) толық келіседі. Сондай-ақ сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі ағылшын тілін білу мәртебе, экономикалық тұрғыдан пайдалы, жақсы жұмысқа орналасуға және әлемдік қауымдастыққа қосылуға мүмкіндік береді деген пікірлермен келіседі. Респонденттердің көпшілігі ағылшын тілін білу олар үшін маңызды емес деген пікірмен келіспегенін көрсетті. «Ағылшын тілін оқытуды мектептің 2-сыныптан бастау керек» деген тұжырым қарама-қайшы пікірлер тудырды: респонденттердің 41%-ы бұл тұжырымға келіссе, респонденттердің 31,8%-ы келіспейтіндіктерін білдірген (Кесте 30).


Кесте 30 – Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің мәртебесі

| Нұсқалары   | 1 (мүлдем келіспеймін) | 2 (келіспеймін) | 3 (жауап беру қиын) | 4 (келісемін)  | 5 (толық келісемін) |
|---|------------------------|-----------------|---------------------|----------------|---------------------|
| 1   | 2                      | 3               | 4                   | 5              | 6                   |
| 1. Қазақ тілі жалғыз мемлекеттік тіл болуы тиіс                             | 16<br>(4%)             | 60<br>(15%)     | 11<br>(2,8%)        | 102<br>(25,5%) | 211<br>(52,8%)      |
| 2. Орыс тілі қазақ тілімен бірге мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы тиіс. | 44<br>(11%)            | 196<br>(49%)    | 13<br>(3,3%)        | 98<br>(24,5%)  | 49<br>(12,3)        |

## 30 – кестенің жалғасы


| 1  | 2            | 3              | 4            | 5              | 6              |
|--|--------------|----------------|--------------|----------------|----------------|
| 3. Қазақ және орыс тілдері бірдей мәртебеге ие болып, ал ағылшын тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болуы тиіс. | 29<br>(7,2%) | 138<br>(34,5%) | 30<br>(7,5%) | 158<br>(39,5%) | 45<br>(11,3%)  |
| 4. Қазақстанның әрбір азаматы үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) білуі тиіс.                                      | 27<br>(6,8%) | 106<br>(26,5%) | 10<br>(2,5%) | 151<br>(37,8%) | 106<br>(26,5%) |
| 5. Ағылшын тілін екінші сыныптан бастап оқыту керек.   | 19<br>(4,8%) | 127<br>(31,8%) | 18<br>(4,5%) | 164<br>(41%)   | 72<br>(18%)    |
| 6. Ағылшын тілінің барған сайын Қазақстандағы қызметтік беделі артып келеді.                                   | 7<br>(1,8%)  | 54<br>(13,5%)  | 15<br>(3,8%) | 249<br>(62,3%) | 75<br>(18,8%)  |
| 7. Ағылшын тілін білу мәртебе.   | 11<br>(2,8%) | 35<br>(8,8%)   | 15<br>(3,8%) | 192<br>(48%)   | 147<br>(36,8%) |
| 8. Ағылшын тілін үйрену экономикалық тұрғыдан тиімді.  | 7<br>(1,8%)  | 44<br>(11%)    | 8<br>(2%)    | 208<br>(52%)   | 133<br>(33,3%) |
| 9. Ағылшын тілін білу жақсы жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.   | 14<br>(3,5%) | 53<br>(13,3%)  | 12<br>(3%)   | 114<br>(28,5%) | 207<br>(51,7%) |
| 10. Ағылшын тілін білу әлемдік қауымдастыққа қосылуға мүмкіндік береді.  | 39<br>(9,8%) | 46<br>(11,5%)  | 12<br>(3%)   | 142<br>(35,5%) | 161<br>(40,3%) |
| 11. Ағылшын тілін білу мен үшін маңызды емес.  | 88<br>(22%)  | 176<br>(44%)   | 23<br>(5,8%) | 76<br>(16,8%)  | 46<br>(11,5%)  |
| Ескерту: 1 - мүлдем келіспеймін; 2 - келіспеймін; 3 - жауап беру қиын; 4 - келісемін; 5 - толық келісемін      |              |                |              |                |                |

Зерттеуімізде респонденттерден қазіргі Қазақстанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қаншалықты қажет екенін нақтылауды мақсат еттік. Респонденттердің пікірінше, барлық үш тіл қажет, дегенмен, қазақ тілі үшін «өте қажет» деген жауап ең көп таңдалған. Респонденттердің сұраққа толық жауаптары келесі суретте берілген (Сурет 34).




Сурет 34 – Респонденттер үшін тілдердің қажеттілік деңгейі

Сауалнамадағы келесі сұрақтар бөлігі ағылшын тілінің қолданылу, қызмет ету ерекшелігіне және онымен байланысты кодты алмастыру құбылысына арналды. Алдымен, біз респонденттерден көптілділік үдерісінің бір түрі ретінде кодты алмастыру құбылысымен қаншалықты таныс екенін нақтыладық (Сурет 35). Сонымен респонденттердің 38%-ы қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне ауысу немесе керісінше өзгеру олар үшін үйреншікті құбылыс, яғни оны өз сөйлеу тілдерінде қолданады деген пікірге келісетіндерін айтты. Сонымен бірге 46%-ы осы тұжырымға келіспейтіндіктерін, яғни олар үшін сөйлеудегі кодты алмастыру үйреншікті емес екенін білдірді. Сондықтан көптілді білім беру біршама студенттердің пікірінше, көптілділіктегі бір үдеріс ретіндегі кодты алмастыру сияқты құбылыспен таныс емес.



Сурет 35 – Студенттердің кодты алмастыру құбылысын білу дәрежесі


Көптілділіктің тіл мәртебесіне әсері туралы тұжырымдарға қарама-қайшы жауаптар алынды. Мысалы, сауалнамаға қатысқан көптілді топ студенттерінің жартысы (51%) қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдану ағылшын тілінің жақсаруына алып келеді деген пікірді қолдайды. Екінші жағынан, сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі (28,5%) бұл пікірмен келіспейді. Респонденттердің жартысынан көбі (65,3%) «Қазақ/орыс және ағылшын тілдерін сөйлеу тілінде бір мезгілде қолдану ағылшын тілінің әлсіреуіне алып келеді» деген пікірмен келіспейді. Бірақ респонденттердің 21%-ы бұл оймен келіседі. Сауалнамаға қатысқан көптілді топ студенттерінің 35,3%-ы қазақ/орыс және ағылшын тілдерін сөйлеу тілінде бір мезгілде қолдану қазақ/орыс тілінің әлсіреуіне алып келеді дейді, сонымен бірге респонденттердің 45,8%-ы бұл оймен келіспейді. Осы жауаптардан Қазақстанның батыс өңіріндегі ЖОО көптілді білім беру топтарының сауалнамаға қатысқан студенттерінің көпшілігінің қабылдауында қазақ немесе орыс тілдерін ағылшын тілдерімен араластыру ағылшын тілінің позицияларын күшейтуге ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады. Алайда тілдерді араластыру орыс немесе қазақ тілінің дәрежелерін қаншалықты әлсірететінін пайымдау қиын. Бұл мәселе әлі де болса тереңірек, әлеуметтік-психологиялық-лингвистикалық зерттеуді қажет етеді, бірақ тілдердің араласуы орыс немесе қазақ тілдеріне теріс әсер етпейтіндігіне сенімді респонденттер де болды. Бұл сұрақтардың жауаптары төмендегі суретте берілген (Сурет 36).



Сурет 36 – Респонденттердің пікірі бойынша көптілділіктің тілдер мәртебесіне ықпалы

Келесі екі сұрақта біз студенттерге қандай сабақ форматы қолайлы екенін анықтау мақсатында тек ағылшын тілін қолданатын немесе ағылшын және қазақ/орыс тілдерін қолданатын сабақтар түрлерін ажыратып көрсеттік.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, студенттердің көпшілігі (60,3%) сабақтардың тек ағылшын тілінде өткізілетінімен келіспейді екен. Дегенмен, сауалнамаға қатысқандардың 23%-ы мұндай сабақ форматына қарсы емес. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан көптілді топ студенттерінің төрттен үш бөлігі (52,8%) сабақтардың ағылшын, қазақ немесе орыс тілдерін қолдана отырып өткізілетініне келісетінін немесе толық келісетінін (25%) білдірген. Сондай-ақ бізге көптілді топтардағы студенттердің сөйлеу тілінде басқа адамдардың көптілділікті қолдануына көзқарастарын нақтылау да маңызды болды. Алдыңғы жауаптардағыдай, «Сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдану ұнай ма немесе ашуыңды келтіре ме?» деген сұрақтардың жауаптарындағы пікірлерде келіспеушіліктер бар. Мысалы, респонденттердің 42,8%-ы сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданғанды ұнатады, ал респонденттердің 30,5%-ы сөйлеу тілінде тілдерді араластырғанды ұнатпайтынын көрсеткен. Алайда сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (47,5%) тілдерді араластырып сөйлеу ашуларына тимейтінін білдірген. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (46,3%) сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерінің элементтері араласа қолданудың ұнайтынын атап көрсеткен. Бірақ сонымен бірге респонденттердің үштен бірі (35,5%) тілдерді сөйлеуде араластыру, керісінше, ұнамайтынын алға тартқан (Сурет 37).



Сурет 37 – Көптілділікке жеке көзқарастар

Келесі 5-сұрақта респонденттер «Көптілділікті қолдану олардың университеттегі оқу сапасына әсер ете ме?» деген сұраққа жауап берді (10-кесте). Сауалнамаға қатысқан көптілді білім беріліп жатқан топ студенттерінің




жартысынан көбі (51,5%) тілдерді араластырып сөйлеу тілді нәтижелі меңгеруге ықпал етеді деген тұжырымға келісті. Респонденттердің жартысына жуығы (48,3%) тілдерді араластырып сөйлеу олардың оқуға деген жақсы қарым-қатынас тууына көмектеседі деген тұжырыммен келісті. Екінші жағынан, сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (54,8%) «Қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне немесе керісінше бағытта ауысқан кезде, көп абдырамаймын» деген тұжырыммен келіспейтіндерін білдірген. Бұл ретте «Ағылшын тілінен қазақ/орыс тіліне немесе керісінше ауысу оқу үдерісіндегі ыңғайлылықты арттыруға ықпал ете ме?» деген сұраққа біржақты пікір жоқ: 34,8%-ы бұл тұжырыммен келіседі, ал 35,5%-ы келіспейді. Осыған ұқсас жағдай ағылшын тілінен орыс/қазақ тіліне немесе керісінше ауысу оқу үдерісіндегі қарбаласты азайтады деген тұжырымға жауап беруде де байқалады: респонденттердің 47,5%-ы бұл тұжырыммен келіседі, ал респонденттердің 40,5%-ы онымен келіспейді (Кесте 31).

Кесте 31 – Респонденттер үшін көптілділіктің оқу сапасына ықпалы

| Нұсқалары   | 1 (мүлдем келіспеймін) | 2 (келіспеймін) | 3 (жауап беру қиын) | 4 (келісемін)  | 5 (толық келісемін) |
|---|------------------------|-----------------|---------------------|----------------|---------------------|
| 1. Сөйлеу тілінде қазақ / орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдану тілді нәтижелі меңгеруге ықпал етеді.             | 15<br>(3,8%)           | 94<br>(23,5%)   | 47<br>(11,8%)       | 206<br>(51,5%) | 38<br>(9,5%)        |
| 2. Сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдану менің оқуға деген ынтамды арттырады.                | 2<br>(0,5%)            | 136<br>(34%)    | 31<br>(7,8%)        | 193<br>(48,3%) | 38<br>(9,5%)        |
| 3. Маған ағылшын тілінен қазақ (орыс) тіліне және керісінше ауысқан кезде пәнді үйрену әлдеқайда ыңғайлы.                   | 0<br>(0%)              | 142<br>(35,5%)  | 60<br>(15%)         | 139<br>(34,8%) | 59<br>(14,8%)       |
| 4. Сөйлеу кезінде қазақ/орыс және ағылшын сөздерін бір мезгілде қатар қолдану маған оқудағы қиындықты азайтуға көмектеседі. | 2<br>(0,5%)            | 162<br>(40,5%)  | 27<br>(6,8%)        | 190<br>(47,5%) | 19<br>(4,8%)        |
| 5. Мен сабақ кезінде ағылшын тілінен қазақ/орыс тіліне және керісінше ауысқанда көп абдырамаймын.                           | 0<br>(0%)              | 219<br>(54,8%)  | 34<br>(8,5%)        | 136<br>(34%)   | 11<br>(2,8%)        |


Көптілділіктің ағылшын тілін оқыту сапасына ықпалына қатысты сұрақтарда көптілді білім берілетін топ студенттерінің пікірлері біркелкі болғаны көрінді. Мысалы, респонденттердің жартысына жуығы қазақ/орыс және

ағылшын тілдерін сөйлеу барысында бір мезгілде қолдану оларға жаңа сөздерді (44,3%), қиын ұғымды (46,5%), ағылшын грамматикасын (53%) түсінуге және тапсырманы (47,5%) сәтті орындауға көмектесетіндігі туралы тұжырыммен келіскен (Сурет 38).



Сурет 38 – Респонденттердің пікірі бойынша көптілділіктің тілді үйрену сапасына ықпалы

Сондай-ақ респонденттер қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданудың прагматикалық мақсаттарына қатысты тұжырымдармен келісетіндерін/келіспейтіндіктерін білдірді. Мысалы, көптілді білім берілетін топ студенттерінің арасында кодты алмастырып қолданудың ең көп тараған себебі – студенттердің өздері тарапынан немесе әңгімелесуші тарапынан (48%) сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын түсінбеуі (респонденттердің 49%-ы бұл тұжырыммен келіскен). Кодты алмастыруды қолданудың ең аз таралған себебі – барлық адамдар үшін сөйлеген сөзін түсініксіз ету ниеті, бұл тұжырымға респонденттердің жартысы (50%) келіспеген. Сөйлеуде қолдану себебі ретінде респонденттердің үштен бірінен астамы (36,8%) кодты алмастыру арқылы сөйлеген сөзіне мәнерлілікті бергісі келген, бірақ сонымен бірге сауалнамаға қатысқандардың 42,5%-ы бұл тұжырыммен келіспеген. Маңызды себептердің ішінен респонденттер лексикалық лакуналарды (тілдердің бірінде сөздер болмаған кезде) (45%) толтыруға, тыңдаушының назарын өздеріне аударуға (43,5%), сөйлеген сөзін тыңдаушыға түсінікті етуге (44,3%) деген ұмтылыстарды да атап өткен. Респонденттердің жауаптары толығырақ келесі суретте берілген (Сурет 39).



Сурет 39 – Студенттердің кодты алмастыруының прагматикалық ерекшеліктері

Келесі тұжырымдар көптілді білім беру топтары студенттерінің қандай функционалды салаларда кодты алмастыруды қолданатындығы туралы мәлімет алу болды. Кодты ауыстырып қолданудың ең көп таралған саласы - университеттегі сабақтар екен. Респонденттердің 59%-ы осы тұжырыммен келісіп, респонденттердің 13,8%-ы толық келіспеген. Кодты алмастыруды достармен сөйлесу (39,8%), дүкендер (39,3%), көршілермен сөйлесу (34%), базар (28,2%), мемлекеттік мекемелер (27,3%), банктер (24,5%), қоғамдық көлік (23,8%) сияқты салаларда аз қолданатындықтары анықталды (Кесте 32).

Кесте 32 – Студенттердің кодтық алмасуының функционалды ерекшеліктері

| Тұжырымдар   | 1 (мүлдем келіспеймін) | 2 (келіспеймін) | 3 (жауап беру қиын) | 4 (келісемін)  | 5 (толық келісемін) |
|--|------------------------|-----------------|---------------------|----------------|---------------------|
| 1  | 2                      | 3               | 4                   | 5              | 6                   |
| 1. Мен көршілермен әңгімелескен кезде қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын. | 23<br>(5,8%)           | 201<br>(50,2%)  | 18<br>(4,5%)        | 136<br>(34%)   | 22<br>(5,5%)        |
| 2. Мен достарыммен сөйлескенде қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын.        | 23<br>(5,8%)           | 191<br>(47,8%)  | 15<br>(3,8%)        | 159<br>(39,8%) | 12<br>(3%)          |

## 32 – кестенің жалғасы

| 1   | 2            | 3              | 4            | 5              | 6             |
|---|--------------|----------------|--------------|----------------|---------------|
| 3. Мен көлікте қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын.                 | 18<br>(4,5%) | 258<br>(64,5%) | 18<br>(4,5%) | 95<br>(23,8%)  | 11<br>(2,8%)  |
| 4. Мен банкте қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын.                  | 20<br>(5%)   | 257<br>(64,3%) | 17<br>(4,3%) | 98<br>(24,5%)  | 8<br>(2%)     |
| 5. Мен мемлекеттік мекемелерде қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын. | 25<br>(6,3%) | 224<br>(56%)   | 19<br>(4,8%) | 109<br>(27,3%) | 23<br>(5,8%)  |
| 6. Мен базарда қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын.                 | 35<br>(8,8%) | 217<br>(54,3%) | 11<br>(2,8%) | 113<br>(28,2%) | 24<br>(6%)    |
| 7. Мен дүкенде қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын.                 | 29<br>(7,2%) | 175<br>(43,8%) | 24<br>(6%)   | 157<br>(39,3%) | 15<br>(3,8%)  |
| 8. Мен сабақ уақытында қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысамын.         | 16<br>(4%)   | 76<br>(19%)    | 17<br>(4,3%) | 236<br>(59%)   | 55<br>(13,8%) |


Сондай-ақ «Кодты алмастыруды қолдану тұлға бірегейлігіне қаншалықты әсер етеді?» деген сұраққа жауап алуды мақсат еттік. Келесі кестеде респонденттердің 6 тұжырымға байланысты пікірлері берілген. Назар аударатындығы кодты алмастырудағы респонденттердің жеке тұлғасының анықталуына арналған тұжырымның қарама-қайшы пікірлер тудырғаны. Сауалнамаға қатысқандардың 44,8%-ы бұл тұжырымға келіспеген, ал 32,5%-ы келісетіндігін білдірген. Пікірлер қайшылығы кодты ауыстыру сөйлеушінің «зиялы» немесе «зиялы емес» екені туралы белгілі бір әсер қалдырады деген тұжырымға жауаптарда байқалды. Сонымен, респонденттердің 43%-ының пікірінше, кодты алмастырғанда тыңдаушылар оларды зиялы деп санайды; сонымен бірге 40,3%-ы осы тұжырыммен келіспейді екен. Екінші жағынан, сауалнамаға қатысушылардың 35,3%-ы тыңдаушылар оларды зиялы емес деп санайды деп тұжырым жасаса, ал сауалнамаға қатысқандардың 41,3%-ы бұл тұжырыммен келіспейтіндіктерін білдірген. Сонымен қатар кодты алмастыру кезінде өздерін қоғаммен кіріккенін сезінетін тұжырымға 35,5%-ы келісіп, 30,8%-ы келіспейтінін білдірген. Респонденттердің 51,7%-ы қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданғанда өздерін қоғамнан оқшауланғанын сезінетіні туралы тұжырыммен келіспеген. Мәртебелік маркері ретіндегі ағылшын тілінің рөлі артып келе жатқандықтан, респонденттердің жартысына

жуығы (48,8%) кодты алмастыру кезінде қоғам оларды көбірек құрметтейді деген тұжырыммен келіспеген (Кесте 33).

Кесте 33 – Респонденттердің пікірі бойынша көптілділіктің жеке тұлғаға әсері


|   | 1 (мүлдем келіспеймін) | 2 (келіспеймін) | 3 (жауап беру қиын) | 4 (келісемін)  | 5 (толық келісемін) |
|---|------------------------|-----------------|---------------------|----------------|---------------------|
| 1. Сөйлеу тілінде қазақ /орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдану мені жеке тұлға ретінде анықтайды.                 | 14<br>(3,5%)           | 179<br>(44,8%)  | 43<br>(10,8%)       | 130<br>(32,5%) | 34<br>(8,5%)        |
| 2. Мен қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысқан кезде қоғам мені көбірек құрметтейді.                       | 1<br>(0,3%)            | 195<br>(48,8%)  | 62<br>(15,5%)       | 114<br>(28,5%) | 28<br>(7%)          |
| 3. Мен қазақ / орыс тілінен ағылшын тіліне ауысқан кезде адамдар мені зиялылығы төмен адам деп санайды.                     | 14<br>(3,5%)           | 165<br>(41,3%)  | 62<br>(15,5%)       | 141<br>(35,3%) | 18<br>(4,5%)        |
| 4. Мен қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне ауысқан кезде адамдар мені зиялылығы жоғары адам деп санайды.                      | 8<br>(2%)              | 161<br>(40,3%)  | 59<br>(14,8%)       | 137<br>(43%)   | 35<br>(8,8%)        |
| 5. Қазақ / орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданған кезде мен қоғаммен кіріккенімді сезінемін.                     | 8<br>(2%)              | 123<br>(30,8%)  | 67<br>(16,8%)       | 142<br>(35,5%) | 60<br>(15%)         |
| 6. Сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір уақытта қолданған кезде мен қоғамнан оқшауланып қалғандай сезінемін. | 8<br>(2%)              | 207<br>(51,7%)  | 41<br>(10,3%)       | 114<br>(28,5%) | 30<br>(7,5%)        |

Келесі сұрақтар бөлігі көптілді білім беру топтарынан сауалнамаға қатысқан студенттерінің бір тілден екінші тілге қаншалықты жиі ауысатындығын анықтау туралы болды (Сурет 40). Тілдерді ауыстырудың ең көп тараған түрлері – қазақ тілінен орыс тіліне ауысу (респонденттердің 24%-ы «өте жиі» және 39%-ы «жиі» нұсқасын таңдаған) және ағылшын тілінен қазақ тіліне (22% «өте жиі» және 20% «жиі» нұсқасын таңдаған) ауысу. Тілдерді ауыстырудың сирек түрлерінің ішінде қазақ тілінен ағылшын тіліне ауысулар ерекшеленді (респонденттердің 40%-ы «сирек», 19,8%-ы «өте сирек» және 15,8%-ы «ешқашан» нұсқасын таңдаған).



Сурет 40 – Студенттердің кодты алмастыру жиілігі

Кодты алмастыруға саналы түрде қатысты тұжырымдарға берген респонденттердің жауаптарына сүйене отырып (Сурет 41), ағылшын тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен ағылшын тіліне ауырудың респонденттердің жартысынан астамында саналы түрде жүретінін (тиісінше 52,3% және 54,3%) айтуға болады. Респонденттердің пікірінше, ағылшын тілінен орыс тіліне (45,8%) және орыс тілінен ағылшын тіліне (45,5%) алмасулар бейсаналы түрде жүреді.



Сурет 41 – Студенттердің кодты саналы түрде алмастыру жиілігі

Сұрақтардың келесі бөлігінде біз көптілді білім беру топтарының сауалнамаға қатысқан студенттерінің сөйлеу үдерісіне кодты алмастырудағы тілдік деңгейлерді (сөздердің, сөз тіркестерінің немесе сөйлемдердің деңгейінде) анықтадық. Жекелеген сөздер деңгейінде кодты алмастыру, көбінесе, қазақ тілі

мен ағылшын тілі арасында (49,8%), ағылшын және қазақ тілі арасында (49,8%), орыс және ағылшын тілі арасында (48%) жүретіні байқалады. Сауалнамаға қатысқан студенттердің көбі (42%) жеке сөз деңгейінде кодты алмастыруды қолданғанына қарамастан, респонденттердің көп бөлігі (46,8%) бұл пікірге келіспейтінін көрсеткен. Сөз тіркестері деңгейінде қазақ тілі мен ағылшын тілі (51%), сондай-ақ орыс тілі мен ағылшын тілі (46,3%) арасында ауысу сирек кездеседі және де осы тілдер арасындағы ауысулар, көбінесе, сөйлем деңгейінде жүреді екен (тиісінше 48,3% және 47,8%) (Кесте 34).

Кесте 34 – Респонденттердің кодты ауыстыруды меңгеру деңгейі

| Нұсқалары   | Иә             | Жоқ            | Жауап беру қиын |
|---|----------------|----------------|-----------------|
| 1. Мен қазақ тілінен ағылшын тіліне ауысқан кезде, жекелеген ағылшын сөздерін енгіземін.      | 199<br>(49,8%) | 143<br>(35,8%) | 58<br>(14,5%)   |
| 2. Мен ағылшын тілінен қазақ тіліне ауысқан кезде, жекелеген қазақ сөздерін енгіземін.        | 199<br>(49,8%) | 157<br>(39,3%) | 44<br>(11%)     |
| 3. Мен орыс тілінен ағылшын тіліне ауысқан кезде, жекелеген ағылшын сөздерін енгіземін.       | 192<br>(48%)   | 166<br>(41,5%) | 42<br>(10,5%)   |
| 4. Мен ағылшын тілінен қазақ тіліне ауысқан кезде, жекелеген орыс сөздерін енгіземін.         | 168<br>(42%)   | 187<br>(46,8%) | 45<br>(11,3%)   |
| 5. Мен қазақ тілінен ағылшын тіліне ауысқан кезде, ағылшын тіліндегі тұтас фразаны енгіземін. | 147<br>(36,8%) | 204<br>(51%)   | 49<br>(12,3%)   |
| 6. Мен ағылшын тілінен қазақ тіліне ауысқан кезде, қазақ тіліндегі тұтас фразаны енгіземін.   | 182<br>(45,5%) | 163<br>(40,8%) | 55<br>(13,8%)   |
| 7. Мен орыс тілінен ағылшын тіліне ауысқан кезде, ағылшын тіліндегі тұтас фразаны енгіземін.  | 142<br>(35,5%) | 185<br>(46,3%) | 73<br>(18,3%)   |
| 8. Мен ағылшын тілінен қазақ тіліне ауысқан кезде, орыс тіліндегі тұтас фразаны енгіземін.    | 172<br>(43%)   | 184<br>(46%)   | 44<br>(11%)     |
| 9. Мен қазақ тілінен ағылшын тіліне сөйлемдер арасында ауысамын.                              | 193<br>(48,3%) | 173<br>(43,3%) | 34<br>(8,5%)    |
| 10. Мен орыс тілінен ағылшын тіліне сөйлемдер арасында ауысамын.                              | 191<br>(47,8%) | 172<br>(43%)   | 37<br>(9,3%)    |
| 11. Мен ағылшын тілінен қазақ тіліне сөйлемдер арасында ауысамын.                             | 185<br>(46,3%) | 160<br>(40%)   | 55<br>(13,8%)   |
| 12. Мен ағылшын тілінен орыс тіліне сөйлемдер арасында ауысамын.                              | 165<br>(41,3%) | 174<br>(43,5%) | 61<br>(15,3%)   |

Келесі сұрақтар тобының көмегімен біз респонденттердің кодты алмастыру құбылысына деген көзқарастарын нақтылай алдық. Бізді бірінші

кезекте олардың оқытушылардың кодты алмастырып қолдануына көзқарастарын анықтау тұрды. Респонденттердің басым көпшілігі грамматикалық (77,8%) және лексикалық материалды (69,3%) түсіндіру кезінде кодты алмастырып қолдануға және жалпы оқытушылардың қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір уақытта сөйлеуде қолдана алатынына оң көзқарастарын көрсеткен. Сауалнамаға қатысқан көптілді топ студенттерінің жартысына жуығы (49,3%) кодты алмастыруды жалпы оң құбылыс ретінде қарастыраған. Респонденттердің көпшілігі (54%) сөйлеуде кодты алмастырудан қашпайтындығын, яғни өздері де қолданатындарын көрсеткен. Сауалнамаға қатысушылардың 47,8%-ы аудиториялық тапсырмаларға қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне және керісінше ауысулар енгізілгенін қалайды (Кесте 35).

Кесте 35 – Респонденттердің кодты алмастыруға көзқарастары

| Нұсқалары  | Иә             | Жоқ            | Жауап беру қиын |
|--|----------------|----------------|-----------------|
| 1. Грамматикалық материалды түсіндіру кезінде, оқытушы ағылшын тілінен қазақ/орыс тіліне ауысуы керек деп ойлайсыз ба?     | 311<br>(77,8%) | 45<br>(11,3%)  | 44<br>(11%)     |
| 2. Лексикалық материалды түсіндіру кезінде, оқытушы ағылшын тілінен қазақ/орыс тіліне ауысуы керек деп ойлайсыз ба?        | 277<br>(69,3%) | 123<br>(30,8%) | 0<br>(0%)       |
| 3. Қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданатын оқытушыны сіз қолдайсыз ба?                                    | 252<br>(63%)   | 99<br>(24,8%)  | 49<br>(12,3%)   |
| 4. Қазақ / орыс және ағылшын тілдерін сөйлеу тілінде бір мезгілде қолдану оң құбылыс па?                                   | 197<br>(49,3%) | 118<br>(29,5%) | 85<br>(21,3%)   |
| 5. Үй тапсырмасының сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдануды қамтығанын қалайсыз ба?         | 166<br>(41,5%) | 176<br>(44%)   | 58<br>(14,5%)   |
| 6. Аудиториялық тапсырманың сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдануды қамтығанын қалайсыз ба? | 191<br>(47,8%) | 143<br>(35,8%) | 66<br>(16,5%)   |
| 7. Сіз сөйлеуде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір уақытта қолданудан қашасыз ба?  | 149<br>(37,3%) | 216<br>(54%)   | 35<br>(8,8%)    |

Сауалнамадағы кейбір тұжырымдарды ерекше атап өтуге болады. Сауалнамаға қатысқан көптілді білім беретін студенттер тобының жартысына жуығы (47,8%) «Қазақ/орыс тілінің тазалығын ағылшын тілінің ықпалынан сақтау керек» деп есептейді. Респонденттердің 44,3%-ы сөйлеу тілінде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолдану екі тілді жоғары меңгергендікті білдіреді деген тұжырыммен келіскен. 40,5%-ы кодты алмастыру тілдерді жетік білмеуді білдіреді деген қарама-қарсы тұжырыммен келіспеген. Бұл ретте респонденттердің 40,3%-ы ағылшын тілі қазақ/орыс тілін байытады деген тұжырыммен келіспеген.



Университет студенттерінің көптілді топтарындағы көптілділік ерекшеліктерін анықтау мақсатындағы жүргізілген сандық зерттеу Қазақстандағы ағылшын тілін халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде дамытудың белсенді жүргізіліп жатқан саясатына қарамастан, жалпы ағылшын тілін меңгеру деңгейі орташа және орташадан төмен болып отырғанын көрсетті. Көптеген студенттер ағылшын тілін білу мәртебелі және мансаптық өсуге ықпал ететініне сенімді болғанымен, Қазақстанның батыс өңірінде ағылшын тілі әлі де кеңінен қолданылатын тілге айналмаған және сөйлеу тілінде қазақ, орыс тілдерінен әлдеқайда сирек қолданылады. Кодты алмастыру, яғни бір тілден екінші тілге ауысу көптілді топтардағы оқу үдерісіне көбірек тән. Сондай-ақ бізге сауалнама барысында алынған жауаптарға, әсіресе, тілдерді араластырып сөйлеуге қатысты тілдік дәлелді табу маңызды болды. Сондықтан келесі бөлімде сапалық әлеуметтік лингвистикалық зерттеудің нәтижелері қарастырылады.

Батыс өңірдегі жергілікті ұлт өкілдері қостілді. Олар ана тілінен басқа, орыс тілін жетік меңгерген және сауалнамаға қатысқан респонденттер ағылшын тілінде қажетті деңгейде сөйлей алатындарын айтқан. Осы нәтижелерді ескере отырып, батыс өңірде қазақтар арасында қазақ-орыс қостілділігі мен қазақ-орыс-ағылшын тілі үштілділігін және студент жастардың арасында төрттілділік (көптілділік) те бар екендігін айта аламыз. Өйткені өңірдің жоғары оқу орындарында шетел тілдері маманын дайындау барысында оқытылып жатқан шетел тілінен басқа, екінші шетел тілі қоса оқытылады. Осы фактор студент жастардың арасында көптілділік құбылыс барын да растайды.

### **3.2 Студент жастардың тұрмыстық қарым-қатынасындағы көптілділік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық талдауы**

Білім беру мәнмәтініндегі студенттердің көптілді тәжірибелерін зерттеудің алдыңғы зерттеулерден айырмашылығы ретінде Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаятының ерекшелігін кешенді зерттеуіміздің бір тармағы болып табылатын университеттен тыс спонтанды күнделікті жағдайлардағы жастардың тілдік байланыстарының ерекшелігін анықтау болды. Диссертациялық жұмыстың бұл тарауында Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының әлеуметтік белсенді тобы – жастардың, студент жастардың арасындағы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылып, қызмет ету ерекшеліктері зерттеледі. Арнайы сұхбаттар жүргізе отырып, коммуниканттың спонтанды сөйлеу кезіндегі үш тілдің элементтерін қолдануына бақылау жүргізілді. Жүргізілген арнайы зерттеуіміз Қазақстанның экономикалық маңызды аймағындағы жергілікті жастар арасындағы тілдік таңдау мен көзқарастарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу Қазақстанның батыс өңірінің жас тұрғындары мен студент жастары арасында облыстың екі ірі қаласы – Орал және Ақтөбедегі екі алаңда, екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде (2022 жыл ақпан-маусым айларында) Орал қ. №5 маршруттық автобустағы жолаушылардың – Орал қаласындағы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттерінің спонтанды сөйлеген сөздерінің үзінділерінен жазбалар жиналды. Бұл автобус бағытын осы университеттің студенттері жиі пайдаланатындықтан таңдадық. Деректерді

жинау әдісі ретінде студенттердің автобустағы сөйлеу дағдыларын және қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі коммуниканттардың спонтанды табиғи реакциясын бақылау қолданылды. Қарастырылған сөйлеу жағдайында қарым-қатынас формасы ауызша, ал қарым-қатынас сипаты көп жағдайда бейресми болды. Сөйлесулер Samsung s22 телефонындағы дыбыстық жазба қолданбасы арқылы жазылды. Содан соң шифр шешіліп, жалпы алғанда, әңгіме жазбаларының ұзын саны 125 минутты құрады (Г қосымшасы).

Екінші кезеңде (2022 жылдың қыркүйек-қазан айларында) Ақтөбе қаласындағы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері арасында 30 арнайы сұхбат өткізілді. Сұхбат жүргізу әдісі деректерді жинау құралы ретінде таңдалды. Өйткені ол қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне тілдік таңдау мен тілдік қатынасқа және оларды студент жастардың сөйлеуіндегі интеграциялау формаларына инсайдерлік көзқарас ұсынуға мүмкіндік береді. Университет студенттерімен сұхбат жүргізу олардың келісімімен аудиоға жазылды (Д қосымшасы).

Сұхбат алдында барлық респонденттерден жасын, ұлтын және тұрғылықты жерін нақтыладық. Барлық респонденттер батыс өңірдің төрт облысы: Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары болды. Респонденттермен сұхбатқа біз әртүрлі салада білім алып жатқан (мамандықтары әртүрлі) студенттерді тартуға тырыстық. Респонденттердің мамандықтары мен жыныстық белгілері бойынша бөлінуін 32-кестеде толығырақ берілді. Жас мөлшері бойынша былай іріктелді: 9 студент - 17 жаста; 6 студент - 18 жаста; 10 студент - 19 жаста; 4 студент - 20 жаста, ал 1 студент - 21 жаста болды. Ұлттық белгілері бойынша іріктеуде бұрын Ресейде тұраған 3 өзбек, 3 орыс, 4 қазақ және елдің батыс өңірінде туып-өскен 20 жергілікті қазақ көрсетілді (Кесте 36).

Кесте 36 – Сұхбатқа қатысушылар: мамандықтар бойынша бөлу

| Мамандығы                   | Курс (оқу жылы) |   |    | Жынысы |     |         |
|-----------------------------|-----------------|---|----|--------|-----|---------|
|                             | 1               | 2 | 3  | жігіт  | қыз | барлығы |
| 1. Биология                 | 1               |   |    | 1      |     | 1       |
| 2. Екі шетел тілі           |                 |   | 5  | 3      | 2   | 5       |
| 3. Дизайн                   | 3               | 1 |    | 1      | 3   | 4       |
| 4. Информатика              |                 |   | 2  | 2      |     | 2       |
| 5. Қазақ тілі және әдебиеті | 2               | 3 |    | 3      | 2   | 5       |
| 6. Математика               | 3               |   |    | 2      | 1   | 3       |
| 7. Орыс тілі және әдебиеті  | 3               | 1 | 1  | 1      | 4   | 5       |
| 8. Физика                   |                 | 1 |    |        | 1   | 1       |
| 9. Дене тәрбиесі            |                 |   | 2  | 2      |     | 2       |
| 10. Химия                   |                 | 2 |    | 1      | 1   | 2       |
| Барлығы                     | 12              | 8 | 10 | 16     | 14  | 30      |

Сұхбат барысында респонденттер өздерінің интерактивті тәжірибелері туралы ойланып, өз түсініктемелерін берді. Сұхбаттар бес негізгі сұрақтар тобынан тұрды. Сұрақтардың бірінші тобы респонденттердің сөйлеуінде қазақ,

орыс және ағылшын тілдерін қаншалықты қолданылатынын анықтауға арналған сұрақтарды қамтыды. Сұрақтардың екінші тобы қатысушылардың әңгімеде осы тілдерді араластырып сөйлеген жағдайлары туралы түсініктеме алуға бағытталды. Сұрақтардың үшінші тобы респонденттердің сөйлеудегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолданудың уәждері мен себептеріне қатысты болды. Сұрақтардың төртінші тобы тілдер арасындағы ауысу формаларын және осы ауысуларды саналы немесе бейсаналы деңгейде жасауларын анықтауға арналды. Сұрақтардың бесінші тобы респонденттердің өздері қолданатын тілдерді кезектестірудің формаларын қабылдаулары және сөйлеуші мен тыңдаушының өзара бір-бірін түсінулеріне қолданылған тілдің көмегінің бар/жоқтығын анықтау болды [179].

Алынған деректерді талдау және құрылымдау үшін көптілді мәтіндер үш өлшемде: мәтіндік қасиеттері, семантикалық ерекшеліктері және элеуметтік-прагматикалық тұжырымдамасы қолданылды [180]. Бірінші өлшемдегі талдау орыс және ағылшын тілдерінің қазақ мәтіндеріне енгізілу жолдарын зерттеуді қамтыды. Бұл ретте сөздердің морфологиясы мен құрылымы сияқты формалды белгілеріне де ерекше назар аударылды. Екінші өлшемдегі талдау респонденттердің орыс және ағылшын тіліндегі кірістірулерін семантикалық талдаудан, түсініктемелеріне толықтырылған шолу жасаудан тұрды. Үшінші өлшемдегі талдау элеуметтік мәнмәтіні және орыс, ағылшын тілді элементтердің индекстік әлеуетіне назар аудара отырып, олардың прагматикалық қолданылуын анықтауға арналды.

Студенттердің спонтанды әңгімелерінде орыс тіліндегі *литература, классика, день студентов, староста, вечеринка, фотосессия, неделя, понедельник, чай, слякоть, пальто* т.б. сөздер болса, ағылшын тіліндегі аз ғана сөз белсенді қолданылады. Мысалы, *ok, like, trend, look, fashion girl, quiz, PlayStation, please, vine* т.б. [179, p. 151].

Бірнеше тілдің элементтерін біріктіретін гибрид сөздер, мысалы, сөздердің қазақ тілі аффикстерінің көмегімен орыс немесе ағылшын сөзі түбірлерінен немесе сөздердің орыс тілінің жұрнақтары мен флексияларының көмегімен қазақ сөздерінің түбірлерінен тұратын сөздер құрайтыны анықталды. Бұл ретте үш тілдің грамматикалық мағыналарды әртүрлі жеткізетінін атап өту керек: ағылшын тілінде грамматикалық мағыналар, негізінен, демеуліктер арқылы, орыс тілінде септік жалғаулар және демеуліктер арқылы, қазақ тілінде грамматикалық мағыналар тек түбірге қосылып жазылатын немесе сөзден кейін тұратын септік жалғауларымен, септеуліктермен және көмекші есімдермен беріледі [181]. Гибридтенудің бұл тәсілі әртүрлі тілдердің грамматикалық элементтері араласқан кездегі грамматикалық тұтасуға жатады. Мысалы, ағылшын немесе орыс тіліндегі негізгі сөздерге қазақ тілінің жалғауы жалғанады. Сонымен қатар егер бастапқыда ағылшын немесе орыс сөзі демеулік жалғанып қолданылса, онда гибридті формасында демеулік қолданылмайды, бірақ қазақ тілінің қосымшасы қосылады. Мұндай аралас сөзжасамның түрі – студент жастардың спонтанды сөйлеуіндегі тілдік байланыстың динамикасын көрсететін транслингвизм тұжырымдамасымен байланысты. Студенттердің транслингвалды шығармашылығының нәтижесінде орыс немесе ағылшын

тілінен енген бөгде сөздер «локализацияланған» болады және қазақ тілінің жалғауларын жалғағанда қазақ сөздеріне ұқсас болады (Э.Д. Сүлейменова «қазақтандыру» деп атайды [36, с. 257]. Орыс және ағылшын тілдеріндегі кірістірулерді талдау нәтижелері көрсеткендей, олардың көпшілігі (81%) осындай грамматикалық тұтасу жағдайларын білдіреді.

Грамматикалық мағынасы жағынан гибрид орыс-қазақ немесе ағылшын-қазақ сөздері әртүрлі сөз таптарымен берілген: зат есімдермен (мысалы, диетада, остановкадан, квартиранттарың, комуслугаларын, вайндар, темадан, лайктарын, доктордан), сан есімдермен (мысалы, шестойда), сын есімдермен (мысалы, худенькаясың), етістіктермен (мысалы, звондаңдарш). Зат есімдер орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтінге кірістірме сөздердің ең үлкен тобын (51%) құрайтынын атап өткен маңызды. Төменде қарастырылып отырған студенттердің спонтанды әңгімелерінің корпусындағы орыс немесе ағылшын тіліндегі түбір сөзге жалғанған қазақ тілі қосымшаларының негізгі грамматикалық мағыналары төменде келтірілген (Кесте 37).

Кесте 37 – Гибрид сөздердегі қазақ қосымшаларының грамматикалық мағыналары [179, р. 151]

| Жалғ аулар                    | Грамматикалық мағыналары   | Мысалдар  |
|-------------------------------|--|---|
| 1                             | 2  | 3   |
| <i>Зат есімдер</i>            |  |   |
| -<br><i>тер/-дар</i>          | А.с., көптік жалғау  | <i>конспекттер, вайндар</i>   |
| -<br><i>тарың/-<br/>тарын</i> | А.с., көптік жалғау +<br>Тәуелдік жалғау, II ж., көпше.<br>т. + Т.с. | <i>квартиранттарың, лайктарын</i>                                     |
| -<br><i>сы</i>                | А.с., жеке. т.+ Тәул.<br>жал., III ж., жеке. т.                      | <i>папасы</i>   |
| -<br><i>лары/-ларын</i>       | А.с., көптік жалғау +<br>Тәуелдік жалғау, III ж.,<br>көпше түр       | <i>просмотрлары,<br/>комуслугаларын</i>                               |
| -<br><i>дан</i>               | Ш.с., жеке. т.   | <i>остановкадан, доктордан</i>  |
| -<br><i>ларды</i>             | Т.с., көптік жалғау  | <i>старосталарды</i>  |
| -<br><i>мның</i>              | І.с., жеке. т. + Тәул.<br>жал., I ж., жеке. т.                       | <i>сестрамның, домымның</i>   |
| -<br><i>тарымды</i>           | Т.с., көптік жалғау +<br>Тәуелдік жалғау, I ж., жеке.<br>т.          | <i>СРС тарымды</i>  |
| -<br><i>ті/-<br/>ны</i>       | Т.с., жеке. т.   | <i>текстті, погоданы, группаны</i>                                    |
| -<br><i>қа/-<br/>ға</i>       | Б.с., жеке. т.   | <i>детсадқа, годқа, статуска,<br/>кураторға, больницаға, общагаға</i> |
| -<br><i>терімді</i>           | Т.с., көптік жалғау  | <i>конспекттерімді</i>  |
| -<br><i>пен</i>               | К.с., жеке. т.   | <i>Google translateпен</i>  |

### 37 - кестенің жалғасы

| 1               | 2  | 3  |
|-----------------|--|--|
| -<br>сымен      | К.с., жеке. т. +<br>Тәуелдік жалғау, III ж., жеке.<br>т. | мамасымен  |
| -де/-<br>та/-да | Ж.с., жеке. т.   | центрде, декабрьде,<br>What'supta, грантта, аудиторияда,<br>микрорайонда |
| -сіне           | Б.с., жеке. т.+<br>Тәуелдік жалғау, III ж.,<br>жеке. т.  | кафесіне   |
| <i>Етістік</i>  |  |  |
| -<br>даңдарш    | Императив, II ж.,<br>көптік жалғау                       | звондаңдарш  |

Транслингвалды сөзжасамдағы тағы бір үрдіс – қазақ тіліндегі түбір сөздерге орыс жұрнақтары мен жалғауларының жалғануына негізделген құбылыс. Мысалы, шаршағанский, жатқанский, отырғанский, қуырғанский, шыққанский, өкінгенский, қаңғығанский, алжығанский. Бұл мысалдар біздің зерттеу корпусымыздан табылған қазақ-орыс тілдеріндегі сөзжасамның үдерісін көрсетеді.

Студенттердің транслингвалды тәжірибелерін семантикалық талдау нәтижесінде қазақ сөйлемдеріндегі орыс және ағылшын сөзінің кірістірмелері лексикалық бірліктердің келесі топтары ажыратылып, төмендегі кестеде берілген (Кесте 38).

Кесте 38 – Студенттердің қазақша спонтанды сөйлеу кезіндегі орыс және ағылшын сөздерінің кірістірмелері

| Тақырыптық топтар   | Мысалдар   |
|---|--|
| біліммен байланысты   | quiz, универге, старосталарына, собрание, СРСтарымды, темадан, группаны, день студентов, аудиторияда, практика, конспектер |
| кеңістіктік категориялар  | центрде, остановадан   |
| қалалық әкімшіліктің, кәсіпорындардың, бөлімшелердің, мәдениет ғимараттардың атаулары | драмтеатрға, облисполкомнан, акиматқа  |
| кәсіптердің атаулары  | Доктордан, врачтан   |
| нысандардың атаулары  | банкоматқа   |
| сапалық сипаттамалар  | ты такая простая   |
| компьютерлік және ұялы жедел коммуникацияларға қатысты                                | звандандарш, недоступен, Google translateпен, What'supta   |
| өтініштер   | игнорировать етпендерсейші   |
| тілектер  | удачи  |

Бұл жағдайлардың көпшілігінде «қазақтандыру» немесе қазақтардың орыс және ағылшын лексемаларын иемденуі байқалады. Бұл үдеріс, негізінен, тілдің

морфологиялық жүйесіне әсер етеді. Басқаша айтқанда, қазақ тілінің қосымшалары сөз таптарына тәуелділігін өзгертеді. Ал аралас сөздерді жергілікті сөйлеушілер шет тілінің сөздері ретінде қабылдаулары үйреншікті жағдай.

Орыс тіліндегі *-ск* жұрнағымен *-и/-ий* жалғауы сапалық мағыналарды дамытуға қабілетті салыстырмалы сын есімдер жасайды. Студенттердің спонтанды сөйлеуінде қазақ тіліндегі түбір сөздермен тіркесе отырып, олар грамматикалық мағынаны есімшенің (причастие) мағынасына өзгертеді. Бұл жағдайда олар орыс тіліндегі сөздерге көбірек ұқсас естіледі және шетел сөздері ретінде қабылданады (мысалы, *шаршағанский*).

Орыс немесе ағылшын тілі сөздерінің ауызекі сөйлеуде қолданылып, өздерінің семантикалық дәлдігі қазақ тіліндегі олқылықтарды толтырады (мысалы, *vine, Google translatenen, диетада, погоданы, сестрамның*). Зерттеуге қатысқан респонденттердің 87%-ы спонтанды әңгімелесуде орыс немесе ағылшын сөздерін жалпыға белгілі дәл мағынасын беретін қазақ тіліндегі балама сөзді таба алмаған кезде ауысады екен. Оның үстіне орыс немесе ағылшын тілдеріндегі кейбір сөздерге қазақ тілінде мағынасы толық немесе жартылай ұқсас сөздері болса да, қазақ студенттері бәрібір *please, look, trend, like, ok, еще стройнее, очень, лучше, не переживай, не говори, кстати, прям, давайте, удачи* сияқты сөздерді айтуды таңдауы мүмкін [179, p.151]. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (60%) мұндай нұсқаларды өз достарының сөйлеуінде және бұқаралық ақпарат құралдарында естіп үйренуімен, әдет болып кеткендігімен түсіндірген. Назар аудартатыны, 7 респондент (23,3%) орыс тілінен және ағылшын тілінен енген шеттілдік сөздердің беделін олардың спонтанды сөйлеуде жиі қолданылуының себебі деп атады.

Әлеуметтік-прагматикалық қолдану тұрғысынан барлық респонденттер өздерінің сұхбаттарында университет ішінде және одан тыс жерлерде достарымен, құрдастарымен қарым-қатынас кезіндегі бейресми жағдайларда қарастырылып отырған үш тілді тіркестіре қолданатындарын растаған. Студенттердің спонтанды сөйлеу үзінділерін талдау барысында жастардың транслингвалды тәжірибелеріндегі тілдерді ауыстырудың негізгі қызметтері анықталды. Олардың ішіндегі ең кең тарағаны – коммуниканттардың бірі белгілі бір заттың атауын қарым-қатынас тілінде есіне түсіре алмай, екінші, үшінші тілден алып қолдануы үшін екінші, үшінші тілдегі мағынасы белгілі сөзді қолдануға мәжбүр болған кездегі жағдайлар болып саналады. Төменде қазақ тілінде сөйлеу барысында уақыт, оқу және қарым-қатынас формаларына қатысты ұғымдарды білдіру және қарапайым түрде айту үшін қолданылатын орыс және ағылшын тілдерінің элементтерін қолдану мысалдары келтірілген. Орыс немесе ағылшын тілдері сөздері немесе сөздердің бөліктері қара әріппен, ал қазақ тілінің флексиялары (қосымшалары) жартылай курсивпен жазылған.

(1) - Келесі **неделя quiz** жазамыз. Дайындалындар.

- Қай **темадан? Письменно** ма?

(2) - Қыздар, **кураторға звондаңдарш**. Бүгін **кураторский час** бола ма екен?

- **Недоступен** болып тұр [179, p. 153].

Жоғарыда келтірілген мысалдарда кейбір орыс, ағылшын сөздері өздерінің бастапқы формаларында қолданылады, ешқандай өзгермелі флексиялар қосылмайды. Мысалы, орыс тілінен енген *неделя* және ағылшын тілінен енген *quiz* бастапқы формасында сақталған. Бұл ретте *тема* және *куратор* деген орыс тіліндегі сөздерге қазақ тіліндегі жалғаулар (*темадан*, *кураторға*) жалғанған. Екінші жағынан, *недоступен* сын есімі орыс тіліндегі түпнұсқа жұрнақты және жекеше түрдегі нөлдік жалғауын сақтайды, бұл женский родтағы бастауышқа сәйкес келмейді. Респонденттер бұл жағдайларды түсіндіретін айқын жауаптар бере алмады. Бірақ олардың біреуі бұл сөздерді ана тілінде сөйлейтіндердің әртүрлі деңгейде меңгеруіне байланысты деген болжам айтты. Бұл құбылыс пен үдеріс нақты әлеуметтік-психологиялық зерттеуді қажет етеді.

Қазақ студенттерінің спонтанды сөйлеуіндегі бірнеше тілді тіркестірудің тағы бір ерекшелігі – әңгімелесушінің құрдастарымен қарым-қатынасы кезінде өзінің сөздерін жақсы түсінуін және жеңіл болуын қалап, ана (орыс немесе қазақ) тіліне ауысып сөйлеуі. Кейбір респонденттердің айтуынша, олар, әдетте, әңгімелесушісінің сөйлеу барысындағы қарым-қатынасын бақылайды. Егер де адресанттың тарапынан түсінбейтіндей реңк пайда болса, адресанттың ана тілінен сөздер мен сөз тіркестерін кірістіру арқылы саналы түрде бір тілден екінші тілге ауыса бастайды. Келесі мысалдарда қазақтардың тілдік таңдаулары арқылы орыс тілді серіктестерінің сөйлеу әдеттеріне бейімделетін жағдайлар көрсетіледі:

(3) - **Срочно кафедраға** шақырып жатыр **старосталарды**.

(4) - **Диетада** жүрм. **Обед** ішпейм.

- Сен **итак худенькаясыңғо**. **Зачем худеть** етіп?

- **Стройнее** болғым келеді.

Кейбір жағдайларда коммуниканттар эмоцияларын (экспрессивті қызметін) білдіру үшін, әсіресе, коммуниканттардың эмоционалды көңіл-күйі өзгерген кезде, тілдерді араластырып сөйлейді. Келесі мысалдағы (5) орыс тіліндегі «*О, давай*» құрылымы қазақ мәнмәтініне әңгімелесушінің ұсынысына жауап ретінде қуанышы мен толқынысын білдіру үшін кірістірілген. Студенттердің спонтанды сөйлеудегі сөздерінің корпусында анықталған транслингвизмнің тағы бір қызметі құрылымдық параллелизмді білдіру болып саналады. Лексикалық бірліктердің құрылымдық параллелизмінің көрінісі ретінде бұйрық мағынадағы сөздерге байланысты репликаларда орыс және қазақ лексемалары қолданылуы мүмкін. Мұндай құрылымдық параллелизмге (6) мысалдағы екі сөйлеушінің де сөздеріндегі қазақша сөз тіркесінің алдына ағылшын тіліндегі «new» сын есімін кірістірулері, сондай-ақ (7) мысалдағы талқыланып отырған киім *пальто-ны* атау үшін орыс тіліне көшу дәлел бола алады. Құрылымдық параллелизмді екі түрлі тілдің параллель кірістірмелері бар әңгімелерден де байқауға болады, мысалы (8) мысалда, *за мной* деген орысша тіркес *менен кейін* деген қазақша тіркеспен қайталанады.

(5) - Ол **салон прям** менің домымның қасында. **Записать тебя?**

- **О, давай**. Сөйтші.

(6) - Рас шығар **new** әкімнің келетіні.

- **Да**, естідім **new** әкімнің келетінін.

(7) - Осындай пальто хочу. С вырезом.

- Да, сондай пальтолар эффектно смотрятся.

(8) - За мной держитесь. Менен кейін никто не занимал.

Қарастырылып отырған мысалдар спонтанды сөйлеуде, әсіресе, грамматикалық тұтасу жағдайында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің арасындағы анық емес, көмескіленген шекараларды көрсетеді. «*Старосталарды*» және «*пальтолар*» түріндегі сөздер қай тілге жатады деген сұраққа жауап ретінде респонденттер дәл, нақты жауап бере алмаған: 16,7%-ы бұл сөздерді орыс тіліне, 20%-ы қазақ тіліне, 30%-ы бір мезгілде екі тілге жатқызып, ал 33,3%-ы жауап беруге қиналамын деген [179, p. 154-155].

Қазақстан мәнмәтінінде қазақ және орыс тілдері элементтерінің тіркесіміне негізделген гибриді сөз формалары бүгінде жиі қарастырылуда және зерттеушілердің пікірінше, бұл екі тілдің пропорциясы қостілді тұлғалардың жасына, біліміне және этникалық тегіне қатысты нақты жағдайдың әлеуметтік компоненттеріне байланысты болуы мүмкін [32, p. 473]. Сондай-ақ, олардың тілдік тәжірибелеріне жүргізілген зерттеулерде Қазақстан тұрғындарының, негізінен, қостілді екені, ал олардың қостілді тәжірибелерінде қазақ тілі басым, орыс тілі көбінесе экспрессивті-стистикалық қызмет орындайтыны атап өтіледі [182]. Біздің зерттеу корпусымызда тілдерді араластырудың үш негізгі формасы анықталды, бұлар: (1) орыс тіліндегі түбір сөз бен қазақ тілі аффикстері, (2) ағылшын тіліндегі түбір сөз бен қазақ тілі аффикстері және (3) қазақ тіліндегі түбір сөз бен орыс тілі жұрнақтары мен флексиялары тіркестіретін гибриді сөздер. Зерттеу нәтижелері гибриді сөздердің бірінші түрі Қазақстанның батыс өңірінің көптілді тұрғындарының спонтанды сөйлеуінде анағұрлым кеңінен қолданылатынын көрсетеді. Бұл қазақ тіліндегі түбір сөздерді орыс тілінің аффикстерімен және флексияларымен тіркестіретін гибриді сөздерді Қазақстандағы қостілді тәжірибелерге тән деп сипаттаған алдыңғы зерттеулерге қайшы келеді [32, p. 474-476]. Біздің корпуста аталмыш осындай гибриді сөздің қазақ тіліндегі түбір сөзге орыс жұрнағы мен сын есімнің *-ск (-ий)* жалғауы жалғанған кездегі бір ғана үлгісін таптық.

Алдыңғы зерттеулерде қазақ тілі ағылшын тілінен енген кірме сөздер үшін құрылымдық «қаңқа» қызметін атқаратын ағылшын және қазақ тілдерін араластыру негізіндегі сөздердің құрылысы қарастырылмағанын атап өткен жөн. Біздің талдауымыз көрсеткендей, Қазақстанның батыс өңірінің студент жастары үштілді және өздерінің спонтанды сөйлеулерінде ағылшын, қазақ және орыс тілдерін шығармашылықпен кіріктіретінін анықтадық. Ағылшын тілі қатысатын баламалы заңдылықтар ағылшын тіліндегі түбір сөздердің орыс тіліндегі жұрнақтармен араласу жағдайлары бар орыс тіліне негізделген коммуникативтік тәжірибелерде анықталды.

Е.С. Гриценко және Е.В. Алешинская (2023) ағылшын-орыс кірістірмелері жергілікті коммуниканттар жоғары бағалайтын еркін және тұрпайылау түрдегі достық қатынас коннотацияларын құра отырып, семантикалық «экзотизацияға» әкеліп соқтырады деген тұжырым айтады [79, p. 227]. Мұндай мағыналық «экзотизация» туралы осы зерттеудің материалына қатысты да, әсіресе, студенттердің тұрмыстық мәселелерді спонтанды талқылайтын жағдайлардың



жалпы бейресми болуына байланысты айтуға болады.

Зерттеуімізде талданған спонтанды сөйлеу фрагменттері Қазақстан Республикасының батыс өңірінің студенттік микроқауымдастығына тән көптілді тәжірибелердің бар екенін растайды. Транслингвалды тәжірибелер этникалық көптілділік жағдайында өзара түсіністік пен қарым-қатынасты үйлестіру үшін динамикалық ресурс ретінде пайдаланылуы мүмкін. Қазақтың үштілді жастарының спонтанды әңгімелерінде тілдің өзгеруі девиантты тәжірибе және сөйлеудегі қателіктері ретінде емес, ерекше мағына тудырушы ресурс ретінде түсіндіріледі [28, p. 51]. Осылайша транслингвалды тәжірибелер ағылшын және орыс тілдерінің семиотикалық күшін мәртебелі тілдер ретінде [183], оның мәнерлі құралдары мен маркерлері ретінде аша алады. Сонымен қатар орыс-қазақ, қазақ-орыс және ағылшын-қазақ гибридтерінің семантикасы жергілікті студенттік микроқауымдастық мүшелеріне «тиімділікті барынша арттыруға және қарым-қатынаста күш-жігерлерін барынша азайтуға» көмектеседі [162, p. 120].

Зерттеу нәтижелері қазақстандық жастардың спонтанды сөйлеуінде үштілді: қазақ тілін еліміздің автохонды халқының ана тілі және мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін еліміздегі этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін жаһандық лингва-франкасы ретінде белсенді қолданып, оларды араластыра сөйлейтіндерін көрсетеді. Алайда елдегі үштілділік компоненті болып табылатын орыс және ағылшын тілдерінің қолданыс үлестері, әсіресе Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда әртүрлі екенін атап өткен жөн. Көптеген ТМД және Азия елдерінде орыс тілінің рөлі, әдетте, лингва-франка ретінде сипатталады [184, 185], алайда оның күші мен мәртебесі КСРО ыдырағаннан кейін айтарлықтай әлсіреді [186]. Сонымен қатар ағылшын тілі жаһандық лингва-франка ретінде үлкен мүмкіндіктер береді және әлемдік нарықта жоғары бағаланады, ал оны қолдану сол тілдің жоғары сапалылығы мен заманауилығына байланысты [187, 188]. Десек те, Қазақстанның орыс тілді елдермен шекаралас батыс бөлігінде орыс тілі халықаралық, этносаралық қарым-қатынастың негізгі тілі болып саналады. Ағылшын тілі қазақтардың сөйлеу тілінде орыс тілі сияқты белсенді қолданылмаса да, біздің зерттеуіміздің нәтижесінде оның Қазақстанның батыс өңірінің коммуникативтік-тілдік кеңістігіне еніп жатқандығы анықталды. Қазақстандағы ағылшын тілінің коммуникативтік қызметінің қазіргі кездегі басты ерекшелігі ретінде академиялық салада қолданылатындығын және күнделікті қарым-қатынас саласында көбірек қолданыла бастағандығын атап өтуге болады.

Қазақстанның батыс өңірінің студент жастары екітілді, бірақ өздерінің спонтанды сөйлеулерінде қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын тілін де кіріктіре қолданады. Тілдерді кіріктіру кодты алмастыруда, сондай-ақ аралас сөз формаларының пайда болуынан көрінеді.

Осылайша жүргізілген сапалық зерттеу нәтижесінде үш тілді біріктірудің негізгі әдістері анықталды. Олардың арасында транслингвизммен байланысты грамматикалық бірігуге негізделген аралас сөз формалары ерекше орын алады.

Тілдік араласудың үш негізгі түрі анықталды, олар: қазақ тіліндегі түбір сөз бен орыс тілі қосымшаларын, орыс тіліндегі түбір сөз бен қазақ аффикстерін,

ағылшын тіліндегі түбір сөз бен қазақ аффикстерін араластыра жасалған гибриді сөздер. Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілді студенттердің спонтанды сөйлеуінде орыс тіліндегі түбір сөз бен қазақ аффикстерін араластыра жасалған гибриді сөздер көп қолданылады. Сондай-ақ ағылшын және қазақ тілдерін араластыру негізінде пайда болған сөздердің құрылысы анықталды. Мұнда қазақ тілі ағылшын тілінің ауызекі сөйлеуде қолданатын сөздер үшін құрылымдық «қаңқасы» ретінде қызмет етеді. Мұндай «ағылшын-қазақ араласулары» еркін коннотация туғызады, бұл студенттер тұрмыстық мәселелерді өзара талқылау кезінде бейресми жағдайларда спонтанды түрде туады.

### **3.3 Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар**

Тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге қатысты әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде «тіл саясаты» және «тілдік жоспарлау» терминдері бірдей қолданылады. Тіл саясатын әртүрлі зерттеушілер «тілді қызметтік тұрғыдан саналы түрде реттей отырып, әсер ететін шаралар жүйесі» [5, с.10]; «тілдердің немесе тілдің қосалқы жүйелерінің қолданыстағы қызметі бойынша таралуын өзгертуге немесе сақтауға, жаңа лингвистикалық нормаларды енгізуге немесе сақтауға арналған мемлекеттік шаралар жиынтығы» [15, с. 119], «тілдік жағдаятқа саналы түрде әсер ететін оң және теріс (шектеуші және бұзушы) кез келген тәжірибе» [71, с. 199] деп қарастырады. А.Ш. Акжигитованың пікірінше, Қазақстан Республикасының тілдік жоспарлау бағдарламаларының қызмет етуі мен реттелуінің қазіргі заманғы тетіктері қазақстандық әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікті қалыптастыру үдерістері шеңберінде жан-жақты зерделенуі тиіс [188, с. 8]. Ал тіл саясаты белгілі бір өңірде қызмет ететін, қолданылатын тілдерге қатысты саясаттың негізгі қағидаларын қабылдайтын мемлекеттің жалпы саясатының бөлігі ретінде анықталады [70, с. 163]. Сонымен қатар қоғамдағы тілдік қатынастарды реттеумен байланысты ұлттық, әлеуметтік және мәдени саясаттың ажырамас бөлігі болып саналады [189, с. 72].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, тіл саясатының мақсаты тілдің мәртебесін, жалпы тілдік жағдаятты сақтау немесе өзгерту деп анықтауға болады. Тіл саясаты қоғамның тілдік қатынастарын дамытудағы стратегиялық бағытты көрсетеді, Конституцияда және арнайы ұлттық бағдарламаларда бекітіледі. Тіл саясатының негізгі құралдарының бірі – Тіл туралы заң [9, с. 112-113]. Сондай-ақ тіл саясатын іске асырудың маңызды құралдары – жаңа тілдік нормаларды енгізетін, сондай-ақ тілді дұрыс қолдану туралы металингвистикалық дискурстарды тарататын білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдары [190, с. 13].

Кез келген мемлекеттің тіл саясатының негізі осы мемлекетте тіл саласын реттейтін заңнамалық актілер қабылданған кездегі тілдік және этнотілдік жағдаятты нақты, дұрыс бағалауы болуы тиіс. Сондай-ақ, әкімшілік саладағы, білім беру жүйесіндегі және бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдердің қолданылуын айқындай отырып, заңнамалық жолмен шешілетін мақсаттар мен міндеттерді нақты түсіну қажет. Қазақстан Республикасы сияқты көпұлтты мемлекеттегі тіл саясаты күрделілігімен ерекшеленеді, өйткені көптілділік,

этникалық құрам мен этносаралық қатынастардың бірегейлігі, жекелеген тілдердің және оларды қолданушылардың қоғамдық өмірдегі рөлі сияқты факторлар ескерілуі тиіс [191]. Көпұлтты және көптілді мемлекет жағдайындағы тіл саясаты – бұл мемлекеттік тілдің мәртебесін және оның қызметтерін қолдауға, мемлекеттік тілдің маңызды әлеуметтік салалардағы монополиялық қолданысын қорғауға, жергілікті тілдерді қолдануды реттеуге және басқа да шараларға бағытталған мемлекеттің тәжірибелік қадамдар [9, с. 263]. Жан-жақты ойластырылған және жоспарланған тіл саясаты тілдік қақтығыстардың пайда болуының алдын алады. Тіл саясатының біріктіруші әлеуеті этносаралық қатынастарды үйлестіру үдерісінде міндетті түрде тиімді, нәтижелі пайдаланылуы тиіс [75, с. 158].

Қазақстан Республикасындағы қазіргі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңына (1997 жылғы 11 шілдедегі), Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға арналған Тіл саясатын іске асыру мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына және басқа да мемлекеттік маңызы бар бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының негізгі мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеруді жүзеге асыру (Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес), орыс тілімен қатар қолданыста оның конституциялық қызметтерін сақтау (Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабына сәйкес) және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту (Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес). Бірінші кезекте республикадағы тіл саясаты қазақ тілінің қызметтерін кеңейтіп жаңғыртуға және дамытуға бағытталған. Бірақ елімізде қазақ тілін дамытуға басымдық берілумен қатар, орыс тілі мен мемлекеттің барлық басқа этникалық топтарының тілдерін дамытуға да айтарлықтай көңіл бөлінеді. Бұл жалпы Қазақстан Республикасының тіл саясатының [192] халықаралық сипатынан хабар береді, ол елдегі қазақ емес халық пен этникалық топтардың ниеттерінің дұрыс болуын, өңірлік тұтастықты, көрші Ресеймен және басқа көршілес елдермен жақсы қарым-қатынасты сақтауға және этникалық қақтығыстың алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының көптілділік саясаты өзін басқа елдерге немесе еліміздегі саны аз ұлттардың құқықтарына нұқсан келтірмейтін демократиялық мемлекет ретінде дамуының негізі болып табылады.

Кез келген мемлекеттің тіл саясаты тілдік жоспарлау түрінде жүзеге асырылады [70, с. 163]. Н.Б. Мечковскаяның айтуынша, тілдік жоспарлауды тіл саясатының бір түрі ретінде қарастыруға болады, дәлірек айтсақ, белгілі бір тілдердің коммуникативтік және әлеуметтік мүмкіндіктерін нығайтуға бағытталған оң саясат ретінде қарастырады [71, с. 199]. Қазақ лингвистері Э.Д. Сүлейменова, Ж.С. Смағұлова, Н.Ж. Шаймерденова тілдік жоспарлауға «тілдік

жағдаятқа кез келген саналы әсер ету, сонымен қатар бұл тілдің қызметін, қолданысын саяси, білім беру, экономикалық, қоғамдық және лингвистикалық институттар арқылы өзгерту (мәртебелік жоспарлау), тіл құрылымын реттеу (корпустық жоспарлау), тілді меңгеру үшін жағдай жасау (меңгеруді жоспарлау) мақсатында ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік әрекеттеріне әсер ету бойынша жасалатын саналы, нақты іс-шаралар жиынтығы» деген анықтама береді [189, с. 73]. Тілдік жоспарлау ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективадағы тілдік үдерістердің даму үрдістері мен басымдықтарын анықтайды [44, с. 201].

Тілдік жоспарлау көптілді қоғам үшін өзекті мәселелердің кең ауқымын, саны аз ұлттардың тілдерінің жағдайы, тілдік нормаларды сақтаудағы академиялардың рөлі, бұқаралық ақпарат құралдарының тілдің қолданысына (тілдік тәжірибеге) әсері, емле (дұрыс жазу) реформаларының мазмұны мен орындылығы, баспа қызметінің стилистикалық нормалары, мектептердегі тілді меңгерудің ауызша және жазбаша деңгейін сақтау туралы мәселелерді қамтиды [190, с. 16]. Тілдік жоспарлауды іске асыру кезінде тарихи, саяси, экономикалық, діни, құқықтық және әлеуметтік факторлар ескерілуі тиіс.

Г.Ю. Аманбаев, Г. Чартер, С.А. Шункееваның айтуынша, тілдік жоспарлауға тіл мәртебесін жоспарлау және тілді меңгеруді жоспарлау кіреді [190, с. 15]. Тіл мәртебесін жоспарлау халықтың тілді қолдануға деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған және ол тілді кең ауқымды қызмет салаларында, әсіресе, мемлекеттік органдарда қолдануды ынталандыру және қолдау арқылы тіл мәртебесін ілгерілетуге, алға жылжытуға бағытталған іс-шараларды қамтиды. Тілді меңгеруді жоспарлау халыққа білім беру жүйесі арқылы және оны жанама түрде бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану жолымен тіл үйренуге көмектесу шараларын қамтиды.

Тілдік жоспарлауға берілген анықтамаларға сүйене отырып, тіл саясатын жүзеге асыруда жергілікті фактордың маңызды екенін атап өткіміз келеді. К.М. Текжановтың пікірінше, ел өңірлеріндегі тілдік (этнотілдік) жағдаяттың жеткіліксіз зерттелуі «мемлекеттік тілдің және онымен бірге басқа да тілдердің қоғамдағы қызметтерінің белсенді дамымауының басты және маңызды себептерінің бірі» болып табылады [152, с. 23]. А.Р. Жикеева Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларында өңірлік ерекшеліктердің есепке алынбайтынын атап өтеді [24, с. 141]. Жоспарлы іс-шаралар ел өңірлеріндегі тілдік, этнотілдік жағдаятты ескермейтіндігіне байланысты, тұтастай алғанда елдегі тілдік даму да біркелкі емес. Зерттеушінің пікірінше, тілдік реттеу жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу кезінде өңірлік ерекшеліктерді есепке алу тіл саясатының мақсаттарын нақтылауға және сол мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаятқа жүргізілген сандық және сапалық зерттеу негізінде анықталған Қазақстан Республикасының батыс өңірінің ерекшеліктерін ескере отырып, өңірдегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеу бойынша төмендегідей ғылыми-практикалық ұсыныстар жасалды:

1. Тілдік жоспарлау мәселелерін шешуде өңірлік ерекшелікті есепке алу. Әлеуметтік-экономикалық, мәдени, тілдік, этнотілдік жағдаяттың ерекшеліктері

ескерілуі тиіс. Өйткені ұлттардың орналасуы мен олардың тілдерінің қолданыстары батыс өңірдің өзінде әртүрлі болып келеді.

2. Қазақстанның батыс өңіріндегі ірі жоғары оқу орындары базасында ағымдағы тілдік және этнотілдік жағдаятқа, сондай-ақ өңірдегі тілдік үдерістердің даму барысына мониторинг жүргізетін әлеуметтік лингвистикалық зерттеу орталықтарын құру қажет және жергілікті әкімдік тарапынан қаржылық қолдау көрсетілуі тиіс.

3. Тілдік жоспарлауды өңірлік әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің нәтижелеріне, сондай-ақ статистикалық мәліметтер мен өңірдегі халық санағының материалдарына негіздей отырып, іске асыру керек және өңірлердегі тілдерді қолдану мен дамыту мәселелерін Қазақстан Республикасының тіл саясатының негізгі нысандарына айналдыру.

Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік саясатты реттеу бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстардың келесі бағыты көптілді білім берумен байланысты. Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі нысаналы индикаторларының бірі ретінде «Үш тіл (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі» көрсетіледі. Қазақстан Республикасында Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және талдамалық зерттеу қорытындыларының осы нысаналы индикаторы орындалған, 2020, 2021 және 2022 жылдар бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілді. Алайда, Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілді білім беру оқу орындарының тілдік және этнотілдік жағдаятының ерекшелігін сандық және сапалық зерттелуі нәтижесінде, ең алдымен, студенттер мен оқытушылар тарапынан осы саладағы жұмыстың артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы түсініктің жеткілікті дәрежеде айқындалмауына байланысты жағдайлар анықталды. Осыған байланысты көптілді білім беру саясатын жүзеге асыруда келесі ғылыми-практикалық ұсыныстар жасаймыз:

1. Көптілді білім беру саясатын жүзеге асыру мақсатында және де аталмыш бағыттағы іс-шараларды біріздендіру үшін арнайы ғылыми зерттеулер жүргізіліп, өңірлік ерекшеліктер айқындалып, қажетті түзетулер еңгізіліп отыруы тиіс. Осыған байланысты көптілді білім беруді іске асырудың проблемалық тұстарын зерттеуге арналған бірыңғай Республикалық әлеуметтік лингвистикалық орталық құрылуы қажет, көптілді білім беруге бағытталған мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушылар құрамының білімі мен шет тілін меңгеруін тереңдету бойынша оқыту курстарын өткізу, оларды материалдық жағынан ынталандырып отыруы тиіс.

2. Ғылымның әртүрлі салалары бойынша үш тілдегі (қазақ, орыс және ағылшын) терминдерді қамтитын көптілді онлайн-сөздіктер мен тезаурустардың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу және оларды білім беру үдерісіне енгізу. Бұл жүйе көптілді терминологиялық базаға ашық қолжетімділікті және барлық салалардағы терминдердің біркелкілігін қамтамасыз етуі тиіс.

3. Білім алушылардың қосымша тілдік курстарға қатысуын қамтамасыз ету керек. Біздің көзқарасымыз бойынша, мектеп және жоғары оқу орны

бағдарламасы шеңберінде тілді тиісті дәрежеде үйренуде шешілмеген мәселелер бар. Бұдан білім беру бағдарламаларында бөлінетін сағаттардың санын қайта қарау және/немесе мектепте қосымша оқытуды, ал ЖОО-да жоғары оқу орнының құрамдас бөлігі есебінен көптілді білім беруді жүзеге асыру бойынша элективті курстарды ұйымдастыру және өңірлік өндірістік әлеуметтік тілдік, этнотілдік ерекшеліктерді ескеру керек.

4. Зерттеуімізде студент жастар көрсеткен мәселелерді ескере отырып, мақсатқа бағытталған сауалнама жүргізілді. Сауалнама жүргізу барысында респондент-студенттер көптілді білім беруді ұйымдастырудағы кейбір шешуін қажет ететін мәселелер туралы пікір білдірген болатын:

а) шағын жинақталған топтардан көптілді білім беру топтарын қалыптастыру кезінде оқытуда ыңғайсыз психологиялық орта қалыптасады;

б) заманауи мультимедиялық құралдармен жабдықталған, Интернетке қосылған көптілді топтарға арналған арнайы кабинеттер жоқ;

в) көптілді топтардағы сабақ кестесі дұрыс қойылмайды.

Мұндай пікірлер жекелеген адамдардың да, көпшіліктің де пікірі болуы мүмкін. Анықталған мәселенің осы қырларын арнайы ұйымдастырылған жүйелі жүргізілетін зерттеулер арқылы ғана нақтылауға болады деп санаймыз.

5. Көптілді білім беруді іске асыру да болып жатқан үдерістер туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Мұндай ақпаратты әлеуметтік желілерде және білім беру мекемелерінің сайттарында жүйелі түрде орналастыру керек.

Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігінің басты факторы және ұлттың тұтастығының кепілі. Осыған байланысты мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және оның мәртебесін арттыру бойынша мемлекет жұмыстар жүргізуде. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде анықталған өңірдегі тілдік жағдаяттың көріністері бізге тіліміздің тазалығын сақтау және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге ұмтылу қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмыстары, еліміздің Ата заңы мен Тіл туралы заңдарына және терминтану мен ономастика саласындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне негізделі отырып жүргізілуге тиіс [193, б. 186].

Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты талдау негізінде оны реттеу бойынша төмендегідей ғылыми-практикалық ұсыныстар жасаймыз:

1. Мемлекеттік тілді оқыту бойынша интерактивті онлайн-платформалар әзірлеу. Ол платформаларда өңір бойынша өмірдің барлық салаларындағы мәліметтер географиялық орналасуынан бастап тілдегі говорлық ерекшеліктерді қамтыған, бейімделген оқу-танымдық материалдар орналастыру қажет. Өйткені интернет желісі оқытудың маңызды құралдарының қатарына орнықты. Интернет жүйесіндегі ақпараттарға жүргізілген талдау нәтижесі білім алушылардың үштілділікті меңгеруінде және көптілді білім беруді насихаттауда тиімді құрал бола алатын қазақ тілін оқыту бойынша білім беру ресурстарының аздығын және іс жүзінде жоқтығын (орыс және ағылшын тілдеріндегі оқыту

платформаларымен салыстырғанда) көрсетті. Мемлекеттік тілді үйренуге жәрдемдесу ұлттық сананың сақталуы мен өсуіне ықпал ететін болады [194].

2. Интернет-сайттарды мемлекеттік тілдегі (әсіресе, техникалық мамандықтар бойынша) оқу және ғылыми материалдармен толықтыру.

3. Интернеттің қазақша сегментін мемлекеттік тілдегі көркем және ғылыми әдебиеттермен толықтыру және міндетті түрде өңірлік ерекшеліктерді ескеру. Яғни өңірдегі фольклорлық шығармалардан бастап, қазіргі әдеби шығармаларды орналастыру қажет.

4. Мемлекеттік органдар, оның ішінде, Оқу-ағарту министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі Интернетті мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаға бағытталған мемлекеттік тілдегі сапалы контенттермен толтырудың өте маңызды мәселе екенін ескеріп, өңірлердің тарихи, тілдік, этнотілдік, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, географиялық ерекшеліктері туралы арнайы оқу-танымдық материалдармен толықтырып отыруы тиіс. Бұл қазақстандық қоғамды әлеуметтік лингвистикалық жаңғыртудың болашағы бар бағыттардың бірі деп санаймыз. Балаларға арналған сапалы білім беру бағдарламалары мен өңірлердің географиялық табиғатын, ерекшеліктерін ескерген онлайн-ойындардың болмауы жақын болашақта мемлекеттік тілді қолданудың төмендеуіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар тілдік ландшафт саласында көрнекі ақпаратты орналастыруға қатысты құқықтық нормалардың жиі бұзылатынын атап өткен жөн. Бұл құқық бұзушылықтар көрнекі ақпаратты тек бір тілде (әдетте, орыс немесе ағылшын тілінде) орналастырумен, сондай-ақ кейде орфографиялық қателіктердің де болуымен тығыз байланысты. 1997 жылғы 11 шілдедегі (2021 жылғы 29 желтоқсанда толықтырылған) «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның «Деректемелер және көрнекі ақпарат тілі» туралы 21-бабына сәйкес мемлекеттік ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайда басқа тілдерде де жазылып орналастырылуы; мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс және/немесе басқа тілдерде жазылып орналастырылуы тиіс. Осы тұрғыда бұл заң нормасы тек елшіліктер, шетелдік банк, шетелдік оқу орындарының филиалы, шетелдік (кейде отандық) бренд атауларына т.б. қатысты ғана қолданылуы қажет. Аталмыш нормалардың сақталуын үнемі тексеріп отыруы тиіс төмендегідей ұсыныстар айтамыз:

1. Бірыңғай Республикалық әлеуметтік лингвистикалық орталықтың міндеттеріне тілдердің қолданылуы мен мемлекеттік және мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардың маңдайшаларында тілдерді үйлестіру тәсілдері тұрғысынан өңірлердегі тілдік ландшафттың ерекшеліктерін зерттеуді енгізу. Тілдерді біріктірудің заңды және заңсыз тәсілдерін анықтау және ажырату.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың иелеріне көрнекі ақпаратты орналастыру кезінде бірнеше тілді пайдаланудың заңды және заңсыз тәсілдері туралы ақпаратты хабарлап отыру.

3. Мемлекеттік және жеке коммерциялық ұйымдардың маңдайшаларында көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде тіл заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту.

4. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының батыс өңірінің бірыңғай мәліметтер базасын құру. Ол база өңірдің этностарының орналасуын, тілдік жағдаяттың сипатын, қазақ, орыс, ағылшын және этностардың ана тілі туралы мәліметтерді, өңірдегі біз көрсеткен салалар бойынша статистикалық материалдарды, деректерді қамтуы тиіс. Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың ерекшелігіне жүргізілген сандық және сапалық зерттеу нәтижелері негізінде тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеу, тіл саясатының өңірлік құрамдас бөлігін күшейту, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру және оның қолданылу аясын кеңейту бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстарымыз елдегі тіл саясатын іске асыру тәсілдерінің тиімділігін едәуір арттыруы тиіс. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы көптілді білім беру және тілдік ландшафт саласындағы тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге қатысты да іс-шаралардың тиімді және ұтымды нұсқаларын қамтамасыз етеді.

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Көптілді білім беру топтарының студенттері арасында әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізу арқылы батыс өңірдегі көптілді білім беру саласында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылу ерекшеліктері зерделенді. Үш тілдің рөлі мен мәртебесі және ол туралы көптілді білім беру топтары студенттерінің жеке көзқарастары қарастырылып, білім беру үдерісіндегі тілдердің өзара қатынас ерекшеліктері анықталды. Көптеген студенттер ағылшын тілін білу мәртебелі екеніне және мансаптық өсуге ықпал ететініне сенімді болғанымен, Қазақстанның батыс өңірінде ағылшын тілі әлі де кеңінен қолданылатын тілге айналмаған және сөйлеу тілінде қазақ, орыс тілдерінен әлдеқайда сирек қолданылады. Кодты алмастыру, яғни бір тілден екінші тілге ауысу көптілді топтардағы оқу үдерісіне көбірек тән.

Қазақстанның батыс өңіріндегі студент жастардың спонтанды тұрмыстық сөйлеу үзінділерін сапалық талдау және қысқаша сұхбаттар жүргізу нәтижесінде үш тілді кіріктірудің негізгі тәсілдері анықталды. Өртүрлі тілдегі сөздердің бір-біріне жымдасып, грамматикалық кірігуі, яғни түбір мен қосымшаларының тұтастануына (старосталарды, балконда, шаршағанский т.б. секілді) негізделген тілдік араласудың түрлері айқындалды. Қазақ тілі ағылшын тіліндегі сөздерді қолдануда құрылымдық «қаңқа» қызметін атқарады, осы құрылымда жасалған ағылшын және қазақ тілдерінің араласуы негізіндегі сөздердің құрылысы сипатталды.

Алынған сандық және сапалық деректер негізінде Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеу, тіл саясатының өңірлік құрамдас бөлігін күшейту, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру және оның қолданылу аясын кеңейту бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар берілді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде Қазақстанның батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаятқа сипаттама берілді. Тілдік жағдаят қарастырылып отырған өңірдегі көпэтностық құрамның бір мезгілде қолданатын, әлеуметте, қоғамда қызмет ететін және өзара әрекеттесетін тілдердің жиынтығы ретінде айқындалса, этнотілдік жағдаят белгілі бір кеңістікте, әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан этностардың жиынтығы, олардың ана тілінің нақты бір ортада қолданылуы мен этносішілік тілдік үдерістер деп анықталды. Тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеу көпқырлы және тіл саясатының ерекшеліктеріне, сыртқы факторлардың әсеріне, қоғамның этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымына, қолданыстағы тілдердің сандық-сапалық құрамына, тілдердің демографиялық және коммуникативтік қуатына, сол тілдік жағдаяттағы қостілділіктің немесе көптілділіктің даму ерекшеліктеріне байланысты маңызды мәселелерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының батыс өңірінің тілдік жағдаяты көптілді, құрылымдық-генетикалық жағынан ұқсас емес және туыстас емес, сондай-ақ демографиялық және коммуникативтік қуаты жағынан тең емес екі басым тілдің қолданылуымен сипатталды.

Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты сандық белгілері бойынша көпкомпонентті, теңгерілмеген, көпполюсті болып сипатталады. Сапалық белгілері бойынша генетикалық туыстығы жоқ және типологиялық жағынан ұқсас емес тілдерге негізделген, үйлесімсіз, экзоглосты көптілді жағдаят ретінде анықталды. Бағалау белгілері бойынша жағдаятты сипаттау сандық және сапалық талдау (әлеуметтік лингвистикалық сауалнамалар, қысқаша сұхбаттар) әдістерін қолдана отырып, кешенді зерттеу жүргізіліп, мақсат, міндеттерімізге сай тұжырымдар жасалды.

Тілдік жағдаяттың даму үдерісі компонентінің маңыздысы – тілдің қолданылу салалары. Ол алуан түрлілігімен және динамикалық өзгерістерімен сипатталады. Сондай-ақ тілдік және этнотілдік жағдаятты айқындау аумақта белгілі бір өңірде, тілдің коммуникативтік және демографиялық қуаты туралы тұжырымдар жасаудың негізі болады.

Қазақстан Республикасы батыс өңірінің тілдік және этнотілдік жағдаятын зерттеу барысында көптеген өзгерістермен пайда болып жатқан әлеуметтік лингвистикалық құбылыстар, тілдік деректер айқындалды. Олардың барлығы әлі де болса, өзінің терең зерттеуін талап ететін ғылыми мәселелер. Зерттеуіміздің нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

1. Тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселесі ретінде көпқырлылық сипатқа ие, оның компоненттерін белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі қолданыстағы тілдер және олардың әлеуметтік салаларда қолданылуының иерархиялық орналасуы, қостілділік пен көптілділік, транслингвизм құраса, этнотілдік жағдаяттың компоненттерін әкімшілік-аумақтық қауымдастықта немесе өңірде орналасқан этностардың саны мен олардың қолданысындағы ана тілі және этнотілдік жағдаяттың жіктеуінің негізгі көрсеткіштері - өңірдегі этнотілдік әртүрліліктен бастап этносішілік бірігу

өлшемдері және этносшілік тілдік үдерістер құрайды.

2. Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаяты көпкомпонентті, теңгерілмеген, экзоглосты, көпполюсті, гетерогендік, әлеуметтік салаларда кеңінен қолданылатын екі басым тілі (қазақ және орыс тілдері) бар тілдік жағдаят ретінде сипатталады.

3. Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты көпэтносты болып келеді, генетикалық туыстығы мен байланыстары жағынан әртүрлі этностардан және олардың отбасы, мәдениет салаларында қолданатын тілдерінен тұрады. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілінің батыс өңірдің тілдік жағдаятында әлеуметтік қызметінің артып, тұрғындар тарапынан кең қолданыста екенін анықтадық (өңір тұрғындарының 90,7%-ы (2391235 адам)) және де өңірдегі кейбір этностардың санақ деректері бойынша ана тілі ретінде қазақ тілін көрсету жағдайларын айтуға болады (қарақалпақтар 23,5%, татарлар 16%, ұйғырлар 2% және өзбектер 0,65%). Өңірдегі негізгі әлеуметтік салаларда негізінен қазақ және орыс тілдері қолданылып, қызмет етеді, сонымен қатар мемлекеттік тілдің, әсіресе, білім беру, әкімшілік-аумақтық басқару, тұрмыстық және кәсіби қарым-қатынас салаларында артықшылықтарының айтарлықтай өсуі байқалады. Әдебиет пен БАҚ салаларында өңір тұрғындарының қазақ және орыс тілдерін тең дәрежеде қолданатыны анықталды. Виртуалды ортада қазақ тілі негізінен әлеуметтік желілердегі қарым-қатынаста қолданылады, алайда интернет сайттарының саласында және интернеттен ақпарат іздеу үшін қазақ тіліне қарағанда орыс тілі көбірек қолданылады. Барлық аталған салаларда ағылшын тілі қазақ және орыс тілдеріне қарағанда, әлдеқайда сирек пайдаланылады. Бастауыш, орта және жоғары білім беру саласында қазақ тілінде оқытуға, орта білім беру саласында үш тілде оқытуға артықшылық беріледі.

4. Батыс өңірдегі басымдылыққа ие қазақ және орыс тілдері мен тілдік жағдаятқа еніп жатқан ағылшын тілінің салалық талдауы қазақ тілінің көрсетілген тілдерден демографиялық қуатының басым екенін және коммуникативтік қуатының нығайып жатқанын, сонымен қатар өңірде қазақ-орыс-ағылшын тілі үштілділігінің пайда болып жатқанын растайды.

